ÄDISTEMELIK ORTALYĞY
ASTANA

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ

5 – 9 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЭССЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Астана, 2025

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК

5-9 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЭССЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Астана, 2025

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ұсынымы негізінде республика мектептерінде «Білімім – Отаныма!» тақырыбындағы сынып сағаты аясында эссе байқауы ұйымдастырылды. Эссе байқауы 2025 жылғы 8 – 23 мамыр аралығында өтті.

Мақсаты: білім алушылардың өз білімдері мен іс-әрекеттерін ел дамуына, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына қосқан үлесі ретінде бағалап, болашаққа саналы мақсаттар мен жоспар құруына ықпал ету.

5-9 сынып білім алушылары «Заң және Тәртіп» тақырыптық бағыты бойынша:

Заң мен тәртіп сақталу үшін не істеу керек?

Заңды орындау қоғамның дамуына қалай әсер етеді?

Сен қоғамдық тәртіпті орнатуға қандай үлес қоса аласың? – тақырыптарына эссе жазды.

Үздік жұмыстар 2025 жылғы 23 мамыр «Білімім – Отаныма» бірыңғай сынып сағаты барысында оқылып, білім алушылар марапатталды.

Бұл эссе жинағы 5–9 сынып білім алушыларының «Заң және Тәртіп» тақырыбына арналған шығармашылық жұмыстарынан құралған. Жинақта жасөспірімдер заңның маңызын, оның қоғамдағы рөлін және тәртіптің сақталуының ел болашағына әсерін өз көзқарастарымен сипаттайды. Эсселерде оқушылар заңды сақтау мәдениетін қалыптастыру, жауапкершілік пен азаматтық белсенділік туралы ой өрбітеді.

Жинақта 338 жұмыс ұсынылған.

Сонымен қатар, әрбір білім алушы қоғамдық тәртіпті нығайту жолында өз мүмкіндіктері мен үлесін нақты мысалдар арқылы көрсетуге тырысқан. Бұл жинақ жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды құрал болып табылады.

Нысанов Мерген
Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицейі, 4 «А» сынып оқушысы

Жизнь в обществе невозможна без законов и порядка. Если бы их не существовало, люди поступали бы так, как им захочется, не думая о последствиях. В результате воцарились бы хаос, несправедливость и беззаконие. Поэтому законы – это не просто правила, установленные государством, а необходимые условия для безопасной и достойной жизни каждого человека. Законы регулируют все сферы нашей жизни: они определяют права и обязанности граждан, устанавливают наказания за преступления, помогают разрешать конфликты. Например, благодаря Конституции мы имеем право на образование, медицинскую помощь и свободу слова. Уголовный кодекс защищает нас от преступлений, а трудовое законодательство – от несправедливости на работе. Без этих норм общество быстро скатилось бы к произволу, где сильный всегда прав, а слабый беззащитен. Однако одних законов недостаточно – важно, чтобы их соблюдали. Порядок в стране зависит не только от работы полиции и судов, но и от сознательности граждан. Если люди будут игнорировать правила, никакие правоохранительные органы не смогут обеспечить безопасность. Например, когда пешеходы переходят дорогу в неположенном месте, они создают аварийные ситуации. А если кто-то решает, что можно не платить налоги, страдает вся экономика. К сожалению, не все понимают важность законов. Некоторые считают, что правила созданы для других, а сами могут их нарушать. Но такое поведение подрывает доверие в обществе и ведёт к беспорядку. Настоящий гражданин – это не тот, кто боится наказания, а тот, кто осознаёт свою ответственность перед другими людьми.

В заключение хочу сказать, что закон и порядок – это не просто слова, а основа цивилизованной жизни. Только там, где уважают права каждого и соблюдают установленные правила, возможно развитие, справедливость и мир. И мы, как молодое поколение, должны это понимать, чтобы строить лучшее будущее.

Ермухаммед Хасым
Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицейі, 6 «Г» сынып оқушысы

Закон – это основной принцип любой страны. Именно на нем строится основа политической, экономической и общественной жизни. Порядок – это следствие соблюдения всеми людьми закона. Закон и порядок обеспечивают общую безопасность людей в стране в целом, и в каждом социальном институте конкретнее, будь то детский сад или школа.

В последнее время в школах по всему Казахстану участились случаи буллинга от сверстников. На мой взгляд, это связано с тем, что школьники не придают особого значения и считают буллинг некой своей игрой; стремятся не замечать насилие, а иногда и подражают агрессивным лидерам, чтобы «быть своим»; не знают и не понимают какая правовая ответственность может наступить.

Во-первых, школьники постоянно всё сводят к играм. Если видят насилие, то это просто с их слов «игра»; если сами участвуют в драках или группой провоцируют учеников, то это тоже, конечно же, просто «игра».

Во-вторых, многие школьники делают вид, что не замечают насилия над одноклассником, будь то физическое или психологическое. А всё потому, что надо быть «своим», в стае или станешь «белой вороной». Сильно влияет на это просмотр социальных сетей с пустым контентом.

В-третьих, многие школьники совершенно не знают о последствиях своих деяний, потому что считают, что они всегда останутся безнаказанными, ведь они еще дети.

Таким образом, я поддерживаю предложение Генеральной прокуратуры РК о введении в школах нового предмета «Закон и порядок», который поможет предотвратить новые случаи школьного буллинга. Есть закон, должен быть и порядок!

Айдарханова Данеля
Талғат Бигелдинов атындағы №1мектеп-лицейі, 8 «А» сынып оқушысы

Когда ты идёшь по улице, не оглядываясь, не сжимая ключи в руке и не проверяя сумку каждые две минуты - это не просто случайность. Это результат усилий, которые общество вложило в поддержание закона и порядка. Это то, что мы часто не замечаем, но без чего невозможна жизнь в мире и достоинстве.

Закон - это не только статьи в уголовном кодексе и судьи в мантиях. Это внутренний стержень нации. Это договор, заключённый между всеми нами: мы уважаем друг друга, мы не причиняем вреда, мы не берём чужое, мы отвечаем за свои поступки. Порядок - это то, как этот договор реализуется в повседневности. Это чистые улицы, честная работа полиции, вежливые водители, справедливые суды. Но давайте честно. Мы живём в мире, где не всё идеально. Мы видим новости о нарушениях, произволе, коррупции. Мы сталкиваемся с несправедливостью, иногда сами её совершаем - мелкой ложью, нарушением правил, равнодушием к чужой беде. Именно в этот момент каждый из нас должен вспомнить: закон и порядок начинаются не с кабинетов судей, а с нас самих.

Не стоит ждать, что всё изменится само. Не нужно надеяться, что «придёт кто-то и наведёт порядок». Мы - этот кто-то. Мы - общество. Мы - сила. И если мы

хотим жить в справедливом мире, где закон защищает, а порядок работает, мы должны стать его создателями.

Сегодня - время действовать. Не проходите мимо несправедливости. Поддержите тех, кто честно выполняет свою работу. Не нарушайте сами. Требуйте соблюдения закона от власти и от себя. Порядок - это не страх наказания. Это уверенность в завтрашнем дне. Закон - это не оковы, а защита. Давайте вместе построим общество, в котором хочется жить!

Раметулла Айасыл
Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп гимназиясы, 8 «А» сынып оқушысы

Заң және тәртіп – ел болашағының тұғыры

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуының басты негіздерінің бірі – заң мен тәртіптің қатаң сақталуы. Заң - мемлекет пен халық арасындағы келісімнің көрінісі, ал тәртіп – осы заңның күнделікті өмірде көрініс табуы. Заң мен тәртіп сақталмаған жерде әділетсіздік, бейберекетсіздік пен қоғам ішіндегі алауыздық орын алады. Сондықтан да заңның үстемдігін қамтамасыз ету - әрбір азаматтың, әсіресе, жастардың қасиетті парызы.

Заң мен тәртіптің сақталуы үшін, ең алдымен, әрбір адам құқықтық тұрғыдан сауатты болуға тиіс. Азаматтар өз құқықтарымен қатар міндеттерін де жетік біліп, оларды бұлжытпай орындауға ұмтылуы қажет. Сонымен қатар құқық қорғау ұйымдары әділ, ашық және тиімді қызмет атқарғанда ғана заң өз күшіне енеді. Мемлекет тарапынан әділеттілікке негізделген құқықтық жүйе қалыптасқанда ғана қоғамда сенім мен тұрақтылық орнайды.

Заңның орындалуы қоғамның өркендеуіне тікелей әсер етеді. Құқықтық тәртіп қалыптасқанда елде халықтың әл-ауқаты артып, білім мен ғылым дамиды. Заң үстемдік құрған ортада адам өзін қауіпсіз сезініп, еркін ойлап, еркін әрекет етеді. Демек, заң мен тәртіп – тек мемлекет құрылымының ғана емес, жалпы адамзат дамуының қозғаушы күші.

Мен қоғамдық тәртіпті нығайтуға өз тарапымнан үлес қоса аламын. Бұл – алдымен өзімнен басталатын үрдіс. Қоғамдық орындарда тәртіп сақтау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, мектепте үлгілі оқушы болу – менің күнделікті өмірлік ұстанымым. Сонымен қатар айналадағы адамдардың құқықтарын құрметтей отырып, өзгелерге де заңға бағынудың маңыздылығын түсіндіруге тырысамын. Осылайша, мен қоғамдық тәртіп пен мәдениеттіліктің үлгісін көрсету арқылы қоғамның дамуына, заң мен тәртіптің сақталуына үлесімді қоса аламын деп сенемін.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – ел болашағының берік тұғыры. Бұл ұғымдар қоғам өмірінің барлық салаларында көрініс табуға тиіс. Әр азаматтың

санасында заңға құрмет, әділетке ұмытылыс болғанда ғана біз құқықтық, әділетті, әрі кемел болашаққа қол жеткіземіз.

Тлеулес Дарина
Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп гимназиясы, 9 «А» сынып оқушысы

Адамзат баласы ежелден бері тәртіп пен заңға сүйеніп өмір сүріп келеді. Егер заң болмаса, адамдар өз еркімен ғана әрекет етер еді, ал бұл қақтығыстарға, әділетсіздікке, құндылықтардың бұзылуына әкеп соғады. Сондықтан заң – қоғамды біріктіретін, тәртіп – соны сақтайтын іргетас.

Мен заңды үлкен, биік емен ағашына теңеймін. Оның тамыры – әділдік, діңі – ар-ождан, ал жапырақтары – адам құқықтары мен міндеттері. Бұл ағаштың көлеңкесінде әрбір адам өзін қауіпсіз сезінеді. Бірақ, бұл ағашты сақтау үшін тәртіп деген су керек. Егер кез келген адам өз орнында, жүрген жолында тәртіпке бағынса, заң да мықты, қоғам да тыныш болады.

Бір күні мен қоғамдық көлікте келе жатып, жас баланың орын бермей отырғанын көрдім. Ал оның жанындағы үлкен кісі шаршаңқы еді. Сол сәтте ойға баттым... Заң тек қағазда (жазбаша) түрде ғана емес, әр адамның жүрегіндегі «принцип» болуы тиіс. Өзім де бұл қағидатты ұстанамын. Заңға бағынған ешқашан қателеспейді. Менің ойымша, тіпті ең қиын, шығуға оңай болмайтын кездерде де «Заң» құтқарады. Мүмкін, сол себептен болар, қанатты сөздерге жүгінсек, Бауыржан атамыз «Тәртіпке бағынған құл болмайды»- деген. Тәртіп – кішкентай істерден басталады: үлкенге жол беру, құрмет көрсету, қоқысты жерге тастамау, уәдені бұзбау т.б. Бұның барлығы біздің құндылықтарымыздың мәңгілік болуына септігін тигізеді.

Менің арманым – болашақта адамдар заңнан қорықпай, оны құрметтейтін, өмір сүру әдебіне айналдыратын қоғамда өмір сүру. Сол үшін әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Себебі, заң мен тәртіп – сырттан емес, ішімізден туатын құндылық екені сөзсіз.

Ойымды қорытындылай келе, заң мен тәртіп – жай ғана ереже емес, ол – әрбір азаматтың ар-намысы мен жауапкершілігінің көрінісі. Егер біз қоғамда тыныштық пен әділдік орнасын десек, ең алдымен өзіміз тәртіпті болып, қарапайым ережелерге бағынып, заңды сыйлауымыз қажет. Тек сонда ғана болашағы жарқын, бірлігі бекем ел бола аламыз. Заңды жүрекпен ұғынған адам – нағыз азамат!

Кушимов Дияр
Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы, 6 «Е» сынып оқушысы

Аль-Фараби, великий мыслитель, писал: «Наилучшее общество - то, где правит разум и закон». И с этим невозможно не согласиться. Без закона не бывает справедливости. Без порядка невозможно жить в мире. Это знает каждый, кто хоть раз сталкивался с несправедливостью.

Мы часто воспринимаем закон как что-то строгое и далёкое - для взрослых, судов или полиции. Но на самом деле закон начинается с нас. Со школы. С нашего поведения. Когда мы честно пишем контрольную, не обижаем младших, помогаем однокласснику - это и есть уважение к закону.

А порядок - это когда все вокруг делают то же самое. Не из страха, а по совести.

Иногда мне кажется, что некоторые люди путают свободу с вседозволенностью. Но свобода без закона превращается в хаос. Если каждый будет делать только то, что ему удобно, пострадают все. И тогда уже никто не будет чувствовать себя защищённым.

Я уверен, что порядок не может держаться на страхе. Он держится на уважении, честности и ответственности. Именно это имел в виду Аль-Фараби, когда говорил о разуме и законе.

Я - школьник, но я уже понимаю, что мои действия - это вклад в общество. Когда я выбираю сказать правду, когда не остаюсь равнодушным, когда действую по совести - я создаю порядок вокруг себя.

Пусть у нас ещё впереди взрослая жизнь, работа, выбор профессии - но главное начинается уже сейчас: кем мы станем внутри. Уважающим закон -нннннн или нарушающим.

И я твёрдо выбираю первое. Потому что верю: будущее страны строят те, кто уважает закон. А, значит, уважает людей.

Налчаджы Анфиса
Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы, 5 «В» сынып оқушысы

О чём мечтает каждый человек? Конечно же, жить в мире и благополучии. Это может обеспечить лишь справедливое государство, в котором закон и порядок - главные принципы.

Задумайтесь, как ужасно слово «смута». Это непорядок, мятежи, разруха и раздор между народом и властью. Мы с вами, граждане одной страны, обязаны не допустить беспорядков. Каждый должен думать не о своей выгоде, а о благе своего народа, своей страны. Мне кажется, что для нашей мирной, благополучной жизни важны гражданское единство и соблюдение законов. Как писал известный Уильям Шекспир: «Сущность закона – человеколюбие».

А зачем же порядок нужен в нашем обществе? Посмотрев вокруг, я увидела, что вся наша жизнь проходит по определённому порядку. Люди работают, учатся, лечатся, ездят на машинах, поездах, велосипедах, отдыхают, путешествуют, ходят в кино и магазины. При этом придерживаются установленных правил. Правила установлены, чтобы людям жилось удобно и спокойно. Порядок - это замечательное слово! «Порядок - это абсолютная надёжность», - утверждал древнегреческий мыслитель Пифагор.

Конечно, случаются нарушения порядка. Но к чему это приводит? Например, какой-то ученик в классе своим плохим поведением срывает урок, мешает процессу обучения. При этом страдают и учитель, и остальные ребята. Это нарушение порядка может вызвать стресс, злобу и даже слёзы. Всякое нарушение имеет свои последствия.

Уже давно государство установило юридические законы – правила, которые должны соблюдать все. Ведь, когда в стране порядок, людям надёжно и спокойно. В их домах тепло и светло, есть продукты, хорошо работают транспорт, магазины, школы, больницы, соблюдаются правила дорожного движения. О том, с чего начинается порядок, можно узнать из главного закона государства – Конституции Республики Казахстан.

Справедливое государство добивается соблюдения законов и наказывает их нарушителей. Можно сделать вывод, что закон не только устанавливает порядок, но и защищает его. Справедливость очень нужна людям. Она помогает устанавливать добрые отношения между людьми. Именно законы призваны утверждать и защищать справедливость.

Люди, помните, порядок и закон действуют ради свободы и безопасности человека.

Заканчиваю свое эссе словами президента нашей республики Касыма-Жомарта Токаева: «Самая высокая степень демократии – это торжество закона».

Смирнов Артём
Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы, 7 «В» сынып оқушысы

Закон и порядок - это основа стабильного и справедливого общества. Без законов невозможно построит государство, в котором права каждого гражданина защищены, а справедливость торжествует. В Республике Казахстан значительное внимание уделяется правовому воспитанию молодёжи и укреплению правопорядка, ведь именно от нас - граждан страны - зависит её будущее.

Закон - это свод правил, установленных государством, обязательных для всех. Порядок же - это результат соблюдения этих правил в повседневной жизни. Законы регулируют наши права и обязанности, помогают решать конфликты, защищают

слабых и наказывают нарушителей. Например, Конституция Казахстана гарантирует каждому гражданину право на образование, труд, свободу слова и безопасность. Благодаря законам мы можем чувствовать себя защищёнными в своей стране.

Порядок в обществе начинается с уважения к закону. Очень важно, чтобы каждый человек, независимо от возраста, пола или социального положения, понимал свою ответственность перед обществом. Даже простые поступки, такие как соблюдение правил дорожного движения, честность в учёбе, уважительное отношение к окружающим, являются проявлениями законопослушного поведения.

В нашей стране существует множество программ и инициатив, направленных на развитие правовой грамотности. Одним из таких направлений является деятельность юных инспекторов движения и школьных правовых клубов, которые учат нас важности закона и дают возможность самим участвовать в его соблюдении. Участие в таких организациях помогает молодым людям с детства осознавать роль закона в жизни и стремиться к справедливости.

Особую роль в укреплении порядка играют государственные органы: полиция, суды, прокуратура. Но и каждый гражданин должен понимать, что порядок начинается с него самого. Если каждый будет честным, справедливым и законопослушным, то всё общество станет крепче и дружелюбнее.

Закон и порядок - не просто слова, это путь к светлому будущему Казахстана. Это основа мира, безопасности и развития. Поэтому мы, молодёжь, должны быть примером для других, уважать закон, знать свои права и обязанности и стремиться сделать нашу Родину ещё лучше.

Шахманова Аяулым
№3 мектеп-гимназия, 6»Б»-сынып оқушысы

«Заң мен тәртіп сақтау үшін не істеу керек?»

Заң бар жерде тәртіп бар. Заң бұл не? Заң - бұл біздің елімізде тыныш өмір болу үшін жасалған ережелер жинағы. Заңды орындау арқылы береке-бірлікке, өсіп-өркендеуге қол жеткізе аламыз.

Заң мен тәртіпті сақтау үшін не істеу керек? Ең біріншіден, мен әркім өзінен бастауы керек деп ойлаймын. Себебі әр адам өз ісі үшін жауапты. Мысалы, жақсы оқу, тәртіп бұзбау, үлкендерді сыйлау әр оқушының қолынан келеді. Дегенмен мектеп оқушыларының арасында үлкендерді тыңдамайтын, біреудің жеке заттарына қол тигізетін тәртіпсіздер бар. Олар жақсы тәртіп те, жаман тәртіп те өзгелерге үлгі болатынын ескеру керек.

Екіншіден, елде тыныштық болу үшін, үкімет заңдар жинағын шығарды. Бұл заңдарды сақтамасақ, еліміздің алдыңғы қатарға шығуы қиын болады. Бауыржан

Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды», - деген екен. Заңдарды сақтамасақ, ел бола алмаймыз, тәуелсіздігімізден де айырылуымыз мүмкін.

Қорыта айтсам, заңға бағынуды өзімізден бастайық. Заң аласа есік сияқты. Кім оның алдында басын имесе, сол маңдайын жарады. Заңға, тәртіпке бағыну – біздің жарқын болашағымыз үшін қажет.

Ақтілекқызы Ақсұңқар
№ 3 мектеп-гимназиясы, 9 «Ә» сынып оқушысы

«Заң және тәртіп»

Қоғамның тыныштығы мен дамуы әр адамның тәртіп пен заңды сақтауына тікелей байланысты. «Заң» деген сөз - жай ғана ереже емес, ол - бүкіл елдің дұрыс өмір сүруі үшін қажет тәртіп жүйесі. Ал «тәртіп» - адамдар арасындағы өзара сыйластық пен жауапкершілікті білдіреді. Заң мен тәртіп болған жерде әділдік, қауіпсіздік және бейбіт өмір орнайды.

Біз күнделікті өмірде заң мен тәртіптің маңызын үнемі байқап отырамыз. Мысалы, жолда бағдаршам ережелерін сақтау - тек өзіміз үшін емес, басқалардың да қауіпсіздігі үшін маңызды. Мектептегі тәртіпте сондай - егер әр оқушы ережені сақтаса, барлығы жайлы әрі тату оқиды. Керісінше, тәртіпсіздік пен заң бұзушылық болған жерде дау-жанжал, қылмыс, әділетсіздік көбейеді. Мұндай жағдайда қоғам алға емес, артқа кетеді.

Заңды сақтау - бұл әр адамның міндеті. Үлкен болсын, кіші болсын - барлығы заң алдында тең. Егер ел азаматтары заңды құрметтесе, қоғамда әділеттілік орнайды. Бұл өз кезегінде мемлекеттің өркендеуіне, халықтың бірлігін сақтауына әсер етеді. Дамыған мемлекеттерге қарасақ, олардың бәрінде заң бірінші орында тұрады.

Мен өзім қоғамдық тәртіпті сақтау үшін ең алдымен өзімнен бастаймын. Мектепте ережелерді орындаймын, сабаққа кешікпей келемін, сыныптастарымды ренжітпеуге тырысамын. Қоғамдық орындарда да тыныш жүріп, тазалықты сақтаймын. Егер біреудің ережені бұзып жатқанын көрсем, оған сыпайы түрде ескерту жасаймын немесе мұғалімге айтамын. Осындай қарапайым әрекеттермен қоғамға өз үлесімді қосамын деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – тек ересектердің міндеті емес, әрбір азаматтың, соның ішінде мен сияқты оқушылардың да жауапкершілігі. Әр адам заңды құрметтеп, тәртіпті болуға тырысса, біздің қоғамымыз одан әрі гүлденіп, тыныш әрі әділ өмір сүреді. Сондықтан біз бәріміз бірге - заңға бағынатын, бір-біріне қамқор болатын, мәдениетті қоғам қалыптастыруымыз керек.

Аширбекова Анара
№3 мектеп – гимназиясы, 8 «Г» сынып оқушысы

Закон и порядок – основа спокойной и справедливой жизни. Он помогает людям жить вместе, уважать границы, решать споры честно. Без законов – хаос, страх, несправедливость. Каждый будет делать то, что выгодно ему. Это приведёт к беспорядку, конфликтам, опасности. Например, водитель без правил создаёт аварии. Люди без налогов оставляют страну без школ, больниц, дорог. Нарушение законов разрушает доверие, делает общество слабым. Люди начинают бояться друг друга, исчезает чувство безопасности.

Закон защищает права, даёт уверенность, делает общество сильным.

Каждый должен не только знать законы, но и соблюдать их. Это значит – быть честным, уважать других, поступать правильно.

Закон – не только полиция, суды. Он начинается с простых поступков: не бросать мусор, уступать место, не нарушать правила. Именно так создаётся порядок.

Маленькое действие формулирует общее поведение. Если каждый будет соблюдать законы, жизнь станет лучше, спокойнее, добрее. Порядок - это не страх наказания, а уважение к себе, к людям.

Законопорядок рождается внутри человека. Если человек живёт честно, ответственно, он уже помогает строить лучшее общество. Мы сами выбираем – жить по правилам или нарушать порядок. От нас зависит, каким станет мир завтра. Закон не просто слова, а образ жизни, где каждый важен! Честный человек становится примером. Его поведение вдохновляет других. Люди тянутся к справедливости, когда видят силу правды.

Если каждый сделает шаг к порядку, страна станет лучше, и поэтому закон – не ограничение, а опора для страны. Без него невозможно будущее, где правят добро и совесть.

Елюбаева Дильназ
№5 гимназия, 7 «Б» сынып оқушысы

Что нужно делать для соблюдения закона и порядка?

Закон и порядок - это основа стабильного и безопасного общества. Без них невозможны ни развитие государства, ни спокойная жизнь граждан. Однако важно не только наличие законов, но и то, насколько они соблюдаются. Если никто не соблюдает правила, начинается беспорядок, ссоры, преступления. Чтобы этого не было, все должны стараться жить по закону.

Во-первых, люди должны знать, что можно делать, а что нельзя. Этому нужно учить с детства – в семье и в школе. Если человек знает правила, он будет меньше их нарушать.

Во-вторых, полиция, суд и другие государственные учреждения должны действовать честно, справедливо и беспристрастно. Когда люди видят, что закон работает, они начинают доверять системе и следовать её требованиям.

Кроме того, каждый гражданин должен понимать, что соблюдение закона - это его личная ответственность. Если каждый будет вести себя честно и уважительно в обществе станет меньше конфликтов и нарушений.

Наконец, важна культура взаимного уважения. Законы не могут регулировать всё. Воспитание моральных ценностей, уважение к другим людям и к общественным нормам играют ключевую роль.

Кадыргажы А.
№5 гимназия, 9 сынып оқушысы

Какой вклад ты можешь внести в общественный порядок?

Общественный порядок - это основа безопасной и гармоничной жизни. Он зависит не только от работы полиции или государства, но и от поведения каждого из нас. Я верю, что даже один человек способен внести заметный вклад в порядок, если начнёт с себя. Именно так рождается настоящая культура.

Мой вклад начинается с простого: убрать мусор после себя, не мешать другим, быть вежливой, уважать личное пространство и чужое мнение. Это не требует героизма или больших усилий - лишь осознанности.

Порядок - это не только выполнение правил, но и понимание их смысла. Я стараюсь мыслить шире: не только о себе, но и о тех, кто рядом. Например, если я не включаю громкую музыку ночью - это не из страха перед наказанием, а из уважения к покою других. Когда мы задумываемся о последствиях своих действий, мы уже движемся к настоящему порядку.

Кроме того, я могу делиться своими взглядами с окружающими: через школьные проекты, дискуссии, посты в социальных сетях. Я уже участвовала в волонтёрских инициативах и заметила: люди охотнее соблюдают порядок, когда видят, что кто-то делает это искренне.

Личный пример - это самый сильный инструмент.

Мы все разные, и именно уважение к этому разнообразию - основа гармонии. С детства нужно учить не просто слушаться правил, а понимать, почему они важны. Я стараюсь развивать в себе эту осознанность: ведь порядок живёт не на бумаге, а в поступках.

Общественный порядок как зеркало: он отражает, какими мы являемся на самом деле. Или как воздух: его не замечаешь, пока он не исчезнет. Каждый человек - кирпичик в здании общества. И если даже один будет слабым, вся конструкция может рухнуть.

Я не политик и не взрослый чиновник. Но я гражданка. И мой вклад - это ежедневный выбор в пользу уважения, чистоты, честности и справедливости. Я не просто живу в обществе - я его создаю. И от моего выбора сегодня зависит, в какой стране я буду жить завтра.

Соловьева Карина
№6 гимназия, 5 «Г» сынып оқушысы

Закон и порядок — это основа нашего общества, эти свойства делают нас стабильными. Современное общество не существовало бы без законов и порядков. Закон охраняет каждого человека от преступлений и правонарушений в сторону людей, за счёт этого наше общество и существует.

А порядок в это же время нуждаются в уважении к закону. Если каждый гражданин соблюдает правила от ПДД до Конституции общество становится более цивилизованным, так и соблюдается порядок. Немаловажную роль в этом играют воспитание и образование. За счёт семьи, друзей, окружения, образования люди и учатся отличать добро от зла. Ещё большую роль играет государство и правосудие. Законы должны быть не только строгими, но и справедливыми. Справедливость - это очень важная часть. За счёт неё у людей и появится доверие, и они будут соблюдать порядок не из-за страха.

Поэтому люди должны соблюдать закон и порядок, они для всех одинаковы. Даже если люди и нарушают эти два правила, то их накажут.

Таким образом, закон и порядок — это не просто официальные термины, а необходимые условия для мира, стабильности и развития. От каждого из нас зависит, каким будет общество.

Вострикова Софья
№6 гимназия, 6 «В» сынып оқушысы

В каждом городе, в каждой стране должен быть порядок. Для того, чтобы его соблюдали, создают законы, правила.

Законы и правила - это основа любого цивилизованного государства. Они защищают людей, наказывают за плохие поступки и помогают сохранять порядок.

Например, по закону запрещается красть чужие вещи и воровать в принципе, переходить дорогу в неположенном месте, обманывать человека и причинять ему

вред. За несоблюдение того или иного правила человека будет ждать наказание. Например, штраф или того хуже, тюрьма. За несоблюдение правил дорожного движения можно даже лишиться водительских прав. С самого раннего детства наши родители учат нас, казалось бы, незначительным, но в то же время очень важным правилам. Уважать старших, открывать или придерживать двери, уступать место в общественном транспорте. Говорить "Здравствуйте" и "До свидания", "Спасибо" и "Пожалуйста". За детей младше 18 лет несут ответственность родители, и за причинённый вред школьному имуществу также.

Главное знать, что правила и законы существуют не просто так. Они созданы, чтобы наша жизнь была справедливой и честной.

Джасұзақ Нұрай
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 9 «И» сынып оқушысы

Қоғамда бейбіт өмір сүрудің, тұрақтылық пен әділеттіліктің басты кепілі - заң мен тәртіп. Заң — мемлекеттің барлық азаматтарына ортақ ереже, ал тәртіп - сол заңды саналы түрде орындау. Егер әр адам заңға бағынса, қоғамда тыныштық, әділет және даму орнайды. Керісінше жағдайда тәртіпсіздік пен қылмыс көбейеді, адамдардың бір-біріне деген сенімі жоғалады.

Заң мен тәртіпті сақтау үшін ең алдымен жеке адамның жауапкершілігі мен санасы болуы керек. Бұл қасиеттер бала кезден қалыптасады. Мысалы, мектепте оқушы сабаққа уақытында келіп, сыныпта тыныш отыруы - бұл тәртіпке бағынудың көрінісі. Мұғалімді тыңдап, ережелерді орындау арқылы оқушы өзі де үлгі болады, өзгелерге де кедергі келтірмейді.

Қоғамда да әрбір азамат жол ережесін, қоғамдық тәртіпті сақтаса, апаттар мен тәртіп бұзушылықтар азаяды. Заңға бағыну - өз құқығыңды ғана емес, өзге адамның құқығын да құрметтеу.

Тарихта қазақ қоғамында әділдік пен тәртіп билер арқылы орнаған. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ел ішіндегі дауларды шешіп, халықты бірлік пен тәртіпке шақырған. Бұл - заң мен тәртіптің, ұлт болашағы үшін маңызды екенін дәлелдейді.

Мен заң мен тәртіпке бағынып, қоғамға өз үлесімді қосамын деп есептеймін. Тәртіп үлкен өзгерістің бастамасы. Әр адам қарапайым ережелерді сақтаса, еліміз қауіпсіз, әділетті әрі дамыған мемлекетке айналады. Тәртіп - ел болашағының тірегі.

Заң мен тәртіп - жай ғана ереже емес, ол - қоғамның мәдениеті мен рухани деңгейінің көрсеткіші. Әрбір азамат өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, заңды сыйласа, ортақ өмір сүру сапасы жақсарады. Менде өз тарапымнан тәртіпті болуға, өзгелерге үлгі көрсетуге тырысамын. Көшеде, мектепте немесе үйде болсын - тәртіпті сақтау әр адамның парызы. Еліміздің болашағы - бүгінгі жастардың заңға

деген құрметі мен саналы әрекетіңе байланысты. Заң мен тәртіпті сақтау - тек мемлекет үшін емес, өзіміз үшін де қажет басты құндылық.

Асанова Балжан
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 6 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамдық тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау үшін заң мен тәртіптің маңызы зор. Бұл елдің ұдайы алға дамып, өркендеуі үшін өте маңызды. Егер заң болмаса, адамдар арасында да түсініспеушілік орын алуы мүмкін. Мысалы, жаяу жүргіншілер белгісі болмаса, көлік қозғалысы қауіпсіз болмайды. Қылмыскерлер жазасыз қала береді. Демек, заң - қоғамдық қатынасты реттеуші басты құрал. Ал тәртіп - заңға бағынудың көрінісі.

Тәртіпті адам үнемі шекара, заңға бағынады. Сондықтан әр азамат өзінен бастап заңға бағынуды, тәртіпті болуды үйренуі керек.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – елдің ұлы тірегі. Бірі болмаса екіншісі де болмайды. Қоғамның дамуы адамдардың тыныштығы мен қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Заң мен тәртіп – сіз бен біздің өмір сүруімізге айналған ереже.

Адамдар бір-біріне сенімді болады. Сондықтан да қазіргі заманда әр азаматтың заңға бағынуы өте маңызды. Заңдылық пен тәртіпке бағыну арқылы елдің гүлденуіне жоғары үлес қоса аламыз.

Тамдыбек Маржан
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы 8 «Е» сынып оқушысы

Қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуі үшін ең маңызды құндылықтардың бірі - заң және тәртіп. Заң - мемлекет бекіткен міндетті ережелер жиынтығы болса, тәртіп – сол заңдарға бағынуға бағытталған адам мінез-құлқының көрінісі. Бұл екеуі - бір-бірімен тығыз байланысты, әрі қоғамда әділеттілік пен тыныштықтың қалыптасуына негіз болатын құралдар.

Заң бар жерде тәртіп болады, ал тәртіп бар жерде даму болады. Мысалы, жол қозғалысы ережелері: адамдардың өмірін сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жасалған заңдар. Егер адамдар бұл заңдарға бағынбаса, көлік апаттары көбейіп, адамның өміріне қауіп төнер еді. Сол сияқты барлық салада - білім, медицина, экономика, қоршаған ортаны қорғау - заң мен тәртіптің сақталмауы жаман нәтиже береді.

Тәртіпке бағыну - адам мәдениеті мен сана-сезімінің көрсеткіші. Заңды сыйлаған адам өз елін, қоғамын, тіпті болашағын ойлайды. Өкінішке орай, кейде кейбір адамдар заң бұзып, өз пайдасын ойлап, өзгелерге зиян келтіреді. Мұндай

жағдайда әділетті заңмен қатаң шара қолдану – қоғамның қауіпсіздігін сақтау үшін қажет.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп - қоғам дамуының кепілі. Әр адам өз жауапкершілігін сезініп, заңға ұқыптылықпен қарайтын болса, ел болашағы жарқын болмақ.

Сапар Әмина
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 7 «Ә» сынып оқушысы

«Тәртіпке бағынған
ел құл болмайды,
тәртіпсіз ел – тозады.»
Бауыржан Момышұлы

Қоғамдағы тұрақтылық пен бейбіт өмір сүрудің басты шарты – заң мен тәртіп. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеп, әділеттікті орнату үшін заң қажет. Ал тәртіп – заңға бағынудың нақты көрінісі. Егер қоғамда заң болмаса, әркім өз білгенін істеп, анархия орнайды. Сондықтан заң мен тәртіп – кез келген елдің дамуы мен өркендеуінің негізі.

Заң мен тәртіпті сақтау әр адамның міндеті. Мысалы, мектепте оқушылардың сабаққа кешікпей келуі, бір-біріне құрметпен қарауы және мектеп ережесін бұзбауы – тәртіпке бағынғаны. Егер әр оқушы осы қарапайым ережелерді сақтаса, мектепте тыныш әрі тату орта қалыптасады.

Қоғамда да дәл солай: егер адамдар жол ережесін сақтамаса, көлік апаттары көбейеді; егер дүкеннен зат ұрласа, бұл басқа адамның құқығына, мүлкіне зиян келтіреді. Мұндай жағдайда бір адамның тәртіпсіздігі бүтін қоғамға теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Тарихтан да мысал келтірсек, көптеген мемлекеттерде заң арқылы тәртіп орнату маңызды болған. Мысалы, Хаммурапи заңдары қоғамда тәртіп орнатуға бағытталған жеті маңызды заңдар қатарына жатады.

Менің ойымша, әрбір адам заң мен тәртіпті сақтау арқылы қоғамға пайда келтіре алады. Біз тәртіпке бағына отырып, айналамыздағы адамдарға үлгі бола аламыз. Заң мен тәртіп – тек жазадан қорқу емес, бұл – өзіңе, тыныштығыңа, болашағыңа деген жауапкершілік. Сондықтан тәртіп – әр адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші.

Аканбай Айлана
№ 6 гимназия, 7 «Г» сынып оқушысы

Закон и порядок – основа стабильного и справедливого общества. Без установленных правил и их соблюдения невозможно представить себе ни развитие

государства, ни безопасность граждан. Именно закон обеспечивает равенство, справедливость и защиту права каждого человека. Закон — это система норм, регулирующих поведение людей. Он определяет, что разрешено, что запрещено, устанавливает ответственность за нарушения . Однако сам по себе закон не имеет силы, если в обществе не соблюдается порядок. Порядок — это практическое воплощение закона в жизни: когда люди уважают друг друга, следуют правилам, живут по совести и соблюдают нормы морали. Важно понимать, что закон и порядок должны быть справедливыми и направленными на благо народа. Поддержание порядка – это задача не только полиции или судов, но и каждого гражданина. Люди должны осознавать свою ответственность перед обществом, соблюдать правила дорожного движения, не нарушать общественный порядок, уважать права других. Только тогда возможна гармония и развитие.

Таким образом, закон и порядок – это не просто формальные понятия, а важнейшие условия жизни в цивилизованном обществе.

Имомназарова Зарина
№6 гимназия, 8 «Е» сынып оқушысы

В центре каждого процветающего общества, подобно фундаменту или каркасу, лежат закон и порядок. Для нашей страны с богатой историей и стремительным развитием, эти понятия являются не просто терминами, а принципами, от соблюдения которых зависит настоящее и будущее нашей страны. Как сказал великий поэт Абай Кунанбаев, «не ищи справедливости в других, если сам не справедлив». Эта мудрость подчеркивает, что соблюдение законов начинается с каждого из нас, мы сами создаем основу для порядка.

Самым важным для нас и для нашей страны является обеспечение стабильности и безопасности. Когда каждый гражданин знает свои права и обязанности и когда эти нормы соблюдаются, создается безопасная среда для жизни, работы и развития. Примером может стать реализация программ, направленных на повышение безопасности дорожного движения. Благодаря строгим правилам и их соблюдению, удалось значительно снизить количество дорожных происшествий.

Кроме того, закон и порядок являются неотъемлемой частью в развитии экономики. В Казахстане ведется постоянная работа по совершенствованию законодательства в сфере бизнеса. Это помогает привлечь внимание инвесторов и создать больше рабочих мест.

Однако закон и порядок требуют постоянного совершенствования и адаптации к современным реалиям. Важно не только наличие законов, но и их справедливое исполнение.

Закон и порядок являются очень важными элементами для процветания нашей страны. Они обеспечивают стабильность, безопасность, способствуют экономическому росту и создают условия для справедливого общества. Сила закона заключается не только в наказании, но и в сознательном следовании каждым гражданином. Именно тогда фундамент нашего общества будет оставаться прочным и надежным, обеспечивая светлое будущее для всех нас.

Джасұзақ Нұрай
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 9 «И» сынып оқушысы

Қоғамда бейбіт өмір сүрудің, тұрақтылық пен әділеттіліктің басты кепілі — заң мен тәртіп. Заң — мемлекеттің барлық азаматтарына ортақ ереже, ал тәртіп — сол заңды саналы түрде орындау. Егер әр адам заңға бағынса, қоғамда тыныштық, әділет және даму орнайды. Керісінше жағдайда тәртіпсіздік пен қылмыс көбейеді, адамдардың бір-біріне деген сенімі жоғалады.

Заң мен тәртіпті сақтау үшін ең алдымен жеке адамның жауапкершілігі мен санасы болуы керек. Бұл қасиеттер бала кезден қалыптасады. Мысалы, мектепте оқушы сабаққа уақытында келіп, сыныпта тыныш отыруы — бұл тәртіпке бағынудың көрінісі. Мұғалімді тыңдап, ережелерді орындау арқылы оқушы өзі де үлгі болады, өзгелерге де кедергі келтірмейді.

Қоғамда да әрбір азамат жол ережесін, қоғамдық тәртіпті сақтаса, апаттар мен тәртіп бұзушылықтар азаяды. Заңға бағыну — өз құқығыңды ғана емес, өзге адамның құқығын да құрметтеу.

Тарихта қазақ қоғамында әділдік пен тәртіп билер арқылы орнаған. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би — ел ішіндегі дауларды шешіп, халықты бірлік пен тәртіпке шақырған. Бұл — заң мен тәртіптің, ұлт болашағы үшін маңызды екенін дәлелдейді.

Мен заң мен тәртіпке бағынып, қоғамға өз үлесімді қосамын деп есептеймін. Тәртіп үлкен өзгерістің бастамасы. Әр адам қарапайым ережелерді сақтаса, еліміз қауіпсіз, әділетті әрі дамыған мемлекетке айналады. Тәртіп — ел болашағының тірегі.

Заң мен тәртіп — жай ғана ереже емес, ол — қоғамның мәдениеті мен рухани деңгейінің көрсеткіші. Әрбір азамат өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, заңды сыйласа, ортақ өмір сүру сапасы жақсарады. Менде өз тарапымнан тәртіпті болуға, өзгелерге үлгі көрсетуге тырысамын. Көшеде, мектепте немесе үйде болсын — тәртіпті сақтау әр адамның парызы. Еліміздің болашағы — бүгінгі жастардың заңға деген құрметі мен саналы әрекетіне байланысты. Заң мен тәртіпті сақтау — тек мемлекет үшін емес, өзіміз үшін де қажет басты құндылық.

Асанова Балжан
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 6 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамдық тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау үшін заң мен тәртіптің маңызы зор. Бұл елдің ұдайы алға дамып, өркендеуі үшін өте маңызды. Егер заң болмаса, адамдар арасында да түсініспеушілік орын алуы мүмкін. Мысалы, жаяу жүргіншілер белгісі болмаса, көлік қозғалысы қауіпсіз болмайды. Қылмыскерлер жазасыз қала береді. Демек, заң – қоғамдық қатынасты реттеуші басты құрал. Ал тәртіп – заңға бағынудың көрінісі.

Тәртіпті адам үнемі шекара, заңға бағынады. Сондықтан әр азамат өзінен бастап заңға бағынуды, тәртіпті болуды үйренуі керек.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – елдің ұлы тірегі. Бірі болмаса екіншісі де болмайды. Қоғамның дамуы адамдардың тыныштығы мен қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Заң мен тәртіп – сіз бен біздің өмір сүруімізге айналған ереже.

Адамдар бір-біріне сенімді болады. Сондықтан да қазіргі заманда әр азаматтың заңға бағынуы өте маңызды. Заңдылық пен тәртіпке бағыну арқылы елдің гүлденуіне жоғары үлес қоса аламыз.

Тамдыбек Маржан
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 8 «Е» сынып оқушысы

Қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуі үшін ең маңызды құндылықтардың бірі – заң және тәртіп. Заң – мемлекет бекіткен міндетті ережелер жиынтығы болса, тәртіп – сол заңдарға бағынуға бағытталған адам мінез-құлқының көрінісі. Бұл екеуі — бір-бірімен тығыз байланысты, әрі қоғамда әділеттілік пен тыныштықтың қалыптасуына негіз болатын құралдар.

Заң бар жерде тәртіп болады, ал тәртіп бар жерде даму болады. Мысалы, жол қозғалысы ережелері: адамдардың өмірін сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жасалған заңдар. Егер адамдар бұл заңдарға бағынбаса, көлік апаттары көбейіп, адамның өміріне қауіп төнер еді. Сол сияқты барлық салада – білім, медицина, экономика, қоршаған ортаны қорғау – заң мен тәртіптің сақталмауы жаман нәтиже береді.

Тәртіпке бағыну – адам мәдениеті мен сана-сезімінің көрсеткіші. Заңды сыйлаған адам өз елін, қоғамын, тіпті болашағын ойлайды. Өкінішке орай, кейде кейбір адамдар заң бұзып, өз пайдасын ойлап, өзгелерге зиян келтіреді. Мұндай жағдайда әділетті заңмен қатаң шара қолдану – қоғамның қауіпсіздігін сақтау үшін қажет.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – қоғам дамуының кепілі. Әр адам өз жауапкершілігін сезініп, заңға ұқыптылықпен қарайтын болса, ел болашағы жарқын болмақ.

Саламатова Лейла
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 5 «Г» сынып оқушысы

Закон и порядок играют важную роль в жизни каждого человека.

Закон — это правило, по которому живёт общество. Он помогает людям понимать, что можно делать, а что запрещено. Например, закон запрещает воровать, обижать других или мусорить на улице. Благодаря законам в стране сохраняется порядок.

Порядок — это когда люди соблюдают законы, ведут себя честно и уважают друг друга. Если каждый человек будет соблюдать порядок, то в обществе станет меньше конфликтов и больше добра.

В школе тоже есть свои правила: нельзя опаздывать, нужно слушать учителя, помогать одноклассникам. Это помогает всем чувствовать себя спокойно, уверенно и комфортно.

За соблюдением законов следят полиция и суд. Но самое главное — это когда человек сам понимает, что хорошо, а что плохо. Если мы будем добрыми, честными и справедливыми, то в нашем мире станет больше порядка и счастья.

Нурова Алина
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 9 «Д» сынып оқушысы

Закон и порядок — основа мира, стабильности и справедливости в обществе. Без них невозможна гармоничная жизнь, ведь законы устанавливают правила, по которым живут все граждане, а порядок обеспечивает их соблюдение. Это как фундамент, на котором строится благополучие страны. Закон помогает каждому чувствовать себя защищённым и уверенным в завтрашнем дне.

Благодаря законам люди знают, что допустимо, а что нет. Они регулируют отношения между государством и гражданами, защищают права личности и формируют ответственность. Без закона наступает хаос.

Чтобы соблюдать закон и порядок, в первую очередь нужно начинать с себя. Каждый человек должен быть ответственным, честным и уважать права других. Например, если в школе ученик не списывает, не грубит, уважает учителей и одноклассников — он уже проявляет дисциплину и правопорядок.

Законность влияет на развитие общества, потому что там, где люди соблюдают правила, процветают экономика, наука и культура. В истории мы видим примеры государств, которые теряли стабильность из-за нарушения закона. В современном мире тоже видно, что развитие стран тесно связано с правовой системой и стремлением к укреплению справедливости.

Я, как гражданин, могу внести вклад через уважение к законам, помощь окружающим, соблюдение правил в школе и на улице. Также важно быть активным, не оставаться равнодушным к нарушителям и подавать хороший пример другим. Если каждый начнёт с малого, общество станет безопасным и справедливым.

Закон и порядок — не просто слова, а жизненно важные ценности. Я верю, что именно дисциплина, честность и ответственность помогут нам построить сильное и гармоничное общество. Только через уважение к закону, соблюдение правил и активную гражданскую позицию мы сможем сохранить стабильность, мир и уверенность в завтрашнем дне для будущих поколений.

Берікболқызы Назылы
№8 мектеп-лицейі, 5 «Б» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп сақталу үшін не істеу керек?

Әрбір елдің тыныштығы мен дамуы заң мен тәртіптің сақталуына байланысты. Заң — қоғамда өмір сүрудің басты ережесі болса, тәртіп — сол заңның орындалу көрінісі. Егер заң мен тәртіп болмаса, адамдар арасында түсініспеушілік, қауіпсіздік мәселелері көбейеді. Сондықтан да бұл ұғымдар — қоғам өмірінің негізі.

Заң мен тәртіптің сақталуы үшін, ең алдымен, әр азамат өз міндетін дұрыс түсініп, заңды құрметтеуі қажет. Балаларды кішкентайынан тәртіпке баулыса, болашақта заңды бұзбайтын, жауапкершілігі мол азамат болып өседі. Мектепте мұғалімдер тәртіпке үйретіп, адал болуды, әділетті болуды үйретеді. Үйде ата-аналар дұрыс тәрбие беріп, балаға жақсы үлгі болса, ол өскенде соны қайталайды. Сонымен қатар қоғамда әділ сот жүйесі, заңды қатаң қадағалайтын органдар жұмыс істеуі керек деп ойлаймын.

Азаматтар бір-біріне сыйластықпен қарап, өз құқығын ғана емес, өзгенің де құқығын құрметтеуі қажет. Сонда ғана қоғамда тәртіп пен әділет орнайды. Менің ойымша, заң мен тәртіп әр адамның жүрегінде болуы керек. Егер әркім өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заңды бұзбай, тәртіпті сақтаса, еліміз тыныш, әрі әділетті болар еді. Мен өзім мектепте тәртіпті болып, өзгелерге үлгі болуға тырысамын. Болашақта заңды құрметтейтін азамат болғым келеді.

Қорытындай келе, заң мен тәртіпті сақтау — баршамыздың ортақ борышымыз. Бұл — тек полиция мен соттың емес, әрбір азаматтың міндеті. Елдің дамуы мен қауіпсіздігі осыған тікелей байланысты. Мен тәртіпті сақтау — әр адамның парызы деп ойлаймын. Заңды құрметтесек, өміріміз де әділ, қоғамымыз да тыныш болады.

Оралханқызы Гүлназым

№8 мектеп-лицейі, 7 «Ғ» сынып оқушысы

Сен қоғамдық тәртіпті орнатуға қалай үлес қоса аласың?

Момышұлы: «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген. Бұл сөздің мағынасы өте терең. Егер әр адам тәртіпке бағынса, ол ешкімге тәуелді болмай, еркін әрі сенімді өмір сүреді.

Мен қоғамдық тәртіпті сақтау үшін алдымен өзім тәртіпті болуға тырысамын. Мектепте ережелерді бұзбаймын, сабаққа кешікпей келемін, ұстаздар мен достарыма сыйластықпен қараймын. Көшеде қоқыс тастамаймын, үлкен кісілерге жол беремін. Бұл – менің қоғамға қосқан шағын болса да маңызды үлесім.

Қоғамдық тәртіп – бәрімізге ортақ міндет. Егер әр адам өзінің ісіне жауапкершілікпен қараса, елімізде тыныштық болады. Мен осыған сенемін және тәртіпті болуды өмірлік ұстанымым деп білемін.

Тасқұл Аяулым
№8 мектеп-лицейі, 9 «Ә» сынып оқушысы

Заңды орындау қоғамның дамуына қалай әсер етеді?

Менің ойымша, заңды орындау қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Себебі заң — қоғамдағы тәртіп пен әділдіктің негізі. Заңды сақтау арқылы адамдар өз құқықтары мен міндеттерін орындай отырып, ортақ тәртіпке бағынады. Қазіргі таңда заңның арқасында көлік жүргізу ережелері, адам құқықтарын қорғау, еңбек тәртібі сынды көптеген маңызды бағыттар жүйеленіп, ретке келтірілуде. Бұл өз кезегінде қоғамның тұрақты әрі үйлесімді дамуына мүмкіндік береді.

Мысалы, көлік жүргізу ережелерін сақтау – тек жол қауіпсіздігі үшін ғана емес, жалпы қоғам мәдениетінің көрсеткіші. Сол сияқты адам құқықтарын құрметтеу – әр азаматтың ар-намысын қорғауға бағытталған маңызды қағида. Мұндай заңдарды сақтау арқылы қоғамда сенім мен әділеттілік орнайды.

Сонымен қатар, мектеп ішіндегі тәртіп те заңдылықтың бір көрінісі. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі оқушыларға тәртіп ережелерін үнемі ескертіп, оларды жауапкершілікке баулиды. Бұл жас ұрпақтың заңға бағынуға үйренуіне ықпал етеді. Мектептегі тәртіпке үйренген оқушы ертеңгі күні маман иесі болып, қоғамның дамуына өзіндік үлесін қосады. Демек, мектептегі тәрбие мен тәртіп – болашақ азаматтың заңға деген көзқарасының қалыптасуына негіз болады.

Қорытындылай келе, заңды орындау — тек әр адамның жеке өміріне ғана емес, бүкіл қоғамның болашағына оң әсер ететін маңызды құндылық. Заңды құрметтеген адам — жауапкершілігі жоғары, саналы азамат. Ал мұндай азаматтардан құралған қоғам міндетті түрде дамып, өркендейді.

Марат Мерей Азаматқызы
№ 9 «Зерде» мамандандырылған лицейі, 8 “Д” сынып оқушысы

Заң мен тәртіп сақталу үшін не істеу керек?

Заң және тәртіп – болашағымыздың тірегі. Заң мен тәртіпке бағынған адам баласы ғана әділетті, тыныш және тұрақты өмір сүре алады.

Заң мен тәртіптің бүкіл елде сақталуы үшін әр адам ең алдымен кішкентай кезінен бастап мектептегі тәртіпті сақтауы қажет. Сабаққа кешікпеу, мектеп формасын кию, дау-жанжалдан аулақ болу – осылардың барлығы тәртіпке жатады. Ал осы тәртіпті сақтау арқылы біз болашақта үлкен заңдарды бұзбай, әділ де адал азамат болуға үйренеміз.

Заңды орындау – қоғамның дамуына үлкен үлес қосады. Заңға бағыну отбасынан басталып, мектепте бекітіледі. Сондықтан да оқушы тәртіпке бас бұра отырып, ертеңгі күнде өз құқығында сыйлайтын азаматқа айналады.

Мен мектепте тәртіпті болуға, барлық ережелерді сақтауға тырысамын. Мысалы, сабақтан себепсіз қалмай, уақытымды тиімді пайдаланып, үлкендерге көмектесіп, дос-жандарыма қол ұшымды созуға әрдайым тырысып жүремін. Бұл – менің қоғамға қосып жатқан кішкентай болса да маңызды үлесім. Менің білетінім: әр адамның тәртіпке деген жауапкершілігі – бүкіл қоғамның болашағына әсер етеді.

Порядок - это когда все люди соблюдают законы. Оно словно часовой механизм, где каждая деталь работает правильно. Когда в школе тихо на уроках и все слушают учителя - это порядок. Когда на улицах чисто, а машины движутся по своим полосам, не создавая пробок, — это тоже порядок. Порядок делает нашу

жизнь спокойной и комфортной. Он позволяет нам планировать что-то, учиться, работать, не опасаясь беспорядка.

Закон и порядок важны не только для взрослых, но и для детей. Мы тоже должны быть ответственными. Ведь если каждый начнёт с себя, наш мир станет лучше, добрее и безопаснее для всех.

В заключение, можно сказать, что закон и порядок — это не просто скучные правила, а две очень важные составляющие нашей жизни. Они как фундамент дома: если его нет или он слабый, то и дом будет непрочным. Законы защищают нас от беспорядка и помогают нам жить вместе, уважая друг друга. Порядок же делает нашу жизнь стабильной, безопасной и предсказуемой. Каждый из нас, соблюдая эти правила, вносит свой вклад в общее благополучие. Ведь только когда мы все следуем законам, мы можем построить гармоничное и справедливое общество.

Жантайлақ Аяжан
№29 орта мектебі, 9 «А» сынып оқушысы

Тәртіп-тәрбие бастауы , тәртіпсіздік - өмірімнің қас жауы,- деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай, адам баласынан туғаннан өлгенге дейін тәртіп пен тәрбие қажет екендігі әлдеқашан дәлелденген деп ойлаймын. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы да: “Тәртіпсіз ел болмайды,тәртіпке бағынған құл болмайды”,-деп ол ойды тереңдете түскені баршамызға аян. Мектеп жасындағы балаға мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағыну аса қажет-ақ. Қоғамдық тәртіпті,өзін ортада ұстауды да ертеден үйренгені де абзал. Қазіргі қоғамда жасөспірімдер арасында ұл бала болсын, қыз бала болсын жаман сөздер айтып жататын кездер жиі ұшырасады. Кейде өзіме сұрақ қоямын «Біз осы қайда кетіп барамыз?» Кейбір құрдастарым агрессияға тез беріледі, сөз көтере алмайды тағысын тағы… Сыныптастарымның ішінде сабақтан кешігетіндер де , себепсіз қашатындар да , тіпті сабаққа келмей қалатындары да кездесетіндігі өтірік емес. Ерте жастан - ақ темекіге әуестері де кездесуде , құмар ойынға тәуелділері де жоқ емес. Жүсіп Баласағұни айтқандай, бала тәрбиесі отбасынын басталады. Егер бала отбасында дұрыс тәрбие алмаса, жаман әдеттерге бейім болуы мумкін. Қоғамда тәртіп пен заңды сақтау - әр азаматтың міндеті. Құқықбұзушылық - қоғамға зиян келтіретін дерт. Сондықтан мектептерде ерте жастан заң негіздерін оқытып , балаларды жауапкершілікке үйрету маңызды . Заң мен тәртіп-бейбіт өмір мен тұрақты қоғамның кепілі. Әр адам заңға бағынуды өзінен бастауы тиіс.

Ахметова Алтын
№29 орта мектебі, 9 «В» сынып оқушысы

Табиғатта бәрі белгілі бір тәртіппен жүреді: аралар ұя салады, құстар жылы жаққа ұшады, өзен арнасынан аспайды. Сол сияқты, адамзат қоғамы да заң мен тәртіпке сүйенбей тұра алмайды. Заң дегеніміз тек қылмыскерлерге арналған ереже, я баптар жиынтығы емес. Ол – біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігі.

Заң мен тәртіп – ел тірегі. Бізге оны сақтау үшін не керек деген сұрақ ойға келеді. Алдымен, әр адам деген өзінен бастауы тиіс: қоғамдық орындарда тәртіп сақтау, өзгенің құқығын құрметтеу, адал болу, міне, бұл қарапайым, берісі ең маңызды қадамдардың бірі болса, әрісі алтын болашақтың бастауы емес пе?! Сондықтан балаларды кішкентайынан құқық пен міндетті түсінуге, білуге тәрбиелеуде белгілі бір жобалардың маңызы өте жоғары. Тіпті, мемлекет тарапынан да бақылауды таратып, заң бұзушыларға арнайы жобаларды іске асыруды іске асыру қажет.

Әлемде адамдар, яғни қоғам бар. Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы – әрбір азаматтың заңға деген көзқарасына байланысты. Заңды орындау қоғам ішіндегі тәртіпті сақтауды басты шарты. Әрбір қоғамның заңға бағынуы басқалардың құқықтарын құрметтеу болып табылады. Мұндай ортада адамдар өзін қауіпсіз сезінеді, бір-біріне сенім арта бастайды. Яғни, заңды орындау қоғамның әділетті, қауіпсіз әрі дұрыс болуына ықпал етеді. Бұл қоғамның өсуіндегі негізгі қадамы.

Өзіме келсем, мен қоғамның тәртіпті сақтау үшін ең алдымен өзімнен бастаймын. Ережелерді сақтап, құрмет көрсетіп, заңға бағынамын, заңды құрметтеймін әрі заңға сүйенемін. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп Мұхтар Әуезов жазушымыздың айтқаны есіме түсіп отыр. Сол айтқандай қазірден бастап әпке-сіңілімді, аға-бауырымды тәртіпке үйретуге тырысамын болашақ ана болғанда да осылай үйреткенім қоғамға жеміс болады деп санаймын. Міне, сондықтан әр адам өзінен бастап, заң мен тәртіпті сақтаса, қоғам көптеген жетістіктерге жол ашады!

Чикеева Азалия
№ 29 орта мектебі, 9 «Г» сынып оқушысы

«Закон и порядок — основа сильного общества»

Каждый человек мечтает жить в спокойной, безопасной и справедливой стране. Все мы хотим чувствовать себя защищёнными и уверенными в завтрашнем дне. Но для того чтобы достичь этой мечты, необходимо соблюдать закон и поддерживать общественный порядок. Закон — это свод правил и норм, по которым функционирует всё общество. Если эти правила начинают нарушаться, неизбежно возникает хаос, и никто не сможет чувствовать себя в безопасности. В таком

обществе царит произвол, где каждый действует по своим собственным интересам, что приводит к конфликтам и нестабильности.

Для поддержания правопорядка необходимо, в первую очередь, воспитывать уважение к закону с самого раннего детства. Важно, чтобы люди понимали: закон существует не для того, чтобы ограничивать свободу, а чтобы защищать права каждого индивида. Он служит гарантией того, что наши права будут соблюдены, а обязанности выполнены. Также необходимо, чтобы полиция и суды честно выполняли свою работу, обеспечивая справедливость и защищая интересы граждан. Нарушители закона должны не оставаться безнаказанными, иначе это подрывает доверие к институтам власти и создает опасный прецедент.

Соблюдение закона помогает обществу развиваться и процветать. Когда в стране есть порядок, люди чувствуют себя уверенно и спокойно. Они открывают бизнесы, учатся, строят дома, растят детей и реализуют свои мечты. Законы помогают решать конфликты мирным путём, защищают слабых и уязвимых членов общества и дают всем равные возможности для самореализации. Без закона не было бы ни школ, ни больниц, ни надёжной работы — всё бы зависело от силы, а не от справедливости. Это создало бы общество, где сильные угнетают слабых, а закон становится лишь инструментом для достижения личных целей.

Даже если ты ещё школьник, ты можешь внести свой вклад в общественный порядок. Например, ты можешь не мусорить на улице, уважать правила своей школы, проявлять уважение к учителям и помогать младшим ученикам. Если кто-то обижает другого - можно вмешаться или рассказать взрослым. Эти маленькие поступки каждого складываются в большое общее дело — порядок и справедливость в стране. Каждый из нас может стать примером для других, показывая своим поведением, как важно соблюдать правила и уважать окружающих.

Я верю, что если каждый начнёт с себя, с честного отношения к другим людям и к закону, наш мир станет лучше и справедливее. Мы все можем стать частью решения проблемы, а не её источником. В конечном итоге, именно от нас зависит, каким будет наше общество: безопасным и мирным или хаотичным и опасным. Поэтому давайте стремиться к тому, чтобы закон и порядок стали основой нашего общества, а не лишь абстрактными понятиями.

Қайрат Нұрислам
№30 мектеп-гимназиясы, 8 «А» сынып оқушысы

Қоғамда бейбіт өмір сүру мен дамудың негізгі шарттарының бірі - заң мен тәртіптің сақталуы. Әрбір азаматтың құқықтары мен міндеттері заңмен реттеледі.

Егер адамдар заңға бағынбаса, елде тәртіп бұзылады, ал бұл өз кезегінде тұрақтылық пен дамуға кері әсерін тигізеді.

Заң мен тәртіп сақталуы үшін ең алдымен әр адам өзінің құқықтары мен міндеттерін білуі және оны орындауға тырысуы керек. Заңды бұзбай, қоғамға зиян келтірмей өмір сүру — әр азаматтың міндеті. Сонымен қатар, тәртіп сақтау тек полиция мен мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғам мүшелерінің ортақ ісі.

Заңды орындау қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Мысалы, көлік жүргізушілері жол ережесін сақтаса, жол-көлік оқиғалары азаяды. Салық төлеу арқылы азаматтар мемлекет қазынасына үлес қосып, мектептер, ауруханалар, жолдар салынуына мүмкіндік туады. Яғни, заңды сақтау - тек міндет емес, ол елдің болашағына қосылған үлес.

Мен өзім қоғамдық тәртіпке үлесімді мектепте және қоғамдық орындарда тәртіп сақтап, басқаларға үлгі болу арқылы қосамын. Қоқысты арнайы орнына тастап, үлкендерге құрмет көрсетемін. Сонымен қатар, сыныптастарыммен бірігіп, түрлі тәрбие сағаттары мен акцияларға қатысамын. Бұл да - тәртіптілікке қосылған үлес.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп қоғамның негізі болып табылады. Әр адам өз әрекетіне жауапты болып, заңға бағынған жағдайда ғана бейбіт, әділетті қоғам құрылады. Мен де осы бағытта өз үлесімді қосуға тырысамын, себебі тәртіп - ортақ игілік.

Қадырова Айым
№30 мектеп-гимназиясы8 «А» сынып оқушысы

Қоғамда бейбіт өмір сүрудің басты шарты – заң мен тәртіптің сақталуы. Заң – мемлекет қабылдаған, барша азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылатын ережелер жиынтығы. Тәртіп – адамдардың заңдарға, қоғамдық нормаларға, ережелерге бағынуы. Егер қоғам мүшелері заңды құрметтеп, оны бұлжытпай орындаса, бұл қоғамның дамуына жақсы әсер етеді.

Заң сақталған жерде қылмыс деңгейі төмендейді, адамдар өз өмірі мен мүлкінің қауіпсіз екеніне сенімді болады. Бұл қоғамдағы сенім мен бірлікке жол ашады. Заң мен тәртіп сақталуы үшін ең алдымен әр азамат өз жауапкершілігін сезінуі қажет. Кішкентай тәртіптен бастайық: қоқысты белгілі орынға тастау, жол ережесін сақтау, мектепте тәртіпті болу. Осындай ұсақ нәрселерден үлкен мәдениет пен заңға құрмет қалыптасады. «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» - деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай жастарға кішкентайынан, яғни тәртіп ережелерін үй, мектеп қабырғасынан бастап сақтауды

талап ету қажет. Ал заң туралы түсіндіру – болашақ азаматтардың саналы болуына өз әсерін тигізеді.

Заңды орындау – қоғам өмірінің барлық саласына жақсы ықпал етеді. Ол – тәртіп пен тұрақтылықтың, әділет пен дамудың негізі. Сондықтан әрбір азаматтың заңға бағынуы – тек өзінің ғана емес, бүкіл қоғамның болашағына әсер етеді.

Өмірғазы Әли
№30 мектеп-гимназиясы, 5 «А» сынып оқушысы

Заң – мемлекеттің тоғыз қабат тор көзді сауыты, - дейді дана халқымыз. Өйткені, заң бар жерде тәртіп пен әділеттілік бар. Ал, заң мен тәртіпке бағынған ел ғана қауіпсіз қоғам бола алады.

Халқымыз заңға, тәртіпке ежелден бағынған. Олар ханның жарлығына бас иіп, билердің шығарған үкімін қолдаған. Оған мысал ретінде, Тәуке ханның «Жеті жарғысын» айтар едік. Әділдік іздеген екі топ, билердің шығарған үкіміне риза болып тарасқан. Ендеше, біздің еліміздің ежелден келе жатқан өз заңдары мен тәртібі бар. Біз оған қашанда бағынамыз, әрі құрметтейміз. Ал, бүгінде тәуелсіз еліміздің өз Ата заңы мен Конституциясы бар. Ол біздің тәуелсіздігіміздің мәртебесін артыра бермек. Міне, сол Ата Заңымызға отыз жыл болады. Ата Заңымыз қазақ елін әлемге таныстырды. Мемлекеттік заң еліміздегі сан алуан ұлт өкілдерінің тату-тәтті бірлікте, ынтымақты өмір сүруіне септігін тигізеді.

Отанымыздың әрбір азаматы өзінің құқықтары мен міндетін біледі. Өйткені, Конституциямызда ең басты құндылық адам оның өмірі мен бостандылығы деп көрсетілген. Қазақсанның әрбір азаматы өз Ата Заңын құрметтеп, сол заңға бағынады. Өйткені, заң бар жерде тәртіп болады. Заңды құрметтеу, өзгелердің құқығын бұзбау, жауапкершілікте болу – тәртіптің негізі. Заң мен тәртіп тығыз байланысты.

Тәртіпке бағынған ел құл болмайды демекші, - тәртіп бар жерде адалдық, реттілік пен мақсат бар. Барлық азаматтардың тәртіпке бағынуы олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Ал, заң мен тәртіп біздің тыныштығымыздың кепілі.

Алибаев Ерсултан
№31 мектеп-гимназиясы, 5 «Б» сынып оқушысы

«Қоғамдық тәртіпті орнатуға менің қосар үлесім»

Қоғамда бейбіт өмір сүру үшін әр адамның тәртіпті болуы өте маңызды. Қоғамдық тәртіп — бұл адамдардың бір-біріне деген сыйластығы мен

жауапкершілігі. Мен 5-сынып оқушысы болсам да, қоғамдық тәртіпті сақтау мен оны орнатуға өз үлесімді қоса аламын.

Ең алдымен, мен өзімнен бастаймын. Мектепте тәртіп сақтап, мұғалімдер мен сыныптастарыма сыпайы боламын. Сабаққа уақытында келіп, ережелерді бұзбаймын. Егер мектеп ішінде немесе көшеде қоқыс көрсем, оны арнайы жәшікке саламын. Осылайша, мен тазалық пен тәртіпке үлес қосамын.

Үйде де тәртіп сақтау маңызды. Үлкендердің айтқанын тыңдап, үй жұмыстарын уақытылы орындап, бауырларыммен тату тұру — бұл да қоғамдық тәртіптің бір бөлігі. Өйткені отбасындағы тәртіп – бүкіл қоғамдағы тәртіптің бастауы.

Сондай-ақ, мен өзгелерге үлгі болуға тырысамын. Егер достарым ережелерді бұзса, оларға түсіндіремін. Қоғамдық көлікте үлкен кісілерге орын беріп, көшеде жол ережесін сақтаймын. Бұл — менің жауапкершілігім.

Қоғамдық тәртіп – тек полиция мен мұғалімдердің емес, әр адамның, соның ішінде менің де міндетім. Біз бәріміз бірігіп, тәртіпке үлес қоссақ, еліміз де бейбіт әрі қауіпсіз болмақ. Сондықтан мен кішкентай болсам да, тәртіпке бағынуға және басқаларға көмектесуге дайынмын.

Қорытындылай келе, қоғамдық тәртіпті сақтау – әрбір азаматтың парызы. Ал мен өз үлесімді кішкентай істер арқылы күнде қосып жүрмін.

Тұрсынбай Ақерке
№ 31 мектеп-гимназиясы, 9 «И» сынып

Қоғамда бейбіт өмір сүру үшін заң мен тәртіптің сақталуы өте маңызды. Егер адамдар заңға бағынбаса, қоғамда тәртіпсіздік пен дау-жанжалдың көп болары сөзсіз. Заң-бәрімізге ортақ ереже. Ол адамдарды әділдікке, тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді.

Ең алдымен, заңның сақталуы үшін құқықтық сауаттылықты арттыру қажет деп ойлаймын. Қазақстанда 2025 жылы ІІМ мәліметі бойынша 160 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұндай заңсыздықтарды сауаты жеткіліксіз азаматтар жасайды. Менің ойымша, мектептерде «Құқық негіздері» пәнін тереңдетіп оқытумен қатар, түрлі іс-шараларды ұйымдастыру өте маңызды деп санаймын. Білім алушылар арасында заң тақырыбы төңірегінде пікірталастар, сайыстар, дискуссиялар өткізу оң әсерін беретіні анық. Мектеп қабырғасынан бастап құқық негіздерін оқыту, бұқаралық ақпараттық құралдары арқылы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу-заңға деген құрметтің қалыптасуына жол ашады. Егер заң бәріне бірдей қолданылса, әділетсіздікке жол берілмесе, халықтың заңға деген сенімі артады. Өкінішке орай, қазіргі таңда заңды бұзғандар жазасыз қалып жататынына куә болып жатамыз. Мысалы 2025 жылы елімізде сыбайлас жемқорлыққа байланысты 520-дан астам іс тіркелген екен. Осындай заңсыздықтар

қоғамда үлкен қайшылықтар туғызады. Егер заң тек қарапайым адамға ғана қолданылып, бай немесе шенеуліктер жазаланбаса, халықтың заңға деген сенімі жоғалатыны анық. Бұл заңсыздықтың алдын алудың жолдарын мектеп қабырғасында қолға алынуы қажет. Ата-ананың үлгісі, мектептегі тәрбие, қоғамдық нормалар - барлығы азаматтық жауапкершілікті қалыптастырады. Өзгеге зиян тигізбеу, қоғамдық мүлікті бүлдірмеу, жол ережесін сақтау сияқты қарапайым әрекеттер-заңды құрметтеудің нақты көрінісі.

Қорыта келе, заң мен тәртіп-еліміздің тұрақтылығы мен болашағының кепілі. Сондықтан әр адам заңды құрметтеп, оны сақтауға атсалысу қажет. Бұл - өзіміз үшін, еліміз үшін өте маңызды. Әрбір азамат өз құқығы мен міндетін терең түсініп, заң тарапынан бұлжытпай орындағанда ғана бейбіт, әділетті қоғам құруға болады. Заңға бағыну-әлсіздік емес, парасаттылықтың белгісі.

Усипбек Каусар
№31 мектеп-гимназиясы, 6 «Ғ» сынып оқушысы

Әрбір қоғамның тыныштығы заң мен тәртіптің сақталуына байланысты болады. Заң - адамдардың құқықтар мен міндеттерін орындату, ол тәртіп-тыныштықты сақтау. Заң мен тәртіп бұзылса, адамдардың құқықтары мен қауіпсіздігі бұзылады. Сондықтан әр адамзаттың міндеті - заңға бағыну және тәртіпті сақтау . Демек, әр адам заң мен тәртіпті сақтаудың не үшін маңызды екенін түсінуі керек.

Егер елде заң мен тәртіп сақталмаса, онда шу мен бейберекетсіздік орын алады. Қоғамда тәртіпті қамтамасыз ету үшін әрбір адам өз міндетін атқару қажет. Ең алдымен, әр адам заңдарды білу керек. Заң бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын ескерген дұрыс. Олай болса, мектепте осы тақырып аясында құқықтық тәрбие сағаттары өткізілсе, оқушыларға заңдардың маңызы түсіндірілсе, болашақты қоғамда заңбұзушылық азая түседі.

Біріншіден, қазіргі кезде бұзақы балалар заңды көп бұзады. Сондықтан полиция қызметкерлері занның сақталуын қадағалау керек. Егер ол балалармен жұмыс жасамайтын болса, олардың келешегі жақсы болмайды. Сондықтан заң мен тәртіп аясында балалармен қажетті іс-шаралар өтіліп тұру қажет.

Екіншіден, ата-аналары дұрыс тәрбие берсе, қоғамда тәртіпті жастар көбейеді. Тек көбейіп қоймай, оларда әділдіктің жолын қуады. Оларға қарап тәртіпсіздік жасайтын орта бой түзейді. Менің ойымша, отбасында балаға заңды сақтап, өзгелердің құқығын сыйлау қажеттігі айтылу керек. Себебі, ең бірінші жақсы тәрбиелейтін орта - отбасы. Сондықтан, өз ұясынан тәртіптің қыр-сырын меңгерген жеткіншек болашақта заңды сақтайды. Олай болса, кім болсын қатаң тәртіпке бағынуы міндетті болмақ.

Үшіншіден, заң бұзғандарға қатал жаза қолдану керек. Бұл - тәртіпті сақтау жолының бір түрі. Өз жазасын алған адам, өз қатесін түсінеді. Ондай қателікке келешекке бармайтында болады. Күнделікті өмірде кішкентай жағымсыз әрекеттерге бой ұрғандардың жазасы беріліп отырса, болашақ тап таза болатыны сөзсіз.

Өз ойымды қорытындылай келе, заң мен тәртіп сақталуы үшін тәртіп сақшылары тиімді жұмыс жасап, әділ жаза өз міндетінде атқарылса, қоршаған орта әділдіктің орны болады.

Мұхамбетжанова Ақерке
№31 мектеп-гимназиясы, 6 «А» сынып оқушысы

Қоғамның дамуы, өркендеуі үшін білім керек, ең бастысы, құқық керек. Құқық барлық жерде керек. Білімде, далада, үйде, көшеде т.б. Көріп тұрғанымыздай құқық барлық жерге керек, жалпылай - қоғамға керек. Мысалға алып көрейік: сен мектепте, сабақ үстінде отырсың, саған тек білім алуға және сабақ оқуға ғана рұқсат бар. Саған шулауға, сабақ тыңдамай отыруға, жүгіруге болмайды. Былай қарап тұрсақ, мұның өзі құқық, әр оқушының мектеп табалдырығын аттағаннан кейінгі құқығы деп санаймын.

Ал мектептен кейінгі құқығың - жол ережесін сақтап, үйге қайту. Үйге барған соң тамақ ішіп, ана-әкеңе көмектесіп, үй жұмысын орындап, ерте жатып, ерте тұру. Қаласаң ойна, қаласаң күл, бірақ әрқашан заңға бас иіп, құқығыңды біліп, оны сақтап, осы қоғамның белсенді бір мүшесі болуға үлкен мүмкіндік бар!

Қоғамның тұрақты дамуы мен азаматтарымыздың толыққанды өмір сүруі үшін ең маңызды екі тірек құқық пен білім. Құқық пен білім бір - біріне тығыз байланысты. Құқық есік болса, білім сол есікті ашатын кілт. Құқық-адам өміріндегі тәртіп пен әділеттілікті сақтайтын құрал. Егерде әрбір адам өз құқығын сақтап, біліп жүрсе қоғамда бейбітшілік орнайды. Енді сол құқықты жақсы, дұрыс пайдалану үшін адам білім алу керек!

Қоғамның дамуына негіз болатын қос тірек - құқық пен білім. Адам құқық арқылы, өз-өзін қорғау арқылы бақытты өмір сүре алады. Сол бақытты өмір үшін адамзатқа білім алу керек, оқу керек. Әрбір адам өз құқықтарын білуі және оны сақтап, өз міндеті деп санауға тиіс. Сол міндетті орындай білу керек.

Менің пайымдауымша, құқық пен білім - қоғамның білдей қос тірегі.

Жаппас Адия
№33 орта мектебі, 5 «В» сынып оқушысы

Закон и воспитание — две силы, формирующие общество и определяющие будущее поколений. Они кажутся разными, но на самом деле неотделимы, влияя друг на друга и стремясь к общей цели — созданию гармоничного и справедливого мира.

Закон устанавливает чёткие границы дозволенного и недозволенного, обеспечивая порядок и безопасность. Он регулирует поведение людей, защищает их права и свободы, наказывает за нарушение правил. Закон является внешним регулятором, направляющим действия человека в русло общественной пользы.

Воспитание, в свою очередь, формирует внутренний компас, определяющий моральные принципы и ценности человека. Оно учит различать добро и зло, знать меру и ответственность, побуждает к сознательному соблюдению норм и правил.

Взаимосвязь между законом и воспитанием проявляется в нескольких аспектах. Закон опирается на воспитание. Эффективность закона во многом зависит от того, насколько общество разделяет его ценности и принципы. Воспитание использует закон: закон может служить элементом воспитания, устанавливая рамки для определённых действий.

Оба направлены на формирование гражданина. Закон и воспитание стремятся к тому, чтобы человек стал полезным членом общества. Чрезмерное увлечение законами и наказаниями может привести к подавлению инициативы. Воспитание не должно быть оторвано от реальной жизни и должно учитывать существующие законы. В идеале закон и воспитание должны работать в тандеме.

Таким образом, закон и воспитание - две стороны одной медали, необходимые для построения справедливого и процветающего общества. Они требуют постоянного внимания и совершенствования в зависимости от меняющихся потребностей времени. Сильное воспитание, основанное на моральных принципах и уважении к закону, создаёт основу для правового государства, где люди соблюдают правила не из страха, а из убеждения. Справедливый и эффективный закон, в свою очередь, способствует формированию чувства ответственности и справедливости у человека.

Рамазанова Айганым
№33 орта мектебі, 6 «И» сынып оқушысы

Закон и воспитание — важные основы формирования личности и общества. С раннего детства мы, дети, понимаем, что такое добро и зло, что можно, а что запрещено. Этому нас учат родители. Только воспитанные люди уважают других, они честны и ответственны.

Родители, школа и общество играют важную роль в формировании правового сознания детей. Воспитание помогает не только соблюдать правила, но и понимать

их значение. Если каждый гражданин будет воспитан в уважении к закону, общество станет справедливым, безопасным и стабильным. Без правильного воспитания человек может нарушать законы, не осознавая последствий.

Таким образом, закон и воспитание являются необходимыми элементами формирования гражданской и моральной позиции человека в обществе. Они идут рука об руку, взаимосвязаны и дополняют друг друга.

Только объединение этих двух аспектов может обеспечить гармоничное развитие личности и создание благополучного общества.

Алимхан Назима
Б.Сырттанұлы атындағы №34 орта мектебі, 6 «Б» сынып оқушысы

Біздің елімізде әрбір адам заңға бағынуға міндетті. Заң — бұл қоғамда өмір сүру тәртібін реттейтін ереже. Егер заң болмаса, адамдар арасында тәртіп бұзылып, дау-дамай көбейіп кетер еді. Сондықтан заң мен тәртіп — тыныш әрі әділетті өмір сүрудің негізі.

Мысалы, жол ережелері - бұл да заң. Егер жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер ережені сақтамаса, апат болып, адамдар зардап шегуі мүмкін. Мектепте де тәртіп ережелері бар. Біз оларды орындау арқылы бір-бірімізге кедергі келтірмей, жақсы білім аламыз.

Заң мен тәртіп — тек қорқыту құралы емес. Олар бізді қорғайды, әділдікті қамтамасыз етеді. Әр адам өз құқығын біліп, басқалардың да құқықтарын құрметтеуі тиіс.

Менің ойымша, әр азамат заң мен тәртіпті сақтаса, еліміз тыныш, әділ және қауіпсіз болады. Біз — болашақ иелеріміз, сондықтан қазірден бастап тәртіпке үйренуіміз қажет.

Әрбір елде қоғамда тыныштық пен әділеттілік болуы үшін заң мен тәртіп қажет. Заң — бұл адамдардың қалай өмір сүруі, бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасауы керектігін көрсететін ереже. Ал тәртіп — сол заңдарды орындау, тәртіпті сақтау деген сөз. Егер заң мен тәртіп болмаса, адамдар өз білгенін істеп, бір-біріне зиян келтірер еді.

Мысалы, көлік жүргізушілері жол ережесін сақтамаса, апаттар жиі болып, адамдар зардап шегеді. Дүкенде, мектепте, көшеде де тәртіп сақталуы керек. Мектепте әр оқушы тәртіпке бағынса, бәрімізге сабақ оқу жеңіл әрі қызықты болады. Мұғалімге де, оқушыға да жақсы жағдай жасалады.

Заң тек ересектерге ғана емес, біз сияқты балаларға да қатысты. Біз де қоғамдық орында дауыс көтермеу, қоқыс тастамау, үлкендерге көмектесу сияқты қарапайым ережелерді орындауымыз керек. Бұл да — тәртіп.

Менің ойымша, заң мен тәртіп — әділдік пен қауіпсіздіктің негізі. Әр адам заңға бағынса, елімізде тыныштық пен бірлік орнайды. Болашақта жақсы өмір сүргіміз келсе, қазірден бастап заң мен тәртіпке үйренуіміз керек.

Асанова Балнұр
Б.Сырттанұлы атындағы №34 орта мектебі, 8 «Ә» сынып оқушысы

Әрбір мемлекеттің өз заңы мен тәртібі болады. Заң болмаса, қоғамда тыныштық пен әділдік те болмас еді. Заң - адамдардың өмірін реттейтін басты құрал. Ол адамдардың құқықтарын қорғайды, әділдікті орнатады және бейбіт өмір сүруге көмектеседі.

Тәртіп - заңды орындау. Егер біз тәртіпке бағынбасақ, ешқандай заң көмектесе алмайды. Мысалы, мектепте сабақ кезінде шулап, тәртіп бұзсақ, мұғалім дұрыс түсіндіре алмайды, ал біз білім ала алмаймыз. Сондықтан тәртіп - табыстың кілті.

Көшеде де тәртіп сақтау өте маңызды. Жол ережесін сақтамаған адам өзіне де, басқаларға да қауіп төндіреді. Ал егер бәріміз заңға бағынсақ, жолда да, мектепте де, үйде де тыныш өмір сүреміз.

Менің ойымша, заң мен тәртіпті сақтау - әр азаматтың міндеті. Біз - болашақтың иесіміз. Сондықтан кішкентай кезімізден бастап заңды құрметтеп, тәртіпке үйренуіміз қажет. Сонда ғана еліміз дамып, бейбіт өмір сүре аламыз. Заң мен тәртіп - бақытты өмірдің кепілі.

Адамдар бір-бірімен тату өмір сүріп, қоғамда тыныштық пен әділдік болуы үшін заң мен тәртіп қажет. Заң - бұл мемлекеттің барлық азаматына арналған ортақ ереже. Ол адамдардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Ал тәртіп - осы заңдарды орындау. Егер адамдар заңға бағынбай, тәртіпті сақтамаса, қоғамда бейберекетсіздік орын алады.

Мысалы, жолда көлік жүргізушілер ережені бұзса, жол апаты болады. Сол сияқты мектепте оқушылар тәртіпке бағынбаса, білім алу қиындайды. Сондықтан әр жерде - мектепте, көшеде, үйде болсын - тәртіп сақтау маңызды.

Заң тек жазалау үшін емес, адамдарды қорғау үшін де қажет. Ол біздің құқықтарымызды қорғайды. Егер біреу бізге әділетсіздік жасаса, біз заңға сүйене отырып, қорғануға мүмкіншілік аламыз.

Менің ойымша, заң мен тәртіпке бағыну - әр адамның азаматтық міндеті. Әсіресе біз, балалар, кішкентай кезімізден бастап тәртіпке үйренуіміз керек. Қоғамда дұрыс өмір сүру үшін тек өз құқығымызды біліп қана қоймай, басқалардың да құқығын құрметтеуіміз керек.

Егер әр адам заң мен тәртіпті сақтаса, қоғамда тыныштық, әділдік және бейбіт өмір орнайды. Біз өз болашағымызды жарқын еткіміз келсе, бүгіннен бастап заң мен тәртіпке жауапкершілікпен қарауымыз қажет.

Әсембек Еркежан
Б.Сырттанұлы атындағы №34 орта мектебі, 7 «Б» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп - әр қоғамның дамуы мен тұрақтылығының басты шарттары. Адамдар бір-бірімен тату өмір сүру үшін барлығы заңға бағынуы тиіс. Егер бір адам заң бұзса, ол тек өзіне ғана емес, айналасына да зиян келтіреді.

Бала да, ересек те өз ісіне жауапты болуы керек. Мысалы, оқушы мектеп ережесін сақтамаса, сыныпта тәртіп бұзылады, басқа балаларға да кедергі жасалады. Ал егер бәрі тәртіпке бағынса, оқу оңай әрі қызықты болады.

Заң - бізді қорғайды. Біз қауіпсіз жүріп-тұру үшін, әділдікті сезіну үшін заң қажет. Бірақ тек заң болғаны жеткіліксіз. Әр адам өз ісіне жауапты болып, тәртіпті сақтауы қажет. Сонда ғана қоғамда тыныштық болады.

Мен заң мен тәртіпті сақтау - әр адамның азаматтық борышы деп ойлаймын. Егер біз бала кезімізден дұрыс тәрбие алып, заңды құрметтесек, болашақта жақсы адам, жақсы азамат бола аламыз. Тәртіпті болу - өзіңді де, өзгелерді де құрметтеу.

Әрбір елдің тұрақты дамуы мен тыныш өмір сүруі үшін заң мен тәртіп қажет. Заң - бұл қоғамдағы барлық адамдарға ортақ ереже. Ол адамдарды дұрыс әрекет жасауға бағыттайды. Ал тәртіп - осы заңдарға бағыну, оларды орындау.

Қоғамда адамдар көп өмір сүреді, олардың ойы, мінезі әртүрлі. Егер бәрі өз білгенін істесе, дау-дамай мен қақтығыс көбейіп, қоғам бейберекет болып кетер еді. Сондықтан заң мен тәртіп - бұл адамдардың өзара сыйластықпен өмір сүруіне көмектесетін құрал.

Мысалы, мектепте әр оқушы сабақ кезінде тыныш отырса, мұғалімді тыңдаса, бәрі жақсы білім ала алады. Бірақ егер тәртіп бұзылса, сыныпта шу шығып, ешкім дұрыс түсіне алмайды. Бұл да - тәртіптің маңызын көрсетеді.

Заң тек үлкендерге емес, біз сияқты оқушыларға да қатысты. Қоғамдық орында шуламау, қоқыс тастамау, үлкендерді сыйлау - бәрі де тәртіпке жатады. Осындай қарапайым ережелерді сақтау арқылы біз ел болашағына үлес қосамыз.

Менің ойымша, әр адам заңға бағынуды өзінен бастауы керек. Әрқайсымыз тәртіпке үйреніп, заңды құрметтесек, елімізде бейбітшілік пен әділдік орнайды. Тәртіп - тек қорқыныш емес, ол - жауапкершілік пен құрметтің белгісі.

Сайлаубекова Жазира

Б.Сырттанұлы атындағы №34 орта мектебі, 9 «Б» оқушысы

Әрбір елдің өркендеуі мен бейбіт өмір сүруі үшін заң мен тәртіп қажет. Заң - адамдардың қалай өмір сүру керектігін көрсететін басты ереже. Тәртіп - осы заңды орындап, дұрыс әрекет жасау. Заң мен тәртіп болмаса, қоғамда әділетсіздік, дау-дамай, тіпті қылмыс көбейіп кетер еді.

Адамдар бір-бірінің құқығын құрметтеп, өз міндетін дұрыс орындаса ғана қоғам дамиды. Мысалы, егер дүкенде бәрі кезек сақтамай, бір-бірін итерсе, онда тәртіп болмайды. Сол сияқты мектепте де оқушылар тәртіпсіздік жасаса, сабақты түсіну қиын болады. Сондықтан тәртіп - әр жерде қажет.

Заң бізге дұрыс жол көрсетеді. Бізге не істеуге болатынын, не істеуге болмайтынын заң арқылы білеміз. Бұл бізді қорғайды. Егер біреу бізге жамандық жасаса, біз заң арқылы қорғана аламыз.

Бала болсақ та, бізге де заң мен тәртіпті сақтау міндетті. Үлкендерге көмектесу, кішілерге қамқор болу, көшеде қоқыс тастамау - бәрі де тәртіптің белгісі. Бұл әдеттерді бала кезден қалыптастыру өте маңызды.

Менің ойымша, егер әр адам заң мен тәртіпке бағынса, қоғамда әділдік, тыныштық және татулық орнайды. Біз өз еліміздің болашағын жарқын ету үшін бүгіннен бастап тәртіпті болуымыз керек.

Заң мен тәртіп - әрбір мемлекеттің тыныштығы мен тұрақтылығының негізі. Адамдар бір қоғамда өмір сүрген соң, олар бір-бірімен дұрыс қарым-қатынаста болуы керек. Бұл қарым-қатынасты реттейтін - заң. Ал сол заңды орындау - тәртіп деп аталады.

Егер адамдар заңға бағынбаса, қоғамда әртүрлі келіспеушіліктер, ұрыс-керістер, тіпті қауіпті жағдайлар туындайды. Мысалы, егер көліктер жол ережесін сақтамаса, жол апаттары жиі болады. Бұл адамдардың өміріне қауіп төндіреді.

Тәртіп - тек көшеде емес, мектепте, үйде, кез келген ортада қажет. Сабақта оқушылар тыныш отырса, мұғалімнің айтқанын тыңдаса, білім алу жеңіл болады. Тәртіпсіздік оқуға кедергі келтіреді және өзгелерге зиян келтіреді.

Заң бізді қорғайды. Мысалы, біреу сіздің заттарыңызды алып қойса немесе сізге жаман сөз айтса, сіз өз құқығыңызды заң арқылы қорғай аласыз. Бұл әділдіктің орнауына көмектеседі.

Біздің қоғамымызда әрбір азамат заң мен тәртіпті сақтауға міндетті. Біз, балалар да, кішігірім болса да өз жауапкершілігімізді түсініп, тәртіпке үйренуіміз керек. Үлкендерді тыңдау, айналаны таза ұстау, бір-бірімізді сыйлау - бәрі осы тәртіпке жатады.

Менің ойымша, әр адам заңға бағынуды өзінен бастауы керек. Сол кезде ғана қоғамда тыныштық, бейбіт өмір, татулық орнайды.

Амангелді Қанағат
Н.Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицейі, мектеп-лицейі, 5 «Ә» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – егіз ұғым. Заңды орындау тәртіппен жүру болып табылады. Сондықтан әр адам заң мен тәртіпті сақтауы керек. Өйткені қоғамда тыныштық пен әділдік орнауы үшін адамдар бір - біріне құрметпен қарауы қажет.

Заң мен тәртіпті сақтау үшін, ең алдымен, өзіміз тәртіпті болуымыз керек. Мысалы, мектепте мұғалімді тыңдап, сабаққа кешікпей келу – бұл да тәртіп. Алайда, кейбір оқушылар үнемі мұғалімге сөз қайтарып, сабақта айналасына маза бермей отырады. Сондай оқушыларға қарап, сабақта өзін ұстай алмаған мұндай дөрекі бала ертең қандай адам болып шығады екен деп ойға қаламын. Осы орайда, анамның «Отбасы - ол шағын мемлекет. Егер отбасында тәртіп болмаса, ертең қоғамда да түрлі заңсыздықтарға жол берулерің мүмкін» деген сөзінің жаны бар деп ойлаймын. Себебі қоғамдағы кіші бұзақылықтан бастап, ұрлық, алаяқтық сияқты нәрселердің болуы бала күнімізден тәртіпке бағынбаудың нәтижесі деп білемін.

Екіншіден, заңды бұзған адамға ескерту жасап, дұрыс жолды көрсетуіміз керек. Жолда қоқыс тастаған немесе бағдаршамға қарамай өткен адамды көріп, оған сыпайы түрде ескерту айту бұл біздің азаматтық борышыз деп білемін. Көбінесе біреу бірдеңені бүлдіріп не дұрыс істемей жатса, маған қатысы қанша деп үндемей кетуге тырысатындар көп. Мен ондай нәрселерге шыдай алмаймын. Барынша ескерту жасап, дұрыс жолды көрсетуге тырысамын. Бірақ та менің адал ниетімді көбі дұрыс қабылдай алмайтынына қапаланамын. Дегенмен, ештеңеге қарамастан өзімнің түзу ісім, тәртібім арқылы өмірге «түзу кірпіш болып қалануды» мақсат етемін.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіпті сақтау – біз үшін өте маңызды. Оны сақтау арқылы елімізде бейбіт, әділетті өмір орнауға себепкер боламыз. Сол үшін мен әрқашан тәртіпті болып, айналамдағы адамдарға үлгі болуға тырысамын.

Аманбай Айғаным
Н.Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицейі, мектеп-лицейі, 9 «Б» сынып оқушысы

Заң дегеніміз - мемлекет қабылдайтын, қоғамда, айналамызда тәртіп пен әділдікті орнатуға бағытталған ортақ міндетті ережелер жиынтығы. Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы заңмен тәртіптің сақталуына тікелей байланысты. Заң мемлекеттің негізгі тірегі, ал тәртіп – қоғамдық тыныштықтың әсері. Егер әрбір азаматтар заңды құрметтеп, тәртіпті сақтаса әділеттік пен бейбіт өмір орнайды.

Заң мен тәртіптің сақталуы үшін ең алдымен әрбір азаматтың саналы болуы қажет. Ата-аналар балаларына кішкентайынан заңның пайдасын, оның қажеттілігін, сонымен қатар әділетті болуға тәрбиелеулері тиіс. Сонымен қатар балаларға, жасөспірімдерге әрбір жасалған заң бұзушылықтың жазаға немесе айыппұлға, шектеулерге алып келетінін білулері қажет. Өйткені жастар мемлекет заң бұзғандарға әділ жаза қолданатыны жайлы және өздерін қорғайтын заңдардың бар екендігін білгенде өздерін толық қауіпсіздікте сезінуі мүмкін. БАҚ пен әлеуметтік желілері арқылы заңды сақтау мәдениетін насихаттау да қоғам алдындағы үлкен міндекттердің бірі. Қазақстан Кодексінде әрбір жағдайға арналған түрлі заңдар бар, алайда олардың бәрін дерлік адамдар біле бермейді, сондықтан адамдар алаяқтарға, құқық бұзушылыққа, әділетсіздікке қалқан бола алатын дүниелерді білмегендіктен, осыларға үнсіз ғана көздерін жұмады.Соның арқасында елімізде заң бұзушылықтар көбеюде. Заңды әрі қарай өрбіте алсақ елімізде жемқорлық азаяды, қылмыс төмендейді, әділдік пен теңдік орнайды. Бұл өз кезегінде елдің экономикалық,әлеуметтік және рухани дамуына оңынан әсер етеді. Біз өз кезегімізде мектепте өткізілетін құқықтық іс шараларға белсене қатысып, кіші сынып оқушыларына тәртіптің маңызын түсіндіре аламыз. Еріктілер жұмыстары арқылы адамдарға көмек көрсетіп, қоғамда сыйластық пен жауапкершілік сезімін бірлесе қалыптастыруға ат салысуға мүмкіндігіміз бар деп есептеймін.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – кез келген дамыған қоғамның негізі. Әрбір адам осы жауапкершілікті өз мойнына алып, заңды орындауға талпынса, болашағымыз жарқын болары сөзсіз. Тәртіп - тәрбие мен санадағы мәдениеттіліктің көрінісі екенін ұлықтайық.

Иванова Алена
Н.Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицейі, мектеп-лицейі, 6 «Е» сынып оқушысы

Закон и порядок – это фундамент, на котором строится благополучное общество. Чтобы они соблюдались, каждый человек должен осознавать свою ответственность. Прежде всего, взаимно воспитывать уважение к законам с детства. Родители, школа и общество должны объяснить, почему правила существуют и как их нарушение вредит всем. Например, простое соблюдение правил дорожного движения тысячей жизни ежегодно.

Исполнение законов людей влияет на развитие общества. Когда законы действуют, люди чувствуют себя защищёнными, а это создаёт стабильность. В таком обществе процветает экономика, образование и культура, потому что граждане доверяют государству и друг другу. Нарушение же законов порождает хаос, разрушает доверие и тормозит прогресс. История показывает страны, где закон уважают, достигают большого успеха.

Я, как школьник, могу внести свой вклад в установление общественного порядка.

Во-первых, я стараюсь быть примером: хорошо учусь, соблюдаю школьные правила, уважаю учителей и одноклассников.

Во –вторых, я участвую в волонтёрских акциях, помогая поддерживать чистоту и порядок в нашем районе. Например, мы с друзьями ходили в парк и собирали в мусор все бутылки, которые лежали возле лавочек и прямо на траве.

В-третьих, я изучаю свои права и обязанности, чтобы быть осознанным гражданином. Я хочу стать тем, кто служит на благо нашему обществу и нашей стране.

Каждый из нас – часть общества, и даже маленький шаг к порядку имеет значение. Если все будут следовать законам и уважать друг друга, мы построим сильное и справедливое общество.

Каждый, даже самый маленький гражданин может внести вклад в процветание Казахстана. Пусть моё эссе станет призывом к действительности: начни с себя и порядок станет нормой!

Дюсенбекова Альмира
Н.Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицейі, мектеп-лицейі, 7 «В» сынып оқушысы

Закон и порядок: основа стабильного общества. Эти два слова друг без друга существовать не могут. Без них невозможно представить мир, где уважают права человека и обеспечивается жизнь и безопасность.

Закон устанавливает правила, обязательные для всех, независимо от статуса человека, какой бы он ни был и кем бы он ни был. Он создает рамки, в которых функционирует государство, которое дает гражданам уверенность в завтрашнем дне.

Порядок – результат соблюдения законов. Он выражается в организованной жизни общества, в уважении к общественным нормам и труду других людей. Там, где законы нарушаются, наступает хаос: растет преступность, падает доверие к власти.

Однако не всякий закон можно назвать справедливым. В истории есть много случаев, когда законы служили средством подавления в той или иной ситуации. Поэтому важно, чтобы они отражали моральные ценности общества.

Сильное и крепкое общество – это не только строгость наказаний, но и культура правосознания. Когда граждане осознанно соблюдают законы, порядок, то в таком государстве будет стабильность, процветание, взаимопонимание.

Таким образом, закон и порядок, как единое целое – это не просто инструменты власти, а отражение и формирование правового общества.

Меновщиков Максим
Н.Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицейі, мектеп-лицейі, 5 «Ә» сынып оқушысы

Закон и порядок - это основа любого благополучного общества. Когда правила соблюдаются, а люди чувствуют себя защищенными, общество может спокойно развиваться. Поддержание закона и порядка требует усилий не только от государства, но и от каждого гражданина. Это постоянная работа, направленная на создание безопасной и справедливой среды для всех.

Для поддержания порядка необходима эффективная работа правоохранительных органов и справедливая судебная система. Полиция должна действовать профессионально, честно и быть готовой прийти на помощь. Суды должны быстро и справедливо рассматривать дела, обеспечивая наказание для виновных и защиту для невиновными. Это создает уверенность в том, что нарушение закона неизбежно повлечет за собой ответственность.

Кроме того, очень важно активное участие самих граждан и их уважительное отношение к законам. Когда люди понимают, почему существуют те или иные правила, и сознательно их соблюдают, это уже большой шаг к порядку. Готовность сообщать о нарушениях и помогать правоохранительным органам также играет ключевую роль. Порядок начинается с ответственности каждого.

Также необходимо работать над причинами преступности. Это включает в себя качественное образование, которое воспитывает уважение к закону и другим людям, а также создание возможностей для всех. Социальные программы, поддержка семей и помощь тем, кто оказался в трудной ситуации, могут предотвратить многие проблемы до того, как они приведут к нарушению закона.

Таким образом, поддержание закона и порядка — это очень важная задача. Она требует сильных и честных государственных институтов, ответственного поведения граждан и постоянной работы над устранением коренных причин беспорядка. Только совместными усилиями можно построить общество, где каждый чувствует себя в безопасности и не нарушает порядок и где закон действительно работает для всех.

Ульяненко Александра
№ 36 орта мектебі, 9 «Б» сынып оқушысы

Стабильное общество невозможно без законности и порядка. Эти два понятия неразрывно связаны: закон устанавливает правила, а порядок — это результат их соблюдения. Однако достичь такого состояния непросто: необходима системная работа государства и осознанное участие граждан.

Поддержание законности и порядка — задача не только государства, но и всего общества. Прежде всего, каждый человек должен начинать с себя: соблюдать правила, уважать права других и быть ответственным за свои поступки. Когда большинство граждан сознательно исполняют законы, в обществе формируется устойчивая правовая культура. Со стороны государства важно, чтобы законы были справедливыми, понятными и применялись одинаково для всех. Также необходимо, чтобы правоохранительные органы действовали честно, эффективно и без злоупотреблений. Наказание за нарушение закона должно быть неотвратимым — иначе правила теряют свою силу.

Огромное значение имеет правовое воспитание. Школа, семья, СМИ — все они должны объяснять, зачем нужны законы и почему важно их соблюдать. Государство, в свою очередь, обязано следить за актуальностью законодательства, совершенствовать его и адаптировать к меняющимся условиям. Благодаря работе правоохранительных органов граждане чувствуют себя защищенными, а значит, готовы развиваться, работать и инвестировать. В странах с высоким уровнем правопорядка наблюдается устойчивый экономический рост, низкий уровень коррупции и высокий уровень доверия к государству. Это наглядно демонстрирует, насколько важна эффективная правоохранительная система для общества.

Люди, в свою очередь, тоже должны способствовать установлению общественного порядка. Мой вклад как гражданина начинается с самого простого - с личного поведения. Если я соблюдаю законы, проявляю уважение к другим, не нарушаю правила в быту, на дороге, в общественных местах — я уже способствую созданию справедливой и безопасной среды вокруг себя.

Закон и порядок — это не абстрактные понятия, а основа нормальной жизни. Поддерживать их — значит заботиться о будущем. Каждый из нас может повлиять на общество, если будет действовать честно и ответственно.

Тихонова Радмила
№ 36 орта мектебі, 9 «В» сынып окушысы

Закон и порядок — это не просто формальные понятия, а основа стабильного и справедливого общества. Без них невозможны ни развитие государства, ни спокойная жизнь его граждан. Каждый человек, независимо от возраста, обязан соблюдать законы и вносить вклад в поддержание порядка вокруг себя.

Поддержка правопорядка начинается с простых вещей: не мусорить, уважать труд других, быть честным в учёбе и в жизни. Эти, на первый взгляд, мелочи формируют наше общее будущее. Немецкий философ Иммануил Кант говорил: «Поступай так, чтобы максима твоей воли в любое время могла стать принципом всеобщего законодательства». Его слова подчеркивают важность личной

ответственности каждого. Работа правоохранительных органов — это нелегкий труд, требующий мужества, самоотдачи и справедливости. Вспомним сотрудников правопорядка в годы Великой Отечественной войны: они не только сражались на фронте, но и поддерживали порядок в тылу, что было жизненно важно для сохранения общественной стабильности.

Важно понимать, что закон и порядок — это не только запреты и наказания, но и ценности. Когда уважаются права каждого, соблюдаются договоренности, честность становится нормой, люди начинают доверять друг другу. В странах с высоким уровнем правопорядка, таких как Япония или Норвегия, граждане чувствуют себя в безопасности. Это результат совместных усилий общества и государства.

Я считаю, что каждый человек может внести свой вклад в соблюдение порядка. Например, я могу участвовать в школьных правовых проектах, помогать младшим соблюдать правила, быть волонтером. В литературе мы часто встречаем примеры людей, чьи поступки меняют общество. Так, Пьер Безухов из романа Льва Толстого «Война и мир» стремился к справедливости даже в условиях хаоса. Из истории известно, как законы создавали основу государственности. Один из примеров - «Русская Правда» времен Ярослава Мудрого. Этот древний сборник законов помог устанавливать порядок и справедливость в Киевской Руси.

Таким образом, закон и порядок зависят от действий каждого. Если мы будем поступать честно, уважать других и помогать тем, кто рядом, общество станет лучше. Все начинается с нас самих, с наших слов, поступков и выбора каждый день.

Цыганаш Кирилл
№ 36 орта мектебі, 9 «А» сынып оқушысы

История понятий «закон» и «порядок» начинается с древних времен, когда первобытные общества создавали свои первые правила и нормы. Эти нормы были необходимы для обеспечения безопасности и стабильности. Со временем законы развивались, совершенствовались, и сегодня мы имеем сложную правовую систему, регулирующую поведение людей и обеспечивающую общественный порядок.

Закон и порядок - это два понятия, которые различаются, но тесно связаны. Оба играют важную роль в жизни общества. Попробуем разобраться. Что такое закон? Если говорить простыми словами, закон - это система правил и норм, обеспечивающих безопасность, справедливость и развитие общества. А порядок - это состояние, при котором все происходит в соответствии с этими нормами. Их сочетание позволяет обществу существовать гармонично. Без закона и порядка возникли бы хаос, произвол и разрушение социальных норм, что сделало бы невозможной безопасную и достойную жизнь. Без закона не может быть порядка.

Это простая истина, если вдуматься. Законы нужны, чтобы поддерживать порядок в обществе и регулировать отношения между людьми. Только соблюдение закона и порядка всеми членами общества может привести к его прогрессу как материальному, так и духовному.

Каждый человек играет свою роль в соблюдении закона. Это начинается с повседневных поступков: соблюдение правил дорожного движения, уплата налогов, выполнение договорных обязательств. Это также касается и работы правоохранительных органов. Их задача - создавать условия для безопасной жизни, предотвращать преступления, обеспечивать правопорядок и защищать права граждан. Все это напрямую влияет на качество нашей жизни и стабильность государства.

Что нужно, чтобы в обществе был порядок? На мой взгляд, каждый человек должен внести личный вклад в соблюдение закона и поддержание порядка. Общественный порядок - это не только обязанность государства и полиции, но и ответственность каждого из нас. Например, я стараюсь помогать людям, не проходить мимо несправедливости, быть вежливым. Я участвую в уборке школьной территории, делаю замечания, если кто-то нарушает порядок. Все начинается с нас самих: если каждый будет соблюдать правила и проявлять уважение, жить станет легче и спокойнее. Общественный порядок - это прежде всего забота друг о друге.

В заключение хочу сказать: каждый из нас — часть общества, и наш вклад в соблюдение закона и уважение порядка играет важную роль для общего благополучия. Пусть «закон и порядок» начнутся с каждого из нас.

Рамазанов Адильхан
№ 36 орта мектебі, 6 «Б» сынып оқушысы

Как правоохранительная деятельность влияет на развитие общества

Правоохранительная деятельность играет ключевую роль в обеспечении стабильности и развития любого общества. Её основная цель — защита прав и свобод граждан, соблюдение закона и поддержание общественного порядка. Без эффективной работы правоохранительных органов невозможно говорить о безопасном, справедливом и устойчивом государстве.

Во-первых, правоохранительная система обеспечивает соблюдение законов. Это создаёт условия, при которых граждане могут чувствовать себя защищёнными, а предприниматели — уверенно развивать бизнес. Инвестиции и экономика не развиваются там, где высокий уровень преступности и коррупции. Следовательно, стабильная работа полиции, прокуратуры и других органов — важный фактор экономического роста.

Во-вторых, правоохранительная деятельность способствует социальной справедливости. Она помогает пресекать дискриминацию, насилие, мошенничество и другие виды нарушений, что делает общество более гуманным и справедливым. Люди, уверенные в защите своих прав, охотнее участвуют в жизни государства, проявляют гражданскую активность и доверяют власти. Примеров из жизни бывают много Например: В школе был потерян важная вещь мальчика, и ловкость правоохранительных органов быстро нашла пропажу. Это подчеркивает скорость, ловкость, внимательность сотрудников правоохранительных служб.

Қорытындылай келе, тәртіп – тек сыртқы ереже емес, ол – адамның ішкі мәдениеті мен сана-сезімінің көрсеткіші. Біз, жас буын, тәртіпті болсақ, еліміз де өркендейді. Әр оқушы, әр жасөспірім осы жауапкершілікті сезінсе, болашағымыз жарқын болады. Себебі тәртіп – табыстың бастауы, ал тәртіпті ел – озық ел!

Бектас Наз
К.Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназиясы, 6 «Б» сынып оқушысы

Қоғам-адамзат өмір сүретін ал сол тыныштық пен үйлесілімділікті сақтау үшін заң мен тәртіп қажет. Бұл екеуі - елдің еңсесін биіктететін, адамзаттың ар - ожданың қорғайтын қасиетті қағидалар. Заң - әділеттің айнасы, тәртіп - сол заңның тірегі.

Әрбір мемлекет өзінің тұрақтылығы мен мен дамуын қамтамасыз ету үшін нақты заңдар жүйесін қалыптастырады. Бұл заңдар адам құқықтары мен бостандықтарын қорғай алуды, әділетсіздік пен бейберекеттіктің алдын алады. Егер заң болмаса, тәртіп болмайды. Ал тәртіп-сол заңның күнделікті өмірдегі көрінісі. Тәртіпсіз қоғам - тамырына құрт түскен ағашпен тең. Бүгінгі күннің басты жетістігі - бейбітшілік пен тұрақтылық болса. Оның түп негізінде заңға құрмет пен тәртіпке бағыну жатыр.

Заң алдында бәрі тең. Ол кедейге де, байға да, кішіге, үлкенге де бірдей қызмет етеді. Алайда заңның құдіреті - оны құрметтеп, орындаған кезде ғана білінеді. Заң жазылған кітап бетінде ғана емес, әр адамның жүрегінде өмір сүруі тиіс. Ал тәртіп - сол жүректегі заңның іс жүзінде көрініс табуы. Үйде-ата ананы, мектепте мұғалімді, қоғамда ережені орындау, бұл-тәртіптің бастауы.

Бүгінгі жас ұрпақ-ертеңгі ел тізгінің ұстайтын азаматтар. Сол себепті әрбір балаға кішкентай күннен бастап заңды білу, тәртіпке бағыну, әділдікке ұмтылу үйретілуі керек. Себебі заң мен тәртіп бар жерде-тыныштық, даму, болашақ бар.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп ұлттың ұстанымы, мемлекеттің негізі.

Оларды құрметтеу - әрбір азаматтың парызы. Заңға сүйеніп өмір сүрген ел, ешқашан адаспайды, ал тәртіпке бағынған жұрт ешқашан жеңілмейді.

Теңел Қарақат
К.Кемеңгерұлы атындағы № 49 мектеп-гимназиясы, 7 «Б» сынып оқушысы

Әр адам тыныш әрі қауіпсіз өмір сүргісі келеді. Ол үшін заң мен тәртіп міндетті түрде сақталу үшін ең алдымен адамдардың өздері саналы болу тиіс.

Әр адам ережелерді бұзбай, бір-біріне құрметпен қарауы керек. Біз мектепте қалай тәртіп сақтасақ, үлкендерге де қоғамда да солай заңға бағынуы қажет. Заңды орындау қоғамның дамуына өте үлкен әсер етеді. Егер бәрі заңды сақтаса, адамдар тыныш өмір сүреді, жұмыс істейді, өз істерімен айналысады. Ондай қоғамда ұрыс-керіс, тәртіпсіздік болмайды. Бұл - еліміздің көркеюіне жол ашады. Заңсыз қоғамда ешкім өзін қауіпсіз сезінбейді, ал заң бар жерде әділдік болады.

Мен де қоғамдық тәртіпке өз үлесімді қоса аламын. Мектепте сабаққа кешікпей келемін, мұғалімнің айтқандарын тыңдаймын, достарыммен жақсы араласамын. Қоқыс тастамаймын, қоғамдық орындарда тәртіп сақтаймын. Өзгелерге үлгі болуға тырысамын. Осындай кішкентай істер арқылы мен де қоғамға көмектесе аламын деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп қоғам үшін өте маңызды. Біз оларды сақтасақ, еліміз де, болашағымыз да жарқын болады.

Мухаметжанова Жанель
К.Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназиясы, 9«ғ» сынып оқушысы

Қоғамға бейбіт өмір сүру үшін заң мен тәртіптің маңызы зор. Заң-адамдардың бір-біріне деген жауапкершілігін реттейтін құрал болса, тәртіп сол заңды бағынса, қоғамда әділеттілік орнайды, дау дамай азаяды, тыныш өмір қалыптасады.

Заң мен тәртіпті сақтауды ең алдымен өзімізден бастауымыз қажет. Мысалы: мектепте ережені бұзбай,сабаққа кешікпей келу, сыныптастар мен сыпайы қарым-қатынаста болу-бұл тәртіптің бір түрі. Ал үлкендерге құрмет көрсету, көшеде жол ережесін сақтау-заңға бағынудың белгісі. Менің ойымша, заңды орындау қоғамның дамуына оң әсер етеді. Әділетсіздікке жол берілмеген қоғамда адамдар өз болашағына сенімді болады. Сонымен қатар, менде қоғамда тәртіп орнатуға өз үйлесімді қоса аламын. Бұл өзгелерге үлгі болу, дұрыс әрекет ету, заңсыздыққа жол бермеу арқылы жүзеге асады.

Қорытындылай келе, әр азамат заңды сыйлап, тәртіпті болуға тырысса, еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз. Заң мен тәртіп -тұрақты қоғамның негізі.

Нұрғали Рауан
Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 5 «Г» сынып оқушысы

«Заң мен тәртіп» құндылығы адам өмірінде өте маңызды. Себебі, ол адамның қоғаммен үйлесімді өмір сүруіне негіз болады. Осы құндылықтарды түсіну мен қабылдау арқылы адамдар тек заңды сақтап қана қоймай, жауапкершілік, әділеттілікке үйренеді. Заң мен тәртіп адамның өз әрекеттері үшін жауапкершілікті сезінуіне көмектеседі. Заң мен тәртіп- тыныштық кепілі. Заң алдында бәрі бірдей. Мемлекет тәртіпсіздікке ешқашан жол бермейді. Мұны әрбір азамат жете түсінуі тиіс. Біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз қажет. Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруы тиіс. Бұл- бүкіл қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана әділетті, таза және қауіпсіз мемлекетті құра аламыз.

Қазақстан Республикасының Ата Заңы - Конституциямызда адам құқықтары нақты жазылған. Халқымыз ежелден заң мен тәртіпке аса мән бере білген. Бабаларымыздың өте маңызды ереже - заңдары болғаны баршамызға аян. Әділдік іздеп келген адамға әділ шешімін айтқан билеріміз болған. Демек, кең байтақ жерімізді мекендеген халқымыз әділдік пен адалдықты әрқашан ту етіп, белгіленген заңы бар ел болуға ұмтылған.

Адам құқығы мен бостандығы тек заң алдында қорғалуы қажет. Ұлы ойшыл Аристотель: «Әлемді заң билеуі керек!» деген екен. Әр адамда құқықтық сауаттылықтың бастапқы білімі болуы керек. Өйткені Заң бәріне бірдей бұлжымас қағида. Кез келген заң бұзушы өз жазасын алуы керек. Кең байтақ Қазақстанымыздың заңы мен тәртібі жасасын!

Қуанышбай Жания
Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 6 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуының басты негіздерінің бірі – заң мен тәртіп. Заң – мемлекеттің қабылдаған нормалары мен ережелерінің жиынтығы болса, тәртіп – осы заңдарды сақтау мен орындаудың көрінісі. Заң мен тәртіп әрбір азаматтың қауіпсіз өмір сүруіне, құқықтарының қорғалуына және әділеттіліктің орнауына мүмкіндік береді.

Егер қоғамда заң бұзушылық белең алса, онда тәртіпсіздік, әділетсіздік пен анархия орнайды. Сондықтан әр адам заң алдында тең екенін түсініп, өз құқықтарымен қатар міндеттерін де білуі қажет. Заңды құрметтеу – азаматтың жауапкершілігінің белгісі.

Мектепте, жұмыста, көшеде немесе үйде болсын, тәртіп сақтау – адамгершілік пен мәдениеттіліктің көрінісі. Мемлекеттің өркендеуі үшін тек билік қана емес, әрбір азамат та заң мен тәртіпті сақтау жолында үлес қосуы тиіс.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – бейбіт өмір мен қоғамдық келісімнің кепілі. Оларды сақтау – баршамыздың ортақ парызымыз. Міне, заң мен тәртіп тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды тіректердің бірі. Оларды сақтау арқылы біз әділетті, қауіпсіз әрі дамыған қоғам құра аламыз. Заң мен тәртіпті сақтау – барлығымыздың міндетіміз.

Бейсекенова Әдемі
Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 7 «А»сынып оқушысы

Қоғамның дамуы, тұрақтылығы оның дұрыс қызмет етуі мен тыныштығы заң мен тәртіпке байланысты. Әр мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғам арасындағы әділдік пен тұрақтылық - сол мемлекеттегі заңдардың сақталуы мен қоғамның тәртіпке бағынуына қатысты. Заң дегеніміз- мемлекет белгілеген ереже, қоғамдағы тәртіп пен әділеттілікті қамтамасыз ететін басты құрал. Ал тәртіп -сол заңды орындаудың нақты көрінісі.

Әр адам өз құқығы, міндеті мен орнынбілуі керек. Бала кезден бастап бізгі тәртіпті болу, үлкендерді құрметтеу, заңға бағынуды үйреткен. Егер бәрі өзіне қатысты міндеттерді орындаса, қоғамда тыныштық пен бейбіт орнатылады. Мысалы, көшеде жол ережемін сақтау, мектепте тәртіпті болу, әрбір іске жауапкершілікпен қарау, үйде ата-анаға көмектесу-сияқты талаптар бәрі заң мен тәртіпке сай өмір сүруді көрсетеді. Ал заңды бұзу- тек бір адамның емес, бүкіл қоғамның бейбітшілігіне зиян келтіреді. Сондықтан әрбір ер - азамат пен азаматша әр әрекетіне жауап беруі керек. Егер адамдар тәртіпке бағынбай, заңды бұзса, қоғамда қылмыс, қорқыныш күннен - күнге көбірек пайда болады.

Мемлекетіміздің дамуы заң және тәртіптің қолында. Әсіресе жастардың осы талаптарға бағынуында. Жастар заңға бағынса, қоғам дами бастайды, тыныштық

орнатылады. Қазіргі заманда әр мемлекет заң арқылы өз халқын қорғайды. Заң мен тәртіп - тек мемлекетке ғана емес, әр адамзатқа қажет құныдылықтардың бірі. Әрбір азаматтың міндеті- сол заңдарды құрметтеу және келесі ұрпаққа үлгі болу. Сонымен қатар заң мен тәртіп- тек мемлекет пен билікке ғана емес, қарапайым халыққа да қажет. Адамдар өзара сыйластықта, қауіпсіздік пен әдіеттілік орнаған ортада ғана бақытты өмір сүре алады. Бұл тек заңның бар болуына емес, сонымен бірге оның дұрыс орындалуына қатысты. Егер заң бар болса, бірақ оны ешкім орындамаса, оның еш пайдасы болмайды. Сондықтан әрбір азамат өз құқықтары мен міндеттерін біліп, тіртіпке бағынуы шарт. Бүгінгі қоғамда тәртіп тек қана ересектер емес, балалар мен жасөспірімдерге де маңызды. Мектепте оқушылардың сабаққа кешікпеуі, тапсырманы уақытында уақытында орындауы, мұғалімдер мен қатарластарын құрметтеуі - осының бәрі тәртіпке жатады.

Заң мен тәртіп - қоғамның негізі. Оларсыз әділдік те, бейбітшілік те болмайды. Әрбір азамат заңды құрметтеп, тәртіпке бағынуы керек. Сондағ ғана бз дамыған, еш қауіпсіз, әділетті қоғамда өмір сүретін боламыз. Ендеше, әркайсымыз өзімізден бастап тәртіпті болайық! Қандай да бір мемлекетке деген үлес қосайық!.

Кусаинова Нурай
Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 8 «Г» сынып оқушысы

Біздің елімізде тыныш әрі қауіпсіз өмір сүру үшін заң мен тәртіптің маңызы өте зор. Егер заң мен тәртіп болмаса, адамдар өз білгенін істеп, қоғамда тәртіпсіздік болар еді. Сол себепті әр адам заңды құрметтеп, тәртіпке бағынуы керек. Заң - бұл барлық адамға ортақ ереже. Ол адамдардың бір-біріне зиян келтірмеуіне, дұрыс өмір сүруіне көмектеседі. Мысалы, біреудің затын рұқсатсыз алу, біреуге қол көтеру, көшеде шу шығару - мұның бәрі заңға қарсы әрекеттер. Осындай әрекеттер жасалған кезде адамдар жазаға тартылады. Себебі заң бәрімізге ортақ және ол бізді қорғайды.

Тәртіп дегеніміз - сол заңдарды орындау. Үйде, мектепте, көшеде, кез келген жерде тәртіп сақтау өте маңызды. Мектепте біз мұғалімді тыңдауымыз керек, сабаққа кешікпеуіміз керек, дос-жарандарыма көмектесуім керек.. Осылардың бәрі - тәртіпке жатады. Үйде ата-ананың айтқанын тыңдап, үлкендерге көмектесу де - тәртіптің бір түрі. Ал, егер тәртіп болмаса, бір-бірімізді ренжітіп, ұрыс - керіс көбейіп кетер еді. Заң мен тәртіп біздің өмірімзді жеңіл, әрі қауіпсіз етеді. Адамдар арасында сыйластық пен тәртіп болса, өмір қызықты әрі жайлы өтеді. Елімізде тыныштық болуы үшін әрбір азамат заңға бағынуы тиіс. Егер біз заңды бұзсақ, тек өзімізге ғана емес, өзгелерге де зиян келтіруіміз мүмкін. Мысалы, көлік жүргізушісі жол ережесін бұзса, ол апатқа ұшырап, адамдарға қауіп төндіреді. Сол сияқты кішкентай болса да заң бұзушылық үлкен мәселеге айналуы мүмкін. Мен болашақта

тәртіпті, заңға бағынатын адам болғым келеді. Өзім де өзгелерге үлгі боламын. Заң мен тәртіп - қоғамның негізі. Оларды сақтау - әр адамның міндеті. Егер біз бәріміз тәртіпті болсақ, еліміз дамиды, өміріміз тыныш, әрі бақытты болады.

Какимова Медина
Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 9-сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығының басты негізі. Әр мемлекет өз азаматтарының құқықтарын қорғап, міндеттерін нақты белгілеу үшін заңдар жүйесін жасайды. Бұл заңдар – баршаға ортақ және міндетті. Егер қоғамда заң болмаса, адамдар арасында бейберекеттік, қылмыс, әділетсіздік белең алар еді.

Тәртіп – бұл заңның орындалу нәтижесі. Ол қоғамдық өмірдің реттелуіне, адамдардың бір-біріне құрметпен қарауына жол ашады. Тәртіп болмаса, адамдар қоғамда өзін қауіпсіз сезіне алмайды, сондықтан заң мен тәртіп әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда мектептерде құқықтық білім беру маңызды орын алады. Оқушылар «Құқық негіздері» пәні арқылы заң жөнінде мәлімет алып, заң ережелерінен хабардар болады. Сонымен қатар, түрлі тәрбие сағаттары, дебаттар мен кездесулер жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Бала кезден бастап заңға бағынуды, тәртіпті болуды үйренген адам болашақта жауапты адамға айналады. Заңды білу өз құқығыңды қорғауға және өзгеге зиян келтірмеуге жол ашады.

Біздер, жас ұрпақтар, заңды құрметтеп, тәртіпті болуға ұмтылуымыз қажет. Бұл – біздің еліміздің жарқын болашағына қосқан үлесіміз болмақ. Заң мен тәртіп тек мемлекет тарапынан ғана емес, әр азаматтың санасынан басталуы тиіс. Сонда қоғамда тыныштық пен әділеттік басым болады. Мысалы, көше ережесін сақтау – өзінің де, өзгенің де өміріне жауапкершілікпен қарау деген сөз.

Ал заңды бұзудың салдары ауыр екені баршамызға мәлім. Қылмыс жасаған адам тек жазаға тартылып қана қоймай, өз ортасынан алыстап, өз болашағына да кері әсер етеді. Сондықтан кез келген әрекеттің алдында оның заңмен қаншалықты сәйкестігін ойлау маңызды.

Заңды сақтау – бұл тек қорқынышпен емес, азаматтық парызбен байланысты. Тәртіп – тек сыртқы ереже емес, адамның ішкі мәдениетінің көрінісі. Біз, жастар, осы мәдениетті бойымызға сіңіру арқылы нағыз білімді, тәрбиелі, елге пайдалы, азамат боламыз. Барлық уақытта тәртіпке бағыну – ел болашағына бағытталған маңызды қадам. Тәртіпке бағына отырып, өз еліміздің дамуына үлесімізді қосайық!

Кәрім Жәмилә
М. Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназия, 5 «В» сынып оқушысы

Заң – бұл мемлекеттің шығарған ресми ережелері мен нормалардың жиынтығы, ал тәртіп – сол заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін жағдай мен қоғамдық жауапкершіліктің көрінісі. Заң мен тәртіп – кез келген өркениетті қоғамның негізін құрайтын басты ұғымдар.

Заңның басты мақсаты – қоғамдық қатынасты реттеу, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау және әділеттілікті орнату. Алайда заң тек қағаз бетінде қалмауы керек. Оның шынайы тиімділігі – адамдардың сол заңдарды құрметтеп, саналы түрде орындауында. Заңның қадірін білген адам ешқашан өзіне де, өзгеге де зиян келтірмейді.

Тәртіп – бұл заңның іс жүзінде жүзеге асуын қамтамасыз ететін қоғамдық тетік. Қоғамдық тәртіптің сақталуы – адамдардың санасы мен жауапкершілігінің көрсеткіші. Тәртіпсіз қоғамда құқық бұзушылық көбейіп, халықтың қауіпсіздігіне қауіп төнеді. Ал тәртіп орнаған жерде әділеттілік, тыныштық және дамуға жол ашылады.

Тәртіпті сақтау – мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Мемлекеттің құқық қорғау органдары – полиция, сот жүйесі және басқа да құрылымдар – заңның бұзылмауын қадағалап, құқық бұзушыларға заң аясында жауапкершілік жүктейді. Бұл – әділет пен тәртіптіліктің маңызды кепілі.

Менің ойымша, егер әрбір азамат заң мен тәртіпке бағынса, қоғамда тәртіпсіздік, қылмыс, дау-дамай азаяр еді. Адамдар бір-біріне құрметпен қарап, өз міндеттерін адал атқарса, өмір әлдеқайда бейбіт және қауіпсіз болар еді. Бұл – біздің болашағымыздың жарқын болуының алғы шарты.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп – тек билік пен құқық қорғау органдарының ғана емес, барша халықтың ортақ жауапкершілігі. Заңға құрмет – қоғамға құрмет. Сол себепті әрбір азамат заңға бағынуға, тәртіпті сақтауға және әділетті қоғам құруға өз үлесін қосуы тиіс.

Мирзарахматова Амина
М. Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясы, 6 «Ж» сынып оқушысы

Менің ойымша, тәртіп пен заң әр адамның өмірінде өте маңызды әрі күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Себебі, тәртіп болмаса, адамдар арасында реніш, түсініспеушілік пайда болады. Ал заң болса сол тәртіптің сақталуына көмектеседі. Егер адамдар заң мен тәртіпке бағынбаса, қоғамда тыныш өмір болмайды. Әркім өз білгенімен жүрсе, әркім өз білгенін жасаса, әділетсіздік,

ұрыс-керіс, тіпті қауіп те көбейеді. Тәртіп пен заң – адамдардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауына, әділ, тыныш өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Мысалы, біріншіден – *мектептегі тәртіп***.** Мектепте ереже бар — сабаққа кешікпеу, мектеп формасын сақтау, мектеп ережесіне бағыну, бір-бірімізді ренжітпеу секілді. Осы ережелерді сақтау арқылы біз тыныш әрі жайлы жерде білім аламыз. Егер ешкім тәртіпке бағынбаса, сабақ та дұрыс өтпес еді. Сабақ кезінде шуламай, мұғалімнің айтқанын тыңдап, мектеп ережесін сақтау – бұл да заң мен тәртіпке бағыну. Егер бәрі өз бетімен жүрсе, сабақ оқылмайды, балалар білім алмайды. Екіншіден – *жол ережесі***.** Адамдар жолда бағдаршамға қарап, жол тәртібін сақтамаса, апат болуы мүмкін. Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер тәртіпке бағынғанда ғана бәрі аман-есен жүреді. Үшіншіден – *отбасындағы тәртіп*. Үйде әркім өз міндетін орындаса: ата-ана баласына дұрыс тәрбие берсе, бала үлкенді сыйлап, айтқанын тыңдаса, отбасыда тыныштық пен жылулық болады. Бұл да тәртіп пен заңның бір көрінісі болып табылады.

Қорыта айтқанда, әр адам тәртіп пен заңға бағынуы керек. Бұл – елдің де, қоғамның да тыныштығы мен дамуы үшін аса қажет. Сондықтан тәртіп пен заң – тек мектепте ғана емес, бүкіл өмірімізде қажет. Тәртіп бар жерде – тыныштық, бірлік, ал заң бар жерде – әділдік пен қауіпсіздік болады. Әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, тәртіпке бағынса, болашағымыз жарқын болмақ. Ойымды Бауыржан Момышұлы атамыздың *«Тәртіпке бас иген құл болмайды – тәртіпсіз ел болмайды»* деген сөзімен аяқтағым келеді.

Ибадулла Іңкәр
М. Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясы, 7 «Д» сынып оқушысы

«Заң мен тәртіп – қоғам тұтастығының негізі»

Қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығы әр адамның қауіпсіздігі мен еркіндігіне негізделген. Осы тыныштық пен әділеттікті қамтамасыз ететін басты құрал – заң мен тәртіп. Заң – мемлекет тарапынан белгіленген және барлық азаматтарға ортақ міндетті ережелер жүйесі. Ал тәртіп – сол заңдарды құрметтеп, оларды бұлжытпай орындалуын қамтамасыз ететін қоғамдық тәртіп пен жауапкершілік өлшемі. Заң мен тәртіп қоғамда реттілік орнатып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты үйлестіруге мүмкіндік береді.

Заң мен тәртіптің басты мақсаты – адамдар арасындағы заңды-қатынасты реттеп, әділеттік пен теңдікті орнату. Егер қоғамда заң болмаса, әділеттілік салтанат құрмас еді, адамдар өз білгенін істеп, қоғам анархияға ұшырауы мүмкін. Сондықтан әрбір азамат өз құқығын білуімен қатар, өз міндетін де ұмытпауы тиіс. Құқық пен міндет қатар жүруі – құқықтық мемлекеттің басты талабы.

Сонымен қатар, заңның үстемдігі – демократиялық қоғамның негізі. Әрбір адам заң алдында тең, және ешкім заңнан жоғары болмауы тиіс. Бұл – қоғамда әділетті боламын деген ұстанымның кепілі. Заң баршаға ортақ, ол – әділет пен тәртіптің арқауы.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп – елдің өркендеуі мен тұрақтылығының кепілі. Әр азамат заңға бағынса, қоғам дамып, әділеттілік орнатылады. Сол себепті біз барлығымыз заңға құрметпен қарап, тәртіпті болуға ұмтылуымыз қажет. Тек осындай жағдайда ғана біз бейбіт, тұрақты әрі өркениетті қоғамда өмір сүре аламыз.

Унгар Рамазан
М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясы, 9 «А» сынып оқушысы

Сен үшін «Адал азамат» деген кім?

Қоғамның тірегі – адалдық. Адалдықты ту еткен адам ғана елінің нағыз азаматы бола алады. Адал азамат – әрқашан шындықты ту етеді, уәдесіне берік, сөзі мен ісі сәйкес келетін тұлға. Мұндай адам тек өз басының қамын емес, елінің ертеңін де ойлайды.

Адал болу – оңай іс емес. Кейде тура жолмен жүру үшін қиындыққа төтеп беруге тура келеді. Бірақ ар-ұятын бәрінен жоғары қойған адам ешқашан адаспайды. Мысалы, Абай атамыз «Адам болам десеңіз» деп басталатын қара сөзінде адалдық, еңбекқорлық пен әділеттілікті бірінші орынға қояды. Бұл – нағыз азаматқа тән қасиеттер.

Қазақ тарихында адалдықтың үлгісіндей болған азаматтар көп. Мысалы, Бауыржан Момышұлы – батырлығы мен шыншылдығы, еліне деген адалдығы арқылы ел есінде мәңгі сақталды. Ол ешқашан жалған сөйлемеген, қиын сәтте шегінбеген. Осындай тұлғалардан үлгі алып, біз де адалдықты өмірлік ұстаным етуіміз керек.

Адал азамат – қоғамдағы сенімді тірек. Ол өз ісіне жауапты, ел мүддесін өз пайдасынан биік қояды. Мұндай адамдар көбейсе, еліміз де өркендейді. Сондықтан әрқайсымыз ең алдымен өзімізден бастап, адал болуға ұмтылуымыз қажет.

Серік Еңлік
М. Шоқай атындағы №51 «мектеп-гимназиясы, 8 «Е» сынып оқушысы

Адалдық — адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Адал адам дегеніміз – шыншыл, әділ, өз ар-ұжданын таза ұстайтын, уәдесінде тұратын жан. Мұндай азамат қоғамның тірегі, елінің сенімді иесі бола алады. Себебі адалдық бар жерде сенім, тыныштық, әділеттілік орнайды.

Адал азамат болу – тек заңға бағынумен шектелмейді. Бұл – өз сөзіне берік болу, ешкімге қиянат жасамау, ұрлық-өсекке жол бермеу, аманатқа қиянат жасамау деген сөз. Адалдық отбасынан, балалық шақтан басталады. Ата-анасына құрметпен қарап, мектепте мұғалімнің еңбегін бағалап, емтиханда пара алмай, шын еңбегімен жетістікке жететін оқушы – болашақта міндетті түрде елін сүйетін адал азамат бола алады.

Қазақ халқы адалдықты әрқашан биік қойған. Мысалы, Абай Құнанбайұлы өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде адал еңбек етуге, шындықты айтуға, өтіріктен, жалқаулықтан аулақ болуға үндеген. Ұлы Абай айтқан «Адам болам десеңіз» қағидасының түп-төркіні – адалдықта жатыр.

Қазіргі таңда елімізге дәл осындай адал азаматтар қажет. Олар – ел болашағын жарқын ететін, әділетті қоғам орнататын тұлғалар. Әрбір жас адал болуға ұмтылса, Қазақстан мықты, өркениетті елге айналары сөзсіз.

Қорытындылай келе, адалдық – адамның өмірлік ұстанымына айналуы керек қасиет. Адал азамат – елінің ертеңі, халқының үміті. Адал жан болсаң , ісің де, жолың да бәрі де оңынан болатыны сөзсіз. Сондықтан, әрбір азамат адал болса, елімізде шындық орнайды. Біз бәріміз өз өмірімізде адалдықты ту етсек, қоғамымыз да нұрлы болашаққа қадам басары анық.

Абилкаирова Сымбат
Б. Майлин атындағы №52 мектеп –гемназиясы, 7 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамда бейбіт өмір мен тұрақтылықты сақтау үшін заң мен тәртіптің орны ерекше. Әрбір азамат өз әрекетіне жауапты болып, заң талаптарын орындаса, қоғамда әділеттілік пен сенім орнайды.

Заң мен тәртіп сақталуы үшін әр адам алдымен құқықтық сауатты болуы керек. Яғни, заңдарды білу, оны құрметтеу және саналы түрде орындау маңызды.

Сонымен қатар, ата-аналар мен ұстаздар жас ұрпаққа тәртіп пен жауапкершіліктің мәнін түсіндіру қажет. Кішкентайдан дұрыс тәрбие алған бала ертең қоғамға пайдасын тигізеді. Заң үстемдік құрған заманда әділеттілік пен тұрақтылық болады. Мұндай ортада адамдар өз өмірі мен болашағына сенімді болады, еркін еңбек етеді. Сонымен қатар, заңды сақтау –жемқорлық, алаяқтық, зорлық-зомбылық сияқты жағымсыз құбылыстардың алдын алады.

Мен өз тарапымнан қоғамдық тәртіпті сақтау үшін алдымен өзім тәртіпті болуға тырысамын. Мектепте ережелерді бұлжытпай орындап, мұғалімдер мен достарыма ұқұрметпен қараймын. Қоғамдық орындарда тазалық сақтап, үлкендерге көмектесемін.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп кез келген қоғамның дамуы мен тыныштығының негізі. Әр адам заңды құрметтесе, болашағымыз жарқын болмақ.

Біз тңртіпке бағынып ғана қоймай,мөзгелерге де үлгі болуымыз қажет. Тек сонда ғана нағыз әділетті және дамыған қоғам құра аламыз.

Тұрақұл Нұрай
Б. Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназиясы, 6«Д» сынып

Қоғамдағы бейбіт өмір мен тұрақтылықтың негізгі кепілі-заң мен тәртіп. Заң-мемлекеттің барлық азаматтарына ортақ ереже, ал тәртіп- сол заңның орындалуы мен сақталуын қамтамасыз ететін құрал. Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты және кез-келген елдің дамуы мен өркендеуі осы жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне тәуелді.

Заңның басты мақсаты- әділдік орнату, адамдар арасындағы қатынастарды реттеу, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау. Ал тәртіп- осы заңдарды сақтау мәдениеті. Егер әр азамат заңға бағынып, тәртіпке баулынса, қоғамда қылмыс, құқық бұзушылық, жемқорлық азаяды.

Қазақстанда құқықтық мемлкет құру-маңызды мақсаттардың бірі. Бұл үшін әрбір адам құқықтық сауатты болуы керек және заңды құрметтеуі тиіс. Мектеп қабырғасынан бастап жас ұрпаққа заңға бағыну, адалдық пен әділдік сияқты құндылықтарды үйрету қажет.

Қазақстанда ешкім заң және тәртіптің не екенін білмесе, мемлекетке қауіп қатер әкеле ме? - деп қорқамын. Бұл өте дұрыс емес. Заң мен тәртіпке барлығы бағынып, құрметтеп, қастерлеу қажет. Менің ойымша, бала яғни ұл болсын не қыз болсын заң мен тәртіпті бес жастан білуі қажет. Қазақ мемлекетінде Қасым Жомарт Тоқаев заңдар шығарып жатыр. Ол заңдарға барлығы бағыну тиіс. Тіпті бүкіл халық.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп-тұрақты қоғамның негізі. Оларды сақтау, құрметтеу, аялау әрбір азаматтың міндеті және ел болашағының кепілі.

Қалдыбек Жания
Б.Майлин атындағы№ 52 мектеп-гимназиясы, 5 «Б» сынып оқушысы

Заң. Иә, заң деген ұғымды қазір тереңірек мектеп мұғалімдерінен біліп келемін. Заң мен тәртіп туралы түсінігім мол қалыптасты. Заң мен тәртіп тек қорқыныштан емес, сана-сезіммен сақталуы керек. Адамдар заңды жазадан емес, ішкі жауапкершілікпен орындаса ғана нағыз тәртіп орнайды. Бұл үшін ең алдымен білім мен тәрбиенің негізі мықты болуы шарт. Заң - бұл қоғамның жүрегі.Ол соғып тұрса, қоғам тірі. Егер әр адам заңға сай әрекет етсе, сенім артады. Сенім артқан жерде даму болады.

Кәсіпкер қорықпай бизнес ашады, мұғалім еркін ой үйретеді, оқушы өзін еркін дамытады. Яғни, заңды сақтау – болашақты қорғау деген сөз. Мен өз үлесімді күнделікті әрекеттерім арқылы қоса аламын. Әділ сөйлеу, шындықты қорғау, әлсізге көмектесу – тәртіптің кішкентай бірақ маңызды іргетастары. Егер мен өз ортама жақсы үлгі болсам, бір адам емес, бүтін бір көзқарас өзгереді. Сана – өзгерген қоғам.

Заң мен тәртіп сақтау – бұл жай ғана ережелерді орындау емес, бұл адамның ішкі мәдениеттің көрінісі. Заңға бағыну – өз еліне, өз болашағына деген құрмет. Ол үшін алдымен әр адам өзінен бастау алуы керек. Өтірік айтпа, әділетсіздікке жол берме, өзіңе қарай қарасаң – өзгеге де солай қара. Сондықтан заң сақтау біздің міндетіміз. Ол өзіміздің амандығымызды сақтап қалады. Мен сондықтан заңды сақтауды жақсы көремін. Заңды әрі қарай сақтауға қолымнан келгенше тырысамын. Заң сақтау әр адамның сүйікті ісі болуы керек, менің де сүйікті ісім. Басқа адамдарға да заңды сақтатып және заңды сақтауына көмектесемін. Себебі олар заңды сақтамасы қатаң шара қолданады. Менің ойымша, заң адамдарды дұрыс өмірге үйретеді.

Мұратқызы Махаббат
Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясы, 8 «Ғ» сынып оқушысы

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы заң мен тәртіптің сақталуына тікелей байланысты. Егер ел ішінде әр азамат заңды құрметтеп, тәртіпке бағынса, әділдік пен тыныштық орнайды. Керісінше, заң бұзушылық көбейген жерде қауіпсіздік төмендеп, қоғамда сенімсіздік пайда болады. Сондықтан заң мен тәртіпті сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Заңның орындалуы үшін ең алдымен құқықтық білім қажет деп ойлаймын. Әр адам өз құқығы мен міндетін білуі тиіс. Бұл білім мектеп қабырғасынан бастап берілуі керек. Егер ел ішінде әр азамат заңды құрметтеп, тәртіпке бағынса, әділдік пен тыныштық орнайды. Мысалы, жол ережесін бұзбай, белгіленген жылдамдықпен жүрудің өзі жол апаттарының алдын алады. Сонымен қатар тәртіпті сақтау үшін құқық қорғау органдары әділ, ашық әрі тиімді жұмыс істеуі қажет. Заң бұзған адамға дер кезінде жаза қолданылса, бұл өзгелерге сабақ болады. Отбасында баланы тәртіпке, әділдікке тәрбиелеу де маңызды. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы заңдылықты насихаттау қоғамға оң әсер етеді.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіпті сақтау үшін білім, жауапкершілік, құқық қорғау органдарының тиімділігі, мемлекет саясаты және әрбір азаматтың белсенділігі қажет. Тек осы факторлардың бәрі бірлесіп жұмыс істегенде ғана қоғамда тәртіп сақталып, заңның үстемдігі орнайды. Әр адам өз ісіне мұқият қарап,

заңға бағынса, елімізде әділдік пен тұрақтылық орнайды. Бұл – жарқын болашақтың кепілі.

Тойболған Айсана
Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейі, 9 «З» сынып оқушысы

Қоғамның дамуы – тұрақтылық пен тәртіпке негізделген ұзақ және күрделі процесс. Бұл тұрақтылықты қамтамасыз ететін басты құрал – заң. Заң – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін ортақ ереже, ал оны сақтау – әрбір азаматтың парызы. Егер адамдар заңды мүлтіксіз орындаса, қоғамда бейбітшілік, әділеттілік және сенім орнайды. Бұл өз кезегінде елдің жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Бір мысал – жол қозғалысы ережелерінің сақталуы. Өзім куә болған бір жағдай: біздің мектептің маңындағы жаяу жүргіншілер өтетін жолақтан оқушылар өтіп жатыр еді. Көлік жүргізушісі жаяу жүргінші жолына жақындағанда алдын ала жылдамдығын азайтып, толық тоқтады. Балалар қауіпсіз түрде жолды кесіп өтті. Бұл жағдайда жүргізуші Жол қозғалысы ережелерінің 14-бөлімін, атап айтқанда, «Жаяу жүргіншілер өткелінде жаяу жүргіншіге жол беру міндеті» туралы ережені орындады. Бұл – жол-көлік оқиғасының алдын алу және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жақсы үлгісі. Бұл жерде жүргізуші заңға бағынып, жылдамдық шегінен аспай, жол белгісін дұрыс қолданды. Бұл – адам өмірін сақтаумен қатар, медициналық шығындарды азайтып, экономикалық тиімділікке де әкеледі.

Қорытындылай келе, мектептегі тәртіптен бастап, көшедегі жол қозғалысы ережелеріне дейін заңды сақтау – біздің қауіпсіздігіміздің кепілі. Заңды орындау – жай ғана міндет емес, бұл – ел болашағына қосқан үлес. Заң үстемдік еткен қоғамда адамдар еркін, экономика тұрақты, тәртіп мықты болады. Сондықтан әрбір азамат заңға бағынуды тек қорқынышпен емес, жауапкершілікпен қабылдауы тиіс. Заңды құрметтеу – өркениетті қоғамның басты белгісі.

Әби Нұрхан
Ақселеу Сейдімбек атындағы № 54 мектеп-лицейі, 5 «А» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының негізгі тірегі.Қоғамда әділеттілік пен тыныштық орнауы үшін заңның рөлі зор. Алайда бұл тәртіпті қалай сақтаймыз деген сұрақ туындайды. Бәрі де жеке адамның жауапкершілігінен басталады. Егер әр азамат өз ісіне адал болса, қоғамда тәртіпсіздік болмайды. Заңды сақтау тек мемлекетке ғана емес, әр адамға да тиімді.

Заң – адамдардың бірге өмір сүру ережесі. Тәртіп – осы ережені орындаудың нәтижесі. Біз тәртіпке мектептен бастап үйренеміз. Сынып ережесін бұзбау – тәртіпке бағынудың алғашқы қадамы. Мұғалімді тыңдау, үй тапсырмасын орындау – заңға бағынудың көрінісі. Үйде ата-ананың айтқандарын тыңдау да тәртіптің белгісі. Көшеде жүріп жол ережесін сақтау қажет. Қоғамдық орындарда өзіңді мәдениетті ұстау керек. Қоқыс тастамай, тазалықты сақтау – азаматтық парыз. Кітапханадағы тыныштықты бұзбау – өзгеге құрмет. Қоғамдық көлікте үлкендерге орын беру – сыпайылық пен тәртіптілік. Мен өзім де тәртіпке сай әрекет етуге тырысамын. Достарыма үлгі болғым келеді. Оларға тәртіптің маңызын түсіндіремін. Себебі тәртіпсіз ортада дамуға жол жоқ. Заңсыз елдің болашағы бұлыңғыр болады. Тәртіпсіз қоғамда адам құқығы аяққа тапталады. Сондықтан әр адам заңға бағынуға міндетті. Заңды бұзу – тек өзіңе ғана емес, өзгелерге де зиян. Тәртіп сақтау арқылы қауіпсіз орта құра аламыз. Тыныш өмір сүрудің жолы – заңға бағыну. Тәртіп сақталған жерде береке орнайды. Тәртіпсіздік болса, ел ішіне бүлік кіреді. Заң адам мен мемлекеттің арасын реттейді. Мемлекет те заңға бағынатын азаматтарды қолдайды. Сол себепті біз заңға сенуіміз керек. Әр азамат заңды құрметтеуі қажет. Бұл – елге деген сүйіспеншіліктің бір көрінісі. Мен де өз елімнің тәртіпті азаматы болуға ұмтыламын. Қоғамға пайда келтіргім келеді. Қарапайым ережелерді орындау – үлкен өзгерістердің бастауы.Әркім өзінен бастаса, қоғам түзеледі. Бір адамның ісі – көпке үлгі. Біз тәртіпті болсақ, өзгелер де соған ұмтылады.

Сондықтан өзіміздің әрекетімізге мән беруіміз қажет. Тәртіпті болу – ұят емес, керісінше мақтаныш. Заң алдында бәріміз теңбіз. Бәріміздің құқығымыз бар, бірақ міндетіміз де бар. Сол міндет – заң мен тәртіпке бағыну. Бұл – ел болашағына қосқан үлес. Тәртіпті ел – дамыған ел. Қоғам тыныштығы – тәртіпке байланысты.Заң мен тәртіп бар жерде әділет пен сенім бар. Бәріміз бірігіп әрекет етсек, бейбіт қоғам құра аламыз.

Долотбек Аружан
№ 55 орта мектебі, 7 «Б сынып оқушысы

Әрбір елде өмір сүру үшін белгілі бір ережелер мен заңдар болады. Бұл заңдар – адамдардың тыныш, қауіпсіз және әділ өмір сүруіне көмектесетін маңызды құрал. Біздің сынып жетекшіміз Эльвира Серікқызы: «Заң бар жерде тәртіп болады. Заңды, өз құқықтарыңды білсеңдер, еш жерде қор болмайсыңдар», - деп үнемі айтып отырады.

Заңды сақтау үшін әр адам ең алдымен өз әрекетіне жауапты болуы керек деп ойлаймын. Жолда жүру ережесін сақтау, қоғамдық орындарда тыныштықты бұзбау, мектептегі тәртіпке бағыну – біздің міндетіміз. Мысалға алатын болсам, қазіргі

таңда мектеп қабырғасында көптеген тәртіп бұзушылықтар көп болып жатады. Мұғалімнің айтқанын тыңдамай, сөз қайтарып, тіпті, ата-анасының сөзін құлағына ілмей, тәртіпсіздікке бой алдырып жатқан оқушылар да бар. Осыған байланысты оқушылардың ата-аналарына айыппұл салынатынын білеміз. Бұл да заң мен тәртіпті орнатудың бір түрі және біздер секілді жас ұрпақтың дұрыс жолға түсуіне ықпал жасайтын қадам деп білемін.

Заңның дұрыс орындалуы еліміздің дамуына көмектеседі. Адамдар бір-біріне сеніп өмір сүреді, жұмыс істейді, оқиды. Мемлекет біздің жайлы ортада сабақ оқуымызға қолайлы жағдай жасауда. Мектепке, яғни, біздерге келетін қауіптің болмауын бақылайды. Сол сияқты елдегі тәртіп – адамдардың жақсы өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Мен де өз елімнің азаматшасы ретінде қоғамдық тәртіпті сақтауға өз үлесімді қоса аламын деп ойлаймын. Мысалы, қоқысты жерге тастамай, таза жүремін, үлкендерді құрметтеймін, мектептегі ережелерді сақтаймын. Егер біреу заң бұзып жатса, оны сыпайы түрде ескертіп немесе мұғалімге айтамын. Осылайша мен де кішкентай болса да тәртіпке өз үлесімді қосамын және бұл мені жауапкершілікке үйретеді. Заң мен тәртіп — біздің тыныш әрі әділ өмір сүруіміздің кепілі. Әр адам оны сақтаса, еліміз көркейіп, болашағымыз жарқын болары сөзсіз.

Смақ Кәусар
№ 55 орта мектебі, 7 «А» сынып оқушысы

Қоғамдық тәртіп – қоғамдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі қағидаттардың бірі. Әрбір азаматтың осы тәртіпті сақтауға үлес қосуы қоғамның тұрақтылығы мен дамуының кепілі. Мен де қоғамдық тәртіпті орнатуға өз үлесімді қоса аламын. Қоғамдық тәртіпті сақтауға үлес қосу менің күнделікті әрекеттерім мен азаматтық жауапкершілігім арқылы көрінеді. Қоғамдық тәртіпке деген оң көзқарасым мен оны сақтауға деген ұмтылысым өзімнің және айналамдағы адамдардың қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Мен қоғамдық тәртіпті орнатуға ең алдымен өзімнің тәртіпті болуым арқылы үлес қоса аламын. Бұл дегеніміз жол жүру ережелерін сақтау, қоғамдық орындарда мәдениетті болу, қоқысты арнайы орындарға тастау және айналама құрметпен қарау. Мысалы, көшеде жүргенде жолды тек жаяу жүргіншілерге арналған жерлерден өту немесе қоғамдық көлікте үлкендерге орын беру қарапайым болса да маңызды тәртіп сақтау шаралары деп ойлаймын. Сонымен қатар қоғамдық тәртіпті насихаттау да маңызды.Мен достарым мен туыстарыма қоғамдық тәртіптің маңыздылығын түсіндіре аламын. Әлеуметтік желілерде тәртіпті сақтау туралы пайдалы жазбалар бөлісіп ,басқаларды дұрыс әрект жасауға шақырамын. Қоғамдық

орындар да іс-шараларға,волонтерлік жұмыстарға қатысып,айналамызды таза әрі қауіпсіз ұстауға көмектесемін.

Қоғамдық тәртіпті сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Өзімнің тәртіпті әрекеттерім мен қоғамды ақпараттандыру арқылы қоғамдық тәртіптің нығаюына өз үлесімді қоса аламын. Тәртіп сақталған жерде бейбітшілік пен тұрақтылық орнайды. Заңға бағыну тұрақтылықтың кепілі болады деп ойлаймын.

Мұрат Жасмин
№55 орта мектебі, 8 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамдық тәртіп – бейбіт өмір мен тұрақты дамудың негізі. Әрбір азаматтың тәртіпке деген жауапкершіліг-елдің болашағына әсер ететін маңызды фактор. Тәртіп – бұл айналаны таза ұстау, жауапкершілікпен қарау, өз-өзіңді басқара білу. Қоғамдық тәртіпті орнату – әр адамның парызы.

Қазіргі таңда тәртіп ережелерін сақтау өте маңызды болып отыр. Бұл үшін әр адам өзінен бастау керек. Әр отбасында қоғамдық тәртіпті сақтау ережесі айтылып отыру керек деп ойлаймын. Мен де қоғамдық тәртіпті сақтау ісіне өз үлесімді қоса аламын.

Айналаны таза ұстау, қоршаған ортаны таза ұстау, қоқыс тастамау, қоғамдық орындарда айқайлап жанжал шығармау,темекі шекпеу, ал мектепте біреудің затына қол сұқпау, мектеп мүлкін сақтау ережесін орындау қажет. Қоғамдық тәртіп сақтауды алдымен өзімнен бастаймын: біріншіден, қоғамдық орындарда тазалық сақтау, шуламау, көше тәртібін сақтау; екіншіден, тәртіпсіздік жасап жатқан достарыма сыпайы түрде ескерту жасау, үшіншіден, волонтерлік шараларға қатысып, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласу арқылы елге пайда тигізу. Мұның бәрі қоғамдық тәртіп пен жауапкершілікті нығайтуға көмектеседі. Аулада кейбір адамдар темекі шегіп, су ішіп, қалбырын жерге тастай салады, бұл, әрине, мәдениетсіз адамның ісі деп ойлаймын. Осыдан кейін аула ластанады, бүлінеді. Б. Момышұлы: «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» демекші, әрқайсымыз тәртіпке жауапкершілікпен қарасақ, қоғамымызда әділеттілік пен сыйластық салтанат құрады.

Ойымды қорыта келе, қоғамда тәртіп пен тыныштық орнауы - әр азаматтың саналы әрекетіне байланысты. «Бірлік бар жерде, тірлік бар» дегендей, барлығымыз бірігіп, әрекет етсек, қоғамда тәртіп нығаяды деп ойлаймын. Ал оны өзімнен бастап, айналамдағыларға үлгі көрсетіп, тәртіпке шақыру – менің азаматтық борышым!

Жанболатқызы Жаннұр

Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейі, 8 « Г» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп кез-келген қоғамның тірегі болып болып табылады. Заң бізді әділетсіз ортадан, тәртіп жауапсыздық пен қауіпті жағдайлардан қорғайды. Сол үшін заң-қоғамдағы бейбітшілік пен теңқұқықтылықты қалпында ұстайтын техника. Оған Әлихан Бөкейхайнның «Заң адам пайдасына, жазылады, адам заң үшін тумайды ғой» деген сөзі дәлел.

Мұндай сөздер тек мемлекет аясында емес, қарапайым өмірде де маңызды рөл атқарады. Мектептің өзі кішкентай бір мемлекет. Мектепте де талаптар мен тәртіп қағиғадалары бар. Білім алушы ол қағиғадаларды сақтаған жағдайда, оқу үдерісі қолайлы, ал байланып құрметке негізделеді. Мектеп қағидалары болмаған жағдайда, оқушылардың дамуы өрбімей , білім сапасы төмен болушы еді.

Мектептің талаптарын сақтап, тәртіпке бағыну алдағы өмірге дайындық болып та келеді. Ережеге бағынған білім алушы болашақта саналы азамат болады. Сол себепті, қоғамдық өмірде де, мектеп қабырғасында да талаптарға бағынып, заңғы сақтау әр адамның міндеті деп санаймын.

Заң мен тәртіпке бағыну бізге қауіпсіз және әділетті орта қамтамасыз етеді. Бұл тек билік өкілдерінің адамдарына ғана емес, әрбір қоғам мүшесіне қатысты. Егер әр адам тәртіп пен заңға бағынатын болса, болашағымыз жарқын болады.

Заң мен тәртіпке негізделген өмір тұрақтылық пен бейбітшіліктің негізі.

Али Сумая
Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейі, 9 «Б» сынып оқушысы

Мен оқушы ретінде қоғамдық тәртіпті сақтауға үлесімді қоса аламын. Негізі қоғамдық тәртіп дегеніміз – адамдардың бір-біріне көрсететін құрмет, ортақ ережелерді сақтау.

Айтып кеткендей, мен оқушы ретінде сабаққа кешікпей келуім, мұғалімді тыңдауым, мектептің мүлкін бүлдірмей ұстауым - қалыпты, дұрыс әрекет және бұл менің күнделікті өмірімнің бір бөлігі. Достарыма үлгі болуға тырысамын. Біз бір-бірімізге қиын жағдайда көмектесіп, қиын жағдайда қолдау көрсетеміз. Бұл да - біздің қоғамдағы тәртіптің айнасы.

Көшеде және қоғамдық орында барынша өзімді тәртіпті ұстаймын. Аялдамада, автобуста үлкенге орын беру, шуламау - бұл қоғамдық қарапайым іс-әрекет. Алайда, көбісі бұл іс-әрекеттерді ұстанғысы келмейді. Мен ешқашан «маған бәрібір» деп ойламаймын. Себебі, ең үлкен тәртіпсіздік – енжарлық. Ол тәртіптің бұзылуы ғана емес, сенімнің жоғалуы. Осындай қарпайым нәрсе – жерге қоқыс тастамау, қоршаған ортада өзіңді дұрыс ұстау, көмек керек адамға қол ұшын беру, кезекте тұрып, алдыға озбау, жол ережесін сақтау,сыпайы сөйлеу, кішіпейіл

болу әрекеттері арқылы да қоғамдық тәртіптің сақталуына көмектесе аламын. Мен жай ғана ереже сақтамаймын, мен өзімнің кішкентай әлемімде тәртіп орнатамын. Өйткені, тәртіп тек заң ғана емес, бұл – адамдық қасиет.

Қорыта келгенде, әр адам тәртіпті орнатуды өзінен бастаса, қоғам да жақсы жаққа өзгереді. Тәртіп пен мәдениет – ел болашағының негізі. Тіпті, оқушы болса да, қоғамдық тәртіп пен тыныштықты сақтауға жауапты. Барлығын өзімізден бастасақ, еліміз де гүлденеді.

Сәндібекова Асель,
Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицейі, 9 «Д» сынып оқушысы

Қазақта «Адалдық – ардың ісі» деген қасиетті сөз бар. Бұл қарапайым ғана тіркес секілді көрінгенімен, оның астарында терең мән, үлкен жауапкершілік жатыр. Адал адам тек заң алдында ғана емес, ең алдымен, өзінің ар-ожданы, намысы, адамгершілігі алдында таза, түзу, шынайы болуға тырысатын жан.

Заң - қоғамның ортақ ережесі, ал адамдық - адамның ішкі көзқарастары мен өзінің моралдық нормаларын ұстануы. Заң өзгеріске ұшырауы мүмкін, кемшіліктері болуы мүмкін, тіпті кей жағдайда, белгілі бір топтың мүддесін қорғауы мүмкін. Ал, адалдық - уақыт пен жағдайға тәуелсіз қасиет. Адам ішкі сенімдеріне сүйеніп әрекет еткен жағдайда ол заңмен емес, ар - ұятпен өлшенеді.

Мысалы, тарихи тұлғаларды қарастыратын болсақ, Алаш арыстары өздерінің қарақан бастарының қамы емес, халқының болашағы үшін сол кездің заңдарына қарсы келген. Заң ортақ мүддені қорғамағандықтан, олар өз халқының мүддесін қорғауға атсалысты. Олар заң алдында кінәлі болса да, халық пен тарих алдында - адал тұлғалар.

Бүгінгі күнде де ішкі көзқарастарына адал тұлғалар заңның бәріне бірдей көзбен қарауына атсалысуда. Ондай тұлғалар қоғамдық тәртіпті бұзбай, бейбіт жолмен өз пікірлерін білдіруде. Заңға қарсы келместен, өз ойларын , заңға деген көзқарастарын жеткізуде.

Демек, адал азамат болу – заң алдында тәртіпке бағынып, ар алдында адал болып қалу. Шын мәнісінде, мемлекеттің мүддесін ойлайтын адал азамат - қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезінетін парасатты тұлға.

Базен Аяулым
№57 орта мектебі, 8 «Б» сынып оқушысы

Әрбір мемлекеттің тыныштығы мен өркендеуі заң мен тәртіпке негізделеді. Заң - бұл қоғамда өмір сүретін барлық адамдар үшін бірдей ереже. Ал тәртіп - осы

заңның күнделікті өмірде дұрыс қолданылуы мен орындалуы. Егер қоғамда заң бұзылса, әділетсіздік, тәртіпсіздік пен сенімсіздік пайда болады. Сондықтан заң мен тәртіпті сақтау - тек билік органдарының емес, бүкіл халықтың ортақ жауапкершілігі.

Заң мен тәртіптің сақталуы ең алдымен жеке адамның санасына байланысты. Егер адам баласы өз әрекетіне жауапкершілікпен қараса, ол заң бұзбайды, керісінше, оны сақтауға тырысады. Ол үшін әр азамат заңды біліп, оның талаптарын түсінуі керек. Өкінішке қарай, кейбір адамдар заңды білмегендіктен немесе мән бермегендіктен қателікке бой алдырады. Сондықтан құқықтық сауаттылықты мектеп қабырғасынан бастап үйрету өте маңызды. Құқық негіздері сабағында оқушылар өз құқығы мен міндетін біліп, заң алдындағы жауапкершілікті ұғынады.

Заң орындалатын қоғамда әділеттілік орнайды. Бұл қоғамда сенім мен қауіпсіздік қалыптасады. Мысалы, адамдар сот жүйесіне сенсе, олар өз мәселесін заңды жолмен шешуге тырысады. Бұл - қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштықтың кепілі. Заңның дұрыс жұмыс істеуі экономиканың дамуына, білім мен ғылымның ілгерілеуіне де әсер етеді. Себебі әділ заң үстемдік құрған елде адамдар алаңсыз еңбек етіп, болашағына сеніммен қарайды.

Бүгінгі таңда жастардың да қоғамдағы орны ерекше. Жасөспірімдер тек тәртіпке бағынып қана қоймай, өз ортасына жақсы үлгі көрсетуі керек. Мен, мысалы, қоғамдық орындарда тәртіп сақтауға тырысамын. Жол ережесін бұзбаймын, қоқысты жерге тастамаймын, үлкендерге көмектесемін. Мектепте де ережені орындап, достарыммен заң жайында пікір алмасамын. Бұл – аз ғана іс болып көрінгенімен, тәртіпті қоғам құруға үлес қосатын әрекеттер. Егер әр адам осылай ойласа, қоғамымыз әлдеқайда тәртіпті болар еді.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп сақтау – бұл қоғамдағы бейбіт өмірдің, әділдіктің және тұрақтылықтың кепілі. Әрбір азамат заңға бағынуға, оны құрметтеуге және өз ортасына оң әсер етуге міндетті. Заңның үстемдігі орнаған жерде сенім бар, тәртіп бар, ал тәртіп бар жерде даму мен болашақ бар. Біз, жас ұрпақ, осы жолда өз үлесімізді қосуымыз керек. Тек сол кезде ғана әділетті әрі өркениетті қоғам құра аламыз.

Серік Жанерке
№57 орта мектебі, 9 «Д» сынып оқушысы

Адамзат тарихына көз жүгіртсек, әрбір өркениетті қоғам белгілі бір заңдар мен тәртіп жүйесіне сүйеніп өмір сүрген. Заң – адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты реттейтін маңызды құрал. Ол болмаса, әділетсіздік пен анархия билік құрар еді. Сондықтан заң мен тәртіпті сақтау – жай ғана міндет емес, бұл — бейбіт өмір мен дамудың алғы шарты.

Заң мен тәртіп сақталу үшін ең алдымен қоғамда әділетке деген сенім болуы тиіс. Адамдар егер заң бәріне бірдей қолданылатынына көзі жетсе, оны құрметтейді. Ал егер заң біреуге жұмсақ, біреуге қатал түрде қолданылса, бұл сенімді бұзады. Сондықтан заң алдында бәрі тең деген қағида іс жүзінде де орындалуы керек. Бұл – тәртіп орнатудың басты шарттарының бірі.

Сонымен қатар, тәрбие мен сана деңгейі де маңызды рөл атқарады. Заңды білмей оны сақтау мүмкін емес. Әрбір адам, әсіресе жастар, өз құқығы мен міндетін нақты білуі қажет. Құқықтық білім мектептен басталып, өмір бойы жалғасуы тиіс. Тәртіпті болу – тек қорқудан емес, түсінуден туады. Яғни, ішкі мәдениет қалыптасқанда ғана шынайы заңдылық пайда болады.

Заңды сақтау қоғамға қалай әсер етеді? Бұл сұраққа нақты жауап беруге болады. Заң орындалған қоғамда тұрақтылық болады. Қылмыс азаяды, адамдар еркін жүріп-тұрады. Мемлекет экономика, білім, медицина сияқты салаларға көбірек көңіл бөле алады. Яғни, заң қоғамның барлық саласының дұрыс жұмыс істеуіне жол ашады.

Мен өзім қоғамдық тәртіпке қандай үлес қоса аламын? Әрине, мен заң шығармаймын, не тәртіп бұзғандарды жазаламаймын. Бірақ мен өз іс-әрекетім арқылы үлгі көрсете аламын. Мысалы, мектепте ережені бұзбай, сыныптастарыммен сыйластықта болу — бұл да тәртіптің бір түрі. Қоғамдық көлікте үлкенге орын беру, көшеде тәртіп сақтау, қоқыс тастамау — бұл да заңға деген құрметтің белгісі. Осындай қарапайым әрекеттер арқылы мен қоғамға пайда келтіре аламын.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – жай ғана қағаз жүзіндегі ережелер емес, олар – біздің өміріміздің қауіпсіз әрі әділ болуына кепілдік беретін негіз. Әр адам заңды білсе, құрметтесе және саналы түрде сақтаса – қоғам алға жылжиды. Біз, жастар, осы жолда өз орнымызды тауып, өзгелерге үлгі болуға тиіспіз. Себебі тәртіп – қоғамның айнасы, ал сол қоғамды құрайтын – өзіміз.

Қалменбай Темірбек
№57 орта мектебі, 7 «А» сынып оқушысы

Қоғамда тыныш әрі әділетті өмір сүруді әр адам қалайды. Бірақ мұндай өмір өздігінен пайда болмайды. Ол үшін ең алдымен заң мен тәртіп сақталуы қажет. Заң - адамдар арасындағы шекараны белгілейтін, олардың құқығы мен бостандығын қорғайтын жүйе. Ал тәртіп - осы заңның іс жүзінде орындалуы. Екеуі бір-бірін толықтырып, елдің дамуына негіз болады.

Заң мен тәртіпті сақтау - тек үкіметтің немесе полицияның ғана жұмысы емес. Бұл - әрбір азаматтың саналы таңдауы мен жауапкершілігі. Заң сақталу үшін адам өз әрекетінің қоғамға қалай әсер ететінін түсінуі керек. Мысалы, жолда бағдаршамға бағыну, өзгенің мүлкіне зиян келтірмеу, қоғамдық орындарда

тыныштық сақтау - бұның бәрі тәртіпке жатады. Егер мұндай ережелер еленбесе, қауіпсіздік жоғалады.

Сонымен қатар, заңның күшті болуы үшін ол әділ, түсінікті және бәріне бірдей болуы керек. Қоғамда заң біреуге ғана жұмыс істеп, басқаларға жұмсақтық танытатын болса, ол тәртіпсіздікке жол ашады. Сондықтан мемлекеттік органдардың ашық, әділ жұмыс істеуі де өте маңызды. Халық өз мемлекетіне сенсе ғана заңға құрметпен қарайды.

Енді қоғам дамуына келетін болсақ, заң мен тәртіптің сақталуы.- экономикалық, әлеуметтік және рухани өсудің негізі. Мысалы, заң үстемдік еткен елде шетелдік инвесторлар қорықпай кәсіп ашып, жұмыс орындары көбейеді. Адамдар өз құқығын заң аясында қорғауға дағдыланады. Мұғалімдер сабағын еркін жүргізеді, дәрігерлер сеніммен жұмыс істейді. Яғни, заң - қоғамның барлық саласына әсер ететін күш.

Мен қоғамдық тәртіпке қандай үлес қоса аламын? Бұл сұраққа жауап берерде, мен ең алдымен өзімнен бастауым керек деп ойлаймын. Қарапайым мысал: мектеп ережелерін сақтау, сабақты себепсіз босатпау, достарыммен дұрыс қарым-қатынас орнату - бұл да тәртіп. Сонымен қатар, мен сыныптастарымды заң мен құқық тақырыптарына қызықтырып, бір-бірімізбен пікір алмасуға тырысамын. Осылайша, өз ортама аз да болса оң әсер бере аламын деп сенемін.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп - қоғам өмірінің негізі. Олар болмаса, қоғам әлсірейді, әділетсіздік көбейеді. Ал оларды сақтау әр адамнан басталады. Біз, жас ұрпақ, өзіміздің мінез-құлқымызбен, санамызбен, біліміміздің заңға деген құрметті көрсетсек, еліміздің болашағы жарқын болмақ. Заңға бағыну — әлсіздіктің емес, керісінше, нағыз мәдениеттің белгісі екенін түсінетін кез келді.

Құрбанқұл Алия
Ілияс Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы, 7 «А» сынып оқушысы

Әрбір мемлекеттің дамуы мен тұрақтылығы – қоғамдағы заң мен тәртіпке байланысыты. Заң – адамдардың құқығын қорғаушы, ал тәртіп – сол заңның орындалуына себепкер құрал. Заң мен тәртіпті сақтау – тек билік органдарының емес, әр азаматтың міндеті.

Заң мен тәртіпті сақтау үшін ең алдымен адамдар құқықтық сауатты болу керек. Ол үшін мектеп қабырғасынан бастап құқықтық білім берілуі тиіс. Адам өз құқығы мен міндетін түсінсе, қоғамда тәртіп бұзушылық азаяды.Сонымен қатар, үлкендер жастарға үлгі көрсетіп, әділдік пен шындықты насихаттауы қажет.

Заңды орындау қоғамның дамуына оң әсер етеді. Заң үстемдік құрған елде, әділеттілік, қауіпсіздік пен сенім артады. Кәсіпкерлік еркін дамып, экономика

тұрақталады. Қоғамдық қатынастар реттеліп, адамдар арасында өзара құрмет орнайды.

Мен өз тарапымнан қоғамдық тәртіпті сақтау үшін мектепте үлгілі тәртіп көрсетіп, өзгелерге зиян келтірмеуге тырысамын.Топтағы бірлік пен сыйластықты сақтап, айналамыздағыларға көмектесуге тырысамын.Қарапайым ережелерді орындау арқылы да үлкен үлес қосуға болады. Заң мен тәртіпке бейжай қарамай, өзімнің азаматтық жауапкершілігімді сезінемін.

Ақан Зере
Ілияс Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы, 9 «А» сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен әділеттілік орнауы үшін ең алдымен заң мен тәртіптің сақталуы өте маңызды. Заң – бұл барлығына ортақ ереже, ал тәртіп – сол ережені орындаудың нақты көрінісі. Егер әр адам заңды құрметтеп, оны сақтаса, қоғамда қылмыс азаяды, адамдар арасындағы сенім артады және өмір сүру жеңілдейді.

Заңды орындау – тек міндет қана емес, сонымен қатар азаматтық жауапкершілік. Заңды сақтай отырып, біз өзімізді ғана емес, айналамыздағы адамдардың да қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз. Мысалы жол ережесін сақтау – бұл тек өз қауіпсіздігімізді ойлау емес, басқаларға да зиян келтірмеудің белгісі. Заң мен тәртіп бар жерде білім, экономиа, мәдениет сияқты қоғамның барлық саласы дами түседі.

Мен қоғамдық тәртіпті орнатуға өз үлесімді қосуға тырысамын. Мысалы: мен мектепте тәртіпті болып, достарыма үлгі көрсетемін. Қоқысты жерге тастамай, қоршаған ортаны таза ұстауға атсалысамын. Егер біреу заң бұзса, оны дұрыс жолға бағыттап, түсіндіруге тырысамын.

Эргашева Арайлым
Ілияс Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы, 9 «Ғ» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – қоғамның негізі, ол болмаса, адамдар арасындағы қарым-қатынас, қауіпсіздік пен әділеттілік те болмайды. Себебі адам өмірі белгілі бір ережелерге және тәртіпке бағынғанда ғана үйлесімді өмір сүреді, дамиды. Біздің барлығымызды кішкентай кезімізден бастап «жолды тек жасылға өт» , «қоғамдық орындарда өзіңді сабырлы ұста» және тағы басқа осы сияқты тәртіптерді үйретеді. Бұл – заңның алғашқы қағидалары. Бізге оны үйрету себебі заң мен тәртіп – бейбіт қоғам.

Ал егерде елімізде бейбіт өмір, қоғам сақталсын десек, әр азаматта құқықтық сана қалыптасуы қажет. Яғни, біз тек қорқыныш сезіміміен емес, ішкі жауапкершілігімізден заңға бағынуымыз керек. Заң, тәртіп бұзған адамның жазалануы міндет, бірақ одан бұрын оның неге бұзғанын, не түсінбегенін талдау да маңызды. Мысалы, құрбым бір күні мектепке кешігіп келді. Бұл ісімен ол мектеп тәртібін бұзды, кейінірек мектеп әкімшілігі оның кешігу себебін сұрады. Ал оның кешігу себебі, ол жолда бағдаршам қызыл болған соң, асығыс болса да тоқтап, бағдаршамның жасыл түсін күтуді жөн көріпті. Бұл – тәртіп бұзушылық емес, тәртіпке және заңға деген құрмет.

Заңның орындалуы – қоғамның дамуына жол ашады. Әділет үстемдік құрған кезде елде адамдар қауіпсіз өмір сүреді, инвестиция келеді, жастар өз елінде болашақ көре бастайды. Ал тәртіпсіз қоғамда жемқорлық, қылмыс, әділетсіздік белең алады. Мыслы, кейбір дамыған елдерде көлік жүргізушілері жол ережесін бұзбайды, өйткені олар тәртіптің қоғамға қалай әсер ететінін түсінеді.

Жапон данасы Лей Мон Хуа айтпақшы «Әлемде өзгеріс көргің келсе, өзің сол өзгеріске айнал» деген, сол себепті мен қоғамдық тәртіпке үлес қосуды өзімнен бастаймын. Мысалы, мен өзге адамдардың вандализммен айналысып жатқанын көрсем, оны тоқтатамын, оның қателігін түсіндіремін. Бұл кішкентай болса да жауапкершілік.

Сулей Мерей
Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейі, 6 «А» сынып оқушысы

Заң – тәртіп пен тыныштықты орнатудың құралы. Заңдар бізге көмектеседі және бір-бірімізді құрметтеуге үйретеді.

Егер біз заңдарды сақтасақ, басқа адамдардың құқықтарын мойындаймыз және қоғамға зиянымызды тигізбейміз. Мысалы, жолда жүру ережелері болмаса, қаншама апаттар мен қайғылы жағдайлар орын алар еді. Қарапайым осы жол ережесін сақтау арқылы жан-жағымызға үлкен пайдамызды тигізіп жатқанымызды біле бермейміз.

«Заң мен тәртіптің қандай айырмашылығы бар?» – деген сұрақ туындауы мүмкін. Енді оған жауап қарастырайық. Заң – адам баласының құқықтарын қорғауға, денсаулығын, өмірін сақтауға көмектеседі. Ал тәртіп кез-келген жерде адамның өзін дұрыс ұстауына қатысты ережелер деп санаймын. Тәртіпті отбасы мүшелері мен достарымызды, мұғалімдерді сыйлаудан бастаймыз. Кішкентай ғана қоқыс тастамау сынды тәртіпті дұрыс орындауға үйренген адам үлкен заңдарды бұзбаса керек. Бауыржан атамыз айтқандай: «Тәртіпке бағынған құл болмайды».

Өмірде түрлі адамдары кездестіреміз. Олардың арасында заң мен тәртіпке бағынбайтындар да бар. Мысалы, оқушылар немесе жасөспірімдер арасында

буллинг, кибербуллингтің кездесетінін естіп жатамыз. Бұл жоғарыда айтып өткен тәртіптің дұрыс болмауынан. Ата анасын ойлайтын, ұстаздарын сыйлайтын бала мұнайға бармайды. Әр істің артында жауапкершілік бар екенін ұмытпағанымыз жөн.

Өз ойымды қорытындылай келе айтарым, заң - адамдар оны сақтау үшін жасалған. Оны сақтау - біздің міндетіміз.

Канат Зере
Кәрім Мыңбаев атындағы № 59 мектеп-лицейі, 5 «Д» сынып оқушысы

Меня зовут Зере, и я учусь в пятом классе. Хочу рассказать о законах и порядке. Законы - это правила, которые помогают нам жить вместе. Они нужны, чтобы защитить людей и сделать так , чтобы все чувствовали себя в безопасности . Например, законы запрещают красть, обижать других или делать что-то опасное. Если кто-то нарушает закон, его могут наказать, чтобы он больше не делал этого. Законы принимаются людьми , которые работают в правительстве , и их нужно соблюдать всем.

Порядок - это когда все идет хорошо и по правилам. Например, в школе у нас есть расписание уроков. Если мы приходим вовремя и выполняем задания , то учиться становится легче и интереснее. Порядок также важен в обществе: на улицах, в общественном транспорте и даже в наших домах. Например, если бы не было правил дорожного движения, машины ездили бы как попало, и было бы много аварий. А если бы законов в школе, ученики бы шумели на уроках, не делали домашнее задание и мешали учителям.

Порядок это когда все организовано: дома, в школе , на улице. Я сама стараюсь соблюдать порядок – убираю за собой, слушаю взрослых и не спорю с учителями.

Я верю, что если каждый будет соблюдать закон и порядок, то наша страна станет лучше, добрее и справедливее.

Қанатова Кәусар
№ 60 мектеп-лицейі, 5 «Ә» сынып оқушысы

Әр адамның бейбіт өмір сүруі үшін заң мен тәртіптің сақталуы қажет. Заң - мемлекеттегі басты құндылықтардың бірі, ал тәртіп - қоғамдағы үйлесімділіктің кепілі. Заң мен тәртіпті сақтау - әр азаматтың міндеті. Ал заң мен тәртіптің сақталуы үшін әр адам өзінен бастауы керек.

Заң - ережелер жинағы. Сол ережелерді сақтау үшін өз құқығын білу міндетті. Өз құқығын біле отырып, ережелерді сақтайтын болса, тәртіпте болады. Сонымен қоса адамдар қоғамдық орында өзін сыпайы ұстап, мейірімді болу қажет, өзгелердің құқығын бұзбауы керек. Мысалы, мектепте оқушылар ережені бұзбай, мұғалімді сыйлап, бір-бірін құрметтеулері - бұл да тәртіптің бірі. Сонымен қатар, үлкендерге көмектесу, сыйлау, кішілерді қорғау, қоқысты көшеге тастамау, суды ластамау, жол ережесін сақтау сияқты қарапайым әрекеттер арқылы да біз заң мен тәртіпті нығайта аламыз.

Заң мен тәртіптің сақталуына отбасы мен мектептің де үлесі зор. Ата-ана мен мұғалім балаға дұрыс тәрбие берсе, болашақта ол жақсы, саналы азамат болады.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіпті сақтау - тек құқық қорғау емес, бүкіл халықтың ортақ ісі. Егер бәріміз тәртіпті болсақ, елімізде тыныштық болады. Сондықтан заң мен тәртіпті сақтау - әркімнің міндеті.

Амангельдиева Айлин
№60 мектеп-лицейі, 7 «Д» сынып оқушысы

Қоғамда бейбіт өмір сүру, адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, әділдік пен қауіпсіздіктің орнауы — бәрі де заң мен тәртіпке тікелей байланысты. «Заң және тәртіп» ұғымы — кез келген мемлекет үшін аса маңызды ұстаным. Бұл ұғым тек қана заңның болуы емес, сонымен қатар сол заңдардың дұрыс орындалуы мен әрбір азаматтың жауапкершілікті сезінуі арқылы жүзеге асады.

Заң мен тәртіп — бір-бірінен ажырамас ұғымдар. Заң болмаса, тәртіп те болмайды. Ал тәртіп болмаса, заңның қауқары азаяды. Сондықтан бұл екеуі қатар жүруі қажет. Мемлекет заңды сақтауға мәжбүрлеумен қатар, азаматтарға құқықтық білім беріп, оларды заңға құрметпен қарауға тәрбиелеуі тиіс. Заң мен тәртіптің сақталуы үшін әр адам мен қоғам тарапынан келесі әрекеттер жасалуы қажет:

Адамдар өз құқықтары мен міндеттерін білуі тиіс. Мектептен бастап құқықтық тәрбие берілуі қажет. Құқықты білмейтін адам заңды бұзуы мүмкін, кейде байқамай.

Әр азамат заңды сыйлап, оны орындауға міндетті екенін түсінуі керек. Заңды тек қорыққаннан емес, саналы түрде орындау маңызды.

Заң мен тәртіпті сақтау — тек мемлекет емес, әрбір азаматтың борышы. Әр адам өз орнында жауапкершілікпен әрекет етсе, қоғамда әділдік пен тыныштық орнайды.

Рахметова Аянат

№ 60 мектеп – лицейі, 7 «Т» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп — кез келген елдің тыныштығы мен тұрақтылығының кепілі. Егер адамдар заңға бағынбаса, қоғамда әркім өз білгенін істеп, бейберекет өмір басталады. Сондықтан тәртіп пен заңды сақтау — әр азаматтың міндеті.

Заңды сақтау деген тек полициядан қорқу емес. Бұл — адамның ішкі мәдениеті мен тәрбиесіне байланысты. Әкем үнемі: «Кішкентай тәртіп үлкен тәртіпке жол ашады», - дейді. Мысалы, таңертең тұрып, төсегіңді жинау, мектепке уақытында келу, үлкендерге сәлем беру — осылардың бәрі де тәртіпке үйретететін қарапайым дағдылар.

Бірде автобуста бір кісі жанындағы адаммен қатты дауласып жатты. Айналасындағы адамдар үндемей қарап отырды. Сол сәтте мен ойланып қалдым..... Неге біз тәртіпті тек біреулер орнатады деп ойлаймыз? Неліктен әркім өзі әрекет етпейді?

Менің ойымша, тәртіп пен заң отбасынан басталады. Үйде балаға не дұрыс, не бұрыс екенін үйрету керек. Мектепте мұғалімдер ереже мен жауапкершілікті түсіндіруі керек. Ал қоғамда әр адам әділеттілік пен мәдениетті ұстанса, заңсыздыққа жол берілмейді. Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп — сырттан келетін бұйрық емес, ол әр адамның жүрегінде болуы тиіс. Егер бәріміз өзімізден бастасақ, елімізде тыныштық пен әділеттілік орнайды.

Ғабидолла Аружан
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейі, 6 «Г» сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен тәртіп болу үшін заң болу қажет. Заң - адамдардың қалай өмір сүру керектігін көрсететін ереже. Егер заң және тәртіп болмаса, болашақ та болмайды. Сол үшін қоғам заңды ойлап тапты.

Заң, ереже, тәртіп әр жерде бар. Мектепте, көшеде, дүкендерде де. Егер сіз мектепте болсаңыз тек ғана оқу оқып, мектеп ережесіне сай жүріп, тәртіп сақтау керексіз. Заңды сақтау тек қана адамдарды құрметтеуден емес, өзіңіздің болашағыңызға да тиеді. Мысалы жол ережесі, егер сіз жол ережесін өзіңіз үшін сақтасаңыз, басқа адамдарға да пайдаңыз тиеді. Біз бала кезімізден тәртіпке үйренуіміз керек. Себебі тәртіпті бала болашақта жауапты азамат болады. Заң мен тәртіп қоғамда тыныш өмір сүруге көмектеседі. Сол үшін тәртіп сақтау өте маңызды.

Ойымды қортындылай келе, заң сақтау, тәртіпті болу біздің болашағымызға тиеді. Сол үшін заңмен тәртіп қоғам үшін бірінші орында деп ойлаймын.

Жанай Алишер
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейі, 9 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамда бейбіт өмір сүру үшін заң мен тәртіпті сақтау өте маңызды.Заң-адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін басты құрал.Заң мен тәртіп сақталуы үшін әр азамат өзінің міндетін білуі және заң талаптарын орындауы қажет.Мысылы: көшеде ережені бұзбай жүру,қоқыс тастамау немесе өзгелердің құқығын сыйлау -бұның бәрі тәртіпке жатады.

Заңды орындау қоғамның дамуына үлкен әсер етеді.Егер заң бәріне бірдей қолданылса,әділеттілік орнайды,адамдар өздерін қауіпсіз сезінеді.Бұл жағдай мемлекетке сенімді арттырып,елдің өркендеуіне жол ашады.

Мен өз тарапымнан қоғамдық тәртіпті сақтау үшін өзгелерге үлгі болуға тырысамын. Мектепке ережені сақтап, достарыма дұрыс әрекет көрсетемін. Осылайша, мен де қоғамға өз үлесімді қоса аламын.

Амантай Айкерім
№62 мектеп-лицейі, 5 «Г» сынып оқушысы

Қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықтың негізі-заң мен тәртіп . Заңның сақталуы үшін ең алдымен , адамдардың құқықтық сауаттылығы артуы керек. Әр адам өз құқығын ғана емес, өзге азаматтардың да құқықтарын құрметтеуге үйренуі тиіс.

Заңды орындау-қоғамның өркендеуіне тікелей әсер етеді. Себебі , әділеттілік салтанат құрған жерде , сенім мен тұрақтылық болады. Заң - үстемдік құрған елде экономика дамиды, адамдар еркін өмір сүреді және қоғамда әділдік орнайды.

Мен қоғамдық тәртіпті сақтау үшін алдымен өзіме жауапкершілікпен қараймын.Қоғамдық орындарда тәртіп сақтап, өзгелерге үлгі болуға тырысамын. Достарымды да заңға бағынуға , әділ болуға шақырамын. Осылайша , біз бірге тәртіпті қоғам құра аламыз.

Заңның сақталуы әр азаматтың санасына байланысты . Сондай-ақ , әр азамат құқық бұзушылықты көрген кезде бей-жай қалмай , оны болдырмауға ат салысуы қажет. Бұл нағыз жауапкершілік пен азаматтық белсенділіктің көрінісі. Жастар да қоғамдық жұмыстарға қатысып, құқықтық мәдениетті насихаттаса, қоғамдағы тәртіп пен заңдылық одан әрі нығаяды. Бұл –жарқын болашақ кепілі. Әрбір азаматтың белсенділігін әділетті қоғам құрылады.

Талалаева Яна
№62 мектеп-лицейі, 7 «М» сынып оқушысы

Закон и порядок – это то, без чего невозможно жить в мире безопасности. Когда есть правила и все их соблюдают, люди чувствуют себя защищенными. Чтобы сохранить порядок, нужно, чтобы законы работали, полиция честно выполняла свою работы, а каждый человек помогал сохранять спокойствие в обществе.

Во-первых, важно, чтобы законы были понятны и справедливы. Люди должны знать свои права и обязанности. Например, нельзя воровать, обижать других, разрушать чужое имущество – это понятно всем. Но также важно знать, куда обращаться за помощью, если кто-то нарушает закон.

Во-вторых, большую роль играют правоохранительные органы – полиция, суд, следователи. Они следят за тем, чтобы нарушители закона были наказаны, а честные люди могли спокойно жить и работать. Когда полиция честная и помогают людям, ей начинают доверять.Тогда и преступлений становится меньше.

Но не только полиция отвечает за порядок. Мы можем тоже помогать. Например, не мусорить, не нарушать школьные правила, уважать других, защищать слабых, сообщать взрослым, если видим что-то опасное. Даже маленькие поступки могут быть важным.

Таким образом, закон и порядок нужны всем. Когда каждый старается вести себя правильно, общество становиться лучше и безопаснее. А значит, мы сами можем сделать мир вокруг нас добрее и спокойнее.

Юсуп Томирис
Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейі, 6 «И» сынып оқушысы

Қоғам – адамның айнасы. Ал сол қоғамның тәртіп пен заңға сүйенуі – оның өркениеттілігінің өлшемі. Заң мен тәртіп болмай, ешбір мемлекет алға жылжи алмайды. Алайда қағазға жазылған ереже бір бөлек, ал оны жүрекпен қабылдап санамен ұғыну – мүлде басқа дүние.

Заңды сақтау – қорыққанан емес, түсінгеннен басталады. Егер адам бала кезден әділдік пен ар-ұждан ұғымдарын бойына сіңірсе, ол ешқашан заңды бұзбайды. Заңның мақсаты – жазалау емес, бағыт беру. Сол себепті бірінші қадам – білім. Тәртіпке бағыну тек мектептің қабырғасында емес, отбасында да қалыптасады. Баланың ата-анасынан көргені – оның ішкі заңы болады. Көшеде қоқыс тастамау, үлкенге жол беру, әлсізді қорғау – бұлар да заңға бағынудың кішкентай көрінісі. Егер адамдар жол ережесін сақтаса, жол апаты азаяды. Бұл – тәртіптің нақты пайдасы. Демек, адам өз әрекетіне жауап беруді үйренсе, қоғам ішінде тәртіп автоматты түрде орнайды.

Адамға тәртіпті үйретететін оның ортасы. Бала өмірінің бір бөлігін мектепте өткізеді. «Заңды елдің баласы – тәртіпті болады» - деп Абай атамыз айтқандай

оқушы мектептің жарғысына бағынса, одан тәрбиелі, білімді ұрпақ шығатыны сөзсіз. «Заңның үстемдігі – мемлекеттіліктің мызғымас тірегі» - деп президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Қазақстанда әділеттілікті орнату үшін ең алдымен заң бәрінен биік тұруы керек екенін үнемі атап өтеді. Президент елде тәртіп пен жауапкершілік болмаса, ешқандай реформа да, даму да нәтиже бермейтінін айтады. Сондықтан заң мен тәртіпті сақтау – тек міндет емес, бұл парасаттың, сана биіктігінің дәлелі.

Қорытындылай келе, заңды жүрекпен ұғынған ел – болашағы жарқын демекпін.

Алмасқызы Ажар
Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейі, 7 «И» сынып оқушысы

Қоғам – алып кеме секілді. Ал сол кеменің бағытын заң деп аталатын желкен ұстап тұрады. Ал ергер ол жыртылса, кеме дауылға тап болып, бағытынан ауысады. Дәл сол сияқты заң болмаса немесе орындалмаса, қоғам да тәртіпсіздікке, бұзақылыққа, әділетсіздікке толып кетер еді. Адамзат қай заманда болмасын, тыныштық пен әділдікті аңсаған.

Заң жай ғана сөз немесе шектеу емес, ол қорғау. Заң бар жерде адамдар бір-біріне сеніммен қарайды, себебі барлық адамның құқығы тең, бәріне бір ереже. Мысалы, егер біреу заңсыз әрекет жасап, ал ол жазаланбаса, онда басқалар да соны қайталайды. Ал әділ заң орындалса, қоғамда тәртіп орнайды, адамдар жақсы өмір сүреді.

Мектептің де өз ережелері бар. Егер біз мұғалімнің еңбегін бағалап, тәртіпке бағынып, бір-бірімізді сыйласақ, мектеп те гүлденген қоғамға айналады. Егер бұл ережелер бұзылса, мектепте тәртіп бұзылады, оқушылардың оқуына кедергі болады. Тәртіп жоқ жерде білім жоқ.

Заң қоғамда ғана емес, әр отбасының, әрбір жанның ішкі дамуына, бала тәрбиесіне де керек. «Әр жанұя - шағын мемлекет», «Отан отбасынан басталады»деген сөздер тегін айтылмаған.

Қоғамның дамуы біздің қолымызда. Егер біз заңды құрметтеп өссек, ертең әділ, салауатты, дамыған елде өмір сүреміз. Мен ондай болашаққа сенемін.

Әр қоғамның жүрегі – тәртіп, ал тәртіптің тірегі – заң. Заңды сақтау – Отанды сүюдің бір жолы. Ендеше әділетті қоғамды құруға бірге ат салысайық!

Ақжол Кәусар
Сұлтанбек Қожанов атындағы № 64 мектеп-лицейі, 8 «Г» сынып оқушысы

Заң – адамдар арасындағы теңдік пен әділеттілікті талап ететін үлкен қоғамдық жүйе. Ата-бабамыз ежелден заңға, тәртіпке айтарлықтай мән берген. Бабаларымыздың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты маңызды шарттары болғаны бәрімізге мәлім. Біздің басты міндетіміз, өскелең ұрпаққа әділетті және өркениеті дамыған қоғам қалдыруымыз үшін, ең басты шарттардың бірі заң мен тәртіптің сақталуына ат салысу.

Мұстафа Шоқайдың «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты», - деген сөзімен толықтай келісемін. Яғни, заңның мықтылығын, жан-жақты екендігін, әрбір ұсақ-түйек мәселелерге заңның назар аудара алатынын, сондай-ақ жауынгерлеріміз сауытын киіп өзін қорғаса, тура солай мемлекетте заң арқылы өз құқығын, өз азаматтарын қорғай алатыны туралы терең ойда жазылған. Заң арқылы мемлекет ішкі тұрақтылық пен әділеттілікті қамтамасыз етеді. Менің ойымша, тәртіпке бағынып, әр басқан қадамымызды аңдап бассақ көптеген нәтижеге жетеміз. Себебі, барлық Қазақстанның азаматы мемлекеттің ішкі және сыртқы ережелерін ұстануға міндетті.

Заң мен тәртіпке бағынуды бала кезден бастаған жөн. Қазақта «Тәрбие – тал бесіктен басталады» - деп бекер айтылмаса керек. Тәртіп – қоғамдағы тыныштық пен қауіпсіздіктің кепілі. Егер мемлекетімізде қандай да бір тәртіпсіздік орнаған болса, онда қылмыс көбейіп, адамдар бір-біріне сенбей, қоғамдық орындарда мәдениетсіздік орын алары анық. Мәселен, жол ережесін бұзған жүргізушілердің салдарынан әр жыл сайын, тіпті әр күн мен сағат сайын көптеген адам қаза тауып, жарақат алып жатыр. Біз тәртіпті сақтайтын болсақ, елімізде осындай келеңсіздіктер біршама аз кездесіп, мәселелердің көрсеткіші төмендер еді. Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап, балалар құқық пен міндетті заң мен тәртіптің мәнін түсінсе, келешекте саналы әрі жауапты азамат болып өседі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқтам жасар болсам, заң мен тәртіп – қоғамның ажырамас бөлшегі. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» - дегендей, әр адам тұлға болып қалыптасқаннан бастап ережеге бағынуы керек. Тұрақты қоғам мен бейбіт мемлекет қалыптастыру жолында әр азамат жауапты. Өз әрекетіміз бен міндетімізді дұрыс орындасақ, болашағы жарқын, келешегі кемел, мәңгілік идеясы дамыған, тәуелсіздігі берік, тұғыры биік мемлекет боларымыз анық.

Уйсунбаев Ақжан
М.Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы, 8 «А» сынып оқушысы

Қоғамда тәртіп пен тыныштық болуы үшін әрбір азамат заңға бағынуы қажет. Заң – елдің ережесі, ал оны сақтау – әр адамның міндеті. Егер адамдар заңды құрметтесе, қоғамда әділеттілік орнап, мемлекет тұрақты дамиды.

Заңды орындау арқылы адамдар арасында сенім артады. Әркім өз құқығы мен міндетін білсе, дау-дамай азайып, бейбіт өмір қалыптасады. Мысалы, жол ережесін сақтау – тек жүргізушілердің ғана емес, барлық адамның өміріне қауіпсіздік әкеледі. Ал, салық төлеу сияқты міндеттерді орындау – мемлекеттің экономикалық дамуына ықпал етеді. Бұл қаражат мектеп, аурухана, жол сияқты халыққа қажетті нысандарға жұмсалады.

Адам баласы ерте заманнан бері қоғамда өмір сүріп келеді. Қоғамда әркім өз білгенімен өмір сүрсе, тәртіп бұзылады, қылмыс көбейеді. Сондықтан заң – адамдардың бір-біріне деген жауапкершілігін арттырып, бейбіт өмір сүруге көмектеседі. Заң бар жерде тәртіп болады, тәртіп бар жерде әділеттілік пен тыныштық орнайды.

Мектептегі тәртіп те – заңға бағынудың алғашқы қадамы. Егер оқушылар мектеп ережелерін сақтаса, білім алу үдерісі жүйелі жүреді. Тәртіпті бала – болашақта заңға бағынып, елге қызмет ететін азамат болады.

Менің ойымша, қоғамның дамуы – әр азаматтың жауапкершілігіне байланысты. Біз кішкентай болсақ та, өз тәртібімізбен, заңға деген құрметімізбен үлкен өзгеріске үлес қоса аламыз. Заңды орындау – бұл тек қорқыныштан емес, елге, Отанға деген сүйіспеншіліктен туындайтын іс.

Қорыта келе, мен «Білімім – Отаныма» деген сөзді шын жүрегіммен айтып, заңға бағынатын, жауапкершілікті азамат болуға ұмтыламын. Заңды құрметтеу – елдің болашағын жарқын ететін маңызды қадам.

Талғат Амина
Мағжан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы, 7 «В» сынып оқушысы

Адалдық – адам бойындағы ең асыл әрі маңызды қасиеттердің бірі. Ол – адамның ішкі әлемін, рухани тазалығын, өмірге деген көзқарасын айқындайтын рухани шамшырақ. Қазақ халқы ежелден адалдықты жоғары бағалаған, оны ұрпақ тәрбиесінің өзегіне айналдырған. «Адалдық – ардың ісі», «Адал еңбек – абыройдың бастауы» деп бекер айтылмаған.

Бүгінгі таңда елімізге тек білімді емес, сонымен қатар адал азаматтар қажет. Себебі білім мен талант – қару болса, адалдық – сол қарудың бағыт-бағдарын айқындайтын рухани компас. Нағыз адал азамат – елінің болашағын ойлайтын, әділдік пен шындықты ту еткен, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын тұлға. Мұндай азаматтар қоғамға сенім ұялатып, өзгелерге үлгі бола алады.

Адалдық дегеніміз – тек өтірік айтпау емес. Ол – уәдеге берік болу, аманатқа қиянат жасамау, өзгенің еңбегін құрметтеу, заң мен тәртіпке бағыну, әділетсіздікке жол бермеу. “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” деген сөз – адалдықтың

биік өлшемін көрсетеді. Адал адам қиындықта да шындықты айта алады, ар-ожданын бәрінен жоғары қояды.

Мен өзімді болашақта еліне адал қызмет ететін, әр ісінде әділеттілікті басты қағида ететін азамат ретінде көремін. Себебі менің жүрегімде Отанға деген махаббат, халқымның сенімін ақтауға деген құлшыныс бар. “Ел үмітін ер ақтар” дейді халқымыз. Ал сол елдің үмітін ақтау үшін ең алдымен адам бойында адалдық пен ар-ұят болуға тиіс.

Адал азамат болу – әрдайым оңай емес. Кейде ол күресуді, ішкі принциптеріңе берік болуды, жалғыз қалуды да талап етеді. Бірақ дәл осы қасиет – адамды нағыз тұлғаға айналдырады. Бауыржан Момышұлы “Тәртіпке бағынған құл болмайды” деген. Тәртіп пен заңға бағыну да – адалдықтың бір көрінісі. Әр азамат заңға бағынса, өз ісіне жауап берсе, қоғамда тәртіп те, әділдік те орнайды.

Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлғалар. Біздер бойымызға адалдықты, еңбекқорлықты, шыншылдықты дарытып өссек, Қазақстанның болашағы нұрлы болары анық. Себебі “Арыңды сатпа, барымды сат” деген халық адалдықтан ешқашан бас тартпаған.

Мен үшін адал азамат дегеніміз – өз сөзіне берік, еліне, жеріне, халқына адал қызмет ететін, ешкімге қиянат жасамайтын, шыншыл әрі әділ адам. Ондай азамат – отбасының, қоғамның, тіпті мемлекеттің тірегі. “Адамның ұяты бетінде, адалдық – ниетінде” дейді дана халқымыз. Ендеше, ниеті таза, ісі адал жастар көбейсе, еліміздің болашағы да жарқын болмақ.

Қорыта айтқанда, адал болу – бұл таңдауға байланысты емес, бұл – адамгершіліктің түп-тамыры. Егер біз әрқайсымыз өз өмір жолымызды адалдықпен бастасақ, тек өзіміз үшін емес, тұтас ел үшін жақсылық жасаймыз. Мен адал азамат болуға ұмтыламын. Өйткені адалдық – ұлттың үміті, елдің рухани байлығы. Адал азамат – болашақтың алтын тірегі. «Адалдықты ту еткен елдің ұрпағы ешқашан адаспайды!»

Шаймарданова Амина
Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейі, 7 «Е» сынып оқушысы

Заң – мемлекеттің әрбір азаматы орындауға міндетті ережелер жиынтығы. Оны орындау үлкен маңызға ие, себебі заңмен ғана қоғам дұрыс дамиды. Заңға бағынып, оны жасау өзектілікті қамтиды, заң орындалмаса жаппай өзгерістер мен қиындықтар туындайды.Ал заң қоғамның дамуына қалай әсер етеді?

Заң – міндетті ереже болғандықтан оны әр адам жасайды. Және қоғамға заң үлкен үлесін қосады. Заң тәртіп орнатуда, адам құқығын қорғауда, экономикалық шарттарды орындауда, әділеттілік орнатуда пайдасын тигізеді. Мысалы, адамдар заң болғандықтан жол ережесіне бағынып, қатаң тәртіппен жолда көлікті айдайды және қазақстандықтар не жасауға құқылы екенін біледі және тәртіппен әрекет

жасайды, сонымен қатар, келісім шарттар заңмен тағайындалады, ал әділеттілікке келетін болсақ, сот үкімі қатаң заңды шешім қабылдауды ескереді. Тағы қоса кетсем, заң қоғамдағы қауіпсіздікке жауап береді. Егер заң мен тәртіп болмаса нағыз алапат төңкеріліс басталар еді.

Өйткені қоғамда арампиғылды, жаман адамдар бар екенін білеміз. Олар заң болғанымен, қазірдің өзінде ақырындап кесірлерін тигізіп жүр. Ал заң болмаса, олардың жасырып сақтап отырған жамандықтары толықтай сыртқа шығып, басқа адамдарға қандай кесірін тигізетінін ойлау қорқынышты. Сол үшін заң мен тәртіп - қауіпсіздік кепілі деп айтсақ болады

Қорытындылай келе, заң қоғамның даму кілті деп айтсақ болады. Заң қоғам дамуына тәртіп жағынан, экономика жағынан, адамгершілік жағынан, қауіпсіздік жағынан әсер етеді. «Заң бар жерде – тәртіп бар» деп бекер айтылмаған.

Қаршыға Рақымжан
Дінмұхамед Қонаев атындағы № 66 мектеп-лицейі, 6 «К» сынып оқушысы

Біз XXI ғасырдың ұрпақтары, адам құқықтары мен бостандықтырының орындалуына кепілдік беретін, қазіргі заманғы демократиялық қоғамда өмір сүреміз. Әрқайсысымыз күнделікті өмірде бір рет болсын: «Бұл менің құқығым» деп айтқан шығармыз. Қазіргі қоғамда алдымен өзіңнәің беделің, ұлттық құндылығың және азаматтық құқықтарың жайлы ақпаратқа ие болу өте маңызды болып табылады. Осы орайда бізде мынадай сұрақтар туындайды: «Менің құқықтарым бар ма?. Олар толық орындалады ма?».

Қазақстан Республикасында әр азаматтың, еңбектеген сәби мен еңкейген қартқа дейін, бәрінің құқықтары заңмен қорғалады. Өз кезегінде адам- басқалардың құқықтарын бұзбауы, олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысына қол сұқпауы керек. Адамзаттың жалпы қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттері: мемлекетті қорғау, салық төлеу, рәміздерді құрметтеу және ер-азаматтары арнайы Отан алдындағы борышы орындалуы тиіс.

Мен қазақ елінің патриоты, ҚР-ның заңды азаматы ретінде бірқатар құқықтарға иемін. Сәби дүние есігін ашқан сәттен бастап өмір сүру құқығына ие. Ал өсе келе тоғыз-он бір жылды қамтитын орта білімді тегін алу құқығына ие болады. Менің қазіргі сәттегі құқықтарымның бірі осы білім алу саласына қатысты. Үлкен мектеп, жарық та кең, әдемі бөлме жақсы білім алып, тәртіпті, саналы азамат болып, болашақта үлкен маман иесі атану үшін жасалған. Ойымды қорытындылайтын болсам, ата-заңның баптарын жүректен өткізетін болсақ, сол адам өз құқығын дұрыс біліп, қорғай алмақ және қорғана алмақ!

Сламқайыр Әмина

І.Есенберлин атындағы № 67 гимназия, 5«Ә» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – қауіпсіз өмірдің негізі

Әр адам қоғамда тыныш әрі қауіпсіз өмір сүргісі келеді. Ол үшін заң мен тәртіп болуы керек. Заң - адамдардың бәріне ортақ ереже. Ал, тәртіп - осы ережелерді дұрыс орындау.

Менің ойымша, заң мен тәртіп – қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізі болып табылады. Себебі, заң бұзылған жерде әділетсіздік орын алады. Ал, тәртіп сақталмаса, бейберекеттік басталады. Мемлекеттің өркендеуі үшін әділ заңдар мен оны орындайтын азаматтар қажет. Мектепте де, үйде де тәртіпке баулу маңызды.

Мысалы, жолда бағдаршамның қызыл шамы жанғанда тоқтау – заң. Бәріміз қоғамда белгіленген заңды сақтасақ, жолда апат болмайды. Бұл туралы ата–аналарымыздың, ұстаздарымыздың айтқан ақылын тыңдауымыз керек.

Мектепте де арнайы тәртіп ережесі бар. Мұғалімдерді тыңдау, сабаққа кешікпеу, оқушы киім үлгісін сақтау- осының бәрі тәртіпке жатады. Тәртіп - адамның жауапкершілігі мен мәдениетін көрсетеді. Тіпті, қоқысты жерге шашпау сияқты қарапайым әрекеттердің өзі заң мен тәртіпті сақтаудың бастамасы емес пе?!

Ендеше, мен өз достарыма бір-бірімізге құрметпен қарауды, дөрекі сөйлемеуді, рұқсатсыз біреудің затын алмауды ұсынамын. «Тәртіп орнамай, істе береке болмайды» демекші, егер бәріміз осы тәртіптерді ұстансақ, дос табу да, өмір сүру де жеңіл болар еді.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіпті сақтау – әр азаматтың борышы деп ойлаймын. Сол себепті ата-анамыз бен мектептегі ұстаздарымыз айтқан тәртіптерді бұлжытпай орындау маңызды. Сол арқылы біз қауіпсіз, әділетті қоғам құра аламыз. Өйткені менің болашағым- тыныш әрі әділ қоғамда!

Бақтыбай Ақзере
Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия, 8 «В» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – тіршілік тынысы

Қоғам – алып кеме. Ол кеменің бағытынан жаңылмай, дауылдан аман өтуі – тікелей заң мен тәртіптің сақталуына байланысты. Егер әрбір азамат осы көрінбейтін, бірақ қуатты ережелерге бағынса, қоғам бейбітшілік пен тұрақтылықтың айдын көліне айналады. Ал егер заң аяқасты етілсе, ел ішін бүліншілік жайлап, өмір кемесі бағытынан адасады.

Біріншіден, заң – бұл қоғамның жүрегін соқтыратын жүйе, тіршіліктің тынысы. Ол адамдардың құқығы мен бостандығын қорғап, әділеттің ақ туын желбіретеді. Заң болмаған жерде күшті әлсізді басады, бай кедейге үстемдік етеді,

әділетсіздік алға шығады. Сондықтан заңды сақтау – әрбір саналы адамның ең қасиетті борышы. Заң – қорған, заң – әділдіктің алтын таразысы.

Екіншіден, заңды орындау – бұл қоғамның дамуына соқпақ емес, кең даңғыл жол салу. Әрбір сақталған ереже – болашаққа қойылған берік іргетас. Мәселен, салық төлеу, қоғамдық тәртіпке бағыну, жол ережелерін сақтау – бұлар тек қарапайым әрекеттер ғана емес, олар елдің экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуына қосылған үлес. Заңдылық сақталған ел – гүлденген бақша іспетті: әр гүл өз орнында, әр тамыр тереңге жайылған.

Үшіншіден, мен де қоғамдық тәртіпті сақтау жолында өз үлесімді қоса аламын. Бала болсам да, жауапкершілікті сезінемін. Мектепте тәртіпті болып, өзгелерге үлгі көрсету – мен үшін парыз. Қоғамдық орындарда мәдениеттілік таныту, табиғатты аялау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – бұл менің ішкі заңым, ар-ұятымның үні. Әрбір дұрыс іс – менің ел болашағының іргетасының қалануына қосқан кішкентай кірпішім.Заң алдында барлығымыз бірдейміз. Заңға бағынған қоғамның дамуы зор болады. Мысалы, мен жасөспірім ретінде, мектеп парламент мүшесінде болсам, құқық қорғау, экологиялық және еріктілер жобаларына қатысып, қоғамның түрлі өзекті мәселелерін шешуге қатысамын. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына да үлесімді қосамын.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – қоғамның алтын қазығы, тыныштықтың тұғыры. Олар сақталған жерде әділет пен бейбіт өмір салтанат құрады. Әрбір азамат осы рухани ережелерге сүйеніп өмір сүрсе, біз болашақта мызғымас мемлекет, тату ел болып қалыптасамыз. Сол елімнің мен азаматшасы ретінде өз пайдамды тигіземін. Заң – елдің айнасы, тәртіп – халықтың, менің ар-намысым.

Кусаинова Аружан
І. Есенберлин атындағы №67 гимназия, 9 «Ә» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп сақталу үшін не істеу керек?

Қоғамның тыныштығы,тұрақтылығы заң,тәртіпке тікелей байланысты. Заң - мемлекеттің негізгі тірегі, тәртіп - азаматтардың саналы түрде сол заңға бағынуының көрінісі. Егер елде заң үстемдігі орнаса, онда әділеттілік, қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.Заң - адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғап, әділеттілікті орнататын құрал. Ол қоғамдағы әр адамның әрекетіне шектеу қойып, олардың бір-бірінің құқығын бұзбауына жағдай жасайды. Тәртіп болса - заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін мінез-құлық тәртібі. Тәртіпсіз қоғамда ешқандай заңның күші болмайды, заң бар жерде тәртіп болуы қажет.Мысалы, жол ережелерін сақтау - тек жазадан қорқу емес, бұл әр адамның жауапкершілігін көрсетеді.Мемлекеттік немесе қоғамдық ережелерді сақтау, елдің дамуына үлес

қосады. Әр азамат заң, тәртіпті құрметтесе, мемлекетіміз өркендеп, болашағы жарқын болады.

Заң мен тәртіптің қоғамда тұрақты сақталуы – елдің дамуы, халықтың әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Бұл мақсатқа жету үшін бірнеше маңызды шаралар атқарылуы қажет:Құқықтық сауаттылықты арттыру.Әр азамат өз құқықтары мен міндеттерін жақсы білуі керек. Мектептен бастап құқық негіздері оқытылып, ақпараттық құралдар арқылы халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс.Тәртіпке тәрбиелеу отбасынан басталуы керек.Баланы кішкентай кезінен тәртіпке, заңға құрметпен қарауға үйрету – келешек саналы ұрпақтың негізі. Отбасы, мектеп және қоғам бірлесе жұмыс істеуі тиіс.

Қоғамдық тәртіп - ел тыныштығы,қауіпсіздігінің кепілі. Әр адам осы тәртіптің сақталуына өз үлесін қоса алады. Мен қоғам мүшесі ретінде қоғамдық тәртіптің орнауына жауапты екенімді түсінемін,оған өзімше үлес қосып келемін.Ең алдымен, өзім күнделікті өмірде заң ережелерін қатаң сақтауға тырысамын. Мысалы, көшеде жол ережесін бұзбаймын, қоғамдық орындарда тыныштық сақтап, мәдениетті түрде жүріп-тұруға мән беремін. Айналамдағы адамдарға дұрыс үлгі көрсетуге тырысамын. Тәртіпсіздікке жол бермей, қажет болса, басқаларға ескерту жасап, дұрыс бағыт көрсетемін. Өзімнің достарыма заң мен тәртіпті құрметтеу керектігін айтып жүремін.Қоғамдық шараларға қатысып, ерікті болу арқылы қоғамдық тәртіпке үлес қосуға болады. Мектепте, тұрғылықты жерде тазалық, тәртіп сақтау жұмыстарына атсалысып жүрмін.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп - қоғамның айнасы. Қоғамдық тәртіп - тек полиция мен мемлекеттің емес, әр адамның ортақ жауапкершілігі. Мен өз үлесімді саналы әрекет, мәдениетті мінез-құлық,заңға деген құрмет арқылы қосуға тырысамын. Осылайша, қоғамымыз тыныш, әрі тұрақты боларына сенемін. Әрбір адамның бойында заңға деген құрмет пен тәртіпке бағыну сезімі болса, онда қоғамымыз бейбіт, әрі әділетті болары сөзсіз. Заңды білу - білімділіктің, ал тәртіпті болу - парасаттылықтың белгісі.

Құрманбай Гүлсезім
Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназия, 8 «Б» сынып оқушысы

Заңды орындау қоғамның дамуына қалай әсер етеді?

Әр қоғамның дамуының өз негізі бар. Сол негіздердің ішіндегі ең маңыздысы – заң. Заң – тек қана ереже немесе шектеу емес, ол – адамдардың бір – біріне деген жауапкершілігі мен сыйластығының көрінісі. Егер қоғам мүшелері заңды орындаса, қоғам алға басады, тұрақтылық пен әділдік орнығады.

Қарапайым мысалмен айтқанда, егер әрбір адам өз міндетін орындап, заңға бағынса, бүкіл қоғамда тыныштық орнайды. Мектеп оқушысынан бастап,

министрге дейін заңды орындаса, ешкімнің құқығы тапталмайды, адамдар бір – біріне сеніммен қарайды. Сенім бар жерде - бейбіт өмір бар.

Сонымен қатар, заңды орындау - қоғамның болашағына инвестиция салу деген сөз. Тәртіп орнаған жерде ғылым, білім, бизнес, медицина - барлығы дамиды. Себебі, заңдылық бар жерде адамдар қауіпсіз өмір сүреді, өз армандарына сеніммен ұмтылады.

Бірақ заңды орындау үшін тек қорқу немесе міндет сезімі жеткіліксіз. Ол үшін әр адамда ішкі тәртіп, ар – ұят болуы керек. Егер адам заңға сырттай ғана бағынса, бірақ ішінен қулық іздесе, қоғам ілгері баспайды. Шынайы даму - адалдықпен келеді.

Қоғам - әр адамның айнасы. Біз қандай болсақ, қоғам да сондай. Егер біз заңды құрметтеп, шын ниетпен орындай білсек, болашағымыз жарқын, өміріміз тыныш болады. Заңға бағыну - бұл тек міндет емес, бұл – ұлтқа деген сүйіспеншілік.

Ермек Ақбөпе
Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясы, 9 «Ә» сынып оқушысы

Әрбір қоғамның тұрақты дамуы мен бейбіт өмірі үшін заң мен тәртіптің сақталуы аса маңызды. Заң – бұл қоғамдағы адамдардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін ереже, ол тәртіп – осы заңдарды орындаудың нақты көрінісі. Заң мен тәртіп сақталмаған жерде бей-берекетсіздік пен әділетсіздік орын алады.

Ең алдымен,әр адам өз құқығы мен міндетін жақсы түсіну,заң мен тәртіптің сақталуына қадам жасау болып табылады. Ата-аналар мен мұғалімдер бізге жастайымыздан адал болуды,өз ісімізге жауапкершілікпен қарауды,әрқашан дұрыс жолда болуымызға дәріптейді. Бұл-тәртіпке бастар жол. Сонымен қатар,заң талаптарын бұзған адамдарға тиісті жаза қолданылуы тиіс.Бұл өз кезегінде басқа азаматтарға үлгі болып,заң бұзушылықтың алдын алады.Қазіргі кезде ұрлық пен есірткі қоғамның басты мәселесі болып табылады. Бұл біздің жастардың өміріне кері әсерін беріп жатыр. Есірткі сататын адамдар жастардың өмірін ойламай,тек осы істен ақша,пайда жасауда. Бұл біздің болашағымыз үшін өте қауіпті. Заңның орындалуы қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Себебі,заң орындалған жерде әділеттілік орынайды,адамдар бір-біріне сеніммен қарайды , қауіпсіздік қамтамасыз етіледі. Мұндай қоғамда білім, ғылым, экономика салалары да қарқынды дамиды. Мен қоғамның дамуына өз үлесімді мектептен бастай аламын. Мысалы, қоғамдық жұмыстырға белсенді қатысуға,мектеп ережелерін сақтауда,өзгелерге көмек беріп,үлгі болуға тәртіп пен заңға деген құрметтің бір бөлігі деп ойлаймын.

Қоғамның жарқын болашағы жастардың қолында. Егер біз, жаңа ұрпақ заңмен тәртіпті ұстанып, елімізді әрі қарай дамытсақ,көптеген жетістіктерге жете алатынымзға сенімдімін. Әр адам өзінің әрекеті арқылы заң мен тәртіптің дамуына үлес қоса алады. Заңды құрметтейік, тәртіпті болайық – еліміздің гүлденуі өз қолымызда.

Түлепбек Айзере
Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясы, 7 «Б» сынып оқушысы

Қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуі заң мен тәртіпке тікелей байланысты.

Заң мемлекеттің тірегі, ал тәртіп сол заңның жүзеге асу құралы. Егер қоғамда заң сақталмаса, бейберекеттік пен әділетсіздік орын алады. Ал заңдылықтың сақталуы үшін тек үкіметтің немесе полицияның ғана емес, әрбір азаматтық саналы әрекеті қажет. Осы эсседе заң мен тәртіптің не үшін маңызды екені және оны сақтау үшін қандай шаралар қолдану қажет екені талқыланады.

Бірінші кезекте, заң мен тәртіп сақтау-азаматтық жауапкершілікпен тығыз байланысты. Әр адам өз құқығын құрметтеуге міндетті. Бұл ұстаным адамдар арасында түсіністік пен сенімділік орнатады. Мысалы, жол ережесін сақтау-тек өз қауіпсіздігі ғана емес, айналаңдағы адамдардың да амандығын қамтамасыз ету.

Екіншіден, білім мен тәрбиенің маңызы зор. Мектеп қабырғасынан бастап балаларға заңға бағынудың маңызын түсіндіру керек. Жасөспірімдерге құқықтық тәрбие беру арқылы болашақта заңды бұзбайтын, өз міндетін білетін азамат қалыптасады. Отбасында үлкендердің үлгісі де ерекше рөл атқарады. Егер ата-ана заңды сыйласа, бала да сол әдетті бойына сіңіреді.

Үшіншіден, мемлекеттік органдар мен құқық қорғау саласы әділ әрі ашық болуы тиіс. Халық пен билік арасында сенім орнаған кезде ғана азаматтар заңға бой ұсынады. Құқық қорғау органдары қызметінде парақорлық, әділетсіздік сияқты келеңсіздіктер болмау қажет. Қоғамда әділет салтанат құрғанда ғана тәртіп орнайды.

Төртіншіден, ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілірде тәртіпті насихаттауда үлкен рөл атқарады. Заңды құрметтеу мәдениетін қалыптастыру үшін халыққа дұрыс ақпарат жеткізу маңызды. Теледидар, интернет, баспасөз арқылы заң туралы білім беріп, оң үлгі көрсететін кейіпкерлер мен оқиғаларды дәріптеу керек.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп - әрбір қоғам мүшесінің қатысуын талап ететін маңызды ұғымдар. Оларды сақтау үшін білім беру, тәрбие, әділетті басқару және қоғамдық сана қалыптастыру қажет. Егер де адам өзінен бастап тәртіпті сақтаса, қоғамымыз қауіпсіз, әділетті және дамыған болмақ. Заң үстемдік еткен жерде ғана нағыз өркениетті қоғам орнайды.

Егінбаева Лаура
Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназиясы, 9 «А» сынып оқушысы

Қоғамның өркендеуі мен тұрақты дамуы – әрбір азаматтың заңға деген құрметінен басталады. Заң – елдің тірегі, қоғамның тәртібі мен әділеттілігін қамтамасыз ететін құрал. Егер әр адам заң талаптарын сақтап, азаматтық борышын адал атқарса, ел ілгерілеп, бейбіт әрі әділ қоғам қалыптасады. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген Бауыржан атамыздың нақыл сөз осының дәлелі.

Заңды сақтау - адам құқықтарын қорғаудың басты шарты. Әрбір адамның құқықтары мен бостандықтары заңмен белгіленеді. Егер заң орындалмаса, әлсіздер мен қорғансыз жандар әділетке жете алмай, қоғамда тәртіпсіздік орнайды. Сондықтан заң - барша азаматқа тең, әділ тәртіптің тірегі болуы тиіс. Мұндай қоғамда адамдар арасында өзара сенім, тыныштық пен тұрақтылық қалыптасады.

Заңды орындау - ұрпаққа үлгі болатын қасиет. Бала ересектерден көргенін қайталайды. Егер ата-аналар, ұстаздар мен көшбасшылар заңға бағына білсе, жас ұрпақ та заңға мойынсұнып өседі. Бұл – ұлттық тәрбие мен мәдениеттің негізі. «Не ексең, соны орасың» деген мақал осы тұрғыда ерекше мәнге ие. Заңға құрмет – елге, Отанға деген сүйіспеншіліктің бір көрінісі.

Қоғамда заң бұзушылар да болуы мүмкін. Бірақ заң бұзған адам әділ жазаланып, оның ісіне тиісті үкім шығарылса, бұл өзге азаматтарға сабақ болып, келесі құқықбұзушылықтың алдын алады. Мұндай әділетті жүйе – азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырады. Ал сенімсіз қоғамда даму болмайтыны анық.

Қорыта айтқанда, заңды орындау - қоғамның рухани, әлеуметтік, экономикалық және саяси салаларында тұрақтылық пен даму қалыптастыратын маңызды фактор. Әрбір азамат заңға мойынсұнып, өз құқығын да, өзгенің құқығын да құрметтегенде ғана әділетті әрі өркениетті ел қалыптасады. «Заңы жоқ ел – болашағы жоқ ел» деген сөз тегін айтылмаған. Сондықтан заңға бағыну – елдің дамуына қосылған әр адамның үлесі. Заңымызды құрметтеп,оған бағына білейік!

Азатова Айым
Т.Жүргенов атындағы № 70 мектеп-лицейі, 5 «А» сынып оқушысы

Әр адамның бейбіт, тыныш, әділетті өмір сүруі – ол қоғамдағы заң мен тәртіпке байланысты. Егер елде заң болмаса, адамдар өз білгенін істеп, бір-біріне зиян келтірер еді. Ал тәртіп арқылы бірлік, сыйластық, әділеттілік орнайды. Сондықтан заң мен тәртіп – қоғамның негізі.

Бала кезімізден бастап бізге «ережені сақта», «тәртіпке бағын» деп үйретеді. Бұл бекер емес. Өйткені тәртіпсіз жерде оқу да, жұмыс та жүрмейді.

Мысалы, мектепте арнайы ережелер бар. Сабаққа кешікпеу, мұғалімді тыңдау, достарыңа дауыс көтермеу – осының бәрі тәртіпке жатады. Егер бір оқушы шулап, ереже бұзса, бүкіл сыныпқа зиян келтіреді.

Біз 5-сыныпта Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасын оқыдық. Қожа – ерке бала, тәртіпке бағынғысы келмейді. Бірақ соңында ол өзінің қателігін түсініп, түзелуге тырысады. Бұл – әр балаға үлгі. Тәртіпсіз болсаң, саған сенім болмайды. Ал тәртіпке келсең, бәрі өзгереді. Сонымен бірге көшеде бәрі жол ережесін сақтаса, апат болмайды. Бағдаршам қызыл болса – тоқтаймыз, жасыл жанғанда ғана өтеміз. Бұл – заң. Оны сақтамау – өз өмірімізге де, өзгелерге де қауіпті.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп – тыныш қоғамның, білімді ұрпақтың, әділетті болашақтың кепілі. Біз – еліміздің болашағымыз. Сондықтан заңды бұзбай, тәртіпті сақтап, мейірімді, әділетті адам болу – әрқайсымыздың борышымыз. Ұлы тұлғалардың сөзімен айтсақ, тәртіп – табыстың кілті. Осыны есімізден шығармайық!

Болатұлы Елдосым
Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейі, 6 «Д» сынып оқушысы

Әрбір адам қоғамда өмір сүру үшін белгілі бір тәртіп пен заңға бағынуы қажет. Заң — ел ішіндегі тәртіпті қамтамасыз ететін маңызды құрал. Ал оны сақтау – тек полиция қызметкерлерінің емес, әрбір қазақстандық азаматтың міндеті. Мен де өз тарапымнан заң мен тәртіпті сақтауға үлес қосуға тырысамын.

Бірінші кезекте, мен мектепте тәртіп ережелерін сақтаймын. Педагогтер мен сыныптастарымды сыйлап, дау-дамайдан аулақ жүруге тырысамын. Қоқысты кез келген жерге тастамай, қоршаған ортаға қамқорлықпен қараймын. Бұл — заңға бағынудың алғашқы қадамдары деп түсінемін.

Екіншіден, көшеде жүріп келе жатқанда бағдаршамға бағынамын, жол ережелерін қатаң сақтаймын. Өзімнен кішілерге де жолда жүру мәдениетін үйретіп, ескерту жасап отырамын. Бұл менің қоғам алдындағы кішігірім, бірақ ең маңызды үлесім деп санаймын.

Сонымен қатар ғаламторды қолданғанда да киберқұқық бұзушылықтардан аулақ болуға тырысамын. Өзгелердің жеке өміріне құрметпен қарап, жаман пікір жазбауға тырысамын.

Мен болашақта заң саласында қызмет жасағым келеді. Себебі әділдік пен тәртіпті сақтау — кез келген мемлекеттің дамуының кепілі болып табылады. Бүгінгі таңда кішкентай болсам да, өз іс-әрекетім арқылы үлкен жауапкершілікті сезінемін.

Ойымды түйіндей келе, әр адам өзінен бастап заң мен тәртіпке бағынса, қоғамымыз әлдеқайда қауіпсіз әрі әділетті болады деп сенемін.

Жолдас Бекайдар
Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейі, 9 «Б» сынып оқушысы

Қоғамның тұрақтылығы - ол заң мен тәртіптің сақталуы. Егер заң бұзылып, тәртіпсіздік орын алса, ол кезде қоғам құрдымға кетеді, сол үшін де бұл маңызды. Қазір барлық жерде өзіндік тәртіп пен заң бар. Оны сақтау өзекті. Ендеше, заң мен тәртіп сақтау жолындағы менің үлесім қандай?

Біріншіден, менің ойымша, кез келген затты қалыптастыру үшін адам өзінен бастауы тиіс. «Тұрақты қоғам құрғың келсе, өзіңнен баста» деген сөз бар және бұл өте мағыналы сөз. Себебі, әр адам қайда болмасын ол сол жердің тәртібі мен заңына бағынса, барлығы жақсы болады. Мен өзім мектептің тәртібін ұстанамын,мектептің бірыңғай талап ережелерін сақтаймын. Қоғамдық ортада ойға келмес қылық істеуден де аулақпын. Демек, әрбір адам өзі тәртіпті азамат болса, сол кезде оның үлесі де орасан зор болады.

Екіншіден, тәртіп те, тәрбие де отбасынан басталады. Себебі, «Тәртіп - тәрбиенің бастауы, тәртіпсіздік өміріңнің қас жауы» деген сөз бар. Мысалы, отбасында да, мектепте де осы тәрбиені үйретеді.«Ұяда не көрсең,ұшқанда соны ілерсің»деген халық даналығы бар.Ендеше, ата-анамыздың берген тәрбиесі менің өмірлік ұстанымым деп ойлаймын, өйткені «Тәрбиесіз берілген білім ,адамзаттың қас жауы» деген сөз де бар.

Сондықтан, мен де тәрбиелі азамат болуға тырысамын, яғни бұл да менің үлесім деп ойлаймын.

Үшіншіден, «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген Бауыржан атамыз.Мен мектептегі барлық міндетімді адал атқарамын. Сабақтан қалмаймын,кешікпеймін.Сыныптас достарыммен доспын, дау-жанжалдан аулақ жүремін. Тәртіпті болсаң, жаман қылықтың құлы болмайсың . Сынып сағаттарында Алтын апай заң мен тәртіп туралы әңгімелер өткізеді.«Жақсыдан үйренсем, жаманнан жиренсем», ол менің тәртіп заңына қосқан үлесім.

Қорытындылай келе, тәртіп-ол тұрақты қоғамның іргетасы.Тыныштық пен бейбіт өмір болу үшін заңға бағыну керек.Елімнің азаматы ретінде тәртіп пен заңды сақтаймын және үлесімді қосуға атсалысып жүрмін. Ендеше, осы заң мен тәртіпті ұстануға кеңес беремін. Заңды сыйлау-әр оқушының қоғам алдындағы жауапкершілігі.

Аскербекова Жасмин
№ 71 мектеп-лицейі, 5 «ә» сынып оқушысы

Заң - ел ішіндегі тәртіп пен қауіпсіздікті сақтайтын қасиетті ереже. Ол жоқ жерде әділет жоғалады, ал әділетсіз қоғамның болашағы бұлыңғыр. Заңды орындау - тек міндет емес, ол әрбір азаматтың мемлекетке деген адалдығының көрінісі.

Заңды орындау қоғамның дамуына үлкен үлес қосады демекші, тұрақтылық орнау, халық құқығының қорғалуы да сол мәнге жат емес. Мұндай ортада білім өркендеп, мәдениет гүлденеді. Қылмыс азайып, сенім артады, адамдар бейбіт өмір сүруге ұмтылады. Осылайша заңның мәні тек қана әлеуметтік тәртіпті сақтау емес, ол адамдардың бір-біріне қатынасын көркейтеді, қылмыс, жемқорлық деңгейін төмендетеді. Жақсы жаққа бағытталған тұтас ереженің орны ерекше.

Қорытындылай келе, тәртіпке сүйенген адам мен қоғам - дамудың басты жолында. Заңды орындау - бұл елдің жарқын болашағының кепілі. Осы өмірді ұлағатты ұстану арқылы заңды бұзбайық!!!

Жетпісбай Аслы
№71 мектеп-лицейі, 5 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен әділдік орнауы үшін заң мен тәртіптің сақталуы аса маңызды. Заң - бұл бәріне ортақ ереже,ал тәртіп-сол нәрсеге бағыну.Егер әр адам заңға мойынсұнып , өз міндеттерін адал орындаса,елде бейбіт өмір қалыптасады.

Ең алдымен,тәрбие отбасынан басталады. Ата-ана баласына дұрыс пен бұрысты үйретіп,заңға құрметпен қарауды үйретуі керек. Сонымен қатар, мектепте оқушыларға құқықтық тәрбие беру маңызды. Заңдарды түсіну арқылы олар болашақта дұрыс шешім қабылдай алады.

Мемлекет те өз тарапынан әділ сот жүйесін , адал полиция қызметін және ашық басқаруды қамтамасыз етуі керек.Әрбір азамат өз құқығы мен міндетін білсе, қоғамда тәртіп те, тыныштық та болады .

Қорытындылай келе, заң мен тәртіпті сақтау –баршамыздың ортақ борышымыз.

Дюсебаева Алима
№ 72 мектеп-лицейі, 9 «Е» сынып оқушысы

Закон и порядок: струны, на которых играет общество.

Закон – не просто свод параграфов, а музыка, по которой играет оркестр под названием «общество». Но как в любой симфонии, всегда найдется фальшивая нота. Порядок- это дирижер, который стремится эту фальшь устранить. Однако можно ли построить идеальный порядок в мире где человек существует без внутренней честности и совести?

Читая «Ревизора» Н. В. Гоголя, я поняла: закон может быть. Но порядок без совести невозможен. Чиновники города боялись не закона, а человека, которого за него приняли. Они начинают метаться, скрывать свои грехи, потому что привыкли жить не по совести, а по страху. Порядок в городе – только видимость. Автор прямо говорит нам: «Чему смеетесь? – Над собой смеетесь!» Гоголь смеется, а мы узнаем в этих героях многое и о себе.

Другой пример – роман А. С. Пушкина «Капитанская дочка». Гринев стоит перед сложным выбором: выдать Пугачева или сохранить данное слово. Гринев не идет против чести, н предает себя – и именно этот внутренний порядок важнее любого царского указа. «Береги честь смолоду» - не просто пословица, а ориентир, который помогает герою сохранить лицо и душу.

Я живу в Казахстане, где слова честь и совесть – до сих пор значат больше, чем подпись на бумаге. У нас сочетаются древние традиции и современные законы. Мы уважаем старших, слушаем не только юристов, но и мудрых аксакалов. Здесь бабушка еще может сказать: «Поступай по совести – это важнее закона». В нашей культуре многое строится на доверии, уважении и честности. Это и есть внутренний порядок, который живет даже без формальных правил.

Таким образом, закон и порядок – не только про полицию или суд. Это про каждого из нас. Это про то, как мы ведем себя, когда никто не смотрит. Если человек сам выбирает честность – значит, в его душе уже есть порядок. И тогда не страшна ни фальшивая нота, ни сломанная пружина. Главное – чтобы внутри работал свой, личный компас.

Кошкарбаева Инкар
№72 мектеп-лицейі, 7 «З» сынып оқушысы

Хорошо, когда все по правилам...

Начав писать это сочинение, если говорить честно, я подумала, что это будет довольно скучновато. Но потом я уже поняла, что это на самом деле важно, чтобы у нас в мире все было нормально. Как, например, в школе, когда есть правила и все их соблюдают – тогда нет драк, все учатся спокойно, и вообще, жить становится легче. Вот и во внешнем мире тоже самое, только правила – это законы, а порядок – когда все эти законы слушаются.

Чтобы у нас был закон и порядок, мне кажется, самое главное – это чтобы все знали эти законы. Например, как правила дорожного движения. Если все знают, что на красный ехать нельзя, то и аварий будет меньше. А если кто-то не знает или делает вид, что не знает, то получается всякая ерунда и беспорядок. Еще важно, чтобы законы были справедливые. Чтобы не было такого, что одним можно, а другим нельзя просто так. Если закон честный, то и слушаться его хочется больше.

А.еще, конечно, нужны те, кто следит за тем, чтобы все эти законы выполнялись. Это как раз полиция, или как у нас в школе дежурные учителя. Они как защитники. Если кто-то хулиганит или делает что-то плохое, они приходят и останавливают это. Они должны помогать, если кто-то попал в беду. Мне кажется, если полиция хорошо работает, то и преступников меньше, и на улицах спокойнее.

Как правоохранительные органы влияют на всех?

Во-первых, они делают нашу жизнь безопаснее. Мы можем спокойно гулять, ходить в школу и не бояться, что кто-то нападет или украдет.

Во-вторых, они помогают развиваться нашей стране. Например, представьте, что все люди только бы дрались и воровали. Тогда никто бы не смог нормально работать, строить дома или учиться. А когда есть порядок, все занимаются своими делами и делают что-то полезное для всех.

А какой вклад могу внести Я?

Я пока только подросток, но, думаю, что самое главное – это самой быть честной и соблюдать правила, которые есть в школе, дома и на улице. Не мусорить, не устраивать драк, говорить правду – на самом деле это же тоже важно!

Мне кажется, что если каждый будет стараться быть хорошим и следить за порядком вокруг себя, то и в большом мире порядка станет больше.

Хабзулин Жантуар
№72 мектеп-лицейі, 6 «Ж» сынып оқушысы

Закон и порядок - это основа мирной и справедливой жизни в любом обществе. Без них невозможно представить себе безопасную страну, дружную школу или спокойную семью. Законы помогают людям понимать, что такое хорошо, а что плохо. А порядок возникает тогда, когда все эти правила соблюдаются. Именно благодаря закону и порядку мы можем учиться, работать, отдыхать и просто жить в мире с другими людьми.

Закон - это правила, установленные государством. Они одинаковы для всех. Например, воровать или обижать других - нельзя, и за это человек получает наказание. Это нужно, чтобы никто не пострадал, и чтобы каждый знал, что справедливость существует.

Порядок возникает тогда, когда люди уважают закон. Когда все переходят дорогу по правилам, в городе безопаснее. Когда ученики в школе ведут себя вежливо и слушают учителя - учиться становится легче. Даже в семье есть правила: помогать друг другу, не грубить, заботиться о близких.

Очень важно, чтобы каждый сам следил за собой. Не обязательно быть полицейским, чтобы защищать порядок. Иногда достаточно просто напомнить другу о правиле или показать хороший пример.

Жизнь с законом и порядком - это жизнь в мире и уважении. Каждый из нас может вносить в неё свой вклад. Если мы будем честными, добрыми и справедливыми, мир вокруг тоже станет лучше. Всё начинается с нас самих - с наших поступков и уважения к правилам.

Жәнібек Жанерке
№73 мектеп-лицейі, 6 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамда тәртіп пен әділеттіліктің сақталуы – заңның орындалуына байланысты. Меніңше, заң – тек ережелер жиынтығы емес, ол – азаматтардың қауіпсіздігін, бостандығын және теңдігін қамтамасыз ететін басты құрал. Заң орындалғанда ғана қоғам тұрақты, өркениетті дамиды.

Заңның орындалуы – мемлекеттің беделі мен азаматтардың әл-ауқатының көрсеткіші. Мысалы, Германия мен Жапония сияқты дамыған елдерде заңға бағыну – мәдениет деңгейінің бір бөлігі. Бұл елдерде заңды бұзған адам әділ жаза алады, ал заңды ұстанған азамат өзін еркін әрі қорғалған сезінеді. Ал заң еленбейтін елдерде сыбайлас жемқорлық, тәртіпсіздік көбейеді. Қоғамда сенім жоғалады, дамуға кедергі туындайды.

Өз елімізде де заңға бағыну арқылы оң өзгерістерге жетуге болады. Мысалы, жол қозғалысы ережелерін сақтау – тек қауіпсіздік кепілі ғана емес, сонымен қатар өзге адамдардың өміріне деген құрмет. Сондай-ақ, салық төлеу, қоғамдық мүлікті сақтау сынды қарапайым әрекеттердің өзі қоғамның дамуына ықпал етеді. Өз басым, заңды орындау – тек мемлекетке емес, өзімізге деген құрмет деп санаймын. Заң орындалған қоғамда әділеттілік орнайды, жастар өз болашағына сеніммен қарайды, ал ел тұрақты түрде алға жылжиды.

Қорытындылай келе, қоғамның дамуы әрбір азаматтың заңға деген саналы көзқарасына тікелей байланысты. Әр адам заңды сақтаса, әділетті, қауіпсіз әрі тұрақты қоғам құрылады. Бұл – баршамыздың ортақ мүддеміз.

Рамазан Кәусәр
№73 мектеп-лицейі, 7 «Ә» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізгі ережелері болып табылады. Оларсыз қоғамда бейбітшілік пен ынтымақтастықты сақтау мүмкін емес. Бұл эсседе заңды құрметтеу мен тәртіпті сақтаудың маңызы, оның қоғамға әсері және осы саладағы жеке үлесім туралы пікірімді айтатын боламын.

Заңдардың басшылыққа алынуына қалай ықпал етуіме болады? Білім – заңдарды үйренуім керек. Мысалы, жол қозғалысы ережелерін білуім апаттарды

болдырмауға көмектеседі. Құрмет – басқалардың құқықтарын құрметтей білуім керек. Көршінің тыныштығын бұзбаудың өзі осыған жатады. Барлығы кішкентай істен басталады. Жауапкершілік – заң бұзсам, жауап беретінімді түсіну. Заң бұзылған жағдайда, өз ісіңе жауап беруге дайын болу. Осы үш қағидаға сүйенсек, ең біріншіден, қоғамда тәртіп орнайды. Экономика дамиды. Ең маңыздысы – азаматтар қауіпсіздік сезімін жоғалтпайды. Ал өзара түсіністік пен ынтымақтастық жағынан адамдар арасында бірлік пен парасаттылық және қолдау артады.

Қорытындылай келе, қоғамда өзара түсіністік пен бірліктің маңызы зор. Азаматтар бір-біріне сенім артып, қолдау көрсеткен кезде ғана шынайы ынтымақтастық пен татулық орнайды. Бұл өз кезегінде қауіпсіз әрі тұрақты қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Әр адам айналасындағы жандарға құрметпен қарап, сабыр мен парасаттылық танытса, бүкіл қоғамның дамуына үлкен үлес қосады. Сол себепті ортақ жауапкершілікті сезініп, бір-бірімізге жанашыр болу – барлығымыздың парызымыз.

Керімбек Арайлым
№73 мектеп-лицейі, 8 «Ж» сынып оқушысы

Қоғамдық тәртіп – бұл әр адамның қауіпсіздігі мен тыныштығы үшін қажет маңызды ұғым. Қоғамдық тәртіп тек заңға бағыну емес, бұл – сана-сезімнің, мәдениеттің, адамгершіліктің көрінісі. Егер қоғамда тәртіп болмаса, адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік туындап, өмір сүру қиындай түседі. Сондықтан тәртіп сақтау – тек полиция қызметкерлерінің емес, әр адамның, соның ішінде менің де міндетім.

Біз қоғамдық тәртіпті қабылдап үйренгенбіз. Әрбір азамат, азаматша өзінің күнделікті әрекеті арқылы қоғамның тұрақтылығына үлес қоса алады. Мен өз үлесімді, ең алдымен, тәртіпті өзімнен бастау арқылы қоса аламын. Көшеде қоқыс тастамау, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, шу шығармау, қоғамдық орында басқаларды мазаламау, жолда жүру ережесін сақтау – бұлар кішігірім әрекеттер болса да, қоғамға үлкен пайда әкеледі. Мектепте де дәл осылай – сабақты тыңдап, ұстаздарға құрмет көрсету, қатарластарыма кедергі келтірмеу арқылы тәртіптің сақталуына ықпал ете аламын.

Сонымен қатар, мен өзгелерге үлгі болуға тырысамын. Егер біреу қате әрекет жасаса, сыпайылықпен ескертіп, дұрыс жолды көрсетемін. Қоғамдық көлікте үлкендерге орын беру, әлсіздерге көмектесу де қоғамдық тәрбие мен тәртіптің белгісі. Менің нақты үлесім – бауырларыма, сыныптастарыма үлгі болу, керек кезде ақыл беру.

Қоғамды өзгерту алдымен әр адамның өзінен басталатындықтан, Қазақстанның азаматы ретінде шетте қалмай, белсенділік таныта аламын. Қоғамда

тәртіп сақтаудың маңыздылығы жайлы ойландыру мақсатында ерікті түрде мектептегі қоғамдық шараларға қатысып, насихат жұмыстарын жүргізе аламын, сол сияқты сынып сағатына тәртіп пен заң туралы таныстырылым дайындап, ойыммен бөлісе аламын. Себебі қоғамдық тәртіпті ойлы, саналы азаматтармен сақтауға болады.

Қоғамдық тәртіпті сақтау – ережелерді орындау ғана емес, ол – адамгершілік, жауапкершілік және қамқорлық сияқты жақсы қасиеттерді бойға сіңіру. Қоғамдық тәртіпті сақтау – әр адамның ішкі мәдениетінің көрінісі. Үлкен өзгерістер кішкентай қадамнан басталады, ал менің қадамым – өзімнен бастау. Мен өз бойымда осындай қасиеттерді дамытып, өз ортамда тәртіп пен тыныштықтың болуына бар күшімді саламын.

Мирзаева Ақбөпе
М. Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы, 6 «Д» сынып оқушысы

Заң және тәртіп - мемлекеттің негізін қалап тұр десем, артық кетпес. Олар киіз үйдің шаңырағы, ең маңызда бөлігі секілді. Заң мен тәртіп біздің кең байтақ еліміздің шаңырағындай, оны пештің түтінінен , яғни, зиянды әдеттерден тазартуда. Заң дегеніміз, елдегі әр адам ұстануы тиіс ережелер жиынтығы. Сондықтан заң болған жерде тәртіп үнемі сақталады.

Алайда қазіргі таңда қоғамдық тәртіп бұзушылық көбеюде. Бұл әрине, дұрыс емес. Егер бұл жағдай жалғаса берсе, бұған дейінгі бейбіт заман әрі қарай жалғаспай қала ма деп қорқамын. Олай болмауы үшін өсіп келе жатқан ұрпақтарымыз дұрыс бағытта тәрбиеленуі қажет. Тәртіп пен тәрбиенің мәнін бізден үйренуі керек деп ойлаймын. «Дұрыс қанаттанған түзу ұшар» дегендей, келер ұрпақ түзу бақытта тәрбие алса, заң міндетті түрде сақталады.

Заң жоғарыда айтып өткенімдей, шаңырақ тәріздес. Киіз үй үшін шаңырақтың маңызы қаншалықты көп болса, мемлекет үшін заң соншалықты маңызды. Ата заңымыз елдегі тәртіпті ғана түземей, оның дамуына да әсер етеді. Әрбір азамат заңымызға бағынып қызмет етсе, еліміз алға жылжып, ешқашан артта қалмас едік.

Ал мен ше? Қоғамның тәртіпті болып өзгеруіне қандай үлес қоса аламын? Осы сұрақ төңірегінде ойланатын болсам, ең алдымен мына пікір ойыма келеді. Өзгелердің өзгергенін қалаған адам алдымен өз бойын түзетуі қажет. Сондықтан қоғам тәртіпті болып өзгеруі үшін өзімнің отбасымнан бастауым керек деп ойлаймын. Мысалы, өзімнен кейінгі бауырларыма үлгі болып, таңертеңнен кешке дейін не істеу керек, мектепте қалай жүру , әдепті болудың мәні неде екенін сөзбен емес, іспен көрсеткім келеді. Менің әрекетім қоғамның өзгеруіне септігін тигізеді деген сенімдемін.

Үлкен жетістікке жету үшін үлкен болудың қажеті жоқ. Бастысы сол жетістікке жету жолдарын түсіне білу.

Рзаш Нұрайлым
М. Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы, 9 «А» сынып оқушысы

Заң- қоғамдағы бейбітшілік пен әділеттілікті қамтамасыз ететін және адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық институт. Ол адамның құқықтарын зорлық-зомбылықтан, ұрлықтан және басқа да қол сұғушылықтардан қорғайды.

Заңдар қоғамдағы тәртіп пен тепе-теңдікті орнатады. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай: “ Тәртіпке бас иген адам құл болмайды.” Сондықтан әр адамның және жалпы қоғамның басты міндеті- заңға бағыну. Егер заңдар болмаса, қоғамда тәртіпсіздік пен бассыздық орын алып, бей-берекет дүрбелең немесе хаос орнайтыны анық. Заманына қарап, адамның тұрмыс-тіршілігін жақсарту мақсатында заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілер де ауысып, өзгеріп отырады. Ең алдымен, заңды сақтау- қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшілік негізі. Мысалы, әр адам өз құқығы мен міндетін білген және заңға сай әрекет еткен қоғамда қылмыс деңгейі төмен болады. Екіншіден, экономикалық дамудың алғышарты. Себебі, заңның орындалуы-әділ нарықтық бәсекенің, кәсіпкерліктің және экономикалық өсудің кепілі. Сонымен қатар, заңды орындау әлеуметтік әділеттілік пен теңдіктің сақталуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, заң- қоғамдағы реттейтін басты құрал болса, оны сақтау - сол қоғамның өркендеу жолындағы басты қадам. Әр азаматтың заңға бағынуы - ел болашағына қосқан үлес!

Кабенова Саяжан
М. Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы, 8 «Ғ» сынып оқушысы

Заң және тәртіп – қоғам айнасы Қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі – заң мен тәртіп. Егер әр азамат заңға бағынса, өз міндетін адал орындаса, елде әділдік орнайды. Ал әділдік бар жерде даму мен тыныштық болады. Сондықтан заң мен тәртіп – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әр адамның жауапкершілігіне байланысты.

Мен үшін заң – бұл әділдік пен адам құқықтарының қорғаны. Ал тәртіп дегеніміз – күнделікті өміріміздегі ішкі мәдениет пен жауапкершілік. Мысалы, мектепте оқушы сабаққа уақытында келуі, мұғалімді тыңдауы – бұл тәртіп. Үлкендер заңсыз әрекеттен аулақ болса, бұл – заңға бағыну. Екеуі де қоғамға пайдасын тигізеді. Егер заң болмаса, адамдар арасында дау, қоғамда берекесіздік

көбейер еді. Ал тәртіп болмаса, адамдар бір-біріне құрметпен қарамас еді, сондықтан болашақта еліміздің жарқын болуын қаласақ, біз, жастар, заңды біліп, тәртіпті болуға тырысуымыз керек. Әр азамат өзінен бастап өзгерсе, қоғам да өзгереді.

Түйіндей келсем, мен елімнің адал азаматы болғым келеді. Заңды сақтап, әділ жолмен жүру – менің таңдауым, себебі болашақ – бүгіннен басталады. Егер біз бүгін тәртіпті болсақ, ертеңіміз жарқын болмақ.

Мурат Меруерт
М. Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы, 8 «Ғ» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды ұғым. Әр адам күнделікті өмірде тәртіп пен заңды сақтап, құрметтесе ғана қоғам дамып, бейбіт өмір сүре алады. Заң мен тәртіп болмаса, адамдар арасында түсініспеушілік, келіспеушілік көбейеді.

Менің ойымша, заң талаптарын сақтауға бәріміз де өз үлесімізді қоса аламыз деп ойлаймын. Әрбір адам өзіне мына сұрақты қойған жөн сияқты. Мен қоғамдық тәртіпті орнатуға қандай үлес қоса аламын?

Заң мен тәртіп сақталу үшін не істеу керек? Ең алдымен, заң мен тәртіпті сақтау – әркімнің өзінен басталуы керек. Адам өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, дұрыс пен бұрысты ажырата білуі қажет.

Ең алдымен, қоғамдық тәртіпті сақтау өзімнен басталады. Мектепте тәртіпті болу, мұғалімдерді тыңдау, жол ережелерін сақтау – бұл менің алғашқы қадамдарым. Мысалы, көшеде қызыл шамға тоқтап, жасылға жүрсем, қоғамдық орындарда тәртіп сақтасам, басқаларға зиян келтірмесем, оның бәрі заңды сақтауға жатады.

Екіншіден, білім мен тәртіп. Адам қаншалықты көп білсе, соншалықты дұрыс әрекет етеді. Біз мектепте заң ережелерін үйреніп, әділдік пен тәртіп туралы ойлана білуіміз керек, сондықтан заң мен тәптіпті сақтау әрбіріміздің міндетіміз. Қоғамдық орындарда дауыс көтермеу, қоқыс тастамау, үлкендерді сыйлау арқылы мен тәртіпке үлгі бола аламын. Заң мен тәртіп – қоғамның тыныштығы мен дамуының тірегі.

Тоқсан ауыз сөзімнің тобықтай түйініне келсем, әр оқушы осындай істер арқылы қоғамдық тәртіпті сақтауға көмектесе алады.

Әр мемлекеттің дамуының, гүлденуінің негізгі тірегі - заң мен тәртіптің сақталуы. Егер ел тұрғындары заңға бағынып, тәртіпті орындаса, елде тыныштық орнап, мемлекет біртіндеп дами бастайды. Заң бәріне ортақ болғандықтан ол адамды қорғайды, әділетсіз істерден аулақтатады. Әр адам ережелерді сақтап, жауапкершілікпен әрекет етсе, әділдік пен бейбіт өмір орнайды. Біз өз еліміздің

болашақ тұтқасымыз, сондықтан заңды құрметтеп, тәртіпті болуды өзімізден бастауымыз керек.

Мұхтар Бірсұлу
М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы, 8 «Ғ» сынып оқушысы

Қоғамның тыныштығы мен дамуы – әр азаматтың заңға бағынуы мен тәртіпті сақтауына тікелей байланысты. Заң мен тәртіп – елдің айнасы, халықтың мәдениеті мен санасының көрсеткіші. Әр мемлекеттің өркендеуі мен тұрақтылығы – әділ заңдардың дұрыс орындалуынан бастау алады. Мемлекеттің қалыптасқан заңдарын орындау қоғамның ілгерілеуіне әсер ете ме? Менің жауабым – «ИӘ!»

Менің ойымша, заң мен тәртіпті сақтау үшін ең алдымен әр адам өз құқығы мен міндетін жақсы білуі қажет. Ата Заңымызда көрсетілген ережелерді бұлжытпай орындап, өзгелердің де құқығына құрметпен қараған жөн. Әрбір азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қоғамға зиян келтіретін әрекеттерден аулақ болуға тиіс. Заңды орындайтын қоғам – тұрақты, дамыған және бірлігі жарасқан ел. Заң талаптары әділ сақталған ортада адамдар бір-біріне сеніммен қарап, өз өмірін қауіпсіз сезінеді. Бұл өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне жол ашады.

Тәртіп бар жерде тыныштық орнап, ұрпақ болашағы жарқын болады. Мен де өз тарапымнан қоғамдағы тәртіпті сақтау үшін барынша үлес қосқым келеді. Қоғамдық орындарда заң талаптарын сақтап, тәртіпті болуға, қоқысты орынсыз тастамауға тырысамын. Үлкендерді сыйлап, кішіге қамқор болып, өзгелерге үлгі болу – әрбір жастың міндеті деп білемін. Болашақта заңға құрметпен қарайтын, әділетті елдің азаматы болуды мақсат етемін.

Қорытындылай келе, даңқты қолбасшы, батыр Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды». Заң мен тәртіп – ел болашағының кепілі. Әрбір азамат өз міндетін адал орындап, қоғамға пайдалы іс атқарса, еліміз бақытты, халқымыз бейбіт өмір сүрері анық. Біз заңды сыйлап, тәртіпті сақтағанда ғана шынайы Тәуелсіз елдің ұрпағы бола аламыз.

Равшанова Фарида
№75 мектеп-гимназиясы, 5 «А» сынып оқушысы

Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды деп - (Б. Момышұлы айтқан) мен Ата заңымызды қорғаймын. Заң-қоғамда өмір сүру үшін артық ережелер: және тәртіп осы ережелерді орындау мәдениеті. Соған қарамастан жас қылмыскерлердің саны артып келеді. Ұрлау, тонау, қорлау, күресу жаман екенін бәрі біледі. Жолда әрқашан абай болу керек. Жолда жүріп келе жатқанда телефон пайдалануға болмайды. Өкінішке орай, кез-келген жасөспірім ауыр және қиын

салдарға әкелетін заңсыз әрекеттер туралы біле бермейді. Қоғамның тұрақтылығы мен дамуына негіз болатын маңызды ұғымдар. Заң барлық азаматтар үшін бірдей болуға тиіс, ол әділдікті қамтамасыз етіп, құқықтарды қорғауға мүмкіндік береді. Тәртіп болса, адамдардың өзара қарым-қатынасын реттеп, қоғамдық өмірде тәртіпсіздік пен хаосқа жол бермейді.

Қонысбекова Еңлік
№75 мектеп-гимназиясы, 6 «А» сынып оқушысы

Қоғамдағы тыныштық пен әділеттілік – заң мен тәртіпке байланысты. Заң-мемлекеттің азаматтарға қойған талаптары мен міндеттерінің жиынтығы болса, тәртіп-сол заңды орындаудың көрінісі. Егер әр адам заңға бағынса,қоғамда бейбіт өмір, әділдік, қауіпсіздік орнайды.

Мысалы, жол ережесін сақтау – тек көлік жүргізушілерінің емес, барлық адамның өмірін сақтау жолы. Егер адамдар тәртіпті сақтамаса, бұл апатқа,дауға, тіпті қылмысқа апарып соғады. Сондықтан заң-әр азаматтың қорғаны, ал тәртіп-сол заңның орындалуының кепілі.

Мектептегі, көшедегі немесе үйдегі тәртіпте үлкен қоғамдағы тәртіптің кішкентай көрінісі. Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – елдің тұрақтылығы мен болашағының негізі. Әрбір азаматтың парызы – заңды құрметтеп, тәртіпті болу. Сонда ғана біз әділ, қауіпсіз қоғамда өмір сүре аламыз.

Нұрғали Гүлсезім
№75 мектеп-гимназиясы, 7 «А» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп-ол адам өміріне қажетті заттар деп ойлаймын. Заң деген тек жаза мен түрме ғана емес, ол әр адам өміріне қажет тәртіптілік. Заң адамдардың қарым-қатынасын реттейді, басқа да бұзақылықтардан сақтандылу үшін жасалған.

Тәртіп-тек жазадан қорқу емес. Тәртіп ол біздің өмірімізді жеңілдетеді. Тәртіптің басы үй-ішінен басталады. Сосын мектепте де тәртіпті үйретеді. Кішкентай кезден бастап бала жауапкершілікке, тәртіпке үйренсе, ертеңгі күні одан жақсы адам шығатыны дәлел.

Заң мемлекеттік бекіткен ресми ережелер жиынтығы. Ол жерде адамның құқықтары белгіленген. Егер заң мен тәртіп болмаса, елде тұрақсыздық, қақтығыстар мен әділетсіздік болады. Сондықтан, заң әлемдегі бейбітшілік пен әділеттілікті кепілі.

Ал, тәртіп деген-заңға құрметпен қарау, оны бұзбау және өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау.

Тәртіп-адамның ішкі мәдениеті мен тәртібінің көрсеткіші болып табылмақ. Мысалы, қоғамдық орындарда дауыс көтеріп айғайламау т.б.

Сонымен бірге, заңдардың әділ және баршаға бірдей әділ қолданылуы маңызды.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп адам өміріне өте қажет, ол бейбіт өмірдің кепілі.

Султанбекова Еркеназ
№75 мектеп-гимназиясы, 8 «А» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – кез келген елдің дамуы мен тыныштығының негізі. Заң - қоғамдағы әр адамның құқығын қорғап, әділдікті қамтамасыз ететін маңызды құрал. Ал, тәртіп - адамдар арасындағы сыйластық пен өзара түсіністікті қалыптастырады. Егер қоғамда заң мен тәртіп болмаса, адамдар арасында қақтығыстар, әділетсіздік және хаос орын алады. Сондықтан әр азамат заңды құрметтеп, тәртіпті сақтауға міндетті.

Бала кезден бастап тәртіпке үйрену өте маңызды. Мектепте, отбасында, көшеде, барлық жерде тәртіп сақтау – мәдениеттің белгісі. Заң мен тәртіп бар жерде бейбіт өмір қалыптасады. Біз жақсы қоғамда өмір сүру үшін, ең алдымен, өзіміз тәртіпті болып, заңға бағынуымыз қажет. Заңсыздық мемлекеттің әлсіреуіне әкеледі. Ал, әділетті заң халықтың сенімін оятады. Тәртіп орнаған қоғамда адамдар еркін әрі қауіпсіз өмір сүреді.

Даулетова Жанару
№75 мектеп-гимназиясы, 9 «А» сынып оқушысы

Қоғам дамуы мен мемлекет тұрақтылығының басты тірегі – заң мен тәртіп. Бұл екі ұғымның бір-бірімен тікелей байланысты. Заң – әділдікті орнатуға бағытталған жазбаша ереже болса, тәртіп – сол заңды бұлжытпай орындау, қоғамда дұрыс жүріп-тұру мен мінез-құлықтың қалыптасқан үлгісі. Егер заң болмаса, адамдар өз бетімен әрекет етіп, әділетсіздік, бейберекетсіздік орын алады. Ал тәртіпсіздік – ортадағы тұрақтылықтың бұзылуына алып келеді.

Заң – мемлекеттің негізі. Ол адамдар арасындағы құқықтық қатынасты реттейді. Әр адамның құқығы мен бостандығы заңмен қорғалады. Мысалы, білім алу, еңбек ету, еркін пікір білдіру – бәрі де заңда көрсетілген. Егер заң болмаса, әлсізді күшті басып, әділеттілік ұмытылар еді. Сондықтан заң – қоғамдағы әділет пен теңдіктің айнасы.

Тәртіп – адамның ішкі мәдениеті мен жауапкершілігінің көрінісі. Тәртіпке бағыну дегеніміз – заңға бағыну, өзгелердің құқығын құрметтеу. Тәртіпті адам қоғамдық ортада өзін мәдениетті ұстап, өзіне де, өзгеге де зиян келтірмейді. Мысалы, көшеде қоқыс тастамау, жол ережесін сақтау, үлкенді сыйлау – бәрі де тәртіпке жатады. Тәртіп болмаса, қоғамда дау-дамай, тәртіпсіздік, қылмыс көбейеді. Сол себепті әрбір адам өз тәртібі арқылы елдің тыныштығына үлес қосады.

Заң мен тәртіп – мемлекеттің өркендеуінің негізі. Кез келген дамыған елдерге қарасақ, олардың табысының артында осы екі ұғымның берік сақталғанын көреміз. Азаматтар заңға бағынған жерде құқық бұзушылық азаяды, халықтың әл-ауқаты жақсарады, елдің беделі артады.

Біздің Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет. Конституция – еліміздің басты заңы. Әрбір азамат осы заңды білуге, құрметтеуге және сақтауға міндетті. Мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға құқықтық тәрбие беріліп, заңға құрмет сезімі дарытылуы тиіс. Өйткені болашақта елдің иесі болатын – бүгінгі жастар.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – бейбіт өмірдің кепілі. Әрбір азамат заңды сақтап, тәртіпті болуға тырысса, қоғамымыз әділетті әрі қауіпсіз болары сөзсіз. Еліміздің жарқын болашағы әр адамның заңға деген құрметі мен тәртібіне тікелей байланысты.

Рымханова Алуа
№75 мектеп-гимназиясы, 5«Д» сынып оқушысы

В каждой стране есть свои законы — это такие правила, по которым должны жить все люди. Они помогают сохранять мир, справедливость и безопасность. Если бы не было законов, люди могли бы поступать, как захотят, и это привело бы к беспорядку.

Я думаю, что каждый человек должен начинать с себя: уважать других, помогать и не нарушать правила. Тогда в нашей стране всегда будет порядок. Порядок начинается с малого: убрать мусор, уступить место, сказать правду, помочь другу. Когда все следуют законам, в городе становится приятно жить. Дети могут спокойно гулять, взрослые - работать и отдыхать. А если люди не уважают закон, начинаются проблемы: ссоры, шум, даже преступления.

Я считаю, что мы тоже участвуем в соблюдении законов. Уважительно относимся к учителям и родителям, не нарушаем школьные правила, переходим улицу правильно, не дерёмся и не грубим.

Что я думаю о справедливости? Это когда всё честно. Если кто-то нарушил правило, он должен понести наказание. Но важно, чтобы наказание было справедливым.

Закон и порядок для нас, детей, - это не только для взрослых. Мы уже сейчас учимся быть ответственными, честными и справедливыми. И от нас тоже зависит, какой будет мир завтра.

Абильмажинова Арна
№75 мектеп-гимназиясы, 6 «К» сынып оқушысы

Казахстан - это не просто страна, где я родилась и выросла, это часть моей души. Я горжусь тем, что являюсь гражданкой Независимого Казахстана и верю в его светлое будущее. Я горжусь своей школой и тем, как наша страна развивается и укрепляется под руководством нашего Президента, уверенно смотря в завтрашний день.

В нашей школе нас учат быть честными, помогать другим, не обижать слабых, беречь природу и уважать старших. Эти простые вещи делают нас лучше и учат быть ответственными. Если каждый будет соблюдать порядок, то и в школе, и дома, и во всей стране будет спокойно и справедливо.

Для меня закон и порядок - это не просто слова, а фундамент, на котором строится справедливый и безопасный мир. Когда все уважают закон, в обществе становится меньше раздоров и больше понимания. Закон учит нас быть честными, отвечать за свои поступки и уважать других.

Порядок нужен везде, чтобы все работало как надо: в школе, дома, на улице, во всей стране. Я стараюсь соблюдать правила в школе, уважать учителей, быть дисциплинированной, доброй и справедливой.

Быть патриотом – это не просто любить Казахстан, а делать все, чтобы он становился лучше: хорошо учиться, помогать тем, кто нуждается, соблюдать законы и думать о будущем нашей Родины.

Я верю, что, соблюдая закон и поддерживая порядок, мы построим прекрасное будущее для нашей страны. Мы, дети Казахстана, вырастем настоящими гражданами и будем гордиться тем, что живем здесь!

Рсалин Сармат
№75 мектеп-гимназиясы, 7 «Б» сынып оқушысы

Закон – правила, которые должны соблюдать все люди во всех странах и государствах, в зависимости от законов в их стране.

Хотя законы бывают разные, где-то даже слишком безумные, без законов общество бы не выжило. Даже имея законы, бывают случаи их нарушения, а если бы законы убрали вовсе, в мире бы происходил полный беспорядок. Люди бы совершали массовые преступления, торговали незаконными веществами, и еще много чего бы противозаконного происходило бы. В мире полно злоумышленников.

Я считаю, что все должны подчиняться законам, потому что перед законом все равны. Все равно все нарушения, даже самых влиятельных людей, выйдут наружу.

В мире очень много законов, некоторые из которых должен знать подросток. Во-первых, любой человек имеет право на жизнь, и на данное время среди подростков много буллинга, из-за него многие не принимают себя и не желают жить вовсе.

Во-вторых, законы защищают нас от несправедливости. Например, если кто-то украдёт у тебя телефон, ты можешь обратиться в полицию, и по закону этого человека накажут. Это делает нашу жизнь безопаснее. Также есть законы, которые защищают природу. Мы не можем просто так вырубать деревья или выбрасывать мусор куда попало, потому что это вредно для окружающей среды.

Важно, чтобы каждый человек знал хотя бы основные законы своей страны. Тогда он сможет не только избежать наказания, но и помочь другим, если случится что-то плохое. Например, если кто-то увидит, как обижают другого, он может вмешаться и позвать взрослых или даже обратиться за помощью в полицию.

Я считаю, что в будущем мы, подростки, должны стать ответственными гражданами и уважать законы. Ведь от нас зависит, каким будет наше общество: справедливым и безопасным или полным хаоса.

Закон нужен каждому из нас — и взрослым, и детям. Без него не было бы порядка и мира. Таким образом, мы пришли к выводу, что закон очень важен.

Асқарқызы Айдана
№75 мектеп-гимназиясы, 8 «И» сынып оқушысы

«Без закона – нет порядка, без порядка – нет свободы». Эти слова напоминают нам, что свобода и справедливость невозможны без установленных правил. Закон формирует рамки, в которых человек может свободно жить, вырастить мнение, строить карьеру, не нарушая прав других. Порядок же отражает степень уважения людей к этим рамкам и готовность соблюдать общие правила.

Однако одних лишь законов недостаточно. Если люди подчиняются им только из страха перед наказанием, порядок будет формальным и нестабильным.

Истинный порядок рождается тогда , когда человек сам осознаёт важность закона и действует по внутреннему убеждению.

Ярким примером служит роман Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание». Главный герой, Родион Раскольников, нарушает закон, полагая, что ради высшей цели может перешагнуть через «моральные» ограничения. С другой стороны, после преступления он не находит покоя. Только раскаяние и признание закона, как нравственной основы, позволяет ему обрести покой.

Современные примеры подверждают это. В Казахстане большое внимание уделяется формированию правового государства, где каждый гражданин знает свои права и обязанности. Развитие цифровых госуслуг, реформы в судебной системе, поддержка антикоррупционных инициатив – все это направлено на укрепление доверия между обществом и государством. И чем выше правовая культура граждан, тем устойчивее становится порядок в стране.

Таким образом, закон и порядок – это не просто юридические категории. Это результат зрелого общественного сознания. Настоящий порядок строится не на стране, а на уважении к закону и взаимной ответственности. Только тогда государство становится действительно свободным, справедливым и сильным. Для Казахстана, как и для любой другой страны, развитие правовой культуры – это путь к стабильности, справедливости и процветанию.

Ожмухаметова Инкар
№75 мектеп-гимназиясы, 9 «В» сынып оқушысы

Закон и порядок — это основа стабильной и справедливой жизни в любом государстве. Без них общество оказалось бы в хаосе: каждый поступал бы так, как ему удобно, не думая о других. Но не всё так однозначно — у этой темы есть и плюсы, и минусы.

С одной стороны, законы выполняют важную функцию — они защищают права и свободы граждан, а также устанавливают чёткие правила, которые помогают избежать конфликтов. Например, без правил дорожного движения на улицах царил бы полный беспорядок. Кроме того, наличие чёткой системы наказаний сдерживает многих от совершения преступлений. Когда есть порядок — людям легче доверять друг другу, жить и работать вместе.

Но с другой стороны, нельзя отрицать, что некоторые законы могут быть слишком строгими или несправедливыми. Иногда власть использует их не для защиты общества, а чтобы контролировать его. Бывает, что под видом «поддержания порядка» ограничивают свободу слова или права человека. Именно поэтому так важно, чтобы законы были не только чёткими, но и справедливыми, чтобы они служили людям, а не наоборот.

В заключение хочется сказать: без закона и порядка невозможно представить цивилизованное общество. Но также важно помнить, что законы должны быть живыми и честными — меняться вместе с обществом и отражать его настоящие ценности. Я считаю, что только тогда мы сможем построить такое государство, в котором хочется жить и развиваться.

Байғожа Талшын
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі, 5 «Ә» сынып оқушысы

Заң және тәртіп – қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізі. Заң адамдардың құқықтары мен міндеттері реттейтін нормалар жүйесі ретінде әділдікті қамтамасыз етеді. Тәртіп болса, осы заңдардардың сақталуын және қоғамдық үйлесімділікті қолдайды. Бұл екі ұғым бір-бірінсіз өмір сүре алмайды.

Заңсыздық хаосқа алып келеді, ал тәртіпсіз заңдар әлсіз. Мемлекет сот, милиция арқылы заң үстемдігін қолдайды. Бүгінде киберқылмыс, әлеуметтік теңсіздік сияқты мәселелер заңдарды күшейтуді талап етеді. Азаматтардың заңға бағынуы – тәртіпті қоғамның кепілі.

Заң мен тәртіп әділдік пен қауіпсіздіктің негізі. Әрбір адам заңды құрметтеп, тәртіпке үлес қосса, қоғам үйлесімді дамиды.

Бөлеген Айша
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі, 6 «В» сынып оқушысы

Барлық елде өз заңдары мен заңға қарайтын адамдар бар. Әр адам заңды тәртіпті ұстауға міндетті. Біздің Қазақстан Республикамызда заңдар көп. Олардың барлығын сақтау қажет. Себебі біз заңдарды сақтамасақ, барлық жерде хаос болуы мүмкін. Ұрлық пен қылмыс көбейеді. Мысалы, мектепте тәртіп керек. Егер оқушылар тыныш отырса, мұғалім жақсы сабақ береді. Адамдар жол ережесін сақтаса, апат болмайды.

Егер адамдар тәртіпті болса, елде тыныштық болады. Ешкім ұрыспайды, ешкімге қауіп жоқ. Егер заң мен тәртіп болмаса, елде шу мен тәртіпсіздік болады. Сондықтан заңдарды сақтау бізге міндет!

Заң мен тәртіп – қоғам үшін өте маңызды.

Қадырбек Жанель
Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия, 5 «А»сынып оқушысы

Қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығы заң мен тәртіпке тікелей байланысты. Әрбір азаматтың қауіпсіз өмір сүруі үшін заң талаптары орындалуы тиіс. Қоғамда заң мен тәртіптің сақталуына әркім өз жауапкершілігімен үлес қосуы қажет.

Заңды сақтау – тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл халықтың міндеті. *Біріншіден,* балаларды заң мен тәртіпке баулу отбасынан басталуы керек. Үйде көрген тәрбие – баланың мінез-құлқының негізі. *Екіншіден,* мектепте құқықтық білім берілсе, олар әділдік пен адалдықты түсініп өседі. Мұғалімдер балаларға заң ережелерін түсіндіріп, дұрыс пен бұрысты ажыратуды үйретуі керек. Заңды ерте түсінген бала тәртіпті болады деп ойлаймын. Сондай-ақ, тәртіп бұзғандарға заң шеңберінде әділ жаза қолданылуы керек. Бұл басқа азаматтарға үлгі бола алады.

Қорытындылай келе, қоғамда заң мен тәртіп сақталуы үшін әр адам жауапкершілікпен әрекет етіп, заңды құрметтеуі қажет. Сонда ғана бейбіт әрі әділ қоғам қалыптасады.

Ермұхан Жания
Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия, 6 «Г» сынып оқушысы

Заңды орындау – мемлекеттің қабылдаған тәртіптерін, ережелерін сақтау, сол заңның талаптарына сәйкес әрекет ету. Қоғамның заңды орындауы бұл адамдардың өз құқығы мен міндеттерін білуі, конституцияны білуі. Егер заң орындалып, тәртіп сақталса, қоғам дамып, адамдардың құқықтары қорғалады. Ең бастысы мемлекет тыныш және қауіпсіз болады.

Біріншіден, заңдардың орындалуы қоғамдағы құқық бұзушылықтардың төмендеуіне ықпал етеді. Мысалы Германия, Жапония және Канада сияқты дамыған елдерде азаматтар заңға бағынады, тәртіп сақтайды. Сол себепті бұл елде қылмыс деңгейі төмен, экономикасы мықты, өмір сүру сапасы жоғары.

Екіншіден, қауіпсіз мемлекетте азаматтар бір-біріне сенім білдіріп, бір-бірінің құқықтарына құрметпен қарайды. Жасөспірімдер арасында кемсіту, буллинг деген ұғым болмайды. Жастар бар назарын білім мен ғылымға аударады. Бұл Қазақстанның дамуына, танымал мемлекеттердің қатарына қосылуына көмектеседі.

Қорытындылай айтсақ, заңды орындау – жай ғана талап емес, ол – қоғамның өркендеу ортасы. Әр азамат заңға бағынса мемлекетіміз өркендей береді.

Секен Алуа
Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия, 8 «В»сынып оқушысы

Заң — бұл қоғамдағы қатынастарды реттейтін және орындалуы міндетті ережелер жүйесі. Ол қоғамдағы тәртіпті реттеу, адамдардың құқықтары мен міндеттерін белгілеу және қорғау мақсатында қабылданады. Заңды орындау – мемлекет пен азамат арасындағы өзара сенімділіктің белгісі. Егер адамдар заңды сақтаса, қоғамдық тыныштық пен тұрақтылық қамтамасыз етіледі. Заңсыздық жайлаған елде қылмыс көбейіп, азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төнеді. Заңды орындау – қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығының, экономикалық өсудің, әлеуметтік әділеттіліктің, және адам құқықтарының кепілі.

Заңның қоғамға тигізетін әсері бірнеше бағытта көрінеді: *біріншіден,* барлығымыз білетіндей, тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Яғни, заңдарды сақтау азаматтардың мінез-құлқын реттеп, қоғамдық тәртіпті орнатады. Бұл өз кезегінде қақтығыстар мен заң бұзушылықтардың азаюына ықпал етеді. Мысалы, жол қозғалысы ережелерін сақтау. Егер жүргізушілер жол ережесін сақтаса (қызыл шамда тоқтау, жылдамдықты асырмау), жол-көлік апаттары азаяды. Бұл қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, тәртіптің орнауына ықпал етеді. *Екіншіден,* экономикалық дамуға ықпал етеді. Заң үстемдігі бизнестің сенімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Инвесторлар мен кәсіпкерлер тұрақты әрі әділетті ортада жұмыс істеуге ұмтылады. Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдау заңдары қабылданса, шетелдік компаниялар инвестиция салуға қызығушылық танытады. *Үшіншіден,* азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Заң әр адамның құқығын қорғауға арналған құрал. Егер біреудің құқығы бұзылса (мысалы, мүлкін тартып алу, зиян келтіру), заң арқылы әділдікке қол жеткізуге болады. *Төртіншіден,* әлеуметтік әділеттілікті орнатады. Айтқым келгені, заң қоғамда бәріне бірдей талаптар қоя отырып, әлеуметтік теңдікті сақтауға тырысады. Бай мен кедей, шенеунік пен қарапайым азамат — барлығына заң алдында тең: заң бұзылған жағдайда барлығына бірдей жаза қолданылады. *Бесіншіден,* азаматтарды тәрбиелейді. Басқаша айтқанда, заң адамдарды жауапкершілікке, тәртіпке, өз және өзгенің құқығын құрметтеуге үйретеді. Заң арқылы адам өз қателіктерін түсініп, есейеді, жауапкершілік алуды үйренеді. Мысалы, кәмелетке толмаған жас заң бұзса, ол жауапқа тартылып, кейін бұл әрекетінің дұрыс еместігін түсініп, тәртіпті болуға тырысады. Жоғарыда көрсетілген тармақтар арқылы заңға бағыну мен өз міндеттерімізді орындау еліміздің қоғамына едәуір әсер ететінін түсіне аламыз.

Қорыта айтқанда, заңды орындау — жай ғана міндет емес, бұл — саналы және дамыған қоғамның көрсеткіші. Әрбір адамның заңға бағынуы арқылы ғана біз әділетті, қауіпсіз және тұрақты ел, орта құра аламыз. Сондықтан келешек ұрпаққа бейбіт, өркендеген ел қалдыру үшін біз бүгін заңды құрметтеп, оны орындауға өзіміз үлгі болуымыз керек!

Сахитжан Назира

Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы, 5 «А» сынып оқушысы

Заң – бұл барлық адамдарға арналған ортақ ереже. Қоғамда тыныш өмір сүру үшін заң мен тәртіптің маңызы зор. Тәртіп – осы заңдарды сақтау. Егер қоғамда заң мен тәртіп болмаса, адамдар арасында бейберекеттік орын алады.

Заң адам құқықтарын қорғайды және қоғамда тұрақтылық орнатады. Қылмыс жасаған адам заң бойынша жазаға алынады. Осы жағдай адамдарға сабақ болады.

Тәртіп – әрбір адамның парызы. Мектепте, үйде, көшеде тәртіп сақталуы керек. Тәртіпсіздік сақталмаса апатқа, кейде соғысқа әкелуі мүмкін. Сондықтан да әр адам өз іс-әрекетіне өте жауапты болуы тиіс.

Қоғам дамуы үшін заң мен тәртіпке бағыну өте маңызды. Әр азамат заңды құрметтесе, үйде тыныштық пен әділдік орнайды. Тәртіпті қоғам – тұрақты және бақытты қоғам.

Жанбырбай Айерке
Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы, 8 «В» сынып оқушысы

Болашақ менен басталады. Сондықтан мен әр күніме жауапкешілікпен қараймын. Қазіргі уақытта мектеп қабырғасында жүргендіктен, бар ойым білімге арналуға тиіс. Мектебім, аяулы ұстаздарым жалықтырмай, шыңға жетуіме жігер, саналы тәрбие берсе, ата-анам маған өмірлік бағыт беріп, мызғымас тәртіптің үлгісін көрсетіп келеді.

Әрбір азаматтың бойындағы тәртіп пен жауапкершілік ата-анадан бастау алады. Олар маған бала күнімнен бастап «тәртіп – тәрбиенің тірегі» екенін ұғындырып, қандай жағдайда да адалдық пен әділеттілікті ту етуге үйретті. Үлкендер берген тәртіп менің өмірлік ұстанымыма айналды. Менің мектептен үйреніп жатқан білімім қазіргі уақытта да және келешекте де қоғамдық тәртіпті орнатуға мүмкіндік бере алады. Ұстаздарымның ақылын алып, білімін игерсем, тәуелсіз елімнің нығаюына, қоғамдық тәртіпті орнатуға аздап болса да көмегім тиер еді. Батыр жазушы Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп тәртіпке бағыну адамды құл етпейді, қайта оны еркін, саналы әрі батыл ететінін кейінгі жас буынға жеткізіп айтқан.

Қоғамдық тәртіп – жеке адамның ішкі мәдениетінен өрбитін ортақ құндылық. Егер әр отбасы өз баласына дұрыс тәрбие беріп, тәртіптің не екенін ұқтыра алса, бүкіл қоғамда тұрақтылық пен тыныштық орнар еді. Сондықтан қоғамда тәртіп орнатуда әр адамның, әр отбасының үлесі аса маңызды. Бұл тек құқық қорғау ұйымдарының міндеті емес, бұл – баршаға ортақ жауапкершілік. Әр адамның тәртіпке бағынуы арқылы ғана әділетті, қауіпсіз, әрі бейбіт қоғам қалыптасады деп ойлаймын. Бірақ өзім де қоғамдық тәртіпті сақтау мен оны орнатуға үлес қоса аламын. Ең алдымен, мен мектептегі ережелерді сақтауға тырысамын. Уақытында

келіп, сабақта тәртіпті болу – бұл да қоғамдық тәртіптің бір бөлігі. Қоғамда да дәл осылай әр адам өз міндетін дұрыс атқарса, ешқандай дау-дамай болмайды.

«Тәртіп жоқ жерде – береке жоқ» дегендей, қоғамдық тәртіп ел дамуына ықпал етеді. Көшеде жүргенде қоқыс тастамауға, үлкендерді сыйлауға, өзгелерге кедергі келтірмеуге тырысамын. Бұл да – менің кішкентай болса да қоғамға қосқан үлесім. Егер бәріміз қоғамдық тәртіпті сақтасақ, егеменді еліміз көркейіп, болашағымыз жарқын болмақ. Сондықтан мен әрқашан әділетті, тәртіпті болуға және өзгелерге үлгі болуға тырысамын. Мысалы, өткен жылы мектебімізде «Таза мектеп – таза ел» атты экологиялық жоба ұйымдастырылды. Мен сол жобаның белсенді мүшесі ретінде мектеп ауласын тазалауға, қоқыс жәшіктерін орнатуға атсалыстым. Кейін сыныптастарымды да осы іске жұмылдырып, әр жұма сайын ауланы тазалап отыруды дәстүрге айналдырдық. Бұл әрекетімізбен біз тек мектеп емес, жалпы қоғам үшін тәртіп пен тазалықтың маңызын көрсете білдік деп ойлаймын. Сондай-ақ, қоғамдық көлікте үлкендерге орын беру, көшеде жол ережесін сақтау, мектеп ережелерін бұзбау – бұл да тәртіпке қосқан үлес деп есептеймін.

Қорытындылай келе, қазіргі тәуелсіз еліміздің тірегі - білімді де тәрбиелі жастар. Сол себепті аянбай оқу оқып, мектеп ұстаздары мен ата-анамның үмітін ақтап, болашақта қоғамға адал еңбек еткім келеді. Біз – жастар, болашақ қоғамның иесіміз. Егер тәртіпті болсақ, өзгелерге үлгі болсақ, еліміздің болашағы жарқын болмақ. Аспанда ай мен күн, төменде жер, арасында мендей адамзат баласы барда Жаңа Қазақстан, Әділетті Қазақстан биікке өрлейді!

Талғат Камила
Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы, 9 «А» сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен әділеттілік болуы үшін ең алдымен заң мен тәртіп болуы қажет. Егер адамдар ережелерге бағынбаса, әркім өз білгенін істеп, өмір бейберекет күйге түсер еді. Сондықтан заң мен тәртіп - қоғамның негізгі тірегі.

Заң мен тәртіп сақталуы үшін әр адам өзінен бастау алуы керек. Кішкентай бала да, үлкен кісі де ережеге бағынуға, әділ болуға тырысуы қажет. Мысалы, мектепте сынып ережесін сақтау, көшеде жол ережесін бұзбау - бұл тәртіптің кішкентай көріністері. Ал тәртіп сақшылары - елдегі тыныштықты қамтамасыз ететін жандар. Қазақта «Тәртіпке бағынған ел құл болмайды» деген аталы сөз бар. Бұл - тәртіптің ел еркіндігі үшін маңызды екенін білдіреді.

Заңды барлық адам ережені бұзбай өмір сүрсе, елде ұрлық, дау-дамай, әділетсіздік азаяр еді. Адамдардың бір-біріне сеніммен қарап, қауіпсіз өмір сүруіне мүмкіндік береді. Мен қоғамға қандай үлес қоса аламын? Ең алдымен, өзіме жауапты болу арқылы. Мектепте тәртіп сақтап, достарыма көмектесіп, өзгелерге

құрметпен қарасам - бұл да қоғамға қосқан үлес. Мен болашақта қандай маман иесі болсам да, заңды сыйлайтын, адал азаматша болғым келеді.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп - бәрімізге ортақ тыныштық кепілі. Әр адам өз ісіне жауапты болса, әділетті қоғам орнайды. Тәртіп - үлкен өзгерістердің кішкентай бастауы.

Иманғалиева Зарина
№79 мектеп-лицейі, 8 «Ж» сынып оқушысы

Біздің қоғамда заң мен тәртіптің орны ерекше. Егер әр адам заңға толық бағынса, қоғамда тыныштық пен әділдік орнайды. Заң мен тәртіпті сақтау үшін ең алдымен, әр адам өзінің әр әрекетіне жауапты болуы керек деп ойлаймын. Осы ойымды түрлі мысалдар мен дәлелдер арқылы көрсете аламын.

Біріншіден, балаларға дұрыс тәрбие берілуі керек, өздері үлгі болса, жастар да дұрыс жолдан таймайды. Заң орындалғанда, ел дамиды, экономика жақсарады, адамдар бір-біріне сеніммен қарайды. Әр адамның қауіпсіздігі қорғалады. Менде өз пікірімді қоса аламын. Бәріміз мектепте тәртіпті болып, ережелерді сақтаймыз. Қоқысты жерге тастамаймыз, үлкендерге көмектесіп, мұғалімдерді сыйлаймыз. Бұл – менің қоғамда қосқан кішкентай, бірақ маңызды үлесім. Егер бәріміз осылай әрекет етсек, Қазақстанымыз одан әрі гүлденіп, тыныш, әділетті елге айналады.

Екіншіден, тәртіп отбасынан басталуы қажет. Ата-ана өзі баласына тәртіпті болудың еркін болумен ұқсас екенін ұғындырса, бала да қоғамда өзін дұрыс ұстап үйренеді. «Тәрбиелі – тәртіптің құлы» демекші, еркіндік те тәртіппен келетінін ұмытпайық!

Заң – қорғанымыз, ал тәртіп – тыныштығымыз екенін ұмытпауымыз керек. Қоғам – бұл біздің бірлігіміздің ортақ үйі. Қорытындылай келе, заң мен тәртіп әр адамның өмірінде маңызды деген тұжырымға келдім. Біз бәріміз заңға бағынсақ, еліміз бейбіт және әр адам бақытты болады. Балашағамыз жарқын болсын десек, өзімізден бастайық, достар!

Бужиева Сая
№79 мектеп-лицейі, 9 «М» сынып оқушысы

Біздің қоғамда заң мен тәртіптің орны ерекше. Егер әр адам заңға толық бағынса, қоғамда тыныштық пен әділдік орнайды. Заң мен тәртіпті сақтау үшін ең алдымен, әр адам өзінің әр әрекетіне жауапты болуы керек деп ойлаймын. Осы ойымды түрлі мысалдар мен дәлелдер арқылы көрсете аламын.

Біріншіден, балаларға дұрыс тәрбие берілуі керек, өздері үлгі болса, жастар да дұрыс жолдан таймайды. Заң орындалғанда, ел дамиды, экономика жақсарады,

адамдар бір-біріне сеніммен қарайды. Әр адамның қауіпсіздігі қорғалады. Менде өз пікірімді қоса аламын. Бәріміз мектепте тәртіпті болып, ережелерді сақтаймыз. Қоқысты жерге тастамаймыз, үлкендерге көмектесіп, мұғалімдерді сыйлаймыз. Бұл – менің қоғамда қосқан кішкентай, бірақ маңызды үлесім. Егер бәріміз осылай әрекет етсек, Қазақстанымыз одан әрі гүлденіп, тыныш, әділетті елге айналады.

Екіншіден, тәртіп отбасынан басталуы қажет. Ата-ана өзі баласына тәртіпті болудың еркін болумен ұқсас екенін ұғындырса, бала да қоғамда өзін дұрыс ұстап үйренеді. «Тәрбиелі – тәртіптің құлы» демекші, еркіндік те тәртіппен келетінін ұмытпайық!

Заң – қорғанымыз, ал тәртіп – тыныштығымыз екенін ұмытпауымыз керек. Қоғам – бұл біздің бірлігіміздің ортақ үйі. Қорытындылай келе, заң мен тәртіп әр адамның өмірінде маңызды деген тұжырымға келдім. Біз бәріміз заңға бағынсақ, еліміз бейбіт және әр адам бақытты болады. Балашағамыз жарқын болсын десек, өзімізден бастайық, достар!

Дауренкызы Дария
№79 мектеп-лицейі, 7 «Б» сынып оқушысы

В современном мире закон и порядок-это основа каждого справедливого и развитого общества. Закон-это не просто набор правил. Это фундамент, на котором строится сильное государство. Он помогает нам отличить плохое от хорошего, справедливость от несправедливости. Порядок-это результат соблюдения поставленных законом правил. Без четко установленных правил и их соблюдения невозможно представить спокойную, организованную жизнь. Когда в стране царит справедливость, люди доверяют друг другу и государству. Также они должны быть уверены в том, что их права защищены, а за нарушение закона последует наказание.

В Казахстане большое внимание уделяется поддержанию порядка. В нашей стране каждый гражданин имеет права и обязанности. Конституция - это главный закон, который соблюдает каждый житель нашей страны. Она защищает интересы и права граждан, гарантирует свободу слова, дает право на образование и многое другое.

Особенно важно, чтобы молодое поколение осознавало всю важность соблюдения правил и уважало закон. Ведь закон учит ответственности и помогает принимать правильные решения, ведь за каждое действие есть свои последствия. По моему мнению, все начинается с малого. Порядок нужен и в повседневной жизни — на улице, в школе, в семье. К примеру: уважать устав школы, не мусорить, быть вежливым со старшими. Да, каждому человеку стоит начинать с себя. Я считаю, что закон и порядок необходимы для спокойной и справедливой жизни. Они помогают нам жить, уважая права каждого человека, не ограничивая свободу,

а направляя её. Именно поэтому важно знать и уважать законы, так мы создаём безопасное и справедливое общество.

В заключении я хочу сказать, что порядок - это важная ценность, от которой зависит наша будущая жизнь. Поддерживая порядок, мы делаем вклад в развитие сильной, мирной, а главное - справедливой страны!

Абжанова Анадель
№79 мектеп-лицейі, 6 «Г» сынып оқушысы

Закон и порядок — это основа спокойной и справедливой жизни. Без них люди бы не знали, как правильно поступать, и в обществе начался бы хаос. Законы нужны для того, чтобы защищать права каждого человека. Они говорят нам, что можно делать, а что запрещено. Например, нельзя воровать, драться, обманывать. А если кто-то нарушает закон, он должен понести наказание, чтобы больше не совершал плохих поступков.

Порядок — это когда люди уважают друг друга, выполняют свои обязанности и живут по правилам. В школе тоже есть свой порядок: ученики должны приходить вовремя, не мешать на уроках, слушать учителя и помогать одноклассникам. Если каждый будет соблюдать порядок, всем будет учиться легче и приятнее.

Я считаю, что закон и порядок делают нашу жизнь безопасной и честной. Мы должны понимать, что это важно не только для взрослых, но и для детей. Если мы с детства научимся уважать правила, то вырастем хорошими людьми, которые будут заботиться о других и о своей стране.

Курмангалиева Амина
№79 мектеп-лицейі, 8 «Б» сынып оқушысы

Когда я думаю о словах «закон» и «порядок», сразу представляю себе спокойную улицу, где все живут по правилам, уважают друг друга и чувствуют себя в безопасности. Это и есть то, к чему стремится любое государство, в том числе и моя родина - Казахстан.

Закон - это не просто строгие правила, написанные в умных книгах. Это основа, на которой строится наша жизнь. Без законов не было бы школ, больниц, мирной жизни. Каждый человек мог бы делать, что захочет, и никто бы его не остановил. А значит, сильные обижали бы слабых, правду никто бы не защищал, и мы жили бы в хаосе. Законы нужны, чтобы справедливость была не на словах, а на деле.

В Казахстане действует Конституция — главный закон страны. В ней написано, что каждый человек имеет право на жизнь, свободу, труд, образование.

Но вместе с правами у нас есть и обязанности. Мы должны соблюдать правила, уважать других людей и свою страну. Если каждый будет делать только то, что хочет, не думая о других, то порядка не будет.

Порядок в стране — это когда работают суды, полиция, законы, а люди не боятся ходить по улицам. Конечно, иногда бывают трудности: кто-то нарушает правила, кто-то поступает несправедливо. Но важно, чтобы государство на это реагировало, чтобы закон был одинаков для всех — и для обычного человека, и для тех, кто у власти.

Я часто думаю: что могу сделать я, простой ученик восьмого класса? На самом деле — многое. Я могу уважать учителей, соблюдать школьные правила, не мусорить, не грубить. Это и есть начало порядка — с маленьких, но честных поступков. Когда таких людей будет больше, наша страна станет ещё крепче и дружелюбнее.

Закон и порядок — это не что-то далёкое или скучное. Это наша жизнь. И только от нас зависит, будет ли Казахстан справедливым, мирным и сильным. Я горжусь своей страной и верю, что, соблюдая законы и уважая друг друга, мы вместе построим хорошее будущее.

Кадырбекова Еркеназ
С. Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясы, 9 «Д» сынып оқушысы

«Как соблюдение закона влияет на развитие общества»

Закон - это не просто свод правил, написанных в юридических кодексах, это фундамент, на котором строится устойчивое и справедливое общество. Соблюдение закона каждым его гражданином и институтами власти напрямую влияет на качество жизни, уровень доверия, безопасность и прогресс общества в целом.

Во-первых, закон обеспечивает порядок и стабильность. В обществе, где правила нарушаются безнаказанно, царит хаос. Люди не чувствуют себя в безопасности, экономические отношения разрушаются, и вместо сотрудничества возникает страх и недоверие. Когда же закон выполняется, каждый человек знает свои права и обязанности, а также уверен, что они будут защищены. Это создает предсказуемость в жизни, позволяет планировать будущее, развивать бизнес, инвестировать в образование и технологии.

Во-вторых, соблюдение закона формирует справедливое общество. Это означает, что каждый человек, независимо от своего положения, подчиняется одним и тем же нормам. Такой подход способствует равенству и уважению, снижает уровень коррупции и дискриминации. В правовом государстве ценятся не привилегии, а заслуги и соблюдение общих правил.

Кроме того, законы отражают нравственные и культурные ценности народа. Когда граждане осознанно соблюдают их, они не просто подчиняются, а разделяют идеалы справедливости, честности, взаимопомощи. Таким образом, соблюдение закона становится проявлением гражданской зрелости и патриотизма.

Наконец, только в условиях законности возможно устойчивое развитие: экономическое, социальное и культурное. Инвесторы предпочитают правовые государства, где гарантии защищены, а споры решаются в судах. Образование и наука процветают в атмосфере свободного и безопасного обмена знаниями, а общество становится более открытым и толерантным.

Таким образом, соблюдение закона — это не просто обязанность, это вклад каждого гражданина в построение сильного, справедливого и прогрессивного общества. Там, где закон уважается, там рождается доверие, процветание и подлинная свобода.

Семейхан Айару
№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі, 5 «Д» сынып оқушысы

Қоғамға заң мен тәртіп не үшін керек деп ойлайсыз? Әрине, елімізде бейбітшілік, тыныштық болу үшін заң мен тәртіп керек. Заң мен тәртіпке бағыну- әрбір адамзаттың құқығы. Егер заң болмаса, қоғамда әділетсіздік орнауы мүмкін. Тәртіп дегеніміз -заңды сақтаудың бір көрінісі.Мектепте оқушының тәртіпті болуы, үйде ата-ананы тыңдауы, көшеде жол ережесін сақтауы- барлығы заңға және тәртіпке деген құрметті білдіреді.

Қазіргі заман-білім мен парасаттылық заманы. Әр азамат өз құқығын біліп, сонымен қатар міндеттерін де ұмытпауы тиіс. Дана халқымыз «Тәртіпке бағынған ел озады, бағынбаған ел тозады»деген. Сондықтан еліміздің болашағы үшін әрқайсысымыз заңға бағынуға тиістіміз және тәртіпті сақтауымыз қажет. Мемлекеттің дамуы, халықтың әл-ауқаты- заң мен тәртіпке бағынуына байланысты. Мәдениеттілік көрсету, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, салық төлеу- бәрі де заңға бағынышты болуды білдіреді. Ата заңымыз –Конституцияда әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтары айқын көрсетілген. Бірақ бұл құқықтар тек заңда ғана жүзеге асады. Мысалы, жолда жүру ережесін сақтау- тек көлік жүргізушілердің ғана емес, барлық адамдардың қауіпсіздігі үшін маңызды. Олай болса, заң мен тәртіп- қоғам мен мемлекеттің іргетасы. Әр адам өзінің міндетін адал атқарса, қоғамда әділеттілік орнайды. Қорытындылай келе айтарым, біз заңды құрметтеп, тәртіпке бағынуымыз керек. Сонда ғана біз заң мен тәртіпті сақтау арқылы мықты мемлекет бола аламыз деп ойлаймын.

Ержанқызы Зарина
№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі, 7 «А» сынып оқушысы

Заң - мемлекеттің тірегі, ал тәртіп - адамдар арасындағы сыйластықтың белгісі. Егер де еш шектеулер болмаса, еліміз мұндай тыныш болмас еді. Адалдық – барлығына берілмеген, шындыққа, әділдікке ұмтылу, өз сөзінде тұру дегенді білдіретін адам бойындағы ең керемет қасиет. Адал адам басқаларға құрмет пен сенімділікті сыйлайды. Бұл тек өзіңе ғана емес, өзгелерге де жауапкершілікпен қарап, шыншылдық пен әділдікте құрылған өмір сүру.

Қоғамда тыныштық пен әділеттілік болуы үшін ең алдымен заң мен тәртіп қатаң сақталуы қажет.Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды»,- деген. Иә, қазіргі таңда елімізде ережені бұзатын адамдарға арнайы қолданылатын заңдар мықты.Соның арқасында заң бұзушылық сиреп отыр.Әр азамат өз міндетін адал орындап, заңға бағынса, қоғамда қылмыс пен дау-дамай азаяды. Бұл екеуі қатар жүргенде ғана қоғам дамып, ел болашағы жарқын болмақ.

Заң мен тәртіптің сақталуы - тек полиция мен соттың ғана емес, әр адамның жауапкершілігі. Адамдарға заңды түсіндіру, құқықтық білім беру де өте маңызды, себебі әрбір азамат өз құқығы мен міндетін білсе, әділетсіздікке жол бермейді. Заң мен тәртіп сақталған қоғамда ғана бейбіт өмір, жарқын болашақ орнайды. Біз мектепте ережелерге бағынсақ, үйде ата-анамыздың айтқандарын тыңдасақ, айналамыздағы адамдарға сыйластықпен қарасақ, сол арқылы қоғамдағы тәртіптің сақталуына өз үлесімізді қосамыз.Бұл да адамгершіліктің бір көрінісі. Сондай-ақ, заң мен тәртіпті сақтау үшін әр адам құқықтық білім алуы тиіс. Өз құқығы мен міндетін білген адам әділетсіздікке жол бермейді. Қоғамда тек жазалау емес, алдын алу жұмыстары да маңызды. Адамдарға түсіндіру, тәрбиелеу, жақсы үлгі көрсету - тәртіптің негізі.Егер бәріміз заңға бағынсақ, бір-бірімізге түсіністікпен қарап, жауапкершілікпен әрекет етсек, елімізде бейбіт өмір орнап, келешекке сеніммен қадам басамыз.

Қорыта келе айтарым, Заң мен тәртіп - бақытты өмірдің алтын кілті, үлкен жетістіктер мен жарқын болашаққа әкелетін жол. Адамгершілік, адалдық бар жерде тәртіп болады, заң бұзылмайды.

Муратова Дария
№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі, 8 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен тұрақтылықтың орнауы – әрбір азаматтың саналы әрекеті мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Қоғамдық тәртіп – жай ғана ережелер жиынтығы емес, ол – әр адамның мәдениеті мен сана-сезімінің

көрсеткіші. Мен де өз кезегімде қоғамдық тәртіпті сақтау мен нығайтуға үлес қоса аламын. Бұл – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Біріншіден, қоғамдық тәртіп ең алдымен адамның өзін-өзі тәрбиелеуінен басталады. Өз әрекеттеріме жауапкершілікпен қарап, мектепте, көшеде, қоғамдық көлікте немесе үйде болсын, тәртіпті болуға тырысамын. Себебі, адам өзін-өзі тәртіпке шақыра алмаса, қоғамға да пайдасы аз болмақ. «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген халық даналығы бұл тұжырымды нақты дәлелдейді.

Екіншіден, мен өзімнен кішілерге тәртіптің маңызын түсіндіре аламын. Інім мен қарындасыма қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстауды, үлкендерге құрмет көрсетуді үйретемін. Үлкенге ізет, кішіге қамқорлық көрсету – ұлттық тәрбиенің негізі. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген мақал осы ұстанымды нақты сипаттайды.

Үшіншіден, егер айналамда тәртіп бұзушылықты көрсем, бейжай қалмай, сыпайы түрде ескерту жасауға тырысамын. Қажет жағдайда, үлкендерге немесе мұғалімдерге хабарлап, мәселеге араласуға көмектесемін. Себебі тәртіп бұзушылыққа көз жұму – оған үнсіз келісумен тең. Әр адамның кішкентай әрекеті үлкен нәтижеге бастайтынын ұмытпауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек» деген мақал тәрізді, бір теріс қылыққа тосқауыл болсақ, қоғамда саналы қадамға жол ашамыз.

Қорыта айтқанда, қоғамдық тәртіп – әр азаматтың күнделікті өміріндегі таңдауынан басталады. Егер әрқайсымыз тәртіпке бағынып, бір-бірімізге сыйластықпен қарасақ, қоғамымыз да бейбіт, тату әрі сенімді болмақ. Тәртіп – ұлттың ұйытқысы, ұрпақтың болашағына бастар жол.

Жамалбек Сезім
Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы, 7 «А» сынып оқушысы

Қазіргі заманның жылдам өзгеріп жатқан әлемінде заң мен тәртіп қоғамның тұрақтылығын сақтауда шешуші рөл атқарады. Бұл ұғымдартек құқықтық нормалар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар әділеттілік пен қауіпсіздіктің кепілі. Тарихтан белгілідей, заңсыз қоғамдар ұзақ өмір сүрмейді.

Менің пікірімше, заң тек қағаздағы ережелер жиынтығы емес, ол халықтың ортақ құндылықтарының көрінісі. Мысалы, көшедегі жаяу адамдарға арналған жолақтарды сақтау–бұл тек заңды құрметтеу ғана емес, сонымен қатар басқа адамдарға деген құрметтің көрінісі. Дегенмен, кейбір жағдайларда заңдар қатаңдығымен азаматтардың құқықтарын шектеуі мүмкін. Сондықтан заң шығарушылар әрдайым халықтың мүддесін ескеруі керек. Негізі заңдар тек қағазға жазылған сөздер емес. Мысалы, мектепте барлық балалардың бір уақытта сабаққа келуі – бұл да тәртіп. Бірақ кейде заңдар тым қатаң болып, адамдардың өмірін

қиындатпауы керек. Ең бастысы – әркім өз құқығын білсе, басқалардың құқығын да құрметтеуі керек.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – бұл қоғамның деңгейін көрсететін айна. Олардың сапасы тікелей халықтың мәдениетіне байланысты. Әрбір азаматтаң осы екі ұғымды түсінуі және құрметтеуі арқылы ғана шынайы әділетті қоғам құруға болады. Болашақта заңдардың адамгершілікке негізделуі мен тәртіптің әрқайсымыздың жауапкершілігіне айналуы қоғамдық үйлесімнің кепілі болады деп сенемін.

Ермұхан Іңсар
Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы, 6 «Г» сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен әділеттіліктің болуы – заң мен тәртіпке байланысты. Заң – барша адамға ортақ өмір ережесі болса, тәртіп – сол заңды құрметтеп, орындау. Егер адамдар заңға бағынбаса, елде тәртіпсіздік орнап, өмір сүру қиынға соғады. Сондықтан заң мен тәртіпті сақтау – әр азаматтың маңызды міндеті.

Заң мен тәртіпті сақтау ең алдымен отбасынан басталады. Ата-аналар балаларын кішкентайынан дұрыс тәрбиеге, ережелерді сақтауға үйретуі керек. Мектепте де мұғалімдер бізге тәртіптің не екенін түсіндіріп, жауапкершілікті сезінуге көмектеседі.

Күнделікті өмірде біз заң мен тәртіпті әртүрлі жағдайда қолданамыз. Мысалы, жол ережесін сақтау — өзіміздің де, басқалардың да қауіпсіздігі үшін қажет. Сабақта тәртіп сақтау — білім алуға мүмкіндік береді. Егер әр адам тәртіпке бағынса, қоғам дамып, халықтың әл-ауқаты артады.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы да өзінің шығармаларында жастарды тәртіпке, адалдық пен білімге ұмтылуға шақырған. Бұл сөздер қазіргі таңда да өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп сақтау – бұл тек міндет емес, бұл – адамгершілік пен жауапкершілік белгісі. Егер әр адам заңға бағынса, қоғамда тыныштық, әділдік және сенім орнайды. Менің ойымша, тәртіп – ел болашағының негізі. Біз бәріміз тәртіпті болсақ, Қазақстанымыз көркейеді

Арманкызы Аружан
Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы, 6 «Н» сынып оқушысы

По моему мнению, закон – это обязательное правило, которое выражает волю государства, одна из форм права. Я ощущаю, как с помощью законов меня и мою семью оберегает мое государство, с помощью семейного права, которое регулирует отношения между членами семьи. Мне 12 лет и я получила ряд прав: право на имя,

отчество и фамилию, право жить и воспитываться в семье, право на защиту прав и законных интересов, право на общение с родителями и другими родственниками, право на всестороннее развитие, уважение человеческого достоинства, право иметь собственность, получать содержание от родителей. Законы сопровождают нас всю жизнь. Попробую показать, как эти законы влияют на жизнь других детей на небольшом примере. Недавно я узнала, что моего друга ущемляет в правах его учитель (она при всех одноклассниках сказала, что он сирота (его родители создали другие семьи и живут благополучно, а моего друга воспитывает бабушка), я позвонила и написала в службу 111. К моему удивлению мне позвонила девушка и сказала, что учителя моего друга наказали. Я помогла своему другу. В нашей стране есть порядок, работают законы. Я живу в правовом государстве и не хочу, чтобы в моей стране закон можно было обмануть.

Без законов в правовом государстве невозможно жить. Законы нужны для порядка в обществе и урегулирования отношений между людьми. Мне кажется, что это большинство не совершает преступлений не потому, что боится наказания, а потому, что у них высокие моральные качества, а ещё, они – настоящие патриоты. Благодаря законам люди держат себя в рамках приличия, стараются ограничивать себя и не совершать недопустимых действий. Закон устанавливает порядок и равновесие в обществе. В наше время некоторые молодые люди считают самым главным показателем качества жизни материальный достаток и они не всегда разборчивы в источнике этих средств. Это есть прямой путь к нарушению закона и никогда не приведет к добру.

И я, как гражданин своей страны, уверенно утверждаю: если ты служишь на благо государству, законы будут полностью и безоговорочно на твоей стороне.

Отсюда я делаю вывод: главная цель законов - помощь гражданам своего государства. В нашем обществе соблюдаются законы и есть порядок, а это означает, что каждый человек может жить честно и счастливо.

Жамалбек Сезім
Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы, 7 «А» сынып оқушысы

Қазіргі заманның жылдам өзгеріп жатқан әлемінде заң мен тәртіп қоғамның тұрақтылығын сақтауда шешуші рөл атқарады. Бұл ұғымдартек құқықтық нормалар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар әділеттілік пен қауіпсіздіктің кепілі. Тарихтан белгілідей, заңсыз қоғамдар ұзақ өмір сүрмейді.

Менің пікірімше, заң тек қағаздағы ережелер жиынтығы емес, ол халықтың ортақ құндылықтарының көрінісі. Мысалы, көшедегі жаяу адамдарға арналған жолақтарды сақтау–бұл тек заңды құрметтеу ғана емес, сонымен қатар басқа адамдарға деген құрметтің көрінісі. Дегенмен, кейбір жағдайларда заңдар

қатаңдығымен азаматтардың құқықтарын шектеуі мүмкін. Сондықтан заң шығарушылар әрдайым халықтың мүддесін ескеруі керек. Негізі заңдар тек қағазға жазылған сөздер емес. Мысалы, мектепте барлық балалардың бір уақытта сабаққа келуі – бұл да тәртіп. Бірақ кейде заңдар тым қатаң болып, адамдардың өмірін қиындатпауы керек. Ең бастысы – әркім өз құқығын білсе, басқалардың құқығын да құрметтеуі керек.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп –бұл қоғамның деңгейін көрсететін айна. Олардың сапасы тікелей халықтың мәдениетіне байланысты. Әрбір азаматтаң осы екі ұғымды түсінуі және құрметтеуі арқылы ғана шынайы әділетті қоғам құруға болады. Болашақта заңдардың адамгершілікке негізделуі мен тәртіптің әрқайсымыздың жауапкершілігіне айналуы қоғамдық үйлесімнің кепілі болады деп сенемін.

Ермұхан Іңсар
Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы, 6 «Г» сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен әділеттіліктің болуы – заң мен тәртіпке байланысты. Заң – барша адамға ортақ өмір ережесі болса, тәртіп – сол заңды құрметтеп, орындау. Егер адамдар заңға бағынбаса, елде тәртіпсіздік орнап, өмір сүру қиынға соғады. Сондықтан заң мен тәртіпті сақтау – әр азаматтың маңызды міндеті.

Заң мен тәртіпті сақтау ең алдымен отбасынан басталады. Ата-аналар балаларын кішкентайынан дұрыс тәрбиеге, ережелерді сақтауға үйретуі керек. Мектепте де мұғалімдер бізге тәртіптің не екенін түсіндіріп, жауапкершілікті сезінуге көмектеседі.

Күнделікті өмірде біз заң мен тәртіпті әртүрлі жағдайда қолданамыз. Мысалы, жол ережесін сақтау — өзіміздің де, басқалардың да қауіпсіздігі үшін қажет. Сабақта тәртіп сақтау — білім алуға мүмкіндік береді. Егер әр адам тәртіпке бағынса, қоғам дамып, халықтың әл-ауқаты артады.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы да өзінің шығармаларында жастарды тәртіпке, адалдық пен білімге ұмтылуға шақырған. Бұл сөздер қазіргі таңда да өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп сақтау – бұл тек міндет емес, бұл – адамгершілік пен жауапкершілік белгісі. Егер әр адам заңға бағынса, қоғамда тыныштық, әділдік және сенім орнайды. Менің ойымша, тәртіп – ел болашағының негізі. Біз бәріміз тәртіпті болсақ, Қазақстанымыз көркейеді

Изатулла Аружан
Шейх Тәмим бен Хамад әл-Тәни атындағы №85 мектеп-лицейі, 8 «Б» сынып оқушысы

Жайқалған жасыл желекті табиғат арасында келе жатырмын. Жас қайыңдар тыным таппай сыбырласып, бар сырын ашқалы тұрғандай. Кешегі сабақта «Заң мен тәртіп сақталу үшін не істеу керек?» деген мұғалімнің сөзі менің ойыма орала берді. Жас қайыңдай өсіп келе жатқан жас жеткіншек ретінде, бұл ой үнемі біздің санамызда жүруі керек деп ойлаймын. Қоғамда тыныштық пен әділеттілік болу үшін заң мен тәртіп өте маңызды. Егер әр адам өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қараса, ешқандай қиындық туындамас еді.

Отбасымызда, достарымызбен қарым-қатынаста тәртіпті болу – үлкен тәрбие. Әл-Фараби атамыздың: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген сөздері тәртіптің маңыздылығын көрсетеді. Тәртіпке негізделген қоғам ғана білім мен дамуда жақсы нәтижелер көрсете алады деген ойдамын. Тәртіпке бағыну — елдің қауіпсіздігі мен дамуы үшін маңызды. Себебі әрбір азаматтың қоғамда өз орны мен міндетін түсініп, бірлескен түрде өмір сүруін қалайды. Осы арқылы біз өзіміздің өмірімізді ғана емес, қоршаған орта мен қоғамды да жақсарта аламыз.

Заң мен тәртіп сақтауды алдымен өзімізден бастағанымыз маңызды. Мысалы, көшеде қоқыс тастамау, жолда жүру ережесін сақтау, қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстай білу сияқты қарапайым істердің өзі тәртіпке жатады. Егер біз кішкентайымыздан тәртіпке үйренсек, өскенде де заңды бұзбай, жауапты азамат боламыз. Егер сыныптастарым, достарым ереже бұзып жатса, оған сыпайы түрде түсіндіруге тырысамын.

Сонымен қатар, заң мен тәртіптің маңыздылығы жайында өткен іс-шаралардың бірі - «Заң мен тәртіп» тақырыбында мектеп оқушыларының қатысуымен болған қойылым. Бұл қойылымды тамашалау маған үлкен ой салды. Бір адамның адалдығы қоғамға аздық ететіндігіне көзім жетті. Бүкіл қоғам әділетті болса, заң үстемдік құрады деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіпті сақтау — бұл тек құқық қорғау қызметкерлері емес, әр азаматтың жауапкершілігі екендігіне көзім жетті. Мұны біз ұлы тұлғалардың өмірінен де, өмірлік тәжірибеден де көре аламыз.

Букаева Адэля
Шейх Тәмим бен Хамад әл-Тәни атындағы №85 мектеп-лицейі, 7 «Д» сынып оқушысы

Соблюдение законов и порядка - фундамент стабильного и гармоничного общества. Законы регулируют поведение граждан, обеспечивают порядок и справедливость, а также устанавливают нормы и правила. Без их соблюдения невозможно представить себе процветающее государство. Так как же они влияют на развитие нашего общества?

Во-первых, соблюдение законов способствует укреплению правопорядка и снижению уровня преступности. Когда граждане уважают законы и следуют им, в обществе устанавливается порядок, снижается количество правонарушений и повышается уровень безопасности. К примеру, в стране с высоким уровнем соблюдения закона, таких как Япония и Швеция, уровень преступности низкий, а граждане чувствуют себя в безопасности даже поздно вечером на улицах.

Во-вторых, порядок способствует и экономическому развитию. В странах, где законы четко определены и соблюдаются, создаются благоприятные условия для ведения бизнеса, привлекаются инвестиции, развивается предпринимательство. Это, в свою очередь, приводит к росту экономики, увеличению рабочих мест и повышению уровня жизни населения.

В Германии строгие законы, защита частной собственности и прозрачность бизнеса помогли быстро восстановить экономику. Это известно в истории как “немецкое экономическое чудо”. Кроме того, соблюдение законов укрепляет доверие в обществе. Когда законы применяются справедливо и последовательно, граждане чувствуют уверенность в том, что их права будут защищены, а нарушители-наказаны. Это уже способствует формированию правовой культуры и социальной ответственности. В кинофильме «12 разгневанных мужчин» наглядно показано, как один человек, уважающий законы и справедливость, способен изменить мнение присяжных и спасти невиновного. Это отличный пример действия на деле закона через порядок и ответственность.

В заключение хочу отметить, что соблюдение законов играет ключевую роль в развитии общества. Оно обеспечивает порядок, способствует возможности экономического роста, укрепляет доверие между гражданами. Только в условиях законности возможно построение справедливого, здорового и благополучного общества.

Казыбаев Әбілмансұр
Шейх Тәмим бен Хамад әл-Тәни атындағы №85 мектеп-лицейі, 6 «Д» сынып оқушысы

В любой стране закон и порядок играют решающую роль в жизни общества. Без них невозможны безопасность, справедливость и развитие. По моему мнению, соблюдение закона — это не только обязанность государства, но и ответственность каждого человека. Чтобы законы действительно работали, нужно не просто бояться наказания, а понимать смысл правил и осознанно их выполнять.

Во-первых, важную роль играет воспитание. С детства детям нужно объяснять, почему нельзя нарушать правила. Я считаю, что хороший пример взрослых помогает формировать уважение к закону. Если родители сами

соблюдают правила, ребёнок перенимает такое поведение. Школа также играет ключевую роль: на уроках истории мы узнаём, как формировались законы и почему они важны для мира и порядка.

Во-вторых, государство должно обеспечить равенство перед законом. Когда люди видят, что наказание касается всех — и богатых, и бедных, — они больше доверяют правосудию. В истории есть множество примеров, когда правовая система рушилась из-за несправедливости. Например, в Древнем Риме, несмотря на развитую систему законов, коррупция среди знати подрывала доверие простых граждан к власти.

Также я уверен, что каждый человек может внести вклад в соблюдение порядка. Например, я стараюсь уважать других людей, не нарушать общественные правила и подавать пример окружающим. Иногда достаточно просто не молчать, когда видишь несправедливость, — это тоже шаг к порядку. Участвуя в школьных мероприятиях, связанных с правами человека, я стараюсь лучше понять, как важно быть ответственным гражданином.

В заключение хочу сказать, что порядок начинается с нас самих. Если каждый будет ответственным, честным и сознательным, закон будет работать, а общество станет лучше. Лично я готов начать с себя. Именно с таких маленьких шагов начинается большая перемена в мире.

Жұмабай Гүлім
Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия, 6 «А» сынып оқушысы

Қоғамның тыныштығы мен дамуы тікелей заң мен тәртіптің сақталуына байлыныcты.Бұл ұғымдар мемлекеттің тірегі болып, әр азаматтың өмір сүру қауіпсіздігіне кепіл болады.Қазіргі уақытта заңның маңыздылығы арта түсуде, себебі, тәртіпсіздік пен құқық бұзушылық көптеген елдерде күрделі мәселеге айналып отыр.Осы орайда, заң мен тәртіпті сақтау не үшін қажет деген сұрақ туындайды.

Біріншіден, заң - бұл барша адамзатқа бірдей қойылатын ортақ талаптар жиынтығы. Ол қоғамдағы әділеттікті қамтамасыз етіп,құқықтар мен міндеттерді айқындайды.Мысалы,Қазақстан Республикасының Конституциясы әр адамның тең құқылы екенін анық көрсетеді.Бұл - заңдылықтың нақты фактісі. Екіншіден, тәртіп - адамдар арасындағы қарым - қатынасты реттейтін маңызды құрал. Аргумент ретінде, күнделікті өмірде орын алатын жол - көлік оқиғаларын келтіруге болады. Жүргізушілер жол ережесін сақтамаса, жазықсыз адамдар зардап шегеді.Бұл тәртіпсіздіктің нақты салдары. Менің ойымша, заң мен тәртіпті сақтау - тек мемлекеттік органның емес, сонымен қатар әр азаматтың жауапкершілігі. Егер әр адам өз әрекетіне саналы қарап, заңға мойынсұнса, қоғамда бейбіт өмір, татулық,

тұрақтылық пен әділеттілік орнайды. Заңды сақтау – елдің өркендеуі мен дамуына негіз. Қоғамда тәртіп тек адамдардың өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарай алған жағдайда орын алады. Заңдардың орындалуы экономикалық тұрақтылықты, әлуметтік әділеттілікті қамтамасыз етіп, азаматтардың сенімін арттырады. Бұл, өз кезегінде, қоғамның дамуында оң өзгерістерге ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп-қоғамның дамуы мен тұрақтылығының негізі.Әр адам заңды сақтап,тәртіпке бағынса ғана мемлекет мықты,халық біртұтас болады.Демек заңға бағыну - азаматтық сананың айнасы.

Қалдарова Перизат
Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия, 9 «А» сынып оқушысы

Заң – мемлекеттің мызғымас тірегі, тәртіп – ұлттың ар-намысы мен рухани айнасы. Әрбір азаматтың жүрегінде әділет оты жанып тұрса, ол қоғам әділдікке, ал мемлекет өркениетке ұмтылады. Менің пайымымша, заң мен тәртіпті сақтау - бұл жай ғана міндет емес, бұл елге деген шынайы махаббаттың көрінісі. Осы жолда не істеу керек деген сауалға ой жүгіртіп көрсек.

Біріншіден, қоғамда құқықтық сауаттылықты арттыру – ең маңызды қадам. Оған дәлел, әр азамат өз құқығы мен міндетін терең білсе, заңды бұзбайды, керісінше оны қорғап, әділеттің жағында тұрады. «Білмеген у ішеді» дейді халқымыз. Құқықтық білім – қауіпсіз болашақтың кілті.

Екіншіден, тәртіп пен жауапкершілік бала кезден бастап тәрбиеленуі тиіс. Оған дәлел, ұлттық болмысты, отансүйгіштікті бойына сіңірген бала өскенде елінің адал перзенті болады. Бүгінгі тәртіпті оқушы – ертеңгі әділетті басшы, адал қоғам мүшесі.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп – тек қана қоғам ережесі емес, олар елдің тыныштығы мен болашағының кепілі. Егер әрбір азамат осы ұлы құндылықтарды жүрекпен сезініп, күнделікті өмірде басшылыққа алса, Қазақстанымыздың болашағы жарқын, келешегі кемел болары сөзсіз.

Құлжанова Муслима
Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия, 8 «Д» сынып оқушысы

Қоғамда тыныш әрі дұрыс өмір сүру үшін адамдар бір-біріне құрметпен қарап, белгіленген ережелерді сақтауы керек. Осындай ережелерді заң деп атайды. Ал заңды орындау тәртіп арқылы көрінеді. Егер заң мен тәртіп болмаса, ел ішінде тәртіпсіздік орын алып, адамдардың өмірі қиынға соғады. Сондықтан әр адам заңға бағынуды өз міндеті деп түсінгені маңызды. Күнделікті өмірімізде бәрі бір-бірімен

байланысты болады. Таңертең автобусқа мінеміз, жолдан өтеміз, мектепке, жұмысқа барамыз. Осылардың бәрі-белгілі бір тәртіппен жүзеге асады. Егер әркім өз білгенін істесе, жолда бағдаршамға бағынбаса, қоғамдық орындарда тәртіп сақталмаса не болар еді? Әрине, тәртіпсіздік пен бейберекет өмір басталатын еді. Заң мен тәртіп біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі және әр азаматтың міндеті мен жауапкершілігі болып табылады. Қоғамда заң бұзылып, тәртіп сақталмаса, адамдардың қауіпсіздігі мен еркіндігі бұзылады.

Менің ойымша, заң мен тәртіптің сақталуы әр адамның санасына байланысты. Заң-барлығына ортақ. Ол байға да, кедейге де, үлкенге де, кішіге де бірдей қолданылады. Адамдар заңды бұзып жазаланбаса, өзгелер де солай жасауға тырысады. Адам бала кезінен әділдік пен тәртіпке үйренсе, ол өсе келе заңға қарсы әрекет жасамайды.

Тәртіп-адамның ішкі мәдениетін көрсетеді. Тәртіпті адам өзгеге де сыйластықпен қарайды. Осы ретте даңқты батыр Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген тамаша ойы еске түседі. Ал қоғамда тәртіп болған жерде бейбіт өмір, өзара түсіністік пен тұрақтылық орнайды. Бұл-әрбір отбасы мен ел үшін маңызды.

Заң мен тәртіп - жай ережелер емес, олар-тыныш әрі қауіпсіз өмірдің кепілі. Заң мен тәртіптің сақталуы — тек полиция мен соттың жұмысы емес, бұл әрбір азаматтың жауапкершілігі. «Тәртіп – тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы», - дейді әлемге әйгілі ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби. Әр адам тәртіпке бағынса, заңды құрметтесе, қоғамда әділет, тыныштық және сенім орнайды. Сонда ғана еліміз бейбіт, әділ, және дамыған мемлекетке айналады.

Жанболат Айсезім
Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы, 8 «Г» сынып оқушысы

Тәртіп туралы сөз қозғағанда Бауыржан Момышұлын айналып өтуге болмайды, қатаң тәртіп иесі, өзін де, өзгені де тәртіпті болуға шақырған Баукеңнен қалған мынандай мақал бар «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз – ел болмайды». Осы бір ауыз сөзге көп нәрсені сыйдырып тұрған жоқ па!?

Қоғамдық тәртіп – баршамыздың тыныштығымыз бен қауіпсіздігіміздің негізі. Әрбір адам осы тәртіпті сақтау арқылы қоғамның дамуына үлес қоса алады. Көпшілігіміз былай ойлаймыз: «Мен әлі баламын, ештеңе өзгерте алмаймын». Бірақ әрбір адамның әрекеті – үлкен өзгерістің бастамасы болуы мүмкін. Мен де қоғамдық тәртіпке өз үлесімді қосқым келеді.

Мен қоғамдық тәртіпке үлес қосу үшін алдымен өзімнен бастаймын. Мектепте ұстаздарды тыңдап, сабаққа кешікпей келемін, білім алуға адал

көзқараспен қараймын. Сабақ үстінде ұялы телефон қолданбай, тыныштық сақтаймын. Бұл – менің алғашқы қарапайым, бірақ маңызды қадамым.

Сондай-ақ қоғамдық орындарда мәдениетті болуға тырысамын. Автобуста үлкен кісілерге орын беру, көшеде қоқыс тастамау, жол ережесін сақтау – осының бәрі тәртіптіліктің көрінісі. Осындай әрекеттеріммен айналама үлгі болуға тырысамын.

Мен достарыммен заң мен тәртіп туралы жиі әңгімелесемін. Бірге сенбіліктерге шығып, көше тазартамыз. Волонтерлік жұмыстарға қатысып, әлеуметтік желіде пайдалы, тәрбиелік мәні бар ақпараттармен бөлісемін. Бұл арқылы жастарды жақсы істерге жұмылдыруға тырысамын.

Үйде де қоғамдық тәртіпке мән беремін. Ата-анама көмектесіп, іні-қарындастарыма дұрыс тәрбие көрсетемін. Үй ішіндегі тәртіп – болашақтағы үлкен қоғамдағы тәртіптің іргетасы.

Сонымен қатар, мен қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысамын. Мәдениет үйінде өткізілетін форумдар мен кездесулерге барып, құқықтық сауаттылығымды арттырамын. Мұндай шаралар мені ойлануға, дұрыс шешім қабылдауға үйретеді.

Егер әр жас өз ісіне жауапкершілікпен қараса, біздің болашағымыз жарқын әрі бейбіт болмақ. Мен қоғамда тәртіп пен мәдениетті қалыптастыру жолында өз үлесімді қоса беремін.

Кенжетай Асылай
Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы, 5 «Ж» сынып оқушысы

Мен – 5-сынып оқушысымын. Жасым кіші болғанымен, қоғамда тәртіп орнауы үшін менің де өз үлесімді қоса алатынына сенемін. Қоғам – үлкен отбасы сияқты. Әр адам тәртіпке бағынса, айналамыз да қауіпсіз, тату әрі әділетті болар еді.

Қоғамдық тәртіп дегеніміз – заң мен ережелерді сақтау, бір-бірімізге сыйластықпен қарау, қоршаған ортаға қамқор болу. Бұл үлкендерге ғана емес, біз – оқушыларға да қатысты. Мысалы, мектепте сабаққа уақытылы келу, сыныпты таза ұстау, достарымызбен тату болу – осының бәрі қоғамдық тәртіптің кішкентай бөліктері.

Мен өзім қоғамдық көлікте үлкен кісілерге орын беруге тырысамын. Көшеде қоқыс көрсем, қоқыс жәшігіне саламын. Бұл кішкентай әрекеттер болып көрінсе де, тәртіптің бастау көзі – осы.

Өмірден бір мысал келтірейін: өткен аптада сыныпта досым Бақдәулетпен қатар отырдым. Ол сабақ кезінде үйден әкелген кәмпиттің қағазын аша алмай, мұғалім біліп қоймасын деп отырды. Қағазын жерге тастады. Мұғалім ескерту жасады, бірақ ол тыңдамады. Сабақтың мазмұнын түсінбей қалды. Кейін өкініп,

менен көмек сұрады. Мен оған түсіндіріп бердім, бірақ сол сәтте менің түсінгенім, тәртіпсіздік тек өзіңе емес, өзгелерге де кері әсерін тигізеді. Тағы бір мысал: менің көршім Айша апай әр күні таңертең ауланы сыпырып жүреді. Кішкентай балаларға күлімсіреп, сәлем береді. Оның қарапайым әрекеттері – біздің ауламызды тәртіпті әрі таза етеді. Мен одан үлгі аламын.

Менің арманым – еліміздің болашағы тәртіпті, әділ, мейірімді болу. Ол үшін әр бала кішкентайынан тазалықты, тәртіпті, сыйластықты үйренуі керек. Егер біз тәртіпті болсақ, ертеңгі күні өзіміз басқаратын қоғам да мықты, әділетті болады.

Қоғамдық тәртіп – тек полиция мен мұғалімдердің жұмысы емес, ол – менің де, сенің де, әр адамның жүрекпен сезініп, орындайтын міндеті. Мен осыны жақсы түсінемін және өз үлесімді қосудан ешқашан бас тартпаймын.

Сапархан Інжу
Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы, 7 «Ж» сынып оқушысы

Мен жетінші сыныпта оқимын. Көпшілік ойлайтындай, жасөспірімдердің қолынан көп нәрсе келмейді деп ойлау – қате. Себебі қоғам тәртібі бізден, жастардан басталады. Тәртіп – отбасынан басталып, мектепте жалғасады. Егер біз кішкентай нәрседен – уақытты бағалаудан, тазалық сақтаудан, шыншыл болудан бастасақ, бұл өзіміздің ғана емес, айналамыздың да өзгеруіне әкеледі.

Автобуста отырған кезде үлкен кісілерге орнымды беруді әдетке айналдырдым. Бір күні бір апа маған қарап: «Балам, сен сияқты тәрбиелі ұрпақ көбейсе, еліміз де гүлденеді» – деді. Бұл сөз менің жүрегіме ерекше әсер етті. Адамға құрмет көрсету – тәртіптің ең асыл көрінісі. Қоғамда бір адамның жасаған қателігі бүкіл елге зиянын тигізуі мүмкін. Сондықтан мен өз ортамда тек жағымды іс-әрекет жасап, достарымды да соған үндеймін. Мысалы, мектепте тәртіп бұзған оқушыны жазғырудың орнына, онымен сөйлесіп, дұрыс бағытқа бағыттауға тырысатын ұстаздар баршылық. Себебі «Жақсылық – жұғады» деген қанатты сөз бекер айтылмаған.

Меніңше, қоғамдық тәртіп – бұл тек полиция мен заң органдарының ісі емес. Бұл – әрбір адамның жүрегінде басталатын ішкі мәдениет. Ұлы Абай айтқандай: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват». Яғни біз бір-бірімізге қарап бой түзейміз, бір-бірімізден үлгі аламыз.

Мен қоғамдық тәртіпті сақтау үшін өз бойымдағы жауапкершілік, тәртіп, адамгершілік қасиеттерді дамытып келемін. Көшеде де, мектепте де, үйде де – тәртіптілік пен үлгілі әрекет жасауға тырысамын. Себебі менің әрбір қадамым – елімнің болашағына қосылған кішкентай, бірақ маңызды үлес.

Тәртіп – елдің тірегі, тәрбие – ұлттың жүрегі. Осындай ұстаныммен өмір сүрсем, мен де қоғамға пайдалы азамат боламын деп сенемін.

Дастанқызы Даяна
Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп – лицейі, 6 «Ә» сынып оқушысы

Қоғам дамуының басты кепілі – заң және тәртіп. Әрбір мемлекет өз азаматтарының қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету үшін заңдарға сүйенеді. Заң – қоғамдағы тәртіптің негізі, ал тәртіп – азаматтардың заңға деген құрметінің көрінісі.

Заң дегеніміз – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін, мемлекет белгілеген ережелер жүйесі. Егер заң болмаса, әркім өз білгенін істеп, қоғамда хаос пен бейберекетсіздік орнар еді. Сондықтан заң адамдардың құқықтары мен міндеттерін анықтап, барлығына бірдей әділеттілік орнатуға бағытталған.

Тәртіп – заңды құрметтеу мен сақтау арқылы қалыптасатын қоғамдық құндылық. Мектепте, жұмыста, көшеде – қай жерде болмасын тәртіптің болуы қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықтың кепілі. Тәртіпсіздік пен заң бұзушылықтың арты қылмысқа апарады, ал бұл өз кезегінде бүкіл қоғамға зиянын тигізеді.

Бүгінгі таңда жастардың құқықтық сауатын арттыру – өте маңызды мәселе. Заңды білу ғана емес, оны құрметтеу және сақтау – әр азаматтың міндеті. Әрбір адам өзінің әрекеті үшін жауапкершілік сезінуі керек. Сонда ғана біз әділетті, қауіпсіз, бейбіт қоғамда өмір сүре аламыз.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – мемлекеттің тірегі. Ол – бейбіт өмірдің, тұрақтылықтың және дамуымыздың кепілі. Әр адам заңға бағынып, тәртіпке бағынғанда ғана қоғам алға басады.

Молдрахметова Диана
Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп –лицейі, 9 «А» сынып оқушысы

«Заң мен тәртіп- тұрақтылығымыздың негізі.»
(Қ. Тоқаев)

Заң мен тәртіп-қазақ мәдениетінің негізгі ұғымдары. Заң - қоғамдағы тәртіп пен әділдікті сақтау құралы болса, тәртіп сол заңдардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бұл ұғымдар тек құқықтық ережелерді емес, халықтың адамгершілік және рухани құндылықтарын да бейнелейді. Заң-мемлекеттің негізгі тірегі болса, тәртіп-қоғамның тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігінің кепілі. Егер қоғамда заң мен тәртіп болмаса, әділетсіздік, тұрақсыздық орын алып, адамдардың қауіпсіздігіне қауіп төнеді. Сондықтан, кез-келген азамат заңды құрметтеп, тәртіпке бағынуы тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстан құқықтық мемлекет құру жолында маңызды қадамдар жасап жатыр. Заңдардың әділ орындалуы және қоғамдық тәртіптің сақталуы-әр

адамның жауапкершілігіне байланысты. Біз мектеп қабырғасынан бастап тәртіпке бағынуды, заңға қарсы келмеуді үйренеміз. Бұл болашақта саналы, әділетті азамат болуға көмектеседі. Заңға бағыну-қорқыныштан емес, азаматтық сана мен адамгершіліктің белгісі. Егер әр адам өз құқығы мен міндетін білсе, басқалардың құқығын сыйласа- қоғамда бейбітшілік пен әділдік орнайды. Алайда, кей-кезде сот жүйесінің басым болуы, коррупциямен күресу және әділ сот жүйесін қалыптастыру мәселелері қоғамда төңкеріс шығарады. Сол үшін тәртіп сақталатын ортада ғана даму мен өркендеу болады.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп-Қазақстанның әділдік пен үйлесімге деген ұмтылысының символы. Заңды сақтау және дұрыс тәртіпті жүзеге асыру арқылы әділетті қоғам құруға болады. Жалпы, оларды сақтау-әр азаматтың парызы. Біз өз болашағымыздың жарқын болуын қаласақ, заңды құрметтеп, тәрбиелі адам болу керекпіз.

Наурузбаева Самира
Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп –лицейі, 5 «Б» сынып оқушысы

Я часто думаю о том, в какой стране я живу и в какой вырасту. Мне очень хочется, чтобы в Казахстане всегда было спокойно, честно и справедливо. Я знаю, что для этого нужны закон и порядок.

Закон – это как правила в школе: без них никто не будет слушать учителя, начнётся шум и беспорядок. В стране — то же самое. Когда люди не уважают закон, начинаются проблемы. Например, кто-то может нарушить правила на дороге, кто-то – брать деньги за то, что не должен. Я узнала, что это называется коррупцией. Мне страшно, что такое бывает, ведь это нечестно и несправедливо.

Я – всего лишь ученица, но уже сейчас понимаю, как важно, чтобы взрослые были честными, особенно те, кто работает в школе, в больницах, в полиции или в правительстве. Ведь от них зависит, как будет жить наша страна завтра. Иногда я слышу, как взрослые жалуются, что кто-то нарушает закон и остаётся без наказания. Это меня расстраивает.

Мне бы хотелось, чтобы все дети в Казахстане чувствовали себя в безопасности и гордились своей страной. Чтобы каждый человек, от взрослого до ребёнка, знал: если ты честный, трудолюбивый и соблюдаешь закон – значит, ты на правильном пути.

Я мечтаю, чтобы в будущем в нашей стране не было коррупции. Может, для этого в школах можно чаще говорить о честности и справедливости, проводить специальные уроки. Ещё можно создавать детские клубы, где мы могли бы учиться быть настоящими гражданами своей страны.

Я хочу жить в Казахстане, где царит порядок, где люди уважают закон, где не боишься говорить правду. И пусть мой голос пока маленький, но он – голос будущего.

Әділбек Інжу
Дулат Бабатайұлы атындағы № 89 мектеп-лицейі, 6 «К» сынып оқушысы

Любой человек хочет жить спокойно, жить для себя, и быть в безопасной стране. Чтобы было спокойно, нужен закон и порядок. Итак, что такое закон?

Закон - это правила, их соблюдают люди, наше общество. Они нужны для того, чтобы люди не мешали друг другу защищать от опасностей и несправедливости. Если бы не закон, в мире творился бы хаос, люди воровали, крали, нарушали бы права других. Порядок- это когда люди соблюдают законы. Мы начинаем с простых вещей: дисциплина, вежливость, уважение друг к другу. Соблюдать закон - значит не только бояться наказания, но и понимать, зачем сделали закон и правила. Например, я не мусорю на улице, потому что знаю –это вредно для окружающей среды. Я помогаю бабушкам, дедушкам, ведь это уважение к старшим, и правильно. Закон и порядок помогают стране развиваться. Если в государстве тишина, спокойно, чисто, нет преступлений – есть многие желающие туда переехать, работать, строить будущее, учиться, развиваться. Там ты найдешь множество знакомых, друзей, жизнь становится лучше; ведь все зависит от нас.

Я ученица 6 «К» класса могу помогать поддержания порядка. Например, я вежливая, честная, соблюдаю школьные правила, не молчу, если кто - то делает плохо. Важно понимать с детства законы. Если мы научимся жить по правилам сейчас, то во взрослой жизни нам будет проще жить. Мы должны строить хорошее общество, где живут и уважают друг друга. Даже маленький поступок может сделать большое дело. Например, если я замечаю, что кто-то мусорит, или ломает школьное имущество я могу вежливо сказать об этом, или обратиться к учителю, в моем случае это к Айгуль Ерсултановне. Это называется защита общего порядка. Ведь если каждый будет думать, что «Это не моё дело», то беспорядок начнёт расти. А если мы будем действовать вместе, всё изменится.

Моё будущее - в моих руках. Если я с детства учусь поступать правильно, то и во взрослой жизни смогу быть честной. И я понимаю, что всё начинается с меня!

Жұмағали Інжу
Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия, 7 «Д» сынып оқушысы

Қоғамдық тәртіп – әрбір адамның жауапкершілігі мен тәртібіне негізделген маңызды ұғым. Ол адамдардың бір-біріне құрметпен қарауы, өзара келісімде болу

және жалпы ережелер мен заңдарға бағынуынан тұрады. Қоғамдық тәртіп тек бір адамның немесе бірнеше адамның әрекеттерінен ғана емес, бүкіл қоғамның үйлесімділігі мен бірлігінен құралады. Әрбір азамат осы тәртіптің сақталуына үлес қосуы керек, себебі тәртіпсіз қоғамда бейберекетсіздік, қақтығыстар мен қиындықтар туындайды. Сол себепті, қоғамдық тәртіпті орнату – біздің ортақ міндетіміз.

Қоғамдық тәртіпті орнатуға менің де үлесім бар деп ойлаймын. Алдымен, әрбір азамат өз іс-әрекетінде заңдарды, қоғамдық нормалар мен ережелерді сақтау арқылы тәртіпті қалыптастыра алады. Мысалы, жол ережелерін сақтау – қоғамдық тәртіпті орнатудың бір бөлігі. Егер мен көлік жүргізушісі болсам, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтап, жүріп-тұру тәртібін бұзбасам, бұл қоғамдағы тәртіпті қалыптастыруға үлкен үлес қосар едім. Әрбір жүргізуші мен жаяу жүргінші осы ережелерге бағынуы керек, себебі ол тек жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы жалпы тәртіпті сақтайды.

Қоғамдық тәртіпті орнатудың тағы бір маңызды қыры – қоғамдық орындарда тәртіп сақтау. Мысалы, мектепте, парктерде, дүкендерде немесе көшелерде тыныштықты сақтау, адамдарға қолайсыздық туғызбау, орынсыз дауыстап сөйлемеу, тазалықты сақтау – бәрі де қоғамдағы тәртіпке тікелей әсер етеді. Әрбір адам өз жүріс-тұрысымен қоғамға үлгі бола алады. Мысалы, сыныпта тыныштық сақтау, сабақ кезінде тәртіпті болу, мұғалімнің айтқандарын тыңдап, құрметпен қарау – бұл да қоғамдық тәртіпке қосқан үлес болып табылады. Егер әрбір адам осы қарапайым ережелерді сақтаса, қоғамдық тәртіп те сақталады.

Сонымен қатар, қоғамдық тәртіпті орнатуға мен қоғамның басқа мүшелеріне құрметпен қарау арқылы да үлес қоса аламын. Мысалы, адамдарға сыйластық көрсету, олардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, басқалардың пікіріне түсіністікпен қарау – осының бәрі қоғамда бейбітшілік пен тәртіпті сақтауға көмектеседі. Егер мен өзіме көмек сұраған адамға көмектесіп, қиын жағдайда қолдау көрсетсем, бұл қоғамдық ынтымақтастықты күшейтеді және жалпы тәртіптің сақталуына ықпал етеді.

Бұдан басқа, қоғамдық тәртіпті сақтау үшін өз құқықтарымызды білу мен оларды дұрыс пайдалану өте маңызды. Қоғамда заңдарды бұзу мен қылмысқа жол бермеу арқылы да тәртіп орнатуға үлес қосуға болады. Егер мен заңды бұзбауға тырысып, тек өзімді емес, қоғамды да қорғау мақсатында әрекет етсем, онда қоғамдық тәртіп сақталады. Сонымен қатар, адамдардың құқықтарын қорғап, оларды заңды түрде қорғай білу де тәртіп орнатуға үлкен әсер етеді.

Қоғамдық тәртіптің сақталуына әрбір адамның өз ісімен үлес қосатынын ескергенде, мен үшін азаматтық жауапкершілік өте маңызды. Өз іс-әрекетім арқылы мен тек өзім үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де жауаптымын. Әркімнің қоғамға пайдасын тигізу үшін өз әрекеттерін түсініп, саналы түрде жүзеге асыруы тиіс. Мысалы, қаланың тазалығын сақтап, қоқыс тастамау, қоғамдық орындарда

тыныштық сақтау, көпшілік жиналатын жерлерде бейбітшілік пен келісімді сақтау – бәрі де қоғамдық тәртіпті орнатуға ықпал етеді.

Қоғамдық тәртіп орнатуға үлес қосу үшін бізге білім мен саналы тәрбие қажет. Балалар мен жастарға тәртіп туралы білім беру, оларды заңдарды құрметтеуге, бір-біріне көмектесуге, өзара түсіністік пен келісімде болуға тәрбиелеу – бұл да қоғамдық тәртіпті сақтаудың ең маңызды жолдарының бірі. Мектептегі тәрбие сағаттары мен қоғамдық іс-шаралар, сондай-ақ ата-аналар мен ұстаздардың үлгісі қоғамдық тәртіпке деген дұрыс көзқарасты қалыптастыруға үлкен ықпал етеді.

Қоғамдық тәртіпті орнату – бұл тек заңдар мен ережелердің сақталуы ғана емес, әр адамның күнделікті өміріндегі тәртібі мен жауапкершілігі. Өз ісімізбен, ойымызбен және сөзімізбен біз қоғамдық тәртіпті қалыптастырамыз. Әрбір адам өз әрекеттерімен қоғамға үлес қосуы тиіс. Тек сол жағдайда ғана біз қауіпсіз, тату-тәтті және тәртіпті қоғамда өмір сүре аламыз. Өзімізден бастау ала отырып, біз жақсы өзгерістерді қоғамға әкелуге қабілеттіміз.

Сьезхан Нұрболат
Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия, 9 «В» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – қоғамның тұрақтылығы мен даму негізі. Егер әркім өз қалауынша әрекет ете берсе, тәртіпсіздік орын алып, адамдар арасындағы сенім мен түсіністік жоғалар еді. Заңдарды сақтаған кезде қоғамда әділеттілік орнайды, ал тәртіп сақталса, адамдар бір-бірімен бейбітшілік пен келісімде өмір сүреді. Сондықтан, заң мен тәртіпті сақтау әрбір азаматтың міндеті болуы керек. Әрқайсымыз бұл үшін өз үлесімізді қосуымыз қажет.

Заң мен тәртіп сақталу үшін, алдымен әр адам өзінің міндеті мен жауапкершілігін түсініп, соған сәйкес әрекет етуі керек. Заңдарды орындау тек мемлекеттің ғана емес, әр адамның жеке жауапкершілігі болып табылады. Егер бәрі өз міндетін дұрыс орындаса, заңға қарсы әрекеттер болмайды, тәртіп сақталады.

Ең бірінші, біз әрқашан заңды білуіміз және оны құрметтеуіміз керек. Өкінішке орай, кейбір адамдар заңдарды білмей, өздерін қиын жағдайға түсіріп алады. Заңдарды жақсы білу, оны өмірде қолдану – тәртіпті сақтаудың алғашқы қадамы. Мектепте де, жұмыс орнында да, қоғамдық орындарда да заңдар мен ережелерді білу маңызды. Егер біз өз құқықтарымызды және міндеттерімізді білсек, ешкім біздің құқығымызды бұза алмайды және біз де өзгелердің құқықтарын бұзбаймыз.

Екінші, қоғамның әрбір мүшесі заң мен тәртіпті сақтауда белсенді болуға тиіс. Мысалы, қоғамдық орындарда тәртіп сақтау – әр адамның міндеті. Қоқыс тастамау, жол ережелерін сақтау, басқаларға құрметпен қарау – бұл біздің

азаматтық борышымыз. Егер біз тек өзіміз ғана емес, басқаларға да тәртіп сақтауды үйретсек, қоғамда жақсы өзгерістер болады. Мысалы, мектептерде оқушылар арасында тәртіпсіздік орын алса, мұғалімдер мен ата-аналар балаларға заң мен тәртіптің маңызын түсіндіріп, оларды тәрбиелеуі керек.

Тәртіптің сақталуына мемлекет пен қоғам да өз тарапынан қолдау көрсетуі керек. Мемлекет заңдарды қабылдап, оларды орындау үшін тиісті органдарды құрады. Полиция мен сот жүйесі тәртіпті сақтау үшін жұмыс істейді. Бірақ тәртіпті тек заң органдары ғана емес, барлық азаматтар сақтауы қажет. Бұл – ұжымдық жауапкершілік. Егер әр адам өзі үшін заңды сақтауға тырысса, қоғамда тәртіп орнайды.

Заң мен тәртіпті сақтау үшін, біз сондай-ақ әлеуметтік нормаларды да құрметтеуіміз керек. Бұл дегеніміз, біздің қоғамымызда орнатылған әдеп-ғұрыптарға, моральдық құндылықтарға бағыну. Егер біз адамдарға құрметпен қарайтын болсақ, олар да бізге құрметпен қарайды. Қоғамда бір-бірін тыңдайтын, түсінетін және бір-бірін қолдайтын адамдар көбейген сайын, тәртіп те сақталады.

Тәртіп сақтау үшін, сондай-ақ өз-өзімізді бақылап, жауапкершілікпен әрекет етуіміз керек. Біз өзіміздің әрекеттерімізге жауапты болуымыз қажет. Егер біреу заңды бұзса немесе тәртіпсіздік жасаса, біз оны түзету үшін әрекет етуіміз керек. Әлеуметтік желілерде де, көше, қоғамдық орындарда да біз жақсы тәртіп көрсетіп, өзгелерді үлгі тұтатын болуымыз керек. Тек осылай ғана біз қоғамда тәртіп пен заңды сақтай аламыз.

Заң мен тәртіп сақтау әрбір азаматтың міндеті. Біз тек заңдарды білу арқылы ғана емес, оны орындау арқылы қоғамға тәртіп орната аламыз. Қоғамда тәртіп болған кезде адамдар бір-біріне құрметпен қарайды, өз міндеттерін орындайды. Әркім өз ісіне жауапты болғанда ғана, заң мен тәртіп сақталады. Сондықтан біз бәріміз де заңды құрметтеп, тәртіпті сақтауға үлес қосуымыз керек. Тек сонда ғана біздің қоғамымыз бейбіт және дамыған болады.

Нұржігіт Алуа
№91 мектеп-гимназиясы, 8 «А» сынып оқушысы

Заң – қоғамдық қатынастың реттеушісі, адамдардың құқықтары мен бостандығын қорғайтын маңызды құжат. Оның орындалуы қоғамның өркендеуіне және әлеуметтік әділеттілікке алып келеді. Сондықтан да, заң мен тәртіптің қатаң сақталуы – бұл дамыған демократиялық елдің негізгі құрылымы. Қағиданың шынайы күші – оның адамдардың санасында тіршілік етуінде. Ал заңды орындау қоғамның дамуына қалай әсер етеді?

«Тәртіп –тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өмірдің қас жауы». Тәртіп болмаса, көшелеріміз үнсіз үрейге, әр сәтіміз қорқынышқа толы болар еді. Мен талапсыз

қоғамда өмір сүру мүмкін емес деп санаймын, олай болса бейберекеттік орнап, тепе-теңдік бұзылады. Ережелерді қатаң сақтайтын ел ғана еркін де егемен, мәдениетті қоғам бола алады. Әділ заң бар жерде адамдар алаңсыз бақытты өмір сүреді.

Заң қадірі әрдайым бағаланған. Қазақ хандығы тұсынан-ақ жұрт игілігі үшін арнайы жарғы жинақтары қабылданған. «Тура биде туған жоқ» демекші, сол заманның өзінде Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы» жеті әдептік құқықтық жүйеден құрылған салалардың жиынтығы болған. Осыған ұқсас жарғылар жүйесі халық мәдениеті, ғұрпы, тарихының қалыптасуына өшпес із қалдырды. Оны XIX ғасырдың ортасына дейін қолданып, қазақ қоғамының бірлігі мен беріктігін сақтап келді. Ал бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның түп қазығы – Конституция. Міне, осылайша Отанымыздың Ата Заңы мемлекеттің тұрақты дамуына, өркениетті ел ретінде танылуына септігін тигізіп отыр.

Құқығымыздың сақталуы – күн сайын тыныш ұйқыдан оянып, еркін өмір сүре алуымыздың негізі. Қазақстан азаматтары жеке бас бостандығына, сөз бен қозғалу еркіндігіне, еңбек етіп, білім алуға хақысы бар. Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым. Құқық бұзушылық елеусіз қалмайды. Мұндай жағдайларды шешу және алдын алу, ел тыныштығы мен бейбітшілік үшін прокуратура, сот пен полиция органдары жұмыс істейтіні анық. Олар – әділет сақшылары, біздің қорғаушымыз.

Еліміздің болашағы – жастардың қолында. Қазір «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде қаңтар, шілде, тамыз – заң мен тәртіп айы болып есептеледі. Қоғамның жас мүшелері – балалар мен жасөспірімдерге оның сақталу маңызын жеткізу үшін мектептерде көптеген сынып сағаттары, дебат клубтары, құқық негіздері пәні және тағы да басқа жобалар өткізіледі. Олар құқық білімін шыңдап, өмірде қолдануға және қорғауға үйретететіні сөзсіз. Менің ойымша, мұндай шаралар оқушылардың бойына өз ісіне деген жауапкершілік пен ертеңгі күнге сенімділік сыйлайды. Әлбетте, бұл сондай-ақ жас ұрпақты тәртіпті болуға және қоршаған адамдардың құқығын сыйлауға баулудың бір бөлігі болып табылады.

Қорытындылай келе, заң – қоғамның айнасы, рухани дамуы, адамдардың ара-қатынасын реттейтін принциптер. Этикалық және құқықтық нормаларды сақтай білу, оларды жастарға насихаттау – қоғам дамуының басты негізі. Сондықтан, заңды құрметтеу және оның орындалуын қамтамасыз ету – барша қауымның жауапкершілігі, азаматтық сананың жетілуінің кепілі.

Тимурқызы Дерин
№91 мектеп-гимназиясы, 7 «Е» сынып оқушысы

Мен заң дегенді – дұрыс әрі қауіпсіз өмір сүрудің шарты деп білемін. Әр адам заң мен тәртіп аясында өмір сүруі керек. Заң әрқашан адалдықты қолдайды, ал

зорлық-зомбылық пен әділетсіздікті заң қолдамайды. Сондықтан мектеп болсын, жұмыс орны болсын – барлық жерде заң мен тәртіп қатаң сақталуы қажет.

Тәртіп жоқ жерде заң да дұрыс орындалмайды. Мысалы, қалада көлікпен 40 немесе 60 шақырым жылдамдықтан асырмай жүру керек деген жерлер бар. Егер осыны әр жүргізуші қатаң сақтаса, жол-көлік оқиғалары азаяр еді.

Мен оқитын мектепте де заң мен тәртіп қатты қадағаланады. Сабақтан кешікпеу, ұстаздың айтқанын бұлжытпай орындау – мұның бәрі заң мен тәртіпке бағынады. Мектеп директоры мен оның орынбасарлары тәртіптің сақталуын жақсы бақылауда ұстап отыр. Мектепте бір-біріне көмектесу, достық қатынас та жолға қойылған. Бұл – мектеп басшылығының еңбегі.

Кез келген салада заңды сақтау – қоғамның дамуына үлкен әсер етеді. Мысалы, экономика дұрыс дамуы үшін де заң мен тәртіп қажет. Заң мен тәртіп бар жерде алға жылжу болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген заңдарға қол қойып, олардың орындалуын қадағалап отырады. Соның арқасында Жаңа Қазақстан күн сайын өркендеп, дами түсуде. Көрші елдер мен шет мемлекеттер де еліміздің жетістігіне қызыға қарайды.

Мен бала кезімнен заңгер болуды армандаймын. Қазақ мемлекеттік заң университетінің заңгер бөліміне түсіп, қоғамдағы әділетсіздікпен күрескім келеді. Қазір көптеген алаяқтар біреудің үйін тартып алып, ақшасын заңсыз жолмен иемденіп жатады. Кейбір ер адамдар әйелдеріне зорлық-зомбылық көрсетеді. Мен осындай әділетсіздікпен күрескім келеді.

Сондықтан мен жаңа заң ұсынар едім – «Жасөспірімдерді интернет-алаяқтардан қорғау туралы» заң. Қазір балаларды жалған сыйлықтармен, фейк ойындармен, интернеттегі алдау жолдарымен алдайтындар көп. Бұл заң жасөспірімдерді киберқауіптерден қорғап, мектептерде арнайы сабақтар арқылы оларға түсінік берер еді. Егер әр адам заң мен тәртіпке бағынып жүрсе, қоғам бақытты болады деп сенемін. Мен барша адамға осыны тілеймін!

Габит Султан
№91 мектеп-гимназиясы, 6 «Д» сынып оқушысы

Как соблюдение закона влияет на развитие общества?

Соблюдение закона — один из важнейших факторов устойчивого развития общества. Законы создаются для того, чтобы регулировать отношения между людьми, обеспечивать справедливость, защищать права и свободы граждан. Когда большинство членов общества придерживаются законов, это способствует стабильности, безопасности и доверию внутри государства. Если люди уважают закон, они не совершают преступлений, не обижают других, не нарушают чужие

права. Тогда каждый может чувствовать себя защищённым. Например, если кто-то украдёт у вас вещь, вы можете обратиться в полицию, и по закону этого человека должны наказать. Это помогает людям верить в справедливость.

Для чего нужно соблюдать законы?! Законы поддерживают порядок в обществе, не позволяют нарушать наши права. Благодаря соблюдению законов, мы можем смело реализовывать свои интересы, не боясь, что кто-то нам помешает. Кроме того, соблюдение закона помогает стране развиваться. Когда предприниматели и бизнесмены будут уверены, что их никто не обманет и все работают честно, они создадут рабочие места, будут платить налоги, а государство на эти деньги построит школы, больницы, дороги. Всё это делает людей лучше. Несоблюдение же законов может привести к произволу, беспорядку в стране, что негативно скажется на нашей жизни.

Очень важно, чтобы закон соблюдали не только обычные граждане, но и чиновники, полицейские, судьи. Тогда люди больше доверяют власти и чувствуют, что живут в честной стране.

Вот почему все граждане Республики Казахстан должны понимать важность законов и действовать в их рамках. Ведь каждый из нас может внести свой вклад в создание безопасной и справедливой среды, следуя установленным нормам и уважая права других.

Бериккалиев Жігер
№ 92 мектеп-лицейі, 8 «Ә» сынып оқушысы

Тәртіп – бұл адамның ішкі мәдениеті мен заңға деген құрметінің көрінісі. Әрбір азамат заңды сақтап, қоғам алдындағы борышын дұрыс түсінсе, елде тұрақтылық орнайды. Осы тақырыптың тереңіне сүңгу үшін өз халқымның даналығына,шешіміне ,өр рухына таңдана әрі мақтана отырып жеткізгім келіп отыр.

Қазақ халқы заң мен тәртіпті тек билік құралы ретінде ғана емес, қоғамдық өмірді реттейтін, әділеттілікті қамтамасыз ететін құрал деп санаған. Ата-бабаларымыздың өмір салты көшпелі болғанымен, олардың қоғамдық қатынастарын реттейтін қалыптасқан құқықтық жүйесі – дала заңдары болған.Атап айтсам,бірінші қазақ қоғамында заңның орындалуы билер соты арқылы жүзеге асқан. Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би сынды дана билер әділ төрелігімен, шешендігімен танылған. Олар дауласқан екі жақтың пікірін тыңдап, әдет-ғұрыпқа, салт-саналарға сүйене отырып әділ шешім қабылдаған. Бұл – қазіргі заң жүйесінің негізіне ұқсас, бірақ ұлттық болмыспен ұштасқан үлгі.Қазыбек би: *«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ»* – деген сөзі қазақ қоғамында пікір еркіндігі мен әділ сөзге деген құрметтің белгісі деп білемін. Екіншіден, XVIII ғасырда Тәуке ханның

тұсында қабылданған «Жеті жарғы» – қазақ халқының алғашқы жүйеленген заңдар жинағы. Бұл заңдарға жер дауы, жесір дауы, мүлік дауы сияқты негізгі мәселелерді қамтыған. Ол арқылы ел ішінде тәртіп пен бірлік сақталып, құқықтық тұрақтылық орнаған. Қазақ халқының түсінігінде тәртіпке бағыну – адамгершілік пен имандылықтың көрінісі. Келісім мен татулықты жоғары қойған халқым:*«Би екеу болса, дау төртеу болады»,«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»* – деп, әділдік пен заң үстемдігін ұстанған.

Дала заңдары жазбаша түрде болмағанымен, ауызша құқық жүйесі өте жақсы дамыған. Әрбір ру, тайпа өз ішіндегі тәртіпті сақтап, билер арқылы дау-дамайды бейбіт жолмен шешкен. Бұл қазақ халқының демократиялық дәстүрлерге жақын болғанын көрсетеді.Мен осыдан ауызын алты құлаш ашып отырған Еуропа орната алмай отырған заң мен тәртіпті менің ата - бабам қандай даналықпен шешкен десеңші! Бүгінгі құқықтық мемлекет қалыптастыру жолында сол дана мұраларымыз – асыл бағдаршам емес пе?!

Ермекбай Бибінұр
Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі, 9 «В» сынып оқушысы

Әрбір қоғамның дамуына негіз болатын белгілі бір тәртіп пен заңдардың болуы өте маңызды. Заң — бұл қоғам өмірін реттейтін ереже. Егер адамдар заңды сақтаса, онда қоғамда әділеттілік, тыныштық және тұрақтылық орнайды. «Тәртіп – тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы», - деп Әл-Фараби атамыз айтқандай, адам баласы жеке өзінің, отбасының және қоғамдық тәртіпті сақтауды негізгі талап деп білуі тиіс. Менің ойымша, заңды орындау - қоғамның дамуының басты шарттарының бірі.

Біріншіден, заңды сақтау арқылы адамдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Мысалы, жол ережесін сақтау — жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің өмірін қорғайды. Біз таңдау пәні сабағында «Мамандықтың мәні» кітабын оқыған кезде, Шәкәрімнің «Ұждан» аудармасын оқып едік. Осы әңгімеде қытай елін мазалаған Ұждан қыздан құтылар жол – заңды бекітіп, тек заңның тәртібімен жүрген кезде ешқандай жаманшылық болмайтынын айтады. Егер әр адам өз міндетін орындап, заңға бағынса, қоғамда қылмыс азаяды, ал адамдар бір-біріне сенімді өмір сүреді.

Екіншіден, заңға бағыну экономикалық дамуға да әсер етеді. Кәсіпкерлер заңды бұзбай жұмыс істесе, салық төлесе, мемлекет те өз тарапынан халыққа жақсы қызмет көрсете алады. Мысалы, мектептер, ауруханалар, жолдар — бәрі де заңды түрде жиналған қаржы арқылы салынады.

Үшіншіден, заңды сақтау — елдің мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші. Әлемнің дамыған елдерінде адамдар заңға үлкен жауапкершілікпен

қарайды. Егер біз де сондай қоғам болғымыз келсе, әрқайсымыз заңға құрметпен қарауымыз керек.

Қорытындылай келе, заң — қоғамның тәртібін сақтайтын негізгі құрал. Заңды орындау арқылы біз әділетті, қауіпсіз және өркениетті қоғам құра аламыз. Сондықтан әрбір азамат заңға бағынуы тиіс. Бұл тек мемлекет үшін емес, әрқайсымыздың болашағымыз үшін маңызды.

Есенғали Ақбота
Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі, 6 «Б» сынып оқушысы

Казахстан — это большая и сильная страна, где живут люди разных национальностей. Чтобы все могли жить спокойно и дружно, у нас есть законы. Закон — это правила, которые нужно соблюдать каждому человеку. Если все будут выполнять законы, в стране будет порядок и справедливость. С самого детства нас учат, что нужно вести себя правильно: уважать взрослых, помогать другим, не нарушать общественные правила. Всё это — часть закона. Если бы не было закона, в мире был бы хаос: люди делали бы что хотят, и никто не чувствовал бы себя в безопасности. Поэтому закон нужен всем — и взрослым, и детям.

В Казахстане есть службы, которые следят за порядком — это полиция, суды и другие государственные органы. Они наказывают нарушителей и защищают права честных людей. Например, если кто-то совершил кражу или причинил вред другому, он обязан ответить за это по закону.

Но закон — это не только наказание. Это ещё и забота о людях. Благодаря законам у нас есть право на образование, медицинскую помощь, свободу слова и защиту. Мы можем учиться в школе, отдыхать в парке, гулять по улицам — и всё это благодаря тому, что в стране есть порядок.

Очень важно, чтобы каждый человек соблюдал закон — тогда наша страна будет сильной, мирной и справедливой. Мы, дети, тоже должны учиться быть честными, ответственными и добрыми. Закон начинается с уважения — к себе, к другим людям и к своей Родине.

Я горжусь тем, что живу в Казахстане — в стране, где ценят мир, закон и порядок. Я верю, что в будущем мы сделаем нашу страну ещё лучше и справедливее.

Еркінқызы Нұршуақ
№93 мектеп-лицейі, 9 «В» сынып оқушысы

Әрбір елде заң мен тәртіп бар. Заң мемлекеттегі адамдардың құқығын қорғай отырып, бейбітшілікті, тәртіпті сақтау үшін қажет. Ал тәртіп елдің тыныштығын

сақтауда маңызды орын алады. Егер заң мен тәртіп елде болмаса, ол мемлекеттің болашағы қараң болмақ һәм ел нашарлап өзінің елдігін жоғалтуы әбден мүмкін. Сондықтан заң мен тәртіптің маңызын сөзбен айтып, сипаттап жеткізу мүмкін емес.

Кез келген адам заң мен тәртіпті сақтауға өз үлесін қоса алады. Заңды сақтау дегеніміз белгілі бір ережеге бағынып, тыйым салынған іс-әрекеттерді жасамау. «Тәртіпке бағынған ел — құл болмайды», — демекші тәртіпті, заңды сақтау әр адамның міндеті деп ойлаймын. Менің ойыма кейде «мен қоғамдық тәртіпті орнатуға қандай үлес қоса аламын» — деген сұрақ келеді. Жақсылап ойланып, тәртіп пен заңды сақтауда мен өзімнің кішкентайда болсын үлес қоса алатынымды түсіндім. Мысалы егер мен жол жүру ережесін сақтасам, мектептегі заңдарға бағынсам және достарыма тәртіпті сақтауды үлгі етіп көрсетсем, қоғамда міндетті түрде тәртіп орнайды. Себебі егер ережені өзім сақтасам, жанымдағы достарымда, туыстарымда, отбасымда тәртіпті болуды, заңға бағынуды үйренеді деп ойлаймын. Сонымен қатар «балапан ұяда не көрсе —ұшқанда соны іледі» демекші, отбасында ата-аналар заңға бағынып, балаларына тәртіп сақтауды үйретсе, балада өскенде заңға бағынатын жақсы азаматтардың қатарында болатынына кәміл сенімдімін. Егер әр адам осылай, заңды орындауда өз үлесін қосса, еліміз көркейіп, дамиды. Мен әрқашан заңды орындауға және тәртіпке бағынуды дәріптеуге тырысамын.

Қортындылай келе, заң мен тәртіп елдің дамуында, мемлекеттің жоғары сатыда болуына әсер етеді. Тәртібі мықты, қатаң, күшті ел көптеген жетістіктерге жетіп, ешқашан жойылу қаупінде тұрмайды. Біз елімізді көркейту үшін, тәртіпті сақтауымыз керек. Заңға бағынатын қоғам құруға біз өзіміздің үлесімізді қосу үшін ережені сақтап, заңды құрметтеуді жанымыздағы адамдарға үйретуіміз керек. Заңға бағыну — кез-келген азаматтың міндеті!

Мухамедиянова Айару
№93 мектеп-лицейі, 7 «А» сынып оқушысы

Қоғамның дамуы мен тыныштығы – әрбір адамның заң мен тәртіпке бағынуына байланысты. Заң мен тәртіптің сақталуы үшін ең алдымен адамда жауапкершілік, адалдық және өз ісіне деген ұқыптылық болуы керек. Заң тек жазалау құралы емес, ол – қоғамдағы әділеттілік пен тәртіптің негізі.

Уақыт керуені алға жылжыған сайын жас келіп адам қартаяды, жаңа ұрпақ оны алмастырады. Ұрпақ жалғастығын сақтау үшін кетер ұрпақ келер ұрпаққа нені мирас етіп қалдырады? Байлық па, әлде атақ па? Байлық – деген бір жұттық, атақ – ары кетсе бір ғұмырлық. Бұл екеуі де, айналып келгенде, келер ұрпаққа мирас емес. Сонда кейінгі буынға не қалмақ?

Келер ұрпағына жарқын болашақ пен бақытты ғұмыр, бейбіт өмір сыйлау – қашан да ата-бабамыздың ең басты қағидасы болғаны белгілі. Бейбіт өмір –

тәртіптен, тәртіп – заңнан басталады. Егер әр адам заңды құрметтесе, қоғамда ұрлық, әділетсіздік, жанжал азаяды. Адамдар бір-біріне сеніммен қарап, өз құқығын қорғауға үйренеді. Мысалы, жол ережесін сақтау – адамның тек өзіне емес, өзгелердің өміріне де жауапты екенін көрсетеді. Бұл тәртіпті қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Мен қоғамдық тәртіпті орнатуға өз ісім арқылы үлес қоса аламын. Мектепте сабақтан қалмай, мұғалімді тыңдап, достарыммен сыйластықта болу – тәртіпке деген менің үлесім. Қоғамға пайдалы азамат болу үшін ұсақ тәртіптерді сақтаудан бастау керек. Сондықтан, әр азамат өзінен бастауы тиіс. Мен болашақта адал еңбек етіп, елімнің заңдарын құрметтейтін, тәртіпті қоғамның мүшесі болуға ұмтыламын!

Қортындылай келе, заң мен тәртіп – елдің тірегі. Оны сақтау әрбір азаматтың борышы. Бәріміз бірге заңға бағынып өмір сүрсек, болашағымыз жарқын болады!

Саняз Бибінұр
№93 мектеп-лицейі, 5 «Д» сынып оқушысы

Заң мен тәртіптің сақталуы тыныш өмірді қамтамасыз етеді. Заң мен тәртіп сақталуы үшін не істеу керек? Заң – мемлекеттегі тәртіпті, азаматтардың құқығын қорғайтын нәрсе. Ал тәртіп – адамдардың бір-біріне сыйластық, жауапкершілік көрсететін нәрсе. Осы екі ұғым бірге жүргенде ғана елімізде әділдік, тыныштық, қамқорлық болады. Сондықтан заң мен тәртіп сақтау әр адамның міндеті.

Әр адам заңға құрметпен қарауы қажет. Заңды құрметтеу - өз еліңді құрметтеу және өз құқығыңды құрметтеу. Мысалы, көшеде жүргенде қоқыс тастауға болмайды, бұл да заң мен тәртіпке жатады. Мұндай қарапайым ережелерді сақтасақ, біз өз өмірімізге де, басқаларға да қауіп алып келмейміз.

Тәртіп пен заңды сақтау бала кезден басталуы қажет. Мектепте мұғалімдер оқушыларға ережелер, тәртіп, заңдарды үнемі айтып отыруы керек. Отбасында ата-ана баласына жақсы тәрбие беріп, заңдар туралы түсінік қалыптастырады. Яғни, тәртіпке үйрету отбасынан басталып, мектепте жалғасып, қоғамда күшейеді.

Еліміздің дамуы тәртіп пен заңнан басталады. Егер әрбір адам өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, заңға бағынса, еліміз тыныш, әділ, еркін мемлекетке айналады.

Заң мен тәртіп - Отанымыздың тірегі. Оны сақтау тек мемлекеттік емес, адам міндеті. Біз болашақтың жақсы болуы үшін заңды құрметтеу керекпіз.

Хабилет Арайлым
№93 мектеп-лицейі, 8 «Г» сынып оқушысы

Заңды орындау - деген ол тек міндет емес, ол елінің болашағын ойлау, әр азамат өзінің болашағына бейжай қарамауы. Егерде барлығымыз бірлесе заңға бағынатын болсақ, қоғамның дамуына, гүлденуіне, бақытты болашақтың болуына үміттенер едік.

Сондықтан да, заңды орындау-тек заң талабын орындау емес, ол-елдің дамуына қосылған зор үлес деп есептеймін.

Біріншіден, заңды орындау қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. Егер әрбір азамат пен азаматша заңды сақтап, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қараса, қоғамды әділетсіздік пен құқық бұзушылық азаяды. Елімізде тыныштық пен бақыт орнайды.

Екіншіден, заңға бағыну азаматтар арасында теңдік пен сенімділікті орнатады. Заң алдында барлығы тең болған жағдайда, әркім өз құқықтарын қорғай алатынына сенеді. Мұндай сенім -қоғамдық келісім мен бірліктің кілті.

Үшіншіден, заңды орындау- экономикалық және әлеуметтік дамудың алғышарты екендігін ұмытпайық.

Төртіншіден, заңға бағыну арқылы жастар тәрбиеленеді. Жастар үлкендердің үлгісіне қарап, тәрбие алып, өседі, есейеді. Егер олар қоғамда тәртіп пен әділдік орнағаның көрсе, өздері де сол бағытта қалыптасады.

Қорытындылай келе, егер әрбір азамат заңды құрметтейтін болса, елімізде бейбіт өмір, әділдік пен өркендеу болады. Сондықтан да, «Заңға бағыну - елге қызмет ету» деген сөз әрқашан қоғамда өзекті болып қала бермек.

Ануарова Аруна
№95 мектеп-лицейі, 8 «Ғ» сыныбы

Заң мен тәртіп – тұрақтылығы мен әділеттілігінің кепілі. Әр адамның бейбіт өмірі осы ұғымдарға байланысты. Менің ойымша, заң мен тәртіп күнделікті өміріміздің негізі болуы керек. Өйткені, заңсыздық көбейсе, қоғамда бейберекеттік орын алады. Олай болса, әр адам неге заңды сақтау қажет деп ойлайды? Біз заң мен тәртіпке қаншалықты мән береміз?

Біріншіден, заң – адамдар арасындағы теңдік пен әділеттілікті қамтамасыз етеді. Меніңше, заң бәріне ортақ болғанда ғана әділдік орнайды. Себебі, белгілі бір топқа заң жүрмесе, сенім жойылады. Мысалы, дамыған елдерде заң бәріне бірдей, сондықтан қоғам тұрақты. Скандинавияда заңы сақтау – азаматтық міндет. Сондықтан заң – өркениетті қоғамның тірегі.

Екіншіден, тәртіп – тыныштық пен қауіпсіздіктің негізі. Тәртіп болмаса, заң да әлсірейді. Себебі, тәртіпсіз ортада заң орындалмайды. Жол ережесін бұзу – тек заң бұзу емес, қауіп төндіру. Мектептегі тәртіпсіздік те білімге кері әсер етеді.

Сондықтан тәртіп – қоғам игілігі үшін қажет. Сонымен қатар, заңның іске асуына мүмкіндік беретін құрал.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп – мемлекеттің тірегі және халықтың қорғаны. Бұл ұғымдарсыз халық әлсірейді. Азаматтар арасында сенім жоғалады. Заң мен тәртіпті сақтау – тек мемлекеттік міндет емес, әр адамның азаматтық борышы. Әрбір адам өзінен бастап заңға бағынса, қоғамда үйлесімділік пен тұрақтылық орнайды.

Марат Мансұр
№95 мектеп-лицейі, 6 «А» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп-қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізі. Әр азамат заң мен тәртіпті сақтап, өз міндетін дұрыс орындауы қажет. Заңды сақтау қоғамның дамуына тікелей әсер ететін маңызды фактор.

Қоғамдағы заң мен тәртіп тыныштық пен әділдік болуы үшін керек.Заң-барлық адамдарға бірдей қойылатын ереже. Ал тәртіп-сол заңды орындау. Заң мен тәртіпті сақтау үшін, ең алдымен, өзімізден бастауымыз керек. Қарапайым мысалдар келтіретін болсақ, мектепте, қоғамдық орындарда, кез келген ортада тәртіпті сақтап, ата-анамыздың, мұғалімдердің ақылын тыңдай білуіміз қажет.Сонымен қатар, заң мен тәртіпті сақтау үшін тәрбие дұрыс болуы керек. Кішкентай кезімізден бастап отбасымызда, мектепте жауапкершілікке, шыншыл болуға үйретіп отырса, әр бала өз құқығы мен міндетін біліп өседі. Қарапайым тәртіпті сақтауды үйренсек, өсе келе Заңды сақтауды да дағдыға айналдыратын едік. Мен мектептің ішкі ережесін сақтаймын, сабаққа кешікпей келемін, ата-анамды, мұғалімдерді, үлкендердің айтқанын тыңдаймын. Өзімнен кішілерге қамқормын, қоқысты кез келген жерге тастамаймын, жолда жүру ережесін сақтаймын. Достарымды да тәртіпті болуға шақырамын. Егер әркім осылай жасаса,қоғамда тәртіп орындайды.

Заң мен тәртіп әр адамзаттың бейбіт өмір сүруі үшін қажет.Әркім өзінен бастаса, қоғам түзеледі.

Терликбаев Алин
№95 мектеп-лицейі, 5 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығы – әр адамның бейбіт өмір сүруінің басты кепілі. Бұл тыныштық пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін ең маңызды құрал – заң мен тәртіп. Заң — мемлекеттің негізгі тірегі болса, тәртіп — сол заңның күнделікті өмірде жүзеге асуының көрінісі.

Заң адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттейді. Ол адамның құқығы мен бостандығын қорғауға, әділдікті орнатуға, қылмыс пен әділетсіздікке тосқауыл қоюға бағытталған. Егер қоғамда заң үстемдік етпесе, адамдар арасында алауыздық, бейберекеттік, әділетсіздік орын алады.

Тәртіп - заңның орындалуын қамтамасыз ететін мінез-құлық нормасы. Адамдар заңды сыйлап, оны бұлжытпай орындағанда ғана қоғамда тәртіп орнайды. Мысалы, жол ережесін сақтау – тәртіптің қарапайым, бірақ маңызды бір түрі. Егер әр адам өз міндетін адал орындаса, қоғам да дамиды, ел де гүлденеді.

Қазақта «Тәртіпке бағынған ел тозбайды» деген нақыл бар. Бұл — заң мен тәртіптің ел болашағы үшін қаншалықты маңызды екенін білдіретін сөз. Мемлекеттің дамуы, халықтың әл-ауқаты, жастардың болашағы – барлығы осы екі ұғымға тікелей байланысты.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп — қоғам өмірінің негізі, тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кепілі. Әрбір азамат өз құқықтарымен қатар міндеттерін де біліп, заңды құрметтесе, қоғам өркендейді, мемлекет нығаяды.

Бахытхан Жансая
№95 мектеп-лицейі, 9 «В» сынып оқушысы

Закон и порядок – это основа безопасной и справедливой жизни. Без них невозможно представить развитие общества, спокойствие людей и уверенность в будущем.

Чтобы в стране соблюдались закон и порядок, нужно, чтобы каждый человек понимал ответственность за свои поступки. Важно не только знать правила, но и уважать их: не нарушать закон, уважать чужие права, не причинять вреда окружающим. Также больше значение имеют честные суды, справедливая полиция и образование, которое учит с детства, что хорошо, а что плохо

Соблюдение закона помогает обществу развиваться. Когда люди чувствуют, что защищены, они могут спокойно учиться, работать, открывать бизнес и помогать другим. В таких условиях растет экономика, снижается уровень преступности, люди больше доверяют государству и друг другу.

Как школьница, я тоже могу внести вклад в порядок вокруг себя. Я старюсь быть вежливой, соблюдать школьные правила, уважать чужое мнение, не мусорить, помогать тем, кто рядом. Все это – маленькие, но важные шаги к большому порядку. Если каждый будет начинаться с себя, мир точно станет лучше.

Себенова Камила
№95 мектеп-лицейі, 7 «Г» сынып оқушысы

Соблюдение закона – это не только обязанность, но и знак уважения к другим людям. Если бы не было закона, в обществе был бы беспорядок другим словом, хаос.

Люди могли делать, что хотят, и это стало бы опасно. Законы помогают нам жить безопасно и спокойно. Соблюдая законы, люди помогают друг другу. Например, не мусорить, поливать деревья, не обижать младших – это тоже входит в соблюдение порядка. Когда все выполняют закон и соблюдают порядок, то страна начинает быстрее развиваться. Инфраструктуры начинают расти, учиться и работать становится легче. Я считаю, что даже школьник может внести вклад в общество и порядок. Например, можно соблюдать школьные правила, не драться, не мусорить, уважать одноклассников. Я ученица седьмого класса, но даже я могу помочь обществу. Я начинаю с себя: не перебегаю дорогу в неположенном месте, уступаю места пожилым людям в общественных местах, участвую в субботниках.

Мои поступки – это мой вклад в закон и порядок. Если каждый начнет с себя, наш мир станет безопаснее и справедливее для всех.

Жанұзаққызы Нұрайна
№96 мектеп-гимназиясы, 9 «Б» сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен бейбіт өмір сүру үшін заң мен тәртіптің маңызы зор. Әрбір адамның қауіпсіздігі, құқықтарының қорғалуы, әділдік пен теңдік – осының бәрі заң арқылы қамтамасыз етіледі. Егер заң сақталмаса, қоғамда бейберекетсіздік пен әділетсіздік орнар еді. Сондықтан кез келген мемлекет үшін заң мен тәртіп – дамудың негізгі тірегі болып саналады.

Біріншіден, заң мен тәртіп қоғамның тұрақтылығы пен тыныштығын қамтамасыз етіп, елдің бейбіт өмір сүруіне өз ықпалын тигізеді. Себебі заң – барлығына ортақ. Ал тәртіп – заңды орындаудың айқын көрінісі деп айтар едім. Заң мен тәртіптің сақталуы үшін, ең алдымен, әр адам өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Яғни, заңды білу, бұзбау, орындау, құрметтей білуі қажет деп есептеймін. Егер, барлық адам заң мен тәртіпті сақтаса, бұл ел болашағының жарқын болуына үлесін қосады. Мысалы, жол ережесін бұзбау, қоқыстарды жерге тастамау және қоғамдық орындарда тәртіпті, заңды сақтау сияқты әрекеттер өмірдің керемет жақтарын, сәттерін көруге мүмкіндік береді. Солай емес пе?

Екіншіден, заңның дұрыс жұмыс істеуі үшін билік өкілдері, құқық қорғау органдары әділ болуы қажет деп ойлаймын. Олар заң алдында бәріне тең қарап, сыбайлас жемқорлықтан аулақ болуы қажет. Өйткені олар да заң алдында жауап береді және олардың дұрыс қызмет жасауы елдегі қауіпсіздік пен тыныштықты көрсетеді. Заңға бағыну – бұл әр адамның міндеті. Себебі заңның сақталуы бейбіт

болашақты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, заң мен тәртіптің сақталуы адамзатқа тыныштық пен бақыт сыйлайды. Ол үшін тәртіпті біз өзімізден бастауымыз қажет. Сол себепті адалдықты паш еткеніміз дұрыс деп тұжырымдаймын.

Ойымды қорыта айтқанда, заң мен тәртіп – қоғамның тірегі. Олар сақталу үшін әрбір адам өзіне жауапты болып, заңды құрметтеп, өз әрекеттерін қадағалуы тиіс. Егер бәріміз бірігіп тәртіп пен заңды сақтасақ, еліміз гүлденіп, болашағымыздың жарқын болатынына көзім жетеді.

Серікқызы Әмина
№96 мектеп-гимназиясы, 5 «Ә» сынып оқушысы

Әрбір мемлекеттің тыныштығы мен болашағы заң мен тәртіпке байланысты. Заң бар жерде әділдік орнайды. Заң мен тәртіп сақталуы үшін ең алдымен әр азамат өз міндетін түсініп, ережелерге бағынуы қажет. Ата-аналар балаларын кішкентайынан тәртіпке баулып, дұрыс жолға бағыттауы керек. Мұғалімдер де мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға заңға бағынудың маңызын түсіндіруі тиіс.

Заңды сақтау қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Егер адамдар тәртіпті болса, қоғамда ұрлық, зорлық-зомбылық, әділетсіздік болмайды. Бұл елдің дамуына, тыныштығына жол ашады. Заң орындалған жерде білім, медицина, экономика сияқты маңызды салалар тұрақты дамиды.

Мен қоғамдық тәртіпті сақтау үшін алдымен өзім тәртіпті болуға тырысамын. Мектеп ережелерін сақтаймын, қоқыс тастамаймын, үлкендерге құрмет көрсетемін. Достарыма да дұрыс жол көрсетіп, үлгі болғым келеді. Осылайша, мен де қоғамға аз да болса үлесімді қоса аламын.

Тілеуберді Інжу
№97 мектеп-гимназиясы, 8 «А» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп-қоғамды ұйыстыратын алтын арқау. Әр адамның қауіпсіздігін,тыныштығын,бейбіт өмірді қамтамасыз ету үшін әрбіріміз заңға бағынып,қоғамда тәртіпке сай өз-өзімізді қолда ұстау керекпіз. Заң-мемлекетіміздің тұрақтылығын ұстайтын,әрбір азаматтың жеке құқығына ие болуына, елдің бейбітшілігіне ықпал ететін фактор.

Заң мен тәртіп сақталу үшін не істеу керек? Ең алдымен әр азамат заңдарды, өз жеке құқығын білуі және орындауы керек. Үлкендер де, балалар да өз әрекеттеріне жауапты болуы тиіс.Егер адам заңға бағынбай, тәртіп сақтамай,қоршаған ортаға зиян келтірсе оны жазалауға мәжбүр боламыз. Заң бұзушы жазаның тарапынан дұрыс жолға түседі. Ақталу үшін әрбір қылмысы үшін

жаза өтеп, әділетті өмір сүру қажет. Бұл қоғамның дамуына қалай әсер ететіні туралы айтсақ, қоғамда әділеттік, тыныштық пен сенім орнайды. Заңды елде оқу, жұмыс істеу және өмір сүру қауіпсіз болады. Адам өз-өзін қауіпсіз сезініп, тыныштықпен өмір сүреді. Халық та үшін, ел үшін пайдасы зор. Мысалға мемлекет экономикасы мен мәдениеті үшін айқын әсер тигізеді. Әрбір адам қоғамдық тәртіпті орнатуға үлес қоса алады. Бірінші өзінен бастау қажет. Қоғамдық жерлерде тәртіп пен сабыр сақтау, заңдарға бағыну, бұл мәселені әлеуметтік желілерде,айналада насихаттау, дау шығармау,басқалардың құқығын бұзбау,зиян келтірмеу. Оқушы бола тұрып сен де өз үлесінді қоса аласың.

Қорытындылайтын болсақ, заң сақтау- әрқайсымыздың міндетіміз. Егер бәріміз үлес қосып, заңға бағынсақ еліміздің болашығы жарқын, өміріміз бейбіт болмақ. Қоғамды заң мен тәртіп сақтауға шақырамын!

Досаева Самира
№97 мектеп-гимназиясы, 5 «Ә» сынып оқушысы

Адамзат қоғамында барлық нәрсе тәртіпке бағынады. Тіпті адам ырқына көнбейтін табиғат жаратылысының да белгілі бір тәртібі, заңы бар. Мәселен, жыл мезгілдерінің ауысуынан бастап, күн мен түннің алмасуы, тірі ағзалардың өмірі барлығы нақты заңдылықпен жүзеге асады. Басқаша айтқанда, 18 мың ғаламның өзі осындай заңдылық пен тәртіптің арқасында бүгінгі күнге дейін өз қалпын сақтауда.

Адам баласы да күнделікті өмірінде заң мен тәртіпке мойынсұнады. Заң мен тәртіп болмаса, қоғамның дамуы қалай болатынын көз алдыма елестетудің өзі қорқынышты. Ойлап қараңызшы, көшедегі көліктер ешбір тәртіпсіз қозғалса, адамдар жұмыста тәртіп сақтамаса, барғысы келсе, барып, барғысы келмесе, үйінде қала берсе, мектептегі оқушылар да ешбір тәртіпке бағынбаса, адамдар өздерінің тұратын жерінде де тәртіп сақтамай, әркім ойына келген істі жасаса, не болмақ?! Мұндай жағдайда біз Табиғат – Анамызды баяғыда жойып, Отан – Анамызды дамытпақ тұрмақ, онда өмір сүретін адам санын да сақтай алмас едік.

Меніңше, әрбір заң талабы сақталуы керек, себебі олар сан жылғы өмірлік тәжірибеден алынған. Адам қалай жыл санап өсетін болса, өзі өмір сүретін ортаны да жыл сайын жетілдіруді қалайды. Адамдық болмысымыз сондай. Сол қалауына сай заң мен тәртіпті бекітеді.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген батыр бабамыздың сөзін еске алсақ, әр адам тәртіпке бағынуы керек. Заңды әрекетті басқадан талап етпес бұрын өзі сол заңды сақтауы қажет. Бұл күллі адамға қатысты. Мысал келтірсем, біз бала ретінде отбасындағы тәрбиеге, оқушы ретінде мектептегі тәртіпке, азамат ретінде мемлекеттегі заңға бас иеміз. Күнделікті айтылатын үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу, жол жүру ережесін сақтау, ата-ананы, ұстазды,

Ата заңды, рәміздерді қадірлеу, Отанға қызмет ету, көпшілік ортада өзін дұрыс ұстау, қоқысты қоқыс жәшігіне тастау, басқаның құқығын бұзбау сияқты өнегелі сөздердің барлығы түптеп келгенде заң мен тәртіпке бағындыруды көздейді. Дәл қазіргі таңда біз тура осы аталған қағидаларды ұстансақ, мұның өзі қоғам дамуына қосқан сүбелі үлесіміз болмақ.

Қорыта айтқанда, темірдей тәртібі мен саналы да қатаң заңы бар, оны бұлжытпай орындайтын азаматтары бар қоғам ғана барлық жағынан толыққанды дами алады. Осыны есте ұстауымыз керек.

Кисметова Лиана
№97 мектеп-гимназиясы, 9 «З» сынып оқушысы

Я считаю, что поддержание закона и порядка - важная часть жизни общества. Они необходимы для стабильного существования и обеспечения мира на нашей планете, а также они способствуют развитию общества и формированию справедливости. Без них невозможно построить свободное и безопасное государство.

Что же для этого необходимо? Во-первых, нужно начинать с воспитания личной ответственности каждого человека. Во-вторых, важно прививать уважения к законам и общественному порядку с раннего детства. В-третьих, необходимо обучать граждан знанию своих прав и обязанностей. В-четвертых, государство и власть должны сами подавать пример соблюдения законов. В-пятых, наказание должно быть справедливым и неотвратимым.

Например, если человек с детства приучен уважать правила, он будет соблюдать их и во взрослой жизни: не переходить дорогу на красный, платить налоги , не нарушать законы. Если чиновники и представители власти будут честными и справедливыми, народ будет им доверять и брать с них пример . Также должна быть честная система наказания: штрафы за нарушение правил дорожного движения, уголовная ответственность за преступления. Этот аспект очень важен, так как способствует снижению уровни преступности. Люди будут знать, что за любое нарушение последует справедливое наказание, и ни власть , ни деньги не смогут защитить от ответственности. Именно это станет сдерживающим фактором и повысит доверие к государству.

Исходя из вышесказанного, я делаю вывод, что поддержание закона и порядка - это ответственность как каждого гражданина , так и государства. Только совместными усилиями можно построить безопасную, справедливую и процветающую страну, где каждый человек будет чувствовать себя защищенным и уверенным

Талгатова Ильяс
№97 мектеп-гимназиясы, 8 «Д» сынып оқушысы

Закон - это основная фундаментальная категория, являющаяся основой общества и человека. Это система норм, прав и обязанностей, утвержденных государственными органами. Порядок же является следствием Закона, результатом его действия.

С древнейших времен человек пытался организовать себя и свое окружение. «Допотопные» культуры, колыбели цивилизации оставляли Законы. Из очевидных примеров нашей страны можно представить свод законов, составленных ханом Тауке. Помимо этого еще во времена цивилизации Египта, Мессопотамии, Китая существовали примитивные законы. В основном они составлялись на основе религиозных убеждений того или иного региона. Примером это может служить Шариат. Он является «Конституцией» стран Персидского залива и Ближнего Востока.

Для обеспечения результативной деятельности законодательной власти и исполнения служебной деятельности создаются органы правопорядка, судоисполнения, контролирующие органы. В основе каждого свода законов лежат основополагающие права, которыми обладает человек еще при рождении. Из них можно выделить такие права, как право на жизнь, на жилище, заботу со стороны родителей до достижения определенного возраста.

Основная мысль при составлении законов должна базироваться на принципах справедливости, равноправия и эффективности достижения результатов действия Законов, т.е.Правил, которыми руководствуется государство и его граждане.

Баталова Адия
№97 мектеп-гимназиясы, 9 «Е» сынып оқушысы

Закон - это те правила, которые устанавливает государство для своих граждан. Без четких установок, как поступать в той или иной ситуации, это все равно, что ездить автомобилям без правил дорожного движения. Закон и порядок играют важную роль для поддержания мира и стабильности в любом обществе. Без них люди жили бы в хаосе, где сильный диктует свои правила.

В современном мире закон и порядок важны не только для безопасности, но и для установления справедливости. Они обеспечивают равное отношение ко всем людям, независимо от их социального положения. В истории человечества есть примеры, когда пренебрежение к законам приводило к хаосу и насилию. Следствием этого являются беззаконие, коррупция и социальная несправедливость.

В таких условиях страдают прежде всего простые граждане, лишенные уверенности в завтрашнем дне.

Органы правопорядка такие, как полиция, суды, работают сообща, чтобы поддерживать порядок. Если законы несправедливы или применяются выборочно, то это вызывает недовольство в обществе и может привести к протестам. Поэтому важно, чтобы законы были справедливыми, понятными и защищали права, жизнь и имущество всех людей. Люди должны понимать, зачем существуют законы, доверять тем, кто их разрабатывает и применяет. В противном случае, порядок может быть лишь внешним, основанным на страхе.

В заключение можно сказать, что закон и порядок являются основой мирного и организованного общества. Они защищают права граждан, обеспечивают безопасную, комфортную среду для проживания. И государство, и каждый гражданин должны уважать законы своей страны для общего блага, процветания и развития.

Кенжебекова Мадина
№98 мектеп-лицейі, 8 «Ә» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – бұл қоғамның тұрақты әрі әділ дамуына негіз болатын маңызды ұғымдар. Әрбір мемлекет азаматтарында осы құндылықтарды қалыптастыруға тырысады, себебі оларсыз қауіпсіздік пен бостандық болмайды. Заң – рұқсат етілген мен тыйым салынғанның, дұрыс пен бұрыстың шекарасын белгілейді. Ал тәртіп – осы заңдардың қоғамда қалай жүзеге асатынын көрсетеді.

Заңға бағыну – бұл тек үкіметке бағыну емес, бұл – саналы азаматтың таңдауымен жасалған құрмет. Әрбір адам өз міндетін адал орындап, басқаға зиян келтірмей, заңды бұзбай өмір сүрсе, ол мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтады. Мұндай адамдар қоғамға жақсы үлгі болады және тіпті билікті әділдікке шабыттандырады.

Ал қарапайым адам ретінде мен не істей аламын? Ең алдымен – өзім үлгі болуым керек: заң бұзбау, басқаны құрметтеу, әділ болу. Сондай-ақ әділетсіздікке көз жұмбау, өз пікірімді айтудан қорықпау. Әр адамның пікірі маңызды, егер ол халықтың игілігіне бағытталса.

Бүгінгі әлемде соғыс, зорлық және әділетсіздік көп. Бірақ мен қуаныштымын – адамдар үнсіз қалмай, заңды үйреніп, тәртіп пен бірлікке шақырып жүр. Олар бізге бәріміздің бір халық екенімізді, бір Жерде тұратынымызды және бәріміз бейбіт өмірге ұмтылатынымызды еске салады.

Шынайы заң мен тәртіп үкіметтен емес, халықтан басталады. Егер әр адам әділ, адал, жауапты болса – қоғам мықты болады. Дәл осы заң мен адамгершілік бірлігі, ең маңыздысы – халықтың бірлігі мемлекеттің шынайы күшін көрсетеді.

Ермахан Аяжан
№98 мектеп-лицейі, 7 «А» сынып оқушысы

Әрбір өркениетті қоғамда заң мен тәртіп маңызды рөл атқарады. Олар болмаса, бейберекетсіздік пен әділетсіздік орын алар еді. Заңды сақтау – тек міндет емес, бұл – әрбір азаматтың жауапкершілігі. Осыған орай, заң мен тәртіпті сақтау үшін біз қандай әрекет жасауымыз керек?

Ең алдымен, әр адам құқықтық сауатты болуы тиіс. Заңдарды білмей, оны сақтау қиын. Мектептен бастап құқықтық білім беру маңызды. Екіншіден, тәртіпті отбасынан бастаған жөн. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйренген бала қоғамда да тәртіпті болады. Үшіншіден, қоғамдық орындарда өзіміздің әрекетіміз арқылы үлгі бола білуіміз керек. Қоқыс тастамау, кезек сақтауға мән беру, жол ережесін бұзбау – бұл тәртіпке деген құрметтің көрінісі.

"Тәртіп – тәуелсіздік тірегі" деген ұлағатты сөз бар. Тәртіп жоқ жерде береке болмайды. Заң мен тәртіпті сақтау арқылы біз еліміздің болашағын жарқын ете аламыз. Заң бәріне ортақ болғандықтан, оны бұзбау – қоғамдағы тыныштықтың кепілі. Егер әр азамат заңға бағынса, елімізде әділеттілік пен тұрақтылық орнайды. Қоғам тәртіпке негізделгенде ғана адамдар еркін, қауіпсіз өмір сүреді.

Қорытындылай келе,заң мен тәртіпті сақтау – тек биліктің емес, әрбір адамның парызы. Біз өзімізден бастап заңға бағынсақ, өзгелерге үлгі болсақ, қоғамымыз әділ де тұрақты болады. Тәртіп пен заңдылықты сақтау – жарқын болашақтың кепілі.

Кутанова Айлина
№98 мектеп - лицейі, 5 «Б» сынып оқушысы

Біздің өмірімізде заң мен тәртіп өте маңызды. Олар бізге тыныш әрі қауіпсіз өмір сүруге көмектеседі.

Заң дегеніміз – бұл біздің еліміздегі ережелер.Үйде де, мектепте де ережелер бар ғой. Мысалы, үйде ата-анамызды тыңдаймыз, мектепте мұғалімнің айтқанын орындаймыз. Бұл ережелер бізге бір-бірімізбен тату болуға, ұрыспауға, бірге ойнауға көмектеседі. Дәл солай, елдегі заңдар да бізді қорғайды және өмірімізді реттейді.Заңдардың арқасында біз қауіпсіз жүреміз.

Тәртіп дегеніміз – сол ережелерді, яғни заңдарды сақтау. Егер бәріміз ережелерді сақтасақ, өмірімізде тәртіп болады. Мысалы, көшеде жол ережесін сақтап, бағдаршамның жасыл түсі жанғанда өтсек, бұл тәртіп. Мектепте сабақ кезінде тыныш отырып, мұғалімді мұқият тыңдасақ, бұл да тәртіп. Үйде заттарымызды жинап, орнына қойсақ, бұл да тәртіп.

Заң мен тәртіп біздің қоғамымыз үшін өте керек. Олар болмаса, бәрі ретсіз болып, өмір қиындап кетер еді. Заң мен тәртіптің арқасында біз мектепке барамыз, достарымызбен ойнаймыз, ата-анамызбен бірге бақытты өмір сүреміз.

Сондықтан, әрбір адам заңдарды білуі керек және тәртіпті сақтауы керек. Бұл біздің ортақ өмірімізді жақсартады.

Балджы Эмир
№98 мектеп - лицейі, 8 «Г» сынып оқушысы

Мы существуем в обществе, которое регулируется правилами, именуемыми законами. И хотя они порой кажутся сухими или даже обременительными, их значение невозможно переоценить: без них мир быстро погрузился бы в хаос. Закон - это то, что не даёт людям переступить границы дозволенного. Это основа порядка, в котором каждый понимает свои рамки и не нарушает их без причины.

Придерживаться закона - значит проявлять уважение к другим. Не из страха наказания, а потому что это правильно. Если каждый начнёт действовать только в своих интересах, не думая о последствиях для окружающих, в итоге пострадают все. Общество - это не просто собрание отдельных людей, а единое целое. И когда один нарушает закон, последствия касаются всех.

Там где законы уважаются, людям живётся спокойнее. Уходит страх перед завтрашним днём. В такой обстановке можно спокойно учиться, работать, мечтать. Закон становится той самой опорой, на которой строится развитие.

Я не делаю ничего масштабного, но и от меня что-то зависит. Я стараюсь следовать правилам, не вмешиваюсь туда, где могу навредить. Если вижу, что кто-то нуждается в поддержке-помогаю. Просто живу, так как считаю правильным. Иногда этого достаточно, чтобы вокруг стало чуть больше спокойствия.

Закон и порядок - это не только о стране. Это про каждого из нас. Всё начинается с малого. И, может быть, с меня

Талғат Гәуһар
№99 орта мектебі, 8 «Ә» сынып оқушысы

Еліміздің төлқұжаты – Ата заңымыз. Заң бұл – бір мемлекет ішіндегі тәртіп сақталу үшін қойылған талап. Ол міндетті түрде орындалуы тиіс.

Қай заманды алсақ та, заңның рөлі ерекше болған. Алдыңғы аталарымыз заманындағы Есім ханның «ескі жолынан» бастау алып, Қасымханның «қасқа жолы», Әз Тәукенің «Жеті жарғысы»жалғастырды. Сол заңға бас иіп, сөздері дана билеріміздің шешімдерімен келісіп отырған. Егер мемлекетте заң және тәртіп болмаса, мемлекет құлдырауы мүмкін. Сонымен қатар адамдарда бір-біріне қастандық жасап, елде бейбітшілік болмайтын еді.

Әр елде заң және тәртіп әр түрлі болады. Қазақстан Республикасында да әр түрлі заңдар бар. “Заң - мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты” деп бекер айтылмаған. Осы заңдарды сақтап, дұрыс жүретін адамдар бар және осы заңға бағынбайтын адамдар көп. Сондықтан мен осындай адамдарға қатаң тәртіп орнатуын қалар едім. Менің ойымша, осындай адамдар мемлекеттің дамуына кері әсерін тигізеді. Мысалы, жол қозғалысы ережесін сақтау, қоғамдық орындарда өзін ұстау сияқты қарапайым талаптарды орындау, адал болу – ел ішіндегі тәртіптің, әділеттің көрінісі. Мектепте де тәрбие сағатында үнемі ескертіліп отырады. Сонымен қатар заңды әр адам ұстанса, мемлекетіміз дамыған елдер қатарына кірер еді.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – бір елдің тіреуі. Әр адам өз елінің заңдарына бағыну керек. Заң тек мемлекет басшыларына ғана емес, барлық адамға арналған. Барлық адам тәртіппен жүрсе, елде бейбітшілік болады. Бұл тек мемлекетке ғана емес, барлық адамға қатысты. Заңға бағынып жүрейік, достар!

Сулеймен Айлин
№99 орта мектебі, 7 «А» сынып оқушысы

Заң және тәртіп қоғамның тұрақтылығы мен әл-ауқаты үшін маңызды. Олар құқықтарды қорғауға, әділеттілікті қамтамасыз етуге және әлеуметтік үйлесімділікті сақтауға көмектеседі. Қазіргі заманда адамдарға заңның әсері мен күші ықпал етпей жатқандай ,ал жасөспірімдердің тәртібі өте жақсы деп айта алмаймын. Әр кезең өзімен өтіп жатса, да адамдардың арасында заңға бағынбауышылықтар кездесіп жатады.

Заң туралы айтсақ,қазіргі жасөспірімдер заңға назар аудармай,көп жаман істер жасайды ,үлкенді құрметтемейді ,әртүрлі ескерткіштерді бұзады және жәй көшедегі тұрған заттардың зақымдйды. Осындай жағдайлар сонша жиі болғандықтан ,басқалары осыған көзін жұмады Бірақ,жаманшылық бар жерде әрқашан да жақсылық болады. Жасөспірімдердің басқасы осының барлығын өз еркімен жөндейді,тазартады,табиғатқа назар аударады. Осындай адамдарсыз еліміз қандай болар еді, түннің артынан күн шығатындай жақсылықты жасаушылардың барына рахмет айтамыз.

Тәртіп. Әрине әр баланың тәртібі әртүрлі,біреулер туғаннан өте жылауық,белсенді,ал басқалар сабырлы болып туылады. Содан кейін қана ата-аналар өз тәрбиесін береді. Қзаір ата-аналардың көбінесі өз балаларына тым-көп рұқсат береді,немесе мүлдем назар аудармайды Дәл осы балалар болашақта бұзушы вандалдар болып өсу мүмкіндігі бар,сондықтан ата-аналар өз міндетін орындап,балаларға жеткілікті назар аудару қажет деп ойлаймын.

Ойымды қорыта келе, тәртіпті барлық адам ешқашан толықтай орындамас, тәтіп бұзушылар әрқашан қалады,бірақ,осы тәртіп бұзушылардың санын біз азайта аламыз. Әркім өзінен бастауы керек деген ойдамын. Өз басым

үйде, мектепте айтылатын, тыңдалатын ақыл ол- заңға бағынып, тәртіп сақтап, елімізді көркейтуге ат салысамыз.

Павлова София
№99 орта мектебі, 7 «А» сынып оқушысы

Закон и правопорядок – это правила , по которым живет наше современное общество. Если все люди будут соблюдать законы, в стране будет мир и справедливость. Для поддержания порядка важно , чтобы каждый гражданин был честным не врал , не обижал других , помогал нуждающимся и уважал окужающих.

Чтобы защищать порядок есть специально обученные люди – работники полиции . Именно они следят чтобы никто не нарушал закон и порядок , именно они помогают тем, кто попал в беду . Их работа очень важна , ведь без них было бы трудно жить спокойно. Благодаря правохранителям нашего общества развивается общество – люди чувствуют себя в безопасности могут учиться работать, и мечтать о прекрасном будущем. В жизни каждого человека закон и порядок играют важную роль. Благодаря законам мы знаем, как правильно себя вести, что можно делать, а чего нельзя. Порядок помогает нам жить спокойно, без ссор и конфликтов. Если все будут соблюдать законы, уважать друг друга и думать не только о себе, тогда в обществе будет больше добра, справедливости и уюта. Даже мы дети можем внести вклад в порядок в обществе : быть вежливыми, выполнять правила в школе и дома. Я думаю, начать нужно с себя — тогда и мир вокруг станет лучше. Я, как гражданин нашего государства, думаю тоже могу внести вклад в порядок в нашем обществе Например, когда люди переходят дорогу только на зелёный свет, они соблюдают правила дорожного движения. Это помогает избегать аварий и сохраняет жизни людей. А у нас в школе есть расписание уроков и перемен. Все ученики приходят вовремя, сидят тихо на уроках, слушают учителя — это школьный порядок. Если его нарушать, будет шум, никто ничего не поймёт, и учиться станет тяжело. Поэтому соблюдение правил помогает учиться лучше и жить дружно. Еще хочу сказать, что закон и порядок — это основа мирной и справедливой жизни. Если все будут соблюдать правила, уважать друг друга и поступать честно, тогда в нашем обществе будет больше добра и справедливости.

Каждый человек, даже ребёнок, может внести свой вклад в порядок: не мусорить, помогать другим, быть честным. Только вместе мы можем сделать наш мир лучше!

Муса Алуа
№100 орта мектебі, 7 «А» сынып оқушысы

Каждому человеку хочется жить в безопасном обществе. А это возможно только тогда, когда в обществе есть Закон и Порядок.

Я, как ученица 8 класса, простыми словами хочу рассказать, как соблюдение Закона и Порядка влияет на развитие общества.

Закон – это правила, которые устанавливают, что можно делать, а что нельзя. Эти правила касаются всех: и взрослых, и детей, и богатых, и бедных. Например, если кто-то украдёт чужие вещи, его накажут по Закону. Это справедливо, потому что защищаются права пострадавшего. А если кто-то будет нарушать тишину ночью, мешать другим – он тоже будет нести ответственность.

Я часто слышу, как говорят, что нельзя нарушать законы. Но даже в школе бывают случаи, когда ребята делают что-то против правил, а иногда и против Закона. К примеру, некоторые ученики обзывают, пугают более слабых. Это называется буллинг. Это уже нарушение Закона, и всем вокруг надо бороться с этим. Вот, к примеру, если кто-то сломал телефон или порвал рюкзак, то это – порча чужого имущества. Даже если ты еще ребенок, ты должен отвечать за это. Как-то я слышала, что один подросток взял машину родителей и поехал кататься. Он мог кого-то сбить или сам попасть в беду. За такое нарушение уже должны отвечать родители.

Внутри школы тоже есть свои Правила: если ученик прогуливает школу без уважительной причины, грубит учителям, смеётся над ними – это не только неуважение. Такие действия тоже наказуемо по Закону.

Поэтому, чтобы наше общество развивалось, каждый должен соблюдать Закон. Надо начинать с малого: с поведения в школе и в общественных местах.

«Закон и порядок должны восторжествовать в нашем обществе. Это важнейшее требование для обеспечения безопасности всего общества и каждого человека. Только тогда мы сможем создать справедливый, чистый и безопасный Казахстан» - сказал наш Президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев.

Я верю, что сильное государство начинается с уважения к Закону и с уважения к вкладу, который наши предки внесли в построение справедливого общества.

Аманжол Дәмелі
№ 101 орта мектебі, 6 «Д» сынып оқушысы

Қоғамдық тәртіп – адамдардың бейбіт, қауіпсіз және сыйластықпен өмір сүруі үшін қажет маңызды ереже мен заңдардың жиынтығы. Бұл тәртіп болмаса, адамдар арасында дау-дамай, әділетсіздік, тәртіпсіздік көбейіп, қоғамның дамуына үлкен кедергі келер еді. Менің ойымша, қоғамдық тәртіпті сақтау – әр адамның міндеті және оған кішкентай баладан қарт адамға дейін өз үлестерін қоса алады. Осы тұста, «Қоғамдық тәртіпті орнатуға өз тарапымыздан қандай көмек көрсете аламыз?» деген сұраққа кеңінен тоқталып, жауабын қарастырайық.

Біріншіден, қоғамдағы тәртіптің сақталуына ықпал ететін ең маңызды амалдардың бірі – тазалықты сақтау. «Тазалық – денсаулық кепілі, денсаулық – байлық кепілі» деген сөз бекер айтылмаған, тазалық болған жерде тыныштық та, тәртіп те болады. Бұл жай ғана іс болып көрінгенімен, бүкіл қоғамдағы тазалық қоғамдағы тәртіпті бақылау да өте маңызды. Адам өз орнын таза ұстауға тырысса, бұл тұтас бір қоғамның құламай, тыныштықта өмір сүруіне үлкен себепкер болады.

Екіншіден, қоғамдық тәртіптің орнауына үлес қосатын тағы бір маңызды іс – үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ізет білдіру. Бұл қағиданың маңыздылығы сонша, отбасы мен мектеп сынды әр адамның тәрбиесінде үлкен рөл атқаратын орындарда балаға үйретілетін ең бірінші ережелердің бірі. Абай атамыз: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген. Үлкендерді тыңдап, барша құрметпен қарап, ал кішілерге қамқорлық көрсетіп, үлгі болсақ, тек өз бойымызда емес, білдей бір қоғамдағы адамдар арасындағы сыйластық артады, дау-дамай да азая түседі. Сондықтан бір-бірімізге құрметпен, мейірімділікпен қарау – мінсіз қоғамның есігін ашар кілт.

Үшіншіден, дұрыс қоғамның іргетасын құру үшін мектептегі адамның дүниетанымына тікелей әсер ететін отбасыдан кейінгі екінші ең маңызды орынның ережелеріне бағыну өте маңызды.

Мектеп – тәрбие мен білімнің ордасы. Мұғалімнің сөзін тыңдау, сабақта шуламау, үй тапсырмасын орындау, білім алу – осының бәрі адам бойындағы тәртіптіліктің негізін қалайтын «алғышарттар» десе де болады. Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бас иген – құл емес, тәртіпсіз ел болмайды» деген. Осы тәртіпке үйренген бала болашақта заңға бағынатын, қоғамға пайдасын міндетті түрде әкелетін азаматқа айналады. Мектепте алынған тәрбие – болашақ қоғам тәртібін сақтайтын лайықты азамат пен азаматшалардың бастауы.

Қорытындылай келе, қоғамдық тәртіп – бұл үлкендер мен кішілерге ортақ маңызды мәселе. Әр адам өз іс-әрекетіне жауап беріп, тазалық сақтаса, бір-біріне құрметпен қараса және тәртіпке бағынса – қоғамда бейбіт өмір орнайды. Қоғамдық тәртіп – тек заң қызметкерлерінің ғана емес, әр адамның борышы. Біз бір көзбен қарағанда байқалмайтын, шағын істеріміз арқылы үлкен өзгерістер жасай аламыз. Тәртіпке бағыну арқылы елімізді көркейтіп, болашағымызды жарқын ете аламыз. Тек бәрі өзіміздің қолымызда екеніне сенімді болып, бір-бірімізге деген қолдауымызды ешқашан аямауымыз керек.

Сембаева Еркежан
№101 орта мектебі, 9 «А» сынып оқушысы

Адамзат тарихының терең қатпарларына көз жүгіртсек, қоғам өмірін реттеуде заң мен тәртіптің маңызы зор болғанын байқаймыз. Себебі, қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығы – заң мен тәртіптің сақталуымен тығыз

байланысты. Қазақ халқының өзі билер дәуірінде-ақ әділет пен ар-ожданды ту еткен.

Біріншіден, тарихқа үңілсек, Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» – сол замандардағы құқықтық нормалардың айқын көрінісі. Бұл заңдарда халықтың тыныштығы, әділеттілік пен бірлік басты орынға қойылды. Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің кесімді сөздері мен әділ шешімдері – сол заңдардың рухани жалғасы болды. Олар үшін заң – елдің арқауы, тәртіп – тыныштығының кепілі еді.

Екіншіден, біз зайырлы құқықтық мемлекетте өмір сүрудеміз.Мемлекетіміздің заң жүйесі күрделеніп, құқықтық негізі бекіді. Ата Заңымыз – ел өмірінің темірқазығы. Алайда заң қаншалықты мінсіз болғанымен, оған бағынатын азаматтар болмаса, қоғам әлсірейді. Өкінішке қарай, кейде заңды айналып өтуді «пысықтық», деп түсінетіндер, айлакерлік танытуды артықшылық санайтындар да кездеседі. Мұндай көзқарас – ел болашағына төнген қауіп-қатермен бірдей деп санаймын.

Үшіншіден,біз әділет үстемдік құрған қоғамда өмір сүргіміз келсе, әрбір азамат заңды сыйлап, тәртіпке бағынып, жауапкершілікті сезінуі қажет. Тек сол кезде ғана мемлекетіміздің іргесі берік, болашағы жарқын болмақ. Заң – қорғанымыз, әділеттіліктің айнасы, тәртіп – тірегіміз. Оны сақтау – әр қазақтың қасиетті борышы екенін ұмытпауымыз керек.

Қорытындылай келе, заң — бәрімізге ортақ қоғамның тәртібін сақтайтын негізгі құрал. Заңды орындау арқылы біз әділетті, қауіпсіз және өркениетті қоғам құра аламыз. Сондықтан әрбір азамат заңға бағынуы тиіс. Бұл тек мемлекет үшін емес, әрқайсымыздың болашағымыз үшін маңызды.

Абельдинова Дастана
№101 орта мектебі, 8 «И» сынып оқушысы

По моему мнению, соблюдение закона помогает развитию общества.

Во-первых, дисциплина и строгие законы с неподкупным правосудием способствуют соблюдению порядка. В пример могу привести Германию, где очень строгое правосудие и судьи не смотрят на то, важного ты статуса или нет. Это дает нам понять, что закон един для всех. Также хотел бы привести в пример Саудовскую Аравию и всемирно популярный город Дубай. В их стране строгие законы, но неспроста они установили огромные штрафы: если граждане не будут соблюдать законы, то им придется поплатиться свободой. Безусловно, это оказывает действие на народ, и они соблюдают порядок.

Во-вторых, надо развивать культуру и экологию. По-моему, чем богаче культура и наследие страны, тем лучше и бережливее к ней относятся народ и иностранцы. Это два сопутствующих понятия, так как если развита больше культура, тогда развивается страна и граждане следуют законам. Если страна развита и в ней есть законы, то это сопутствует повышению культурного

наследия страны. Таким примером является Япония- очень развитая страна со строгими законами, японцы следят не только за уважением к их культуре, но и не допускают бездумного обращения с Землей, то есть экологией. За счет этого повышается продолжительность жизни улучшается здоровье и, кроме этого, также развивается туризм в стране.

В-третьих, законы должны быть строгими, но не бесполезными. Несколько лет назад молодежь нашей страны морально разлагалась: участились акты вандализма, жестокого обращения, увеличилось число наркокурьеров. Молодежь уезжала из страны, не видя перспективы. Наше государство ужесточило меры наказания и стало проводить профилактические беседы, выпускать видеоролики о правонарушениях, таким образом информировать население

Подводя итоги, хочу сказать: в нашем государстве надо ужесточить наказание, учить с пеленок детей законам и нормам поведения в обществе- все это поможет в развитии страны.

Абдигаликова Аяна
№102 орта мектебі, 6 «Ә» сынып оқушысы

Қазақ хандары елді бірлікпен басқару үшін арнайы заңдар қабылдағанын тарихтан білеміз. Солардың ішінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» — ерекше маңызды заңдар. Бұл заңдар халықтың тыныштығын сақтау, әділдікті орнату және қоғамда тәртіпті қамтамасыз ету үшін жасалды. «Қасым ханның қасқа жолы» XV-XVI ғасырларда қазақ елінің алғашқы заңдарының бірі болды. Ол ру арасындағы дауларды шешіп, ел ішінде әділдік пен тәртіп орнатуға көмектесті. «Есім ханның ескі жолы» XVII ғасырда жаугершілік заманда елді сыртқы жаудан қорғап қана қоймай, ішкі тәртіпті сақтау үшін қажет болды. Бұл заңдар арқылы ел бірлігі нығая түсті. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» - қазақ халқының ең толық заңдар жинағы. Бұл заңдар жеті түрлі маңызды мәселені қамтыды: жер дауы, жесір дауы, кісі өлтіру, ұрлық, құн дауы, ру таласы, әскери тәртіп. Осы заңдар халықты әділдікке, тәртіпке және ынтымаққа шақырды. Қазақ хандары бұл заңдарды ел ішіндегі дау-дамайды тоқтатып, бірлікті сақтау үшін шығарды. Бұл заңдар қазақ халқының біртұтас мемлекет ретінде дамуына жол ашты және бүгінгі заң жүйесінің бастау көзіне айналды. Қазір тәуелсіз еліміздің Ата Заңы, яғни Конституциямыз бар. Осы заңға бағынып, ережелерді орындап, бір-бірімізге құрмет танытсақ, қоғамда ешқандай құқықбұзушылықтар орын алмас еді.

Егер адамдар осы заңға бағынса, қоғамда тыныштық, әділеттілік және қауіпсіздік орнайды. Себебі заң орындалатын жерде ұрлық, зорлық-зомбылық, әділетсіздік аз болады. Бұл өз кезегінде адамдардың алаңсыз өмір сүруіне мүмкіндік береді. Мысалы, балалар мектепке қорықпай барып, білім алады. Үлкендер жұмыс істеп, отбасын асырайды. Мемлекетке сенім артып, халық өз

болашағына сеніммен қарайды. Мұндай қоғам дамиды, ғылым мен білім ілгерілейді. Мұндай тәртіпті елге шетелден туристер мен инвесторлар да келуге қызығады, соның нәтижесінде елдің экономикасы да өседі. Мысалы, әлемдегі ең бай ел Щвейцария екенін барлығымыз білеміз. Ол елдің халқы ішкі тәртіпті мықты сақтап, өз елінің заңына бағынып, қылмыс, құқық бұзушылық жасамағандықтан да әлемде ең дамыған ел ретінде көш бастап тұр.

Қорытындылай келе, заңды орындау - тек бір адамның міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Сонымен қатар заңды орындау - әр азаматтың мәдениеттілігін көрсетеді. Егер әр адам жол ережесін сақтаса, қоқыс тастамаса, қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстаса, ол да қоғам дамуына үлес қосады. Әрбір азамат заңға бағынса, елімізде бейбіт өмір, тұрақтылық және өркендеу болады. Бұл - жарқын болашақтың кепілі.

Нурпаисова Гүлжайна
№102 орта мектебі, 7 «Ә» сынып оқушысы

Қоғам - үлкен бір үй секілді. Бұл үйдің берік тұруы үшін оның іргетасы мықты болуы керек. Ал сол іргетас - заң мен тәртіп. Егер бұл негіз әлсіресе, үй құлайды. Сондықтан әр адам осы үйдің бір кірпіші ретінде тәртіпке бағынуы керек. Ал, заң - жай ғана жазылған ереже емес, ол біздің өміріміздің жол көрсеткіші сияқты. Ол бағдаршам іспетті: қай кезде тоқтау, қай кезде жүру керек екенін көрсетіп тұрады. Егер бәріміз заңға құлақ ассақ, өміріміз тыныш әрі қауіпсіз болар еді. Мысалы, мектептегі тәртіп те - үлкен қоғамдағы заңның кішкентай көрінісі. Сабаққа уақытында келу, тапсырмаларды орындау, мұғалім мен сыныптастарды сыйлау - осының бәрі тәртіпті оқушының белгісі. Егер әр оқушы осылай әрекет етсе, мектеп өмірі де қызықты әрі жайлы болмақ.

Қоғамдық тәртіп - ел ішіндегі тыныштық пен әділдіктің кепілі. Әр адамның тәртіпке бағынуы - қоғамның дамуына әсер етеді. Мен де қоғамның бір мүшесі ретінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін қандай үлес қосамын?

Ең алдымен, мен заң мен ережелерге бағынуға тырысамын. Себебі мектеп оқушысы болғандықтан мектепте белгіленген тәртіпті сақтау, мұғалімдер мен сыныптастарға құрметпен қарау - бұл да қоғамдық тәртіптің бір бөлігі. Сабаққа кешікпей келіп, өз міндетімді жауапкершілікпен орындау арқылы мен тәртіпті және басқаларға үлгі бола аламын. Өйткені «Тәртіп - тәрбие бастауы, тәртіпсіздік - өміріңнің қас жауы» деп Махмұд Қашқари айтқандай, тәртіптілік сенің тәрбиелі екеніңді көрсетеді. Сондықтан отбасыңа, ата-анаңа сөз келтірмеу үшін, өзіңнің тәрбиелі екеніңді көрсеткің келсе, тәртіп сақтауың керек.

Сонымен қатар, қоғамдық орындарда мәдениетті болуға тырысамын. Қоқыс тастамау, шу шығармау, үлкендерге орын беру сияқты қарапайым істер арқылы да мен қоғамға пайда келтіре аламын. Егер әр адам бір-біріне көмектесіп, жаман әдеттен аулақ болса, біздің қоғамымыз мейірімді әрі тәртіпті бола түседі.

Ойымды қорыта келе айтарым, қоғамдық тәртіпті сақтау - бәрімізге ортақ міндет. Мен өзімнің осындай елеусіз іс-әрекетім арқылы тәртіпке үлес қосып, елімнің жарқын болашағы үшін еңбек етуге дайынмын. Себебі үлкен өзгеріс - кішкентай әрекеттерден басталады. Заңды сақтау - бұл тек қорқу емес, бұл - саналы таңдау. Біз өзіміз үшін, отбасымыз үшін, еліміз үшін заң мен тәртіпті сақтауымыз қажет. Өйткені болашақ - бізден басталады. Біз қандай болсақ, еліміз де сондай болады.

Ерғазы Алуа
№102 орта мектебі, 9 «А» сынып оқушысы

Заң дегеніміз - ноқта. Шерхан Мұртазаның осы қанатты сөзін негізге ала отырып, қоғамдағы тәртіптің маңызын ұғына аламыз. Шын мәнінде, заңның орны бөлек. Ал осы заң алдындағы міндетімізді толыққанды сақтап жатырмыз ба?

«Балам бол, басқа бол – бәріңе заң біреу-ақ» демекші, адамдарды бірдей ететін – заң. Ендеше, заңның алдында еш мансап пен лауазым рөл ойнамайды. Егер заң бұзылса, қоғамда әділетсіздік, сенімсіздік, тіпті қауіпсіздік мәселелері туындайды. Онымен қоса, заңның бұзылуы басқа адамның өмірлік сферасына зақым келтірмей қоймайды, себебі зардап шегуші – қарапайым халық. Заң – әділеттіліктің және бейбіт өмірдің кепілі. Оның орындалуы – баршамызға ортақ талап. Өкінішке орай, қазіргі таңда оқушылар арасында тәртіп бұзушылық, қоғамдық орындарда дау шығару, жол ережесін елемеу сияқты жағымсыз жайттар жиілеп кетті. Оның себебі алуантүрлі. Туып-өскен отбасыңнан басталып, қоршаған ортадағы факторлармен аяқталады. Бұл – құқықтық сауаттың төмендігінен, үй мен мектептегі тәрбиенің жеткіліксіздігінен туындайтын мәселе. ”Ел болғың келсе, бесігіңді түзе“ демекші, құқықбұзушылықты тоқтату үшін өзіміз үлгі болуымыз керек. Мысалы, мектептегі ішкі ережені қатаң сақтау, көшеде мәдениеттілік таныту, құқық бұзушылықты көрсең – үнсіз қалмау. Әрбір азамат заң алдындағы жауапкершілігін сезінуге міндетті. Мен де өз үлесімді қосу үшін мектепшілік іс-шараларға белесене қатысып, құқықтық білімімді арттырып келемін. Қоғам азаматтарын заңға бағынушылыққа үгіттеу – менің Отан алдындағы борышым деп білемін!

Заңның шынайы мәні – тәртіпті орнатып, бейбіт өмірді қалыптастыру. Егер әр жасөспірім заңға құрметпен қараса, ертеңгі Қазақстан өркениетті күндерге толы болады деген сенімдемін, себебі еліміздің ертеңі – бүгінгі іс-әрекетімізге тікелей байланысты.

Сембек Асылым
№102 орта мектебі, 9 «А» сынып оқушысы

Қоғам – біртұтас тірі ағза секілді. Оның тынысы, жүрегі, рухы бар. Ал сол қоғамның жүрегі – тәртіп, ал тәртіптің негізі – заң. Заң – әділеттің өлшемі, адамгершіліктің қамалы. Заң орындалған жерде ғана әділдік салтанат құрып, даму мен өркендеу есігін айқара ашады.

Заңды орындау – бұл жай ғана міндет емес, бұл – азаматтық ар мен ұяттың көрінісі. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды». Қоғамның дамуына үлес қосу әрбір азаматтың парызы деп білемін. Ал оның бастауы осы заңды орындап, оны қоғамда насихаттаудан бастау алары сөзсіз. Атап айтқанда, заңды орындау күнделікті дағдыға айналса, қоғамдағы өзекті мәселелер өз шешімін табады. Тарихтан белгілі, заң үстемдігі орнаған қоғамдар өркениет биігіне көтерілген. Себебі әділдік болған жерде сенім туады, ал сенім бар жерде даму бар. Күнделікті болатын ұрлық, қарлық сынды жағдайлардың алдын алу арқылы да «қауіпсіз қоғам» ортасы қалыптасады.

Адамдар бір-бірінің құқығын аяққа таптамай, өз міндетін жауапкершілікпен орындаса – қоғам тыныш, ел тұрақты болады. Заңнан қорыққаннан емес, заңды құрметтегеннен бағыну – міне, нағыз парасаттылық. Сол парасат қоғамға нұр сеуіп, оны алға жетелейді. Заңның баршаға бірдей қолданылуы – сенімді басқару жүйесінің белгісі. Сондықтан әр азамат заңды орындауға ұмтылуы тиіс. Тек осы жағдайда ғана әділетті, қауіпсіз және өркениетті қоғам қалыптасады.

«Заңды сыйлаған ел – еңселі ел» деген халық даналығымен қорытындылай отырып, заң – адамзаттың ар-ожданының күзетшісі деп жеткізгім келеді. Оны сақтау – әр азаматтың парызы. Ал парыз орындалған жерде бейбіт өмір мен гүлденген болашақ тұрады.

Сабитова Амина
№103 орта мектебі, 9 «В» сынып оқушысы

Закон и порядок - это очень важная часть нашей жизни. Законы помогают нам жить в обществе безопасно и справедливо. Они устанавливают правила, которым нужно следовать, чтобы не нарушать порядок.

Соблюдение законов важно для того, чтобы мы могли жить в мире и гармонии. Нарушение закона может привести к серьезным последствиям, как штрафы или тюремное заключение. Поэтому важно знать законы и следовать им.

Порядок также важен для того, чтобы общество функционировало правильно. Если каждый человек будет соблюдать порядок и правила, то у нас не будет хаоса и беспорядка. Мы сможем все жить вместе в мире и спокойствии.

Поэтому помните, что соблюдение законов и порядка важно для нашей безопасности и благополучия. Будьте ответственными гражданами и следуйте правилам, чтобы все было хорошо.

Жакашева Анар
№103 орта мектебі, 9 «В» сынып оқушысы

Как честность влияет на развитие общества

Честность — это важнейшее качество, которое влияет не только на отношения между людьми, но и на развитие всего общества. Там, где ценится правда и справедливость, создаются прочные основы для сотрудничества, доверия и устойчивого прогресса.

Во-первых, честность формирует доверие. Без доверия невозможны ни деловые отношения, ни развитие науки, ни эффективная работа государственных институтов. Когда люди уверены, что с ними будут честны — в договоре, в работе, в повседневном общении — они охотнее вступают во взаимодействие. Это особенно важно для экономики: в странах, где уровень доверия высок, бизнес развивается быстрее, а конфликты возникают реже.

Во-вторых, честность помогает бороться с коррупцией и несправедливостью. В обществе, где лгут и скрывают правду, процветают обман и злоупотребления. Но если честность становится нормой, государственные структуры работают открыто и прозрачно. Это повышает справедливость и укрепляет закон.

В-третьих, честность влияет на воспитание будущих поколений. Дети, которые видят примеры честного поведения взрослых, сами начинают ценить правду и справедливость. Это создает культурную основу, на которой строится нравственное и устойчивое общество.

Таким образом, честность — не просто личная добродетель, а основа для развития общества. Она укрепляет доверие, обеспечивает справедливость и формирует нравственные ценности. Без честности невозможно построить сильное, справедливое и уважающее своих граждан государство.

Жамбыл Ислам
№103 орта мектебі, 9 «В» сынып оқушысы

«Кто для вас честный гражданин?»

Честный гражданин — это человек, который живёт по совести и соблюдает законы своей страны. Он уважает других людей, помогает обществу и не боится говорить правду, даже если это трудно.

Честность проявляется в повседневной жизни: когда человек возвращает найденную вещь, не обманывает в школе или на работе, выполняет свои обещания. Такой человек вызывает доверие у окружающих, становится примером для других.

Честный гражданин заботится о своей родине. Он не мусорит на улицах, уважает природу, платит налоги и участвует в жизни общества. Он понимает, что его поступки влияют на благополучие всей страны.

Для меня честный гражданин — это не только тот, кто не нарушает закон, но и тот, кто живёт с открытым сердцем, помогает другим и стремится сделать мир лучше. Именно такие люди формируют сильное, справедливое и гармоничное общество.

Дінмухамед Альрами
№103 орта мектебі, 5 «Б» сынып оқушысы

Когда-то очень давно первобытные люди жили инстинктами. Потом они трудились, развивались и стали цивилизованными. Тогда же они придумали законы, чтобы сохранять порядок в обществе. И теперь без законов не существует ни одна страна в мире.

Каждое наше действие, каждый шаг регулируется законом: учимся, работаем, делаем покупки в магазине, переходим дорогу и так далее. Законы защищают наши права, указывают обязанности, ограничивают преступные действия, наказывают преступников и делают еще много-много всего.

Перед законом все равны. Это все обеспечивает порядок в обществе, стране, мире.

Без законов наступил бы полный хаос на Земле. Поэтому очень важно соблюдать законность. И всегда нужно начинать с себя, например, не мусорить, не брать чужое, не ругаться с кем-либо, соблюдать правила дорожного движения, беречь природу, уважать чужой труд.

Главным из всех законов нашей страны является Конституция Республики Казахстан, которая защищает права человека.

Конечно, запомнить все законы невозможно. Но главное - жить по совести и никому не вредить.

Кусаинова Амина
№103 орта мектебі, 9 «В» сынып оқушысы

Честный гражданин Казахстана — это человек, который уважает законы своей страны, любит Родину и заботится о её будущем. Он честен в своих поступках, справедлив в решениях и помогает окружающим. Такой человек не мусорит на улице, платит налоги, соблюдает правила дорожного движения и уважает других людей. Он старается быть примером для молодёжи и активно участвует в жизни общества.

Честный гражданин не боится говорить правду и защищает справедливость. Для меня такой человек — опора нации и гордость страны. Именно от таких граждан зависит, каким будет будущее Казахстана — светлым, справедливым и сильным.

Кинес Даниял
№103 орта мектебі, 5 «Б» сынып оқушысы

Законы существуют не просто так - они нужны, чтобы все люди понимали, что можно, а что нельзя. Без законов начнётся хаос: кто-то будет брать чужое, кто-то начнёт нарушать чужие права, и в итоге пострадают даже те, кто ничего плохого не сделал. Поэтому порядок начинается с того, что каждый человек уважает других и соблюдает правила.

Когда люди живут по закону, страна развивается быстрее. Например, если предприниматели платят налоги, то на эти деньги строятся школы, больницы и дороги. Если суды работают честно, люди чувствуют себя защищёнными. А если чиновники не берут взятки, всё становится справедливее. Соблюдение закона — это не просто про «не нарушать», это про то, чтобы вместе создавать нормальные условия для жизни.

Что касается меня, я считаю, что даже в моём возрасте можно быть полезным. Я стараюсь быть честным, не обижать младших, уважать учителей и говорить спокойно, если вижу несправедливость. Порядок начинается с уважения и ответственности — и это не зависит от возраста. Если я что-то понимаю, я могу объяснить это другим. Иногда даже взрослые забывают, как важно соблюдать порядок, и я думаю, что дети могут напомнить об этом своим примером.

Я верю, что сильное общество строится не на страхе перед наказанием, а на уважении к правилам. И каждый человек, даже если ему 11 лет, может быть частью этого.

Дінмухамед Альрами
№103 орта мектебі, 5 «Б» сынып оқушысы

Когда-то очень давно первобытные люди жили инстинктами. Потом они трудились, развивались и стали цивилизованными. Тогда же они придумали законы, чтобы сохранять порядок в обществе. И теперь без законов не существует ни одна страна в мире.

Каждое наше действие , каждый шаг регулируется законом: учимся, работаем, делаем покупки в магазине, переходим дорогу и так далее. Законы защищают наши права, указывают обязанности, ограничивают преступные действия, наказывают преступников и делают еще много-много всего.

Перед законом все равны. Это все обеспечивает порядок в обществе, стране, мире.

Без законов наступил бы полный хаос на Земле. Поэтому очень важно соблюдать законность. И всегда нужно начинать с себя, например, не мусорить, не брать чужое, не ругаться с кем-либо, соблюдать правила дорожного движения, беречь природу, уважать чужой труд.

Главным из всех законов нашей страны является Конституция Республики Казахстан, которая защищает права человека.

Конечно, запомнить все законы невозможно. Но главное жить по совести и никому не вредить.

Қажиев Мәди
№104 орта мектебі, 7 «А» сынып оқушысы

Заң дегеніміз – адамдарға дұрыс өмір сүруге көмектесетін ереже. Оны мемлекет жасайды. Қоғамда тыныштық пен тәртіп болу үшін әр адам заңды орындауы керек. Егер заң болмаса, ешкім ешкімге бағынбай, қоғамда тәртіп болмайды.

Менің пікірімше, ең алдымен, заң мен тәртіпті сақтау өзімізден басталады. Мектепте тәртіп сақтау өте маңызды. Сабаққа кешікпей келу, мұғалімді тыңдау, сыныптастармен жақсы қарым-қатынаста болу – тәртіпке бағынудың белгілері. Егер әр оқушы ережені сақтаса, мектепте оқу да, тәрбие де дұрыс жүреді. Ал көшеде тәртіп сақтау – өз өміріміздің қауіпсіздігі. Бағдаршамның жасыл шамы жанғанда ғана жолдан өту, жаяу жүргіншілер жолымен жүру – бұл да заңға бағыну. Қоғамдық орындарда дауыс көтермеу, қоқыс тастамау – мәдениеттіліктің белгісі.

Сондай-ақ, заң бұзған адамның жазаланатынын ұмытпауымыз керек. Сол себепті біз әрдайым адал болуға, өтірік айтпауға, біреуге зиян келтірмеуге тырысуымыз қажет. Егер әр адам заңды сыйласа, бір-біріне құрметпен қараса, қоғамда тыныш өмір сүруге болады. Сондықтан біз тәртіпті болуымыз керек және басқаларға да дұрыс үлгі көрсетуіміз керек

Әр адам өзінің ісіне жауапты екенін түсініп, тәртіпке бағынса, елімізде бейбіт өмір болады. Біз өзіміз үлгі болсақ, басқалар да соған қарап тәртіпті болуға тырысады.

Әмірбек Айсұлу
№104 орта мектебі, 9 «Ә» сынып оқушысы

Адалдық – әрбір адамның бойындағы ең маңызды қасиеттердің бірі. Бұл қасиет адамның ішкі тазалығы мен ниетінің шынайылығын білдіреді. Егер әрбір адам адал болса, қоғамда сенім, әділеттілік және өзара құрмет орнайды.

Адал адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, ешкімге зиян келтірмейді және әрдайым шындықты айтуға тырысады. Мұндай адамдардың арқасында қоғамда тәртіп, әділдік және тұрақтылық қалыптасады. Сонымен қатар, адалдық – жемқорлық, алдау және әділетсіздік сияқты теріс әрекеттердің алдын алатын күш.

Қоғамда адал адамдар көбейген сайын заң бұзушылықтар азайып, халықтың мемлекетке және бір-біріне деген сенімі артады. Бұл өз кезегінде елдің

дамуына, экономикасының өсуіне және білім мен мәдениеттің өркендеуіне себеп болады.

Қоғамда адалдықтың рөлі өте зор. Егер мемлекет қызметкерлері, мұғалімдер, дәрігерлер яғни әр саладағы азаматтар адал еңбек етсе, елдің дамуы да қарқынды жүреді. Жастарға адал болуды үйрету арқылы біз олардың болашағын дұрыс бағытқа бағыттаймыз. Мұндай қоғамда тәртіп пен заң үстемдік құрып, ел тыныштығы сақталады.

Қорытындылай келе, адалдық – қоғамның іргетасы. Әрбір адам өзінен бастап адал болса, бүкіл елдің болашағы жарқын болмақ. Адалдықты ту еткен қоғам ешқашан кері кетпейді, қайта биікке көтеріледі.

Рахалиева Зере
№104 орта мектебі, 5«Д» сынып оқушысы

Закон – это такая большая и важная штука в нашей жизни, хоть иногда и кажется немного скучной. Но если подумать, без него вообще был бы полный беспорядок! Представьте себе, что никто не слушает никаких правил, каждый делает что хочет. Наверное, все бы только и делали, что ссорились и обижали друг друга. А закон как раз для того и нужен, чтобы такого не было, чтобы все знали, что можно делать, а что нельзя. Это как правила в игре, без них играть просто невозможно.

Когда в нашей стране все живут по закону, мне кажется, это круто. Потому что тогда я чувствую себя в безопасности. Никто просто так не может подойти и отобрать у меня телефон или обидеть моего друга. Все знают, что есть правила, и за их нарушение могут наказать. Это делает нашу жизнь более честной и спокойной. Ведь никто не хочет жить в страхе, правда?

Но чтобы закон работал, мало просто его написать. Каждый человек должен сам стараться его соблюдать. Это как быть честным, уважать других, не мусорить на улице или помогать старшим. Даже если кто-то попал в беду, настоящий человек постарается помочь, а не пройдет мимо. Мне кажется, это тоже часть закона – быть хорошим человеком.

И я тоже стараюсь быть законопослушной семиклассницей. Я не списываю на контрольных, уважаю учителей и старших, стараюсь не обижать друзей. Если кто-то нуждается в помощи, я стараюсь помочь, чем могу. Мне кажется, даже такие маленькие поступки важны. Ведь если каждый из нас будет вести себя правильно, соблюдать простые правила, то и большой закон будет работать лучше. И тогда наш мир станет добрее и справедливее для всех. Закон – это не что-то страшное, это наш друг и защитник, который помогает нам жить вместе в мире и согласии.

Тойлыбай Аружан
№106 орта мектебі, 8 «Д» сынып оқушысы

Адам өмірінде халықтың бір- бірімен тату әрі еркін өмір сүру үшін не қажет? Әрине, заң мен тәртіп.

Заң дегеніміз- қоғамда тәртіп пен әділдікті қамтамасыз ететін құрал. Бұл адамның құқықтырын қорғайды, міндеттерін белгілейді және тәртіп бұзушыларға жаза тағайындайды. Егер әлемде заң болмаса, тәртіпсіздік, қылмыс, адамның құқығы мен міндеттері де болмас еді. Ал тәртіпке келетін болсақ, ол- адам өміріндегі, қоғамдағы басты нәрсе. Себебі тәртіпсіз қоғамды елестету мүмкін емес. Тәртіп бізге дұрыс әрекет етуді, қалай сөйлеп, не істеу керек екенін ұғындырады. Жалпы тәртіп пен заңды бұзу- қылмыс. Себебі бұл қоғамды тәртіпке үйретеді, ал қоғамды қылмыс пен тәртіпсіздікке алып келетін басты себептер: білім мен тәрбиенің жетіспеушілігі; құқықтық сауатсыздық; жауапкершіліктің болмауы; жаман ортаның болуына тағы басқа түрлі жағдайларға алып келуге соғады. Ал бұлар болса, қоғамда қылмыс көбейеді.

Жалпы өзім туралы айта келе, мен өмірде, мектепте тәртіпті сақтаймын. Өйткені мектеп қоғамдық білім беру беру мекемесі. Бұл жерде тыныштықты, тәртіпті сақтау қажет. Оқушылардың тыныштық пен тәртіптітілігі бар жерде мұғалім де, оқушы да өз міндетін дұрыс орындайды. Сабақ түсінікті өтеді. Білім сапасы артады.

Заң- қоғамдағы тәртіп пен әділеттің көрінісі, ал тәртіп – сол заңға бағынудың көрінісі. Заң мен тәртіпті сақтау әрбір адамзаттың міндеті.

Үйсінбай Айзере
№ 106 орта мектебі, 7«Қ» сынып оқушысы

Қоғамдағы тыныштық пен әділдіктің кепілі - заң мен тәртіп. Заң - мемлекеттің негізгі тірегі, ал тәртіп-әр азаматтың міндеті. Егер қоғамда заң болмаса,адамдарарасында келіспеушілік ,бейберекеттік, әділетсіздік орнайды. Сондықтан заң мен тәртіп-өркениетті елдің басты белгісі.

Заң-барлық азаматқа ортақ,орындалуы міндетті ереже. Ол адамның құқықтарын қорғап,міндеттерін белгілейді. Мысалы,жолда жүру ережесі тек көлік жүргізушілеріне ғана емес,жаяу жүргіншілерге де арналған. Егер бір адам бұл заңды бұзса,басқалардың өміріне қауіп төндіреді.Сондықтан әр адам заңға бағынуы керек.

Тәртіп те-заңмен тығыз байланысты ұғым. Мектепте,жұмыста,қоғамдық орында тәртіп болмаса,жұмыс ілгерілмейді, білім алу қиындайды. Тәртіп адамның мәдениеті мен жауапкершілік көрсетеді.Тәртіпті адам өзгеге үлгі, ал тәртіпсіздік қоғамның дамуына кедергі келтіреді.

Қорыта айтқанда ,заң мен тәртіп бейбіт өмірдің негізі. Әр азамат заңға бағынса,қоғамда әділеттілік,тыныштық орнайды. Біз,болашақ ұрпақ,ел болашағы үшін заңды құрметтеп, тәртіпке бағынуымыз керек. Сонда ғана Қазақстанымыз көркейіп, дамыған елдердің қатарынан орын алады.

Кернеева Мөлдір
№ 106 орта мектебі, 8 «Е» сынып оқушысы

Қоғамда тыныш әрі әділ өмір сүру үшін әр адам заң мен тәртіпті сақтау міндетті. Заң - мемлекет белгілеген ережелер. Ал тәртіп – осы заңдарды орындау. Елдің дамуы мен тыныш өмірі адамдардың заң мен тәртіпті сақтауына байланысты.

Бүгінгі танда қоғамда түрлі мәселелер туындап жатыр. Қылмыс, тәртіпсіздік, құқықбұзушылық осының бәрі заңға бағынбаудың салдары. Адамдар заңға бағынбаса, бейбіт өмір бұзылады, қауіпсіздік жоғалады. Заңды сақтамайтын елде тұру өте қауіпті. Осындай елдердің қатарына Сирия сияқты ел жатады. Бұл елде соғыс, ішкі қақтығыстар, коррупция салдарынан заң жүйесі әлсіреген. Заң әлсірегеннен соң ішкі экономика да бұзылады.

Тәртіпті сақтау өте маңызды. Әсіресе, тәртіп оқушыларға қажет. Мектепте тәртіп болмаса, білім беру сапасы төмендейді. Ата-ананы тындау үлкендерді, ұстаздарды сыйлау, бір – біріне көмектесу осының бәрі тәртіпке жатады.

Қортындылай келе, заң мен тәртіп ел болашағының кепілі. Әр адам тәртіпке бағынса, қоғамда әділдік, тыныштық орнайды. Заңды сыйлау өзінді де, басқаларды да құрметтеу.

Қарабасова Айзат
№107 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Адал азамат – бұл өз ісіне, еліне қоғамына шын берілген, жауапкершілігі жоғары, әділ шыншыл тұлға. Мен үшін адал азамат-уәдесінде тұратын, өтіріктен аулақ, ешкімге ешкімге зиян келтірмей , ар-ұжданы мен ұятына сай өмір сүретін адам. Ол қандай жағдай болмасын шындықты айтады, өз әрекеттері үшін жауап бере алады және әділетсіздікке қарсы тұрады.

Адал адам – айналасына сенім ұялата алатын тұлға, қоғамдағы ең қажетті қасиеттердің бірі – сенімділік пен жауапкершілікті сақтайды. Осындай адамдар елдің дамуына үлкен үлес қосады, өйткені олардың істері қоғамның тұрақтылығы мен сенімділігін арттырады. Қоғамның дамуы адалдықпен тығыз байланысты. Егер әрбір адам өз қызметіне адалдықпен қараса, қоғамда тәртіп, әділдікпен сенім орнайды. Мемлекетке заңға және адамдарға деген сенім артса, ел ішінде бірлік пен тұрақтылық нығаяды. Адал азаматтар көбейген сайын, мемлекет өркендей түседі. Мысалы мұғалімнің адалдығы білім сапасын арттырса, дәрігердің адалдығы адам өмірін сақтайды. Кәспкерлердің адалдығы әділ экономиканың дамуына септігін тигізеді.Сондай ақ,полиция қызметкерлерінің адалдығы құқық тәртібін сақтауға көмектеседі. Осылайша, әр-бір саланың дамуына адалдық тікелей байланысты. Ар – ұждан мен намыс адамдардың рухани тіректері.

Ар – ұжданы таза адам өтірікке бармайды адал жолдан таймайды. Ал, намысты азамат өзінің және өзгелердің қадір қасиетін қорғауға ұмтылады. Намыспен ар – ұждан азаматты рухани биікке көтеріп, оның өмірлік ұстанымдарының негізі болады.

Адалдықты сақтаған адам ғана қоғамда сенімге ие болып басқаларға үлгі бола алады. Адал азамат -ұлттың болашағын жарқын ететін, қоғамға шынайы пайда әкелетін тұлға. Әркім өзінен бастап адал болса, қоғамда көркейеді, елде тыныштық пен гүлденуге жетеді.

Сондықтан әр адам өзінің ар – ұжданы мен намысын құрметтеп адалдықты өмірінің басты ұстанымы етуі қажет.

Амангелді Әдемі
№ 107 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Адалдық -адамгершіліктің,имандылықтың,ар-ожданның негізі.Қай қоғамдада адал азаматтар қадірлі құрметті болған.Өйткені олар шындықты ту етіп ұстап,әділдік пен жауапкершілік жолында жүреді. Адал адам -елінің тірегі. Ал, мен үшін «Адал азамат болу»-тек өтірік айтпау ғана емес.Бұл аманатқа қиянат жасамау, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, әрқашан әділетті болу. Мұндай адам айналасына сенім ұялатады, қоғамда тұрақтылық пен сенім орнатуға үлес қосады.

Елбасымыздың «Мәңгілік Ел» идеясындағы басты құндылықтардың бірі - адал еңбекпен әділеттік екнін ұмытпауымыз қажет. Сонымен қатар,адалдық-қоғамда бірлік пен татулықтың кепілі. Егер адамдар бір-біріне сенсе өзара түсіністік пен сыйластық орнайды. Мұндай ортада білім ғылым экономика сияқты салалар қарқынды дамиды.

Ар- ұжданы таза адам ешқашан өтірік айтпайды,қиянат жасамайды,себебі оның ішкі дүниесі оған жол бермейді. Ар алдында таза болу-өзіне деген құрмет,өз ұстанымдарына адал болу.Ал намысты адам әрқашан әділеттік үшін күреседі.Ол өз абыройын таптатпайды,туған елі мен отбасына кір келтірмеуге тырысады. Мысалы: намысты жауынгер елі үшін жанын береді,адал қызмет етеді. Ар- ұжданы бірлік пен ынтымақты, биік ұстаз өз шәкірттерін әділ бағалап, шын білім береді.Осындай адамдар арқылы қоғам алға жылжиды, әділдік пен сенім артады.

Қорытындылай кел, адал азамат болу әр- адамның парызы.Сондықтан біз, жас ұрпақ адалдықты ту етіп,еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек етуіміз керек.

Тоқтарова Аяжан.
№ 107 орта мектебі, 9 «А» сынып оқушысы

Адалдық - адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Қай қоғамда болмасын, адал адам әрқашан құрметке ие болған. Қазақ халқы да ерте заманнан бері адалдықты ерекше бағалаған. Адал азамат болу - тек шыншыл болу ғана емес, елге, жерге, Отанға деген адалдықты білдіреді. Бұл - ұлттық құндылықтарымыздың бірі, халқымыздың ұрпағына аманат еткен рухани мұрасы.

Ата-бабаларымыз «Адалдық жүрген жерде амандық жүреді» деп бекер айтпаған. Мысалы, қазақтың батырлары мен билері ел намысы үшін жанын берген. Олар ешқашан сатқындық жасамаған, елге, жұртқа адал қызмет еткен. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды дана тұлғалар әділдігімен, адалдығымен ел есінде қалды. Олар үшін халық мүддесі - бәрінен биік болды.

Бүгінгі күнде де нағыз адал азамат болу - үлкен жауапкершілік. Ол - отбасына, достарына, мектебіне, туған еліне адал болу деген сөз. Мектеп оқушысы үшін адалдық - сабағына жауапкершілікпен қарап, шындықты айту, өз ісіне тиянақты болу. Ал ертең өскенде, әркім өз саласында адал еңбек етсе, еліміз де көркейе түсері анық.

Ұлттық құндылықтарымыздың бірі - еңбекқорлық. Адал азамат еңбекқор келеді. Ол ешкімнің ала жібін аттамай, өз еңбегімен жетістікке жетеді. Осындай азаматтар елдің тірегі болмақ.

Қорыта айтқанда, адалдық - ұлттың жаны. Әр адам адал болуға ұмтылса, қоғамымыз да әділ әрі мейірімді болар еді. Мен болашақта елімнің адал азаматы болып, халқымның сенімін ақтағым келеді.

Жанат Асланбек
№108 орта мектебі, 5 «Б» сынып оқушысы

Заң және тәртіп әрқашан қатар жүретін ұғым. Себебі, олар бір-бірінсіз өмір сүре алмайды деп ойлаймын. Қоғам үшін екеуінің де атқарар маңызы зор.

Заң мен тәртіп сақталған жерде әрдайым жайлы өмір болады. Оны қадағалау үшін мемлекет пен азаматтар жауапкершілікті бірдей алып жүруі керек. Кей адамдар заң және тәртіптің орындауларын тек тәртіп сақшылары бақылауы керек деп санайды. Алайда, бұл дұрыс пікір емес. Себебі, сол елде тұратын азаматтар да бұл жауапкершілікті алуға міндетті. Әр адам өз отбасында, көшеде, қоғамдық орындарда осы қағиданы ұмытпауы керек. Заң мен тәртіпті қатаң сақтауы үшін ең алдымен әр азамат қоғам алдындағы өз міндетін білуі маңызды. Ол қарапайым ережелерден тұрады.Белгіленген уақыттан кейін қоғам тыныштығын бұзбау, көшеде әр жерге қоқыс тастамау, қоғамдық көліктерде үлкендерге орын беру, белгіленген емес жерден жолды кесіп өтпеу сияқты жалпы ережелерді сақтау маңызды рөл атқарады. Тәртіп дегеніміздің өзі – үлкен мәдениетіне де байланысты. Адам қаншалықты мәдениетті болса, соншалықты заңды орындайды. Бұл да қоғамның дамуына тікелей байланысты. Тәртіп болған жерде тұрақты даму да болады. Мысалы, Еуропаның кей елдерінде сауда

нүктелері түнгі уақытта да ашық тұра береді. Олар біреу тонап кетеді деп қорықпайды. Себебі, оларда мәдениет те тәртіп те үлкен деңгейде дамыған.

Мен өз тұратын қаламда тәртіптің сақталуына қандай үлес қоса аламын деген сұраққа үнемі жауап іздеймін. Мен алдымен, көшеде қоқыс көрсем, оны қоқыс жәшігіне апарып тастауға тырысамын. Жолдарда тек арнайы жаяу жүргіншілер өтетін жолдардан немесе бағдаршамнан ғана өтемін. Жұмыс күндері заң белгілеген уақыттан кейін, қоғам тыныштығын бұзбай үйге кіремін. Бұл ережелер мен үшін де қоғам өте маңызды.

Заң мен тәртіпті ұстану – алдымен әр адамның өз қаупсіздігін қамтамасыз ету екенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Әр адам осыны үнемі есіне алып жүрсе, бұл қоғамның дамуына да үлкен септігін тигізер еді деп санаймын.

ИсматоваАфсона
№108 орта мектебі, 9 «Б» сынып оқушысы

Соблюдение установленных правил – это показатель зрелости общества и каждого человека в отдельности. Я глубоко убеждена, что уважение к закону начинается с малого: с соблюдения элементарных норм поведения в повседневной жизни, в том числе и в школьных стенах. Особенно важно понимать это в подростковом возрасте, когда формируется наше отношение к общественным нормам и правилам. Но как часто мы задумываемся о том, что за каждым, даже самым незначительным правилом стоит важный смысл? Обратимся к литературным примерам и к моментам из школьной практики, чтобы лучше понять эту взаимосвязь.

В повести Н.В. Гоголя «Шинель» показана трагедия «маленького человека», который верил, что закон защитит его права. Даже столкнувшись с равнодушием чиновников, он продолжал искать правды законным путем. Этот пример заставляет задуматься: если бы каждый гражданин относился к своим обязанностям так же ответственно, насколько лучше и справедливее стало бы наше общество. А как обстоят дела с соблюдением правил в нашей повседневной жизни? Ведь школа – это то место, где мы впервые сталкиваемся с необходимостью соблюдать установленные нормы.

Яркий пример из школьной жизни связан с поддержанием порядка в школьных туалетах. Когда в начале учебного года участились случаи засорения раковины, наша инициативная группа разработала проект «Чистая зона». Мы не только организовали дежурства и разместили мотивирующие плакаты, но и провели разъяснительные беседы с младшими классами, объясняя, что соблюдение чистоты – это проявление уважения к другим. После такой работы я стала замечать, что количество нарушений значительно сократилось, а многие ученики стали более сознательно относиться к школьному имуществу.

Пример из классической литературы и мой личный опыт доказывают: порядок начинается с нашего личного отношения к установленным нормам.

Школа – это мини-модель общества, и если мы научимся соблюдать простые правила здесь, то сможем стать ответственными гражданами своей страны.

Шарипбаева Томирис
№108 орта мектебі, 5 «Б» сынып оқушысы

Закон и порядок - это фундамент, на котором строится любое цивилизованное общество. Я убеждена, что соблюдение правил начинается с каждого человека, а их выполнение делает нашу жизнь безопаснее и справедливее. Особенно важно понимать это с детства, ведь именно в школьные годы формируется наше отношение к нормам поведения в обществе.

Яркий пример верности закону мы находим в повести А.С. Пушкина «Капитанская дочка». Главный герой Пётр Гринёв, несмотря на угрозу смерти, отказывается перейти на сторону Пугачёва: «Я природный дворянин, я присягал государыне императрице». Этот поступок показывает, что истинная честь - в соблюдении данных обещаний и законов государства.

В нашей школьной жизни тоже есть свои правила. Например, когда мы дежурим по классу, то поддерживаем чистоту и порядок. Это напоминает мне рассказ В. Осеевой «Волшебное слово», где простые слова вежливости помогли мальчику наладить отношения с окружающими. Так и мы, соблюдая школьные правила, создаём комфортную атмосферу для всех.

Особенно важно знать правила безопасности. В нашей школе регулярно проводятся тренировки по эвакуации. Мы серьёзно относимся к ним, понимая, что это не просто формальность, а залог нашей безопасности.

Примеры из литературы и школьной жизни учат нас, что порядок и закон - это не ограничения, а условия для нормальной жизни. Начиная с малого - соблюдения школьных правил, вежливого общения, выполнения своих обязанностей - мы становимся ответственными гражданами. Я верю, что если каждый будет соблюдать законы, наше общество станет лучше и безопаснее.

Дәулеткерей Бақыт
№109 орта мектебі, 6 «Ә» сынып оқушысы

Халқымның «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген даналық пікірін ойлап қарасам, ата - бабаларымыздың асқар таудай ақылында өз өмір тәжірибесінен өткен өнегелі істері жатыр. Осы арқылы балаларын еліне елеулі, халқына қалаулы болу сияқты жақсы қасиеттерді ұрпақтан-ұрпаққа дарыта білген.

Менің ойымша, қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан қоғамда тәртіп орнатудың жолдары қарастырылған. Қоғамда тәртіпті бұзуға бейім

адамдар да бар. Қоғамдық тәртіпті бұзуға жол бермеу үшін балаларға мектеп жасынан құқықтық тәрбие беру керек. Өсе келе жастар өз құқықтарын пайдаланып, азаматтық міндеттерін орындап қоғамда өмір сүруге, заңдар мен ережелерді тәжірибеде қолдана білуге үйренеді. Осы орайда, А.С.Макаренконың: «Анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұстанған дұрыс деп ойлаймын. Біздің ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Өйткені отбасында өз ұрпағына үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастырған. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен құқықтық тәрбие бере алу – өлшеуі жоқ қазына екенін түсінген. Отбасымыздан, мектептен алған тәрбиені қоғамда қолдана алсақ, оны өзімізден кішіге көрсете білсек, біздің қоғамдағы орнымыз дұрыс жолда келе жатыр деп ойлаймын. Мен қоғамдағы тәртіпті орнатуға өз үлесімді қосу үшін тәртіпті болуды өзімнен бастаймын. Мектепте, қоғамдық орындарда тәртіп бұзбаймын. Кішілерге үлгі болып жүруге тырысамын. Қоғамдық орындарда дауыс көтермеймін, үлкендерге жол беріп, кішілерге іззеттілік көрсетемін. Табиғат аясында серуендегенде қоқыс лақтырмаймын. Әрбір азамат осындай қарапайым ережелерді қоғамдық орындарда сақтаса, елімізге тигізер үлесіміз көп болар еді.

Сөзімді қорытындылай келе, тәртіпті адам өз өмірін реттеп, рухани жетіліп отыруына мүмкіндігі бар. Заңдылық адамды жаман істерге жібермей, жөнге салып ұстайтын қоғамның негізгі құралы болуға тиісті. Сонда еркіндік пен тәртіп үйлесімге келіп, қоғамда тыныштық орнайды. Мен осы оқушылық өмірімде үлкен арман-мақсатым – туған жерімді жақсы көру, елімнің баянды бақыты үшін мектептен үздік білім алу деп білемін. Сол кезде мен қоғамдық тәртіпке өз үлесімді қосып жүрген боламын. Менің туған өлкемде, байтақ Қазақстанда, бүкіл әлемде тек бейбітшілік болғанын қалаймын. Жаңа Қазақстанды құруға барлығымыз бір кісідей жұмылсақ деймін.

Құрбанәлі Алина
№109 орта мектебі, 6 «А» сынып оқушысы

Әрбір мемлекеттің дамуы мен гүлденуінің негізінде тәртіп пен заң тұрады. Заң мен тәртіп – бұл қоғам өмірінің қозғаушы күші, әділет пен тұрақтылықтың кепілі деп білемін. Заң – бұл мемлекеттің әрбір азаматына қойылатын ортақ ереже, ал тәртіп – сол заңдарды сақтау арқылы орнайтын жауапкершілік жүйесі. Қоғамдағы заң мен тәртіп сақтаудың маңызы.

Біріншіден, заң – бұл жай ғана жазылған ереже емес, ол халықтың мүддесін қорғайтын әділеттік жүйесі.Тарихқа көз жүгіртсек, кез келген мықты елдің арқауы – мызғымас заң мен темірдей тәртіп. Мысалы, ежелгі Қазақ хандығында «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Жеті жарғы» заңы арқылы ел басқарылған. Егер заң болмаса, адамдар өз білгенін істеп, әділетсіздік орын алар еді. Мысалы, жолда жүру ережесі – бұл заң. Егер көлік жүргізушілері

оны сақтамаса , апат көбейеді. Заң – әділдік пен тәртіптің кепілі. Ол адамның құқығын қорғап, міндетін белгілейді Әр ортаның өз заңы, тәртібі бар. Демек, заң – қауіпсіздік пен тәртіптің негізі.

Екіншіден, тәртіп ұғымы туралы не айта аламыз.Тәртіп – бұл әр адамның ішкі мәдениеті мен жауапкершілігінің көрсеткіші. Менің ойымша, мектепте оқушы тәртіпке бағынбаса, білім ала алмайды. Көшеде тәртіп болмаса – апат, елде тәртіп болмаса – қасірет. Халық арасында «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген дана сөз бар. Бұл – тәртіптің адамды еркін, әрі саналы ететінін білдіреді. Жол ережесін сақтау, сыпайы сөйлеу, әділ болу, өз міндетімізді дұрыс атқару – бәрі де заң мен тәртіпке қызмет етеді. Егер әр азамат өз ісіне жауапкершілікпен қараса, еліміз мызғымайтын мемлекетке айналады.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – жай сөз емес, ол – елдің болашағы. Біз – болашақ иелеріміз. Ендеше, заңға бағыну мен тәртіпке мойынсұну – біздің ең басты міндетіміз. Қоғамда тыныштық пен бейбіт өмір сүру үшін, заң мен тәртіптің маңызы өте зор. Бүгінгі күні біз дамыған, өркениетті ел болғымыз келсе, алдымен заң мен тәртіпке өзіміз бағынуымыз керек. Заң үстемдік құрған елде ғана әділет, бейбіт өмір және жарқын болашақ бар.

Болатова Азима
№109 орта мектебі, 5 «К» сынып оқушысы

С самого детства нас учат различать, что такое хорошо и что такое плохо. Родители, учителя, воспитатели объясняют нам, как важно жить по правилам. Но почему это так важно? Что означают слова «закон» и «порядок»? И почему без них невозможно представить нормальную жизнь?

Закон - это установленные правила, по которым живёт общество. Эти правила помогают людям жить вместе, уважать друг друга и не мешать другим. А порядок - это результат того, что все следуют этим правилам. Когда в обществе есть порядок, люди чувствуют себя в безопасности.

Я думаю, что закон нужен для того, чтобы жизнь была справедливой. Представьте, что каждый делает, что хочет: кто-то ворует, кто-то обижает других. В такой ситуации будет хаос. Именно поэтому существуют законы - они защищают права каждого человека.

В школе тоже есть свои правила. Например: нельзя опаздывать, нужно уважать учителей и одноклассников, нельзя списывать. Я стараюсь соблюдать эти правила. Один раз я нашла на школьной лестнице чей-то телефон. Я могла бы просто взять его себе, но поняла, что это неправильно. Я отнесла его учителю, и хозяин нашёлся. Тогда я почувствовала гордость за себя — я поступила честно.

Я знаю, что быть честным и справедливым важно, потому что это основа доверия. Если люди лгут и поступают неправедливо, жить вместе с ними становится очень трудно. Только честные поступки делают нас настоящими людьми.

Закон и порядок — это не просто строгие правила, это основа нашей жизни, без которой нельзя построить дружное общество. Каждый из нас может внести свой вклад: быть честным, уважать других, выполнять свои обязанности. И тогда в нашем мире будет больше добра, справедливости и мира.

Жаманшалова Жанель
№111 орта мектебі, 9 «Б» сынып оқушысы

Заң және тәртіп – қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығының негізі. Заңдар адамдардың құқықтары мен міндеттерін айқындап, тәртіп ережелерін белгілейді. Тәртіп сақтау арқылы қоғамда әділеттілік пен қауіпсіздік орнатылады. Осы екі ұғымның үйлесімі мемлекеттіің өркендеуіне маңызды үлес қосады.

Заң мен тәртіпті сақтау үшін, ең алдымен, заңдарды білу және құрметтеу қажет. Әрбір азамат өзінің құқықтарын ғана емес, сондай – ақ басқалардың құқықтарын да сыйлауы тиіс. Қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау, жол ережелерін орындау, экологиялық нормаларды бұзбау – осының бәрі заңдылықты қамтамасыз етеді.

Заңды орындау – тұрақты дамудың кепілі. Құқықтық мемлекетте азаматтардың теңдігі қамтамасыз етіледі,бұл өз кезегінде әлеуметтік әділеттік пен экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Заң бұзушылықтың алдын алу арқылы қоғамда қауіпсіздік деңгейі артады, нәтижесінде халықтың өмір сүру сапасы жақсарады.

Әрбір азамат қоғамдық тәртіпті нығайтуға өз үлесін қоса алады. Бұл үшін күнделікті өмірде адалдық пен жауапкершілік көрсету, заң бұзушылықтарға жол бермеу, құқық қорғау органдарына көмек көрсету маңызды. Жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу де қоғамның болашағын жарқын етуге ықпал етеді.

Заң және тәртіп-мемлекеттің өркендеуі мен қоғамның әл-ауқатының кепілі. Әрбір азаматтың заңды құрметтеуі мен тәртіпті сақтауы-ортақ міндетіміз. Тек осылайша біз бейбіт , әділ мен тұрақты қоғамды қалыстастыра аламыз.

Жахангер Жансая
№112 орта мектебі, 5 «В» сынып оқушысы

Заң және тәртіпті сақтау - ол әр адамның міндеті. Заң мен тәртіптің біздің елімізге не керегі бар? Біз, ел жастары, заң талаптарының орындалуына қалай өз үлесімізді қосамыз? Қазір осы тақырыптар төңірегінде ойымды тарқататын боламын.

Байқаймыз, бүгінгі күні көп адамдар заңға да, тәртіпке де бағынады. Алайда бағынбайтындардың да саны жеткілікті дер едім. Мысалы, қарапайым ғана күнделікті орын алып жатқан көлікпен жүру кезінде жылдамдықты асыру, мектеп, бала-бақша, колледж, т.б. мекемелерде арнайы бекітілген заңдар мен

тәртіптерді бұзу. Меніңше, тәртіпті бұзбас үшін әр адам өз-өзін ұстай алу керек. Мектепке кешікпей келіп, жылдамдықты асырмай, т.б. заттарды жасау керек. Сонда елімізде тәртіп өз орынында болады. Егер елімізде заң жиі-жиі сақталмайтын болса, ол қоғамда өмір сүру қиындайды. Ал егер тәртіп пен заң сақталып, өз орнымен болса, керісінше, нағыз әділетті елге айналар едік. Шынында да, әрдайым заң бұзып, үнемі жазаланып, темір тордың артында отыра берген де дұрыс емес қой, иә? Бұл – бірінші ойым. Ал екінші ойым, заң және тәртіп қызметкерлерінің өміріне қиындықтар туығызып, заң бұзған дұрыс емес. Бұл ойды айтқаныма себеп болған – соңғы жылдарда елімізде орын алған қайғылы хабарлар. Әр қылмыс, әр заң бұзушылықтың көпке кесірі тиіп кетіп жатады. Ал олардың да жеке өмірі, отбасы бар ғой. Үшінші ойым, тордың артында отырған немесе үнемі жазаланған ол өзіміздің, яғни, адам өміріне кері әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, оқырман, сізді де, өз қатарластырымды да заң мен тәртіпті бұзбауға шақырамын. Мүлдем бұзбаған өте абзал деп ойлаймын. Мен заң мен тәртіпке өз үлесімді күнделікті іс-әрекеттеріммен де қоса аламын деп ойлаймын. Кей қарапайым нәрселерді күнделікті жасау арқылы бұл мәселеде тіпті өз үлесімді және пайдамды қосқым келеді. Егер де елімізде ешқандай да заң немесе тәртіп бұзылмаса, Қазақстан Республикасында үлкен өзгеріс болатынына кәміл сенемін. Себебі, тәртіп бұзылмаса, елімізде ешқандай да жаза, қиыншылық болмас еді. Сондықтан да тәртіп бұзбай жүргеніміз ол мына әрқайсысымыз заң мен тәртіп бұзылмауына үлес қосып жатырмыз деген сөз емес пе? Тәртіп бұзбау бұл өзімізге де пайдалы болып есептеледі. Заң мен тәртіпті бұзбай, әр қадамдарымызды қадағалап және байқап басайық!

Рақаш Сезім
№112 орта мектебі, 5 «Г» сынып оқушысы

Заң дегеніміз – мемлекеттің әрбір азаматына арнап шығарған тәртіп ережесі. Біз осы ережелерге бағынып өмір сүрсек, қоғамда тыныштық болады. Ал егер заң болмаса, адамдар бір-біріне қиянат жасап, ел ішінде дау-дамай көбейер еді.

Меніңше, заң – әділдіктің күзетшісі. Мысалы, мектепте бәріміз бірдей тәртіпке бағынуымыз керек. Мұғалім сабақ түсіндіріп жатқанда, шуламай тыңдау да – тәртіп. Біреудің сөмкесін рұқсатсыз алуға болмайды. Өйткені бұл – заңға да, тәрбиеге де қайшы. Осындай кішігірім ережелерді сақтай білу – болашақта үлкен заңдарды құрметтеуге бастайды.

Ата-анам маған үнемі: «Заңды біл, балам, сонда сені ешкім ренжітпейді» дейді. Мен осы сөзді ұмытпаймын. Себебі заң тек жаза беру үшін емес, ең алдымен, адамдарды қорғау үшін қажет. Біреудің ақысын жегендер, біреуге зиян тигізгендер – заң алдында жауап береді. Бұл – әділдік.

Мен өскенде заңгер болғым келеді. Заңгер – халыққа көмектесетін маман. Олар да дәрігер сияқты, бірақ адамдардың құқығын қорғайды. Әділетті қорғап, шындықты айту – менің арманым. Мысалы, біреуге әділетсіздік жасалса, мен соның құқығын қорғағым келеді.

Біздің еліміздің тыныштығы – әр азаматтың заңға бағынуына байланысты. Егер әрқайсымыз өз міндетімізді дұрыс орындасақ, заңды сыйласақ, елімізде тәртіп пен тыныштық болады. Сол үшін мен де тәртіпті оқушы, жақсы азамат болуға тырысамын.

Заң мен құқық – бір-бірімен тығыз байланысты. Заң болмаса, құқық қорғалмайды. Ал құқық болмаса, адам өз еркіндігін сезіне алмайды. Міне, сондықтан біз заңды біліп, оны құрметтеуіміз керек.

Қорытындылай келе, мен айтар едім: заң – бейбіт өмірдің кепілі. Біз оны сақтасақ, еліміз де, болашағымыз да жарқын болады. Сондықтан еліміздің әрбір тұрғыны мемлекетіміздің өркендеуін қаласа заң мен тәртіпке бірдей бағынып ынтымақ пен келісімде өмір сүруіміз қажет. Себебі өркениетті қоғамның талабы осы.

Сарбай Анель
№112 орта мектебі, 7 «И» сынып оқушысы

Закон и порядок – основа организованного общества. Закон – это свод правил, по которым живет государство. Он определяет, что можно, что нельзя. Порядок – это результат соблюдения чего-либо. Если в обществе не соблюдают закон, возникает хаос.

Что нужно делать, чтобы соблюдать закон и порядок. Во – первых, я считаю, что закон должен быть логичным. Потому-что есть страны с максимальным глупыми законами. Во-вторых, заинтересованность людей в изучение правил. Нынче, молодежь не особо увлекается правительством. Да и не только молодежь, некоторые пенсионеры тоже.

Как соблюдение закона влияет на развитие общества.

Закон-это основа порядка и справедливости. Когда люди уважают его, общество расцветает: растет экономика, укрепляется доверие, снижается преступность. Там где царит право и порядок, возможны прогресс, мир и соиздание. Без закона-лишь хаос и страх. Соблюдая его, каждый вносит вклад в общее будущее.

Закон-неоковы, а опора для свободы. Он защищает добро, дает шанс каждому быть услышанным. Где уважают закон-там растет доверие рождаются идеи и строится будущее.

Соблюдая его, мы создаем общество, в котором хочется жить: честное и справедливое общество.

Какой вклад можем внести: мы – школьники.

Главный и доступный закон, который может выполнить каждый ученик – элементарное ношение школьной формы. Зачастую, многие отказываются от ношения формы. Во - первых форма делает вид, элегантнным, красивым. Во – вторых, форма позволяет школьникам быть на ровне. А так же мы можем нести мало, но главное, что мы делаем это!

Даумбекова Нұрзада
Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернаты, 10 «А» сынып оқушысы

Әрбір адамның адамгершілік қасиеті қоғамның өсіп-өркендеуіне, болашағына тікелей әсер етеді.Бұл қасиеттердің ең маңыздысы – адалдық. «Адалдық ойласаң, бал жұтасың, Арамдық ойласаң, қан жұтасың» деп Самет Оқанұлы бекер айтпаған, себебі адал жол әрқашан тыныш өмір мен абыройға жеткізеді. Адал азамат – тек заң мен тәртіпке бағынатын емес, ішкі ар-ұжданына қарсы шықпайтын, ешкімге қиянат жасамайтын, әділеттілікті ту еткен адам.

Мен үшін адал азамат – ар-ұжданын бәрінен биік қоятын, өтірік пен айлаға жаны қас, әділет жолынан таймайтын тұлға. Ондай адам тек өз өміріне емес, айналасына да оң ықпал ете алатын шынайы тұлға болып қалыптасады.

Қоғамның дамуы да дәл осындай адал жандарға тікелей байланысты. Әрбір маман өз ісіне адал болса, ел ішінде сенім күшейіп, әділет салтанат құрады. Адал мұғалім – шәкіртке өнеге, адал дәрігер – адам өмірінің сақшысы, ал адал басшы – елдің тірегі. Мұндай адамдар көп болған қоғамда жемқорлық пен әділетсіздікке орын жоқ.

Халқымызда «Адал адамның аты арып, тоны тозбас» деген дана сөз бар. Бұл – адалдықпен өмір сүрген жан рухани байлыққа кенеліп, ел сеніміне ие болады дегенді білдіреді. Адалдық адамның ар-ұжданы мен намысынан туындайды. Ар-ұжданы таза адам өтірікке жоламайды, намысты азамат ешқашан арамдыққа бас ұрмайды. Олар үшін абырой – ең қымбат құндылық.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорыта келе айтатын болсақ, адалдық – бұл тек сөз емес, өмірлік ұстаным, адамгершіліктің бастауы. Менің ойымша, әр адам өз жүрегіне үңіліп, адалдықты басты мақсат етуі тиіс. Өйткені адал адам ғана өзіне де, өзгеге де құрметпен қарайды, қоғамға сенім мен тұрақтылық әкеледі. Егер біз әрқайсымыз адал болсақ, елімізде әділет пен татулық орнап, болашағымыз жарқын болары сөзсіз. Сондықтан адал болу – өзіміздің де, еліміздің де амандығы деп білемін.

Мырзахан Марғұлан
Дарынды ер балаларға арналаған «Білім-инновация» лицей-интернаты, 7 «В» сынып оқушысы

Қоғамның тұрақты дамуы мен бейбіт өмір сүруі – заң мен тәртіпке байланысты. Бұл тақырып қазіргі заманда өте өзекті, себебі тәртіпсіздік пен заңсыздық орын алған жерде әділет те, тыныштық та болмайды. Сондықтан да менің ұстанымым – заң мен тәртіпті сақтау әр азаматтың міндеті және ол қоғамның өркендеуіне тікелей әсер етеді.

Заң адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейді. Егер заң болмаса, адам құқығы аяққа тапталып, әлсіздер қорғансыз қалар еді. Мысалы, жолда жүру ережесін бұзған адамның кесірінен апат орын алса, бұл тек бір адамның емес, бүкіл қоғамның қауіпсіздігіне төнген қатер болады.

Тәртіпті адам өз-өзіне жауап бере алатын, саналы азаматқа айналады. Тәртіпсіз ортада білім де, ғылым да дамымайды. Мұны мектептегі оқушы өмірінен-ақ байқауға болады: сыныпта тәртіп болмаса, ешкім сабаққа көңіл бөле алмайды, мұғалімнің еңбегі зая кетеді. Мысалы, Финляндия мектептерінде тәртіп пен өзара сыйластыққа үлкен мән беріледі. Соның нәтижесінде бұл елдің білім беру жүйесі әлем бойынша ең үздіктердің қатарында тұр. Бұл – тәртіпті ортада оқушының да, мұғалімнің де мүмкіндігі ашылып, сапалы білім мен шығармашылық дамуға жол ашылатынының дәлелі.

Цифрлық кеңістікте тәртіп пен заңның болмауы адамдардың жеке басына шабуыл жасау, яғни кибербуллинг әрекеттерін күшейтеді. Мәселен, *UNICEF*-тің зерттеуіне сәйкес, интернеттегі әрбір үшінші жасөспірім кибербуллингтің құрбаны болған. Мұндай жағдайлар жастардың өз-өзіне сенімін жоғалтып, күйзеліске ұшырауына, тіпті өміріне қауіп төндіруіне себеп болады. Егер интернет кеңістігінде заң мен ережелер нақты қолданылса, мұндай теріс әрекеттердің алдын алуға болады.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп – әр адамның қауіпсіздігі мен еркіндігінің кепілі. Дамыған елдердің қатарында болу үшін және ғаламтор желілерін пайдаланатын оқушыларды қорғау үшін заң жүйесіне өзгеріс енгізу қажет.Оларды сақтау – тек міндет емес, бұл – елге, болашаққа деген жауапкершілік. Әр адам өз ісіне есеп беріп, заң аясында өмір сүрсе, қоғамымыз әділетті әрі бақытты болмақ.

Қонақбай Асаин

Дарынды ер балаларға арналаған «Білім-инновация» лицей-интернаты, 8 «С» сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен тәртіпті сақтау – мемлекетіміздің әрбір азаматының міндеті, өйткені заң мен тәртіп – кез келген елдің өркендеуінің негізгі тірегінің бірі. Егер қоғамда құқық бұзушылық көбейіп, заң талаптары орындалмаса, адамдардың қауіпсіздігіне, сеніміне және болашағына қауіп төнеді. Бұл эсседе заң мен тәртіптің маңызы туралы және оларды сақтау үшін қандай әрекеттер қажет екенін қарастырамыз.

Біріншіден, заң мен тәртіпті сақтау үшін ең алдымен азаматтарда құқықтық сауаттылық болуы керек. Адам өз құқығы мен міндетін білсе, заң бұзудан аулақ болады. Бұл үшін мектептен бастап құқық негіздері оқытылып, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде түсіндіру жұмыстары кең жүргізілуі тиіс.

Екіншіден, әділ және ашық сот жүйесі мен құқық қорғау органдарының жұмысы маңызды. Егер заң алдында бәрі тең болса, халықтың заңға деген сенімі артады. Керісінше, жемқорлық пен әділетсіздік орын алған жерде тәртіп те бұзылады. Сол себепті полиция мен сот жүйесі әділ, ашық әрі кәсіби деңгейде жұмыс істеуі керек.

Үшіншіден, қоғамда тәртіп сақтау үшін адамдарда азаматтық жауапкершілік болуы қажет. Әркім өзі заңды сақтап қана қоймай, басқалардың да тәртіп бұзбауына ықпал еткен жөн. Мысалы, қоғамдық орындарда тәртіп бұзған адамды ескерту, құқық бұзушылықты көрсе – хабарлау. Мұндай жауапкершілік ұғымы халқымыздың дәстүрінде де бар. Мысалы, Тәуке хан енгізген «Жеті жарғы» заңдар жинағы әр адамның құқығын қорғап, қоғамда әділдік орнатуға бағытталған. Ол кезеңде халық «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп әділеттікті жоғары бағалаған.

Сонымен қатар, «Заң бұзғанға – жаза, ел бұзғанға – жорық» деген мақал да қоғамда тәртіптің маңызын көрсетеді. Заң мен тәртіптің сақталуы – әр азаматтың құқықтық сауаттылығына, әділ сот пен құқық қорғау жүйесіне және қоғамның ортақ жауапкершілігіне негізделген тұрақты әрі әділетті мемлекеттің кепілі.

Қорытындылай келе айтарым, қоғамда тыныштық пен тәртіпті сақтау – өркениетті ел болудың басты шарты. Егер әрбір азамат өз құқығы мен міндетін толық түсініп, заңға құрметпен қараса, қоғамда тәртіп пен әділдік орнайды. Бұл – Тәуке ханның «Жеті жарғысында» да көрініс тапқан көне дәстүріміз. Ендеше, заң мен тәртіпті сақтау – тек билік органдарының ғана емес, әрқайсымыздың борышымыз!

Сансызбай Айат
Дарынды ер балаларға арналаған «Білім-инновация» лицей-интернаты 9 «С» сынып оқушысы

Қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың негізі – заң. Сондықтан «Заңды орындау қоғамның дамуына қалай әсер етеді?» деген сұрақ – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Әрбір азаматтың заңды құрметтеп, оны бұлжытпай орындауы – елдің өркендеуіне, бейбіт өмірдің сақталуына тікелей әсер етеді деп ойлаймын.

Мемлекетіміздің өркендеуі мен халықтың өмір сүру сапасының жақсаруы адамдардың тікелей заңға бағынуына байланысты. Қазақ халқы ерте заманнан-ақ ел ішіндегі тәртіп пен әділдікті сақтау үшін өзіндік заң жүйесін қалыптастырған. Хандық дәуірден бастап Тәуке ханның «Жеті жарғысы» тәрізді

құқықтық ережелер ел бірлігін сақтап, дау-дамайды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік берген. Мұндай заңдар тек жаза беруге емес, халықты тәртіпке, әділетке, бірлікке үндеген. Қазақтың "Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол" деген тәмсілі – қоғамда заң мен тәртіптің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Ата-бабаларымыздың осы ұстанымдары бүгінгі таңда да өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Заңды орындау, тәртіпке бағыну қашан да маңызды болып қала бермек. Ұлттың болашағына салынған іргетас, ол – тәртіпке мойынсұну. Білім беру, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік, құқық қорғау органдары сынды маңызды салалар да заңға сүйеніп дамиды. Мәселен, кәсіпкерлер салықты уақытылы төлесе, мемлекетте тұрақтылық орнайды. Жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер ережені қатаң сақтап жол жүрсе, адам шығыны азаяды. Қылмыскерлерге қатысты сот үкімдері әділ болса, халықтың билікке деген сенімі артады. Еуропа елдеріндегідей, біздің елде де заң үстемдігі мен азаматтардың өзіне, өзгеге деген жауапкершілігі артса, жемқорлық азайып, жас ұрпаққа әділ жарқын болашақ пен мүмкіндіктер ашылар еді.

Қорыта келе айтарым, заң – жай ғана қағаздағы ереже емес, ол – ел тағдырын шешетін маңызды күш. Әр адамның заңға деген құрметі өз еліне деген сүйіспеншілігінің көрінісі. Әділдік пен тұрақтылық тек заң үстемдік құрған жерде ғана болады. Заңды орындау арқылы біз әділетті, қауіпсіз және гүлденген Қазақстанды бірге қалыптасыра аламыз!

Азимбек Айғаным
Зерделі халықаралық мектебі, 5 сынып оқушысы

Қоғамдағы тыныштық пен әділдіктің негізі - заң мен тәртіп. Бұл екі ұғым - адамзат өркениетінің дамуы үшін қажетті басты шарттар. Егер қоғамда заң үстемдік құрса, адамдар өз құқықтары мен міндеттерін жақсы түсінеді, ал тәртіп болса, осы заңдардың нақты орындалуын қамтамасыз етеді.

Заң - мемлекет белгілеген және барлық азаматтарға ортақ ереже. Ол адамдардың еркіндігін шектемей, керісінше, олардың қауіпсіздігін, бостандығын және құқықтарын қорғайды. Заң бар жерде әділет бар, ал әділет бар жерде сенім мен тұрақтылық орнайды. Сондықтан заңсыз қоғамда бейберекетсіздік пен хаос билік жүргізуі мүмкін.

Тәртіп - заңның орындалу нәтижесі. Адамдар заңды тек қағаз жүзінде ғана емес, шынайы өмірде де ұстанса, қоғамда тәртіп қалыптасады. Тәртіп тек полиция мен сот жүйесінің күшімен емес, ең алдымен әр адамның ішкі мәдениеті мен жауапкершілігі арқылы жүзеге асады. Жас ұрпақты заңға бағынуға тәрбиелеу - болашақ тұрақты мемлекеттің кепілі.

Бүгінгі таңда заманауи қоғамда заң мен тәртіптің маңыздылығы одан сайын артып отыр. Цифрлық технологиялардың дамуы, ақпарат ағынының артуы және жаһандану үдерісі - бұның бәрі заңның икемді әрі әділетті болуын

талап етеді. Мемлекет тек заң шығарумен ғана шектелмей, оның дұрыс орындалуын қамтамасыз етуі керек.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп - бұл жай ғана қағаздағы сөздер емес, бұл - қоғамдағы үйлесімділіктің, әділеттің және тұрақтылықтың тірегі. Әрбір азамат заңды құрметтеп, тәртіпке бағынса ғана біз бейбіт, әділ және өркениетті қоғам құра аламыз.

Керімбай Мұхаммедамин
Зерделі халықаралық мектебі, 8 сынып оқушысы

Қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың негізі - заң мен тәртіп. Бұл екеуі болмаса, адамдар арасында түсініспеушілік, әділетсіздік, тіпті қауіп-қатер туындайды. Сондықтан кез келген өркениетті ел ең алдымен заңды құрметтеп, тәртіпті сақтау арқылы дамиды.

Заң - мемлекет бекіткен ереже. Ол барлық адамға ортақ. Егер адамдар заңға бағынбаса, қоғамда анархия орнайды. Мысалы, жол ережесін сақтамайтын жүргізушілер апатқа себепкер болады. Бұл - тәртіпсіздіктің нақты салдары. Ал заңды сақтаған жүргізуші өз өмірін де, өзгелердің өмірін де құрметтегені.

Қоғамның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігі үшін заң және тәртіп ерекше маңызға ие. Заң - адамдардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын ереже жиынтығы. Ол әділдікті қамтамасыз етіп, әрбір адамның тең құқылы өмір сүруіне жағдай жасайды. Ал тәртіп - сол заңдарға бағыну, қоғамда белгіленген нормаларды сақтау.

Егер заң орындалмаса немесе тәртіп бұзылса, қоғамда бейберекетсіздік пайда болады. Бұл адамдар арасындағы сенімге, қауіпсіздікке, тіпті елдің дамуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан әр азамат заңға бағынуы, тәртіпті сақтауы қажет.Тәртіп - заңның орындалуы. Мектепте де тәртіптің рөлі зор. Бұрын біздің сыныпта шулап, сабақ тыңдамайтын оқушылар көп болатын. Мұғаліміміз бізбен ашық сөйлесіп, тәртіптің - білім алудың кепілі екенін түсіндірді. Сол күннен бастап барлығы өзгерді. Мен бұл мысалдан адамның тәртіпке бет бұруы - үлкен өзгерістердің бастамасы екенін түсіндім.

Ұлы Абай атамыз: «Адам заңды сыйласа - адамшылықтың белгісі» деген. Бұл сөздің мағынасы терең. Заң мен тәртіпке бағыну - өзімізге де, айналамызға да деген жауапкершілік.

Менің жеке пікірімше, әр адам заңды өз жүрегімен қабылдауы керек. Сонда ғана ол нағыз азамат болып қалыптасады. Біз, жас ұрпақ, тәртіпке үйреніп, әділетті қоғам құруға атсалысуымыз қажет.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп - бейбіт өмірдің негізі. Оларды сақтау — әрбір адамның борышы.

Кайирбекова Инабат
Зерделі халықаралық мектебі, 9 сынып оқушысы

Адам баласының өркениеттік дамуы заң мен тәртіпке сүйене отырып қалыптасты. Бұл екі ұғым – елдіктің рухани діңгегі, ұлт өмірінің жүйелі арнада дамуына бағыт беретін тұғырлы темірқазық. Заң – адам мен қоғам арасындағы сенімді реттейтін, қоғам ішіндегі әділеттілік пен тәртіпті қамтамасыз ететін тұрақты құқықтық жүйе. Ал тәртіп – сол заңның қоғамдық өмірдегі шынайы көрінісі.

Қазіргі қоғамда заңға деген немқұрайлық кейде салғырт әрекеттер мен әділетсіздіктерге ұласуда. Бұл жағдайдың астарында құқықтық сауатсыздық, азаматтық ұстанымның әлсіздігі, әрі кейде заңның әділдігіне күмәнмен қарау жатыр. Осындай түйткілдер заң мен тәртіпті сақтаудың қажеттілігін айқындайтын фактор болып табылады. Ең алдымен, құқықтық тәрбие бала жастан берілуі керек. Мектеп қабырғасында тек заңды оқытып қана қоймай, оны түсіндіріп, санаға сіңіру – ұстаз бен ата-ананың ортақ міндеті. Адам заңнан қорыққаннан емес, оны құрметтегендіктен тәртіпті болуы керек. Сонымен қатар, құқық қорғау жүйесінің әділетті жұмыс істеуі – заңның қадірін арттырады. Мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдары әділетті, ашық әрі тең қызмет етуі керек. Заңды бұзған әр адам тиісті жаза алса, ал адал азаматтар қорғалып отырса, қоғамда сенім қалыптасады. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде заңға бағыну мәдениетін насихаттау қажет. Мысалы: челенджер ұйымдастыру, арнайы жобаларды іске қосу, танымал заңгерлермен тікелей эфир өткізу. Қоғамда әділдік пен тәртіп орнату үшін әр азамат өзінен бастауы керек. Күнделікті өмірде қарапайым тәртіпті сақтау – заңға құрметтің нақты белгісі. Мәселен, бағдаршамның жасыл шамын күтіп жолдан өту – өз өмірің мен басқалардың қауіпсіздігін сақтау болып табылады. Әлеуметтік желіде этиканы сақтау – бұл әр адамның қоғам алдындағы жауапкершілігін көрсетеді. Осындай әрекеттер арқылы біз тәртіпті әрі қауіпсіз орта қалыптастырамыз.

Қорытындылай келе, айтарым: заң мен тәртіпті сақтау үшін тек құқықтық нормаларды орындау жеткіліксіз, оны күнделікті өмірімізге енгізу маңызды.

Алдаберген Айша
«SMQ» дарынды балалар мектеп-интернаты, 6 «А» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп – әр елдің даму негізі. Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек», – деген болатын.

Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституцияда адам құқықтары нақты бекітілген. Бұл заң 9 бөлімнен, 98 баптан тұрады. Оның II бөлімінің 30-бабында құқық туралы айтылғаны мектеп оқушыларына үнемі түсіндіріледі.

Құқық дегеніміз – мемлекет арқылы қамтамасыз етілетін, әділеттік туралы адамдардың көзқарастары мен сенімдеріне негізделген, жалпыға бірдей міндетті нормалардың жиынтығы.

Бауыржан Момышұлы атамыздың «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген нақылы біз үшін әрдайым маңызды. Атақты ойшыл Аристотель де: «Әлемді заң билеуі керек», – деген. Демек, заң бар жерде әділдік пен тәртіп болады деген сөз.

Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы үшін әр адам өз құқығы мен міндетін біліп, заң мен тәртіпке бағынуы қажет. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел болашағы. Сондықтан әрқайсымыз заңға құрметпен қарап, тәртіпті болу арқылы Отанымыздың өркендеуіне өз үлесімізді қоса аламыз.

Байрбек Сальсабил
«SMQ» дарынды балалар мектеп-интернаты, 8 сынып оқушысы

Адамдар ежелден бері әділетті іздеп келеді. Бірі оны өз отбасында, бірі қоғамда, бірі жүрегінде тапқысы келеді. Бірақ әділеттің ең нақты көрінісі — заң мен тәртіп. Бұл тек қағазға түскен ереже ғана емес, бұл — адамның бір-біріне деген жауапкершілігі. Заң бізді біріктіретін үнсіз келісім, ал тәртіп — сол келісімге адал болудың дәлелі. Олар болмаса, адамдар арасында сенім жоғалып, әділетсіздік пен бейберекеттік билеп кетер еді. Біз таңертең көзімізді ашып, мектепке барып, көшеде жүріп түрлі әрекет жасаймыз. Осының бәрінде біз байқаусызда заң мен тәртіптің аясында өмір сүріп жатқанымызды аңғармаймыз. Олар көрінбейді, бірақ қоғамның іргетасы, тыныштығы мен әділеттілігінің күзетшісі.

Заң мен тәртіп сақталу үшін ең алдымен тәрбие маңызды, ол жай ғана шектеу емес, ол — қоғамның ішкі мәдениеті мен көрінісі. Егер адам өз еркімен, жүрек қалауымен заңды сақтаса, ол нағыз тәртіпті адам. Ал егер біреу заңнан қорқып немесе жазадан қашса, бұл уақытша жауапкершіліктен тайқу болып саналады. Жүректе қалыптасқан тәртіп ешқандай камерасыз да, ескертусіз де жұмыс жасайды. Сенім бар жерде тыныштық болады. Заңды сақтау қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Дамыған мемлекетте заңды бұзу ұят нәрсе болып табылады. Қылмыс көбейген жерде экономика да әлсірей түседі. Білім мен ғылым алға жылжығанын қаласақ, тәртіп бұзу мен заңға қарсы шығудан аулақ болған жөн.

Қоғамдық тәртіпті сақтауда тек мемлекеттік құрылымдар ғана емес, әрбір азамат жауапты. Біздің өзіміздің күнделікті әрекеттеріміз қоғамдағы жалпы тәртіпке әсер етеді.

Әрқайсымыз заңды сыйлауымыз қажет, сол арқылы қоғамға үлесімізді қоса аламыз. Асылында, қоғамға үлес әр адамның өзінен бастау алады, мен мектеп оқушысы болсам да жақсылық жасауды өзімнен бастауым керек екендігін ұмытпауым керек. Қарапайым жанашырлық сезімді көрсете білу де

жатады, қоқысты лақтырмау, рахмет айта білу бәрі де қоғамға деген үлес болып табылады.

Мен — оқушымын, бірақ менің де дауысым бар, менің де әрекетім маңызды. Қоғамдық орындарда өзімді ұстай білсем — бұл мәдениет.

Өз құқығымды біле тұра басқалардың құқығын шектеуге тырыспаймын, құрметтеймін.

Сөзді қорытындылай келе, жалпыға айтар сөзім — әрдайым заң сақтауға тырысу екендігін өсиет етер едім.

Қуанышбек Айғаным
«SMQ» дарынды балалар мектеп-интернаты, 9 сынып оқушысы

Қоғамда тыныштық пен әділеттілік болуы үшін заң мен тәртіптің маңызы зор. Заңды сақтау – тек қана міндет емес, әр адамның азаматтық борышы. Егер әркім өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қараса, тәртіпсіздік пен құқық бұзушылық азаяды. Заң мен тәртіпті сақтау үшін алдымен өзіміздің бастауымыз қажет: қоқысты жерге тастамау, жол ережесін бұзбау, үлкендерге құрмет көрсету - бұлар қарапайым болғанымен, үлкен тәрбие көрінісі.

Заң орындалған жерде әділеттілік орнайды. Бұл өз кезегінде адамдар арасында сенімді арттырады. Сенім бар жерде қоғам дамиды, жаңа идеялар мен бастамалар жүзеге асады. Ал заңсыз әрекеттер, керісінше, халықтың әл-ауқатын төмендетіп, тұрақсыздыққа әкеледі.

Мен қоғамдық тәртіпке өз үлесімді күнделікті өмірде үлгілі болу арқылы қосамын. Жақсы оқып, әділ болуға тырысамын, адамдарға көмек қолын созамын. Кішкентай істерден үлкен нәтиже басталады. Егер барлығымыз заң мен тәртіпке бағынсақ, болашағымыз жарқын болмақ. Сонымен қатар, өз пікірімізді мәдениетті түрде жеткізіп, өзгелердің көзқарасына құрметпен қарауға тырысамын. Себебі тәртіп тек ережелермен шектелмейді, ол адамгершілік пен сыйластықтың көрінісі.

Қоғамда тыныштық орнату - бір адамның емес, баршамызға ортақ міндет. Біз - келешектің иесіміз. Сондықтан тәртіп пен заңға құрмет көрсету арқылы еліміздің дамуына жол ашамыз.